формировавшую национальное самосознание казахского народа. Автор выводит тенгрианство из натурфилософского гилозоизма, рассматривая Тенгрикак космос, как тотем, как первопредка. С. Акатай пишет: “Тенгри у казахов -трансцендентный мир бытия, оно - и дух, и тело, скорее, их единство” [3, с. 69]. Если совершитьисторический экскурс, то можно найти различные упоминания о тенгрианстве: так, Махмуд Кашгари в своем фундаментальномтруде “Диван лугат ат-тюрки” пишет о Тенгри и его различном понимании вмусульманском мировоззрении тюрков и доисламском периодедревнетюркской культуры [4, с. 504]. Особое место в своём творчестве уделилтенгрианству Ч.Ч. Валиханов. В своей статье “Тенгри (бог)” он подробноописывает тенгрианские обычаи и обряды, веру в аруахов и духов.Неоднозначность отношения Ч.Ч. Валиханова к тенгрианству, скорее всего,можно объяснить историческими и мировоззренческими реалиями той эпохи, в который он жил.

Таким образом, тенгрианство рассматривается как многообразие религиозных идей, включающее в себя: идею монотеизма, когда Тенгри рассматривается как единый Бог; поклонение Небу и природным явлениям, как проявление естественной религии; как идею трансцендентальности Тенгри, как всеобъемлющего безличного начала, всепроникающей безличной силы. Признанным фактом выступает древность возникновения тенгрианства, а такжеего влияние на другие религиозные системы.

Тюрко-исламское толкование тенгрианства - это представление его как сложной религиозной системы, включающей в себя в историческойвзаимозависимости и взаимосвязи естественную религию, политеизм, монотеизм, тогда как европоцентристский подход представляет тенгрианство как форму язычества, близкую к шаманизму. Иногда при таком подходе происходит и отождествление тенгрианства и шаманизма, при этом Тенгри понимается только как Небо. В этом толковании преобладает акцент на анимистические основания тенгрианства и понимание его как естественной религии. Такие суждения о тенгрианстве присущи взглядам представителейрусской и западной тюркологии.

Представление о древнетюркской культуре только как о номадической также является одним из стереотипов современной науки. На самом деле тенгрианство является отражением сложной и богатой культуры древних тюрков, в основании которой лежали традиции номадической, земледельческо- оазисной, смешанной скотоводческо-земледельческой культур. Как следствие универсальности была развита городская культура, было развито ремесленничество, на высоком уровне находилось искусство. Мифология тюркских народов как одна из форм богатой мировоззренческой культуры является составляющей тенгрианства и отражает специфику мироотношения тюрков. Крупный исследователь тенгрианства, защитивший докторскую диссертацию по философии на тему: “Тенгрианство как открытое мировоззрение” Н.Г. Аюпов писал: “Тенгрианство как религиозная идея является одним из древних феноменов общечеловеческой культуры, его традиционность проявляется в постоянной трансформации. Тенгрианство в

привычном понимании не является религией, а религиозной идеей, которая никогда не стремилась к собственному институированию, что диктовалось особенностями тюркского мировоззрения" [5, с. 12]. Действительно, мы редко говорим о трансформации религиозного мировоззрения, в смысле изменения религиозных представлений и понятий, потому что когда речь идет о религии, то всегда присутствует догматичность, традиционность. С тенгрианством всё обстоит иначе: оно очень гибкое и открытое.

Тенгрианство является по сути этической философией жизни, в центре которой находится Человек. Тюркская философия как неотъемлемая часть восточного мировоззрения, обладая своей спецификой, органично вплетена в общемировую философскую мысль. Между тем, известно, что восточная философская мысль традиционно подразделялась на китайскую, индийскую и арабо-мусульманскую ветви, а тюркская ветвь попросту отсутствовала. Громадные пространства Евразии: от Китая и Монголии до реки Волги, от сибирской тайги до междуречья Аму- и Сыр-Дарьи, вплоть до последнего времени в философском отношении оставались "белым пятном".

Почему же тюркской философии отказывали в праве на существование? Потому что, на наш взгляд, за образец принимали европейскую модель, сближающую философию с наукой. Один конкретно-исторический тип философии выделялся из всех и объявлялся полномочным представителем философии как таковой. Но ведь исторически известно множество типов философии, её сближении не только с наукой, но и с поэзией, фольклором, народной мудростью. Философское мировосприятие может быть выражено нетрадиционными средствами. В сознании людей существуют и переплетаются разные уровни и пласты, а философское осмысление действительности может развиваться в латентной форме, скажем в философско-религиозной, философско-художественной. Поэтому не может и не должно быть никакого выделения и предпочтения в этом многообразии мировоззрений. Восточная философия, тюркская философская мысль, в частности, не должны рассматриваться как полярная противоположность западной философии. Культура Востока есть проявление диалектики общего и единичного в истории мировой духовной культуры.

Одной из отличительных черт тюркской философской мысли является то, что первоначально она зародилась как искусство правильной жизни, как правила мудрости, дававшие образцы практического отношения кдействительности. "Уникальность тюркской философии, - верно отмечает Т.Х. Габитов, - заключается в органическом сочетании традиции и открытости к инновациям, номадического и оседлого опытов освоения мира, сакрального, профанного и хтонического, она характеризуется толерантностью, свободолюбием, изначальностью слова и оптимизмом" [6, с. 133].

Следует заметить, что своих основаниях и истоках тюркская философия - это во многом философия природы и философия жизни. Изучая тюркскую мысль, можно почувствовать в ней отголоски и китайской философии, и философии буддизма, и зороастризма.

Этический мир тюркской философии - это связующая нить поколений, живая струна нравственных традиций, неисчерпаемый источник оптимизма и кладезь мудрости, откуда казахский народ черпал любовь к окружающей природе, родному Отечеству и его героическому прошлому. Понимание духовных основ существования казахов, их национальной самобытности и специфики предполагает возвращение к духовному наследию тюркских мыслителей, чья философия и этика проникнуты ощущением полноты бытия и поисками смысла и назначения человека в этом мире.

Традиционные ценности идеи тюркской философии, а это толерантность, сакральность слова, открытость, уважение к традициям и восприимчивость к инновациям, этическая ориентированность, близость к природе и экологическое сознание, востребованы современной мировой цивилизацией (Проект культуры мира XXI века ЮНЕСКО). По мнению многих философов и культурологов, XXI век вполне может стать веком тюркской культуры и цивилизации!

Противопоставление культуры и жизни, цивилизации и жизни приводит к определенному отчуждению человека от его жизненных и естественных оснований, поэтому тенгрианство, в основе которого находится тюркская доминанта - адамгершілік, нравственность, этика тенгрианства, несет в себе традиционность тюркского мировоззрения, где большую роль играют межличностные отношения.

Одной из сложных и актуальных проблем духовной жизни тюркских народов является выявление взаимодействия тенгрианства и ислама. Ислам, являясь основой религиозной духовности народов, исторически адаптировался к тенгрианству, произошел синтез мусульманских и тенгрианских идей, что позволяет говорить о тюркском исламе, степном исламе, среднеазиатском исламе.

Духовная культура тюркоязычныхнародов как феномен мировойкультуры, как ее составляющая, в своем развитии проходила периоды рождения и возрождения, расцвета и упадка. Следуя теории пассионарности,можно утверждать,что культура тюркских народов в силу своей универсальности всегда обладала внутренним потенциалом сохранения своей самобытности и адаптивного возрождения в новых цивилизационных условиях.Мы убеждены, что тенгрианство, сохраняющее своивнутренние основания, вплетенные в современные мировоззренческие системы, можетвыступать как фактор культурной и цивилизационной идентичности тюркскихнародов и казахского народа в условиях глобализирующегося мира. НигметГлаждынович Аюпов, о котором я уже выше писала, так утверждал: «Тенгрианство как запах материнского молока, как запах стенной полыни детства, как первые победы и поражения юности, как мужественное преодоление преград взрослой жизни, всегда останется в памяти человека, народа. И «Мудрый старец Тюрк» будет продолжать спокойно и с надеждой смотреть в Будущее, в бесконечную даль Пути, направляя по нему все новые и новые поколения». Лучше и не скажешь!

**ЛИТЕРАТУРЫ:**

1. Сулейменов О.О. Аз и Я. Книга благонамеренного читателя. – Алма-Ата: Жазушы, 1975.
2. Сулейменов О.О. Язык письма. Взгляд в доисторию о происхождении письменности и языка малого человечества. – Алматы-Рим, 1998.
3. Акатай С.Н. Древние культы и традиционная культура казахскогонарода. – Алматы, КазНИИКИ, 2001.
4. Махмұт Қашқари. Түрік сөздігі. Үш томдық. 3 том. – Алматы, 1998.
5. Аюпов Н.Г. Тенгрианство как открытое мировоззрение. Авторефератдиссертации на соискание ученой степени доктора философских наук. – Алматы, 2004.
6. Тюркская философия: 10 вопросов и ответов. – Алматы, 2006.

## КОНЦЕПТЫ ТЕНГРИАНСТВО В ДОИСЛАМСКОЙ ТЮРКСКОЙКУЛЬТУРЕ

**Коянбаева Гульнара Ромсеитовна**
*кандидат философских наук,*
*Ведущий научный сотрудник*
*Института философии, политологии,и религиоведения КН МНВО РК, г. Алматы, Республика Казахстан*

***Аннотация:*** *История тюркской цивилизации представляет миру огромный пласт ценностей, сформированных на основе межкультурного взаимодействия. Являясь уникальной, пассионарной по сути культурой, с выраженными специфическими особенностями, тюркская культура является носителем целого ряда религиозных верований, сформировавшихся в системе координат номадической культуры, представляющей собой наиболее органичный вариант единения человека с миром, природой, космосом. Религиозные концепции, появившиеся и распространившиеся в рамках этой культуры оставили значительный след как в ней самой, так и в истории мировой культуры, создав интересный опыт интеграции различных верованийв единую систему.*

***Ключевые слова:*** *цивилизация, духовная история.*

Одной из самых сложных и противоречивых проблем в исследовании формирования духовных концептов казахской культуры, являющейся одной изнаследниц тюркской, является поиск базовых оснований становления и развития основных концептуальных схем развития мира духовного в истории казахов. В частности, это проблема формирования религиозной культуры

казахов. Сложность заключается как в отсутствии, или малочисленности достоверных источников информации, так и в наличии многокомпонентного состава религиозности казахов, формировавшегося в сложных исторических условиях существования казахского государства полного взаимосвязей и взаимовлияния множества различных культурных составляющих. Это дает возможность представлять разное видение данной проблемы. Так, известный исследователь М.С. Орынбеков полагает, что «основными учениями раннего Казахстана в религиозно-философском аспекте предстают концепции поколения Тенгри, Жер-Су, Умай, шаманизм и язычество, культ Митры, буддизм…. . пестрота и многообразие религиозных верований позволяют предположить богатство и многовариантность культуры жителей Казахстана, различность в мировоззренческих ориентирах, что находит свое выражение в разнообразных философских основаниях мироздания.» {1,168}

Хотя географически и исторически территория Казахстана и культура народов проживавших на ней относится к зоне наибольшего распространения и влияния ислама делать однозначный вывод, что религиозность казахов определяется именно и только исламской традицией было бы неверно. Видныйисследователь данной проблемы С. Акатай утверждает, что ислам был самой поздней компонентой в формировании религиозности казахов, войдя составной, но не главной частью в сложную структуру мировоззрения казахов, отличающегося синкретичностью. Более того исследователь полагает, что формирование религиозных взглядов казахов не имеет под собой какой-то единой религиозной доктрины, а есть результат комбинированного воздействий разнообразных культурных включений, одной из которых является политеистическая, гилозоистская традиция, характерная для кочевого образа номадов{2, 11}. «Яркой особенностью евразийской цивилизации былсинкретизм религиозных верований и культов, присущий не только народной этноконфессиональной традиции тюрко-монголов, создавших туранскую цивилизацию, но и национально-государственным религиям, в том числе тэнгрианству, которое играло роль доминирующей этноконфессиональной традиции центральной части Евразии и во многом определившей ее духовно- культурное развитие. Столь характерный для этой цивилизации религиозный синкретизм был, прежде всего, обусловлен самой синкретической природой этой цивилизации, которая по своей сути представляла собой глобальную Мегацивилизацию, вобравшую в себя великое множество этнокультурных традиций и цивилизационных культур, религиозных и философских учений, а также духовнопрактических систем.» {3}.

В исследование религиозной традиции тюркской и казахской культур есть множество проблем, связанных с определенными стереотипами восприятия данной традиции в вестернизированной экспертной среде. С точки зрения Аюпова Н.Г., это связано с тем, что в западной ориенталистике древнетюркскиеверование анализируются в контексте шаманизма, при том что само понятие шаманизм имеет сложную структуру и плохо рационализировано. Древнетюркская религия воспринимается исключительно в формате язычества, поклонения Небу, Солнцу, Луне и звездам. «При этом выхватывали из общего

лишь малую часть того богатства религиозных идей и религиозного опыта, глубокой религиозной философии, которая существовала у древних тюрков».
{4, 9}. В современной казахстанской науке преобладает точка зрения о тюркском мировоззрении как самостоятельном историческом феномене, обусловившем генетическое, ментальное родство всех современных тюркоязычных этносов. Тенгрианство является фокусом в исследование религиозной традиции тюрков и казахов как базовый концепт религиозности. Тенгрианство вбирает в себя следующие принципиальные моменты:
- идею монотеизма, где Тенгри рассматривается как Единый Бог;
- идею трансцендентальности Тенгри, как всеобщего безличного начала;
- идею открытого мировоззрения, как реализаци. Антропосоциального преломления бытия; {4}.

Традиционные верования тюрков называют тюркским тенгризмом, подчеркивая его качественное отличие и консолидацию тюркских понятий об окружающем мире вокруг культа Тенгри. В тюркском мировоззренческом комплексе видное место отводится божественной триаде, ставшей главным объектом поклонения. Это – Тенгри, Умай, Жер-Су. Мировоззрение древнего тюрка базировалось на представлении о целом как единстве двух компонентов: верхний мир Тенгри (Небо) и свой срединный мир, где находилась земля (Жер),текла вода (Су) – традиционные источники существования. {1}В пантеоне богов центральное место занимало поклонение Небу (Тенгри). Согласно С.Акатаеву наибольший след в представлении кочевых народов оставил именно культ Тенгри как учение о боге – космосе, божестве – мироздании. Понятие Тенгри полисемантично: это и небо, видимая часть мироздания; бог, божество; божественный; повелитель, господин. Тенгри есть продукт постепенного развития различных культов верований и воззрений, преимущественно культа природы, продукт олицетворения ее стихийных сил и искаженно отраженных явлений. {2}
В триаде тюркских богов Тенгри выступал центром притяжения,
поэтому понимался как верховное всемогущее божество, управляющее не только человеческими судьбами, но тождественным Вселенной, Универсуму. Он является владыкой неба, установившим миропорядок длявсего сущего, для солнца и луны, звезд и комет, для всех стихий, действующихна земле и вне ее. Понятие «Тенгри» синонимично понятию «небо». Небо, помнению древних казахов, было свободно в своих поступках, оно награждало икарало. От воли небазависело благополучие людей, народов. Тенгрипредставляется в виде огромного великана, упирающегося ногами в землю, аголовою поддерживающего небо. Тенгри - великий воитель и покровительвоенных походов. Тенгри был не один. По преданиям, на мировой горе обиталодевять Тенгри. Исповедовавшие тенгрианство казахи и кыргызы, как и ихпредки, с рассветом поклонялись солнцу. Для предотвращения стихийныхбедствий или в знак благополучных событий некоторые кыргызы и казахи,обычно, приносят в жертву богу Тенгри барана или лошадей. Со временембожество Тенгри у тюркских номадов слилось с образом мусульманскогоАллаха. Культ Неба-тенгри является непосредственной заимствованной у

тюрков религиозной идеей является, вводящий четкую тройственнуюструктуру вселенной: наверху голубое небо, внизу темная земля, а между небоми землей пространство людей. Как утверждает известный исследователь проблемы тенгриза Ауезхан Кодар «Бог Тенгри - бог неба, т.е. он и единый бог,и высший бог, к которому можно обратиться через других богов и духов. Так, по тюркской «Книге гаданий» кроме самого бога неба Тенгри есть Бог пути Тенгри на Пегом коне и Бог пути Тенгри на черном коне, кроме того есть еще божество Йер-Су, и богиня деторождения Умай. У каждого из этих богов свои функции, но Тенгри вбирает всех, ибо он - обладатель «кута», или благодатной,оживотворяющей силы. Чтобы у человека была удача и счастье надо, чтобы егоосенила эта благодать, но когда с ним пребывает «кут», нет препятствий, которые бы он не преодолел. Насколько это отлично от мусульманской покорности судьбе, где муслим уповает только на волю Аллаха, полностью посвятив себя религиозному служению. У Тенгри нет такого себялюбия, он не требует от своих чад религиозного фанатизма. Наоборот, он требует от тюркского мужа, чтобы он, не смотря ни на что как можно полнее раскрыл себя.» {5}

Эта же идея поддержена К.К.Бегалиновой, представляющей онтологическийоснования тенгрианства. «Тенгри– небытийствующийгарант бытия. Тенгрианский монотеизм – это трансцендентное и имманентное присутствиебога, при котором вещный предметный мир представляется существующим сампо себе и потому порождающий по мере необходимости самостоятельныекульты. Согласно тенгрианскому духовному учению, мир по вертикали делитсяна верхний – трансцендентный, божественный и ангелический; средний – мирЧеловека и живых существ, мир феноменально- ноуменальный; нижний –подземный мир тьмы и по горизонтали – на четыре стороны Света. Среднемумиру (уровню жизни) соответствует поклонение Йер-Суб (воде – земле).Нижнему миру (уровню смерти) соответствует поклонение Эрклиг(имеющему облик старика атлетического телосложения). И, наконец,Верхнему миру - уровню бессмертия – соответствует поклонение Тенгри» {6}.Тенгрианство демонстрирует космологичность мировоззрения кочевников, не отделяющих себя от мира в целом. Бог неба для них сотворен так же как мать земля, люди и все, что содержится в мире. Вопрос о том, кто или что сотворило все это не ставится. Принимается данность всего и вся и необходимость следовать установленному порядку вещей. Оно вообще функционирует в стратегии самоочевидностей. Поэтому все сущее для него - нетворение, а самотворение {7}.

Таким образом в мировоззрении тенгризма творец – создатель всего сущего, демонстрирующий равенство всего созданного, объединяющего в себе пространство, время, форму и их сложное взаимодействие и взаимозависимость. Монотеистичность Тенгри раскрывается в принципе соотнесенности всего в едином начале. Согласно С. Акатаеву именно культ Тенгри как учение о боге – космосе, божестве – мироздании оставилнаибольший след в представлении кочевых народов. «Понятие Тенгри полисемантично: это и небо, видимая часть мироздания; бог, божество;

божественный; повелитель, господин. Тенгри есть продукт постепенного развития различных культов верований и воззрений, преимущественно культа природы, продукт олицетворения ее стихийных сил и искаженно отраженных явлений. {1, 190}

В тенгрианстве как в мировоззренческой системе можно выделить два элемента: натурфилософию и религию природы, полагающих единство природного и духовного, реализуемого в духовной деятельности человека. В этой интегральной модели выявляются параллели с религиозными традициями зороастризма, буддизма, базовые основания которых исходят из почитания природы, формирующий особое миропонимание. Религии Авесты, индоевропейской, тюркской цивилизации составляют огромный пласт духовной палитры человечества, формируя религиозные идеи, обожествляющие природные стихии и отражающие в них принципы гармониии единения мира и человека. В цело они создали уникальный синкретичный формат духовной культуры, способной осуществить на практике модель гармоничной равновесной системы взаимодействия человека, природы исоциума.

**ЛИТЕРАТУРЫ:**


1. Орынбеков М.С. Предфилософия протоказахов. Алматы: Ғылым, 1996.-168 с.

2.С.Акатай. Мировоззренческий синкретизм казахов. Автореферат диссертации на соискание

3. Н. Абаев. Тэнгрианство, митраизм и общие этнокультурные истоки туранско-арийской цивилизации Центральной и Внутренней Азии/https://cyberleninka.ru/article/n/tengrianstvo-mitraizm-i-obschie-etnokulturnye-istoki-turanskoariyskoy-tsivilizatsii-tsentralnoy-i-vnutrenney-azii .

4.Аюпов Н.Г. Проблема человека в тенгрианстве. Алматы, Издательскийдом «МИР», 2017

5.Ауезхан Кодар. Тенгри как стержень казахского самосознания. //http://articlekz.com/article/8271

6. К.К. Бегалинова. Тенгрианство как феномен духовности// Материалы III Международной научно-практической конференции «Тенгрианство и эпическое наследие народов Евразии: истоки и современность» 1-3 июля 2011г.,Тува, Кызыл

# АҢЫЗБЕН ЖЕТКЕН ӘДІЛЕТТІЛІК

**Омарова Гүлнар Сейткәрімқызы**
*Философия ғылымдарының кандидаты,*
*ҚР ҒЖБ ҒК*
*Философия, саясаттану және дінтану Институтының*
*жетекші ғылыми қызметкері*
*Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы*

***Аннотация:*** *В статье раскрывается сущность личности величайшего основоположника древнейшей религиозной системы Заратустры и его учение о справедливости в Авесте. Мудрость Заратустры одно из древнейших образов глубокого мышления. Мировоззрения Заратуштры формировалось на основе духовных ценностей древних тюрков. Основатель религии зороастризма Заратустра стремился обогатить и модернизировать общество новыми духовными ценностями, чтобы восстановить справедливую социокультурную среду. Но его учения не были признаны обществом. Не находя поддержки в своей социальной среде, учение Зратуштры распространились по всему миру через Афганистан, Иран и др. страны и оказали огромное влияние на развитие общечеловеческой культуры и духовных ценностей, формирование мировых религий. Также духовные ценности Заратустры оказали глубокое влияние на формирование мировоззрения античных мыслителей.*

***Ключевые слова:*** *духовность, миф, религия, человек, модернизация.*

Елімізде Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың жолдауына байланысты «Әділеттілік» мәселесі терең зерттеу нысанына алынғаны белгілі. «Әділеттілік» мәселесі туралы сөз қозғалғанда грек, қытай, араб-мұсылман философтарының көзқарастарына басымдық берілетіні белгілі. Алайда, «әділеттілік», «әділетті қоғам» туралы ең алғаш қағаз бетіне түскен ой-пікірлерді білдірген, данышпан зорастризмнің негізін қалаушы Заратустра Пайғамбар еді. Әлемдік діндердің қалыптасуына дейін «әділеттілік» пен «әлетсіздік» - мәңгі қарама-қарсы екі бастаудың қыр-сырын айшықтап, қоғамдағы әлеуметтік әділеттілік мәселесін алғаш көтерген зороастризмнің қасиетті кітабы Авеста даналығы болатын. Заратуштраның ілімдерінің негізінде жазылған Авеста даналығындағы білімдерқазіргі кездегі көптеген білім-ғылымдардың көне дәуірлердегі алғашқы бастауы болды. Бұл энциклопедиялық даналық кітабы - Авестадағы білімдер әлемдік мәдениет пен өркениеттің дамуына ұшы-қиырсыз үлес қосты. Кейбір түркі елдері ғылымында бұл рухани құндылықтар біртұтастықта және ғылымдардың жүйелі пәнаралық байланысында терең айшықталып, зерделенбеген.

Заратуштраның ілімдері көне ілкі түркілер (прототүркілер) мекендеген кеңістікте, ілкі түркілердің көне эпостық жыр-аңыздары мен мәдени рухани құндылықтары негізінде пайда болған. Кеңес ғалымдарының көп жылғы ғылыми зерттеу жұмыстарының қорытындылары нәтижесінде, зороастризм

негізінен Орталық Азияда пайда болып, осы кеңістік арқылы басқа әлемгетаралғаны белгілі болған. Заратуштра шын өмірде болған тарихи тұлға



екендігі «Авеста» даналығының ежелгі нұсқасымен жазылған Әнұрандарында («Гаттарда») оның тегі Спитама, есімі Заратуштра екені анық аталуы, оның қайғысы мен қасіреті жайында қасиетті «Авеста» даналығында көрсетілуі, оның тарихи тұлға екенін айқын дәлелдейді. Ғалымдар Заратуштра Пайғамбар темір, қола, жез, алтын, күміс т.б. бұйымдар жасалып, қару жарақ, темір үзеңгі, доңғлақты арба, алтын әшекейлер т.б. кең қолданыста болған б.з.д. I мыңжылдықта Орталық Азияда өмір сүрген дейтін қорытындыға келген[1.51б]. Б.з.д. I мыңжылдықта ілкі түркілердің материалдық және рухани құндылықтары, адам мен әлем туралы мифологиялық дүниетанымдары қалыптасқан. Т.Еңсеген бұл рухани құндылықтар Заратуштраның дүниетанымының қалыптасуына зор әсерін тигізіп, осы әлеуметтік мәдени ортада Заратуштра ілімдері дүниеге келгенін айтады. Ә.Х.Марғұлан өзінің
«Ежелгі жыр аңыздар» атты еңбегінде ежелгі аңыздық желілерден құралған эпостық-жырлар көне заманда қалыптасып, көптеген ғажайып аңыздар ауызша түрде қалыптасып, дамығаны жайында ашып көрсетеді.

Заратуштра Пайғамбар отбасымен бақташылық және егіншілікпен айналысып, көшпелі ілкі түркі қоғамында өмір сүрген арий тайпасынан шыққан. Заратуштра 3 әйелге үйленіп, 2 әйелінен бірнеше балалары болған. Бала дүниеге жылап келетін болса, аңыз бойынша Заратуштра туылған кезде өмірге күліп келген екен, бұл құбылыстан оны қоршаған адамдар, оның қасиет қонған сәби екенін болжаған. Заратуштраға 30-жасында Пайғамбарлық қонып (Ясна 43), осыдан бастап ол өз ілімдерін халыққа таратуға бел байлап, таң сәріден Ахура Маздададан келген аяндар, тұтас мәтіндерді ел арасына әуезді, жан тебірентер дауыспен халыққа ауызша жеткізетін болған.

Р.Алшанов Заратуштра «дұғаны ерекше әдіспен, әнмен айтатын адам, оның дауысы інгеннің боздаған үнін еске түсіреді» дейді[2.425бб.]. Бейсенбаев Заратуштраның осы зар айту сарыны Қорқыт, Хұтып Хорезми, А. Йүгінеки, Асан Қайғы және кейінгі кезеңдердегі жыраулық дәстүрлерге келіп ұласқаны жайында айтады[3.44б]. А.Қыраубаева Қорқыттың дүниетанымына Заратуштраның әсері болғаны жайында жазған[2.426б.]. Заратуштра даналықтың адам мен қоғамды өзгертуге ықпал ететін рухани күш екенін танып, өзінің ілімдерін өзі өмірсүретін көшпелілердің әлеуметтік мәдени ортасына енгізуге талпынды. Заратуштра қайырымдылық пен зұлымдықтыңаражігін ашып, адамға әділеттіліктің сырын ашып, қоғам адамдарына әлем ізгілік пен мейірімділіктен ғана емес, әділетсіздік пен қайырымсыз зұлымдықтан да тұратынын түсіндірмек болды. Осы мақсатта ол өзі өмір сүрген әлеуметтік мәдени ортадағы адам мен қоғамды реттейтін әлеуметтік әділеттілік мәселесін алғаш көтерді. Ол адамның қоғамда өмір сүру құқықтары

мен нормаларын орнықтырып, әлеуметтік әділеттіліктің үйлесімді қырларын орнатып, оның адам игілігіне қызмет етуіне бар күш жігерін жұмсады. Бірақ, Заратуштраның жан тебірентер зары, оның ілімдері тәңір дінін ұстанған көшпелі қоғам адамының жүрегін елжірете алмады. Ол Ахура Мазда Құдайға жалбарынып, ілімдерінің халықтан қолдау таппағанын айтып, бұл зарын әнұрандарына қосып, Ахура Маздаға қайғы мұңын төгіп, жалбарынып, алдына қойған мақсатына жеткізуді сұрайды(Ясна 48). Заратуштра халық арасына шығып дүниенің ақыры болатыны, о дүниедегі мәңгі өмір мен бұл дүниедегі істеген жақсы жаман істері үшін адамның Құдайдың алдында жауап беруі хақ екені, табиғат пен адамның, жануарлардың жаратылуы т.б. туралы зар айтып, адамдар осы мәселелерді түсіне алмай қапы қалмауы керек, дейтін көзқарастарымен адамға ақыл кеңес береді. Заратуштра қоғам адамдарына ерте бастан о дүние қамын ойлауы керектігі жайында айтып, ел аралап, о дүние мен бұ дүние арақатынасы т.б. әлемнің сыры туралы халыққа жеткізуге тырысқан**.**

Заратуштра тәңірлік сенім орныққан қоғамда өз ілімдерін уағыздап адам мен әлеуметтік ортаны өзгертіп, әділетті қоғам құрғысы келді. Бірақ, Заратуштраның әділетті қоғам құру идеяларын тәңір дінін ұстанған көшпелі қоғам адамы қабылдамады. Олардың өз заңдылықтары, орныққан наным- сенімі, рухани-мәдени дүниетанымы бар еді. Зороастрлықтардың да өзіне тән ерекшеліктері, дәстүрлері қалыптасқан. Мәселен, зороастрлықтардың діни дәстүрлерінде орныққан көзқарастарында олар дүниеден өткен адамды жерлеу салтында адамның мүрдесі дәстүр бойынша айдалаға, тасты алқаптарға тасталатын болған. Тәңіршілдікте ата-баба рухына құрмет көрсетуге терең мән берілетіні белгілі. Тәңір дінін ұстанған көшпелілер жаңаны қабылдамады. Заратуштра өз ілімдерін басқа кеңістіктерде тарату мақстымен қоныс аударуға мәжбүр болады.

Заратуштра ел аралап, өз ілімдерін парсы жерінде уағыздап, ол жерде Виштаспа атты елбилеуші тарапынан қолдау табады. Осыдан бастап бұл діни ілімдер ежелгі парсыларға таралып, алғашында ұрпақтан-ұрпаққа ауызша беріліп Иран, Таяу және Орта Шығыс т.б. әлемге тарайды. Парсылар да зороастризмді өздеріне қолайлы етіп қабылдағаны Накширустам мәдениетінен байқалған. Зерттеушілер арасында Ирандағы парсы зороастризімінің өзіне тән ерекшеліктеріне байланысты, Иран зороастризімін зороастр дініне жатқызуға бола ма? деген көзқарастар қалыптасқан. В. Струве т.б. ғалымдардың зерттеулеріне қарағанда, парсылар зороастризмді қабылдап, бұл діннің дәстүрлерін орындау барысында олар бұл дінге өзіндік ерекшеліктер енгізгізгені, шынайы зороастрліктердің наразылығын тудырғаны байқалған. В. Струве, И.М.Дьяконов т.б. ахеменидтердің зороастризм дәстүрлеріне айтарлықтай өзіндік ерекшелігімен бірқатар өзгерістер енгізгені жайында пайымдайды.

Заратуштраның даналығы алдымен санада ауызша аңыз арқылы сақталып, кейін Иранда жазбаша қалпына келтіріліп, зороастризмнің қасиетті кітабы
«Авеста» даналығы ежелгі пехлеви тілінде алғашында 21 кітап (348 бөлім) болып басылған. Ғалымдар А.Македонский жорығы кезінде Авеста даналығының бірнеше кітабы жойылып, өртеліп көнеден сақалған жәдігердің

көп бөлігі зороастрлықтардың қуғындалуымен жоғалып кеткендігі жайындаайтады.

Заратуштраның ілімдері жазылған «Авеста» даналығының біздің заманымызға келіп жеткен нұсқалары Яшт, Вендидат, Виспарад, Гаттар(Ясналар), Хурде (Кіші) Авеста кітаптары. Бұл даналықтың «Гаттар» - кітабында көне дәуір сарыны бейнеленгендіктен, оның маңызы зор.Ғалымдардың зерделеуіне қарағанда, Заратуштра жырлаған бұл руханилықтар белгілі бір әуезді, өлеңмен айтылған екен. Заратуштраның адам мен әлем сырын халыққа әуезді – өлеңмен жеткізген бұл құндылығын қалай атауға болады? Бұл құндылықтар жыр ма, әлде, қандай жанр екені әлі күнге дейін толық шешімін таппаған. Заратуштраның халыққа ауызша зарлы үнменжеткізген әуезді-өлең түрінде айтылған бұл мәтіндерінде адамның әлеуметтік ортада өмір сүру нормалары, дүниеге келген және дүниеге келмеген баланың құқықтары т.б. толып жатқан қоғам құндылықтарының қағидалары алуан түрлі құбылыстар баяндалады.

М.С.Орынбеков Заратуштра ілімдері уағыздалған «Авестаның» ең көне нұсқасы б.з.д. II – I мыңжылдықтарда қалыптаса бастағанын, зороастризм қазақ топырағында ежелде пайда болғанын, оның жаңа бөліктері жазбаша түрде б.з.д.IV-III ғғ. дейін жазылғандығы жайында айтады[4.75б]. Т.Еңсеген Заратуштра негізін қалаған зороастризм ілімдері тәңір діні қалыптасқан ілкі түркілердің әлеуметтік-мәдени ортасында қалыптақаны туралы көзқарасын білдірді. Олай болса, ең алғашқы синкреттік мифтердің қалыптасуы туралы мәселе күн тәртібіне шығады. Байқап отырғанымыздай ілкі түркілердің дүниетанымын ғылымдардың пәнаралық жүйелі байланысында зерделеу әлі де өзекті екені айқын. Ілкі түркілердің өмір тәжірибесінен алынған ғибраттық сөздердің желісінен алынып басқаша ой-пікірлер туындап, жаңа аңыз-әңгімелер мен өлең- жырлар пайда болғандығы байқалады. М.С.Орынбеков: «Мейлінше көне тұрмысты бейнелейтін эпостардың ішінде тайпалардың арман-мұратын, болмысын бейнелейтін жырлардың кейбірі сақталып қалды» - дей келіп, бұл құндылықтардың бірқатары біздің заманға ауыздан-ауызға таралу барысында бірқатар өзгеріске ұшырап, осы күнге жеткен ежелгі ертегі, жыр, аңыздар жайында айтады[5.М.С.О.37б.]. Қазіргі кезде «Бегазы Дәндібай» және андроновтық мәдениеттерді қалыптастырған тайпалардың түркілер екені дәлелденген. Ілкі түркі көшпелілердің дала мәдениеті мен дүниеге деген өзіндік көзқарастары сонау көне заманда қалыптасқан. Ә.Х.Марғұлан, Т.Еңсеген т.б. көзқарастарына сүйене отырып ілкі түркі халықтары өмірінің бастауында тұрған тайпалардың бірі арий т.б. дүниеге көзқарасы, алғашқы аңыздары, мифологиялық дүниетанымы б.з.д. I мыңжылдықта пайда болғандейтін қорытынды жасауға негіз бар.

Б.з.д. I мыңжылдықтардағы Заратуштраның әуезді жырлары көне ілкі түркі (прототүркі) көшпелілерінің алғашқы синкреттік мифтері - ертегі, аңыз- әңгімелерінің желісінде құрылған.

Әлемдік діндер пайда болғанға дейін Заратуштра даналығы әлемге таралып, осы негізінде алуан түрлі жаңа аңыздар, ой-пікірлер қалыптаса келіп, осының бәрі әлемдегі ірі діндердің пайда болуына негіз қалады.

Заратуштраның көзқарастары грек ойшылдарының дүниетанымына терең әсер еткенін шетелдік ғалымдардың еңбектерінен байқадық. Эллинизм дәуірінің мәдениеті данышпан Заратуштра туралы әртүрлі көзқарастар мен аңыздар қалыптастырып, бұл көне дәуірдегі архетиптік бейнені (Юнг) Ортағасырлар мен Еуропалық мәдениетке тарихи сабақтастық арқылы жаңғырып жеткізгені туралы айқын көзқарастар қалыптасты[15.2б.]. Заратуштра туралы грек аңыздарының бірінде, Заратустра ақиқатты іздеп тауға көтерілген кезінде, аспаннан жарқыраған сәуле көрініп, оның жалыны жерге құлаған, бірақ оның жалыны Заратуштраға зиянын тигізбеген. Қайта, осы ғажайып құбылыстың әсерінен Заратуштраның жан дүниесінде ерекше қасиет –даналыққа құштарлық пайда болғаны туралы айтылады. Эллиндік антик дәуірінде гректер Заратуштраны жұлдызшы (астролог) немесе сиқыршы (маг) ретінде қарап, оның көзқарастары туралы аңыз-әңгімелер таратқан.

Бұл аңыз-әңгімелердің желісінде гректер өз аңыздарын қалыптастырды. Шетелдік зерттеушілердің пайымдауларына қарағанда әлемдік діндер пайдаболғанға дейін алуан түрлі аңыздар Азиялық данышпан Заратуштра мен оның ілімдері грек ойшылдары арасына кең таралған. Плиний, Пифагор, Платон,Аристотель т.б. дүниетанмында Заратуштра ғажайып сиқыршы, жұлдызшы ретінде танымал болғанмен, оның адам мен әлемге, адам мен табиғатқа, даналыққа деген сүйіспеншілігі грек ойшылдарына үлкен әсер еткен. Әсіресе Платон философиясы мен неоплатонизмнің қалыптасуына ықпал терең етті. Евдокс Книдскийдің пайымдауынша, Заратуштраның көзқарастары Платонның
«Табиғат туралы» шығармасының жазылуына ықпал ете отырып, Платонның замандасы, әрі шәкірті Евдокс Книдскийдің баяндауынша Платон көзқарастарының қалыптасуына Заратуштраның дүниетанымы әсер еткен[1.23].[11.23]. Пифагор т.б. Заратуштраны өз ұстазы санаған екен.

Дарместетер ежелгі гректерден ортағасырларға Маздеизм, Заратуштра есімі,ол туралы аңыздардан басқа зерттеулер болмағанмен, оның сиқыршы емес, даналықтың құпия ғылымдарының білгірі екені, оның әнұрандарында ғылымның негіздері қаланғаны анықталып, гректер оны даналықтың сырын меңгерген ғұлама ретінде танып, Қайта Өрлеу дәуірінде Заратуштра туралы нағыз зерттеулер басталғанын айтады. Батыс зерттеушілері данышпан Заратуштра мен оның ілімдері туралы грек-рим авторларының мәлметтерін жинағап, Азиядан шыққан данышпан Заратуштра туралы алғашқы антик шығармаларын келесі мыңжылдықта итальян, ағылшын, французсаяхатшылары зерттеген екен. Бұл пайымдаулар «Авестаның» көмегімен Заратуштра шыққан тайпа арийлер ақыл-ойына қайта оралу, бұл көшпелілер өркенитін, көне арийлер рухани құндылықтарын ашуға үлкен мүмкіндік туындап отырғанын байқатып отыр. Ф.Ницше «Заратуштра осылай деді» еңбегінде «Авеста» даналығындағы мораль, заң, табиғат, адам т.б. мәселелерді қозғап, Заратуштраның: «Бауырлар, жер анаға адал болып қалыңыздар!» ,
«Менің бақытым неде?, Менің әділеттілігім неде?, Мен қайырымдылық жасаған адамды құрметтеймін, Мен рухымен, жан жүрегімен еркін адамды ұнатамын...» - дейтін сөздеріне тоқтала келіп, асқақ адам идеясында адамдардың бәрі «тең емес» - деп, Ф.Ницше әділеттілік мәселесін көтереді.

С.П.Толстовтың зерттеулері негізінде Авеста даналығының Орталық Азияда қалыптасқаны туралы көзқарастардан кейін түркі елдерінде Авестаны зерделеуге ден қойылып, Азербайжан т.б. рухани құндылықтары «Авестадан» бастау алатыны туралы көзқарастар қалыптасты. ЮНЕСКО-ның 30-шы сессиясында Авестаның 2700-жылдығын бүкіл әлемде тойлау туралы шешім қабылданды: «(01-8-33) Решение о широком праздновании 2700-летие Авесты было принято на 30-й сессии Генеральной конференции ЮНЕСКО, состоявшейся: в 1.октябре 1999 г. Нью-Йорк 2.ноябре 2000 г.Лондон. 3. ноябрь 1997 г. Пекин. 4.Октябрь 1998 г.Вена. 5.ноябрь 1999 г. Париж. (test-ru/sbornik/ Test-Uz/ru https://www.test-ru> sbornik). Өзбекстан Министрлер Кабинетінің 2000 жылғы 29 наурыздағы шешімімен 2001 ж. Хорезмде «Авестаның» 2700- жылдығы ЮНЕСКО-ның көлемінде жоғары деңгейде тойланды.

Авеста даналығын С.Оспанов, Т.Еңсеген, У.Шалекенов, А. Мәуленов, Р.Алшанов т.б. отандық ғалымдар зерттеген. Профессор ғалым, Р.А. Алшанов өзінің «Жиырма мыңжылдықтың құпиясы: ізденістер мен ашылымдар» атты қазақ, орыс, түрік тілдерінде жарияланды. Рахман Алшанұлы аталған еңбегінде уақыт пен кеңістіктерде орын алған алуан түрлі құбылыстар мен табиғи катаклизмдер: топан су, жер сілкіну, мұздықтардың пайда болуы, бір мезетте алып мұз құрсауында қалған жануарлардың жаппай бір мезетте қырылуының орын алуы, Ұлы қоныс аудару т.б. өзекті проблемаларға тоқталады. Профессор ғалым, аталған проблемаларға діни көзқараста жасалған пайымдаулар, ғылыми көпшіліктің назарынан тыс қалып келгендігін, палеогеографиялық дағдарыстардың себептерін анықтап, болжап алдын ала зерделеуде Авеста даналығының маңызы зор екеніндігін айтады. Авеста даналығындағы өзекті проблемаларға көпшіліктің назарын аударған Р. Алшановтың бұл еңбегінің негізінде Стамбулда Яшар Кемаль мәдени орталығының Малтепе муниципалитетінің қолдауымен «Әлемге мәдениет әкелген прототүркілер» атты конференция өткен. Түркі халықтары Кеңесі, Прототүркілер академиясы, Йедитепе университеті, Малтепе муниципалитеті қолдауымен өткен бұл конференцияға Қазасқтан, Түркия, Ресей т.б. елдерден түркілердің шығу тегін зерттейтін ғалымдар қатынасып, Р.Алшановтың бастамасымен Түркі халықтары кеңесінің Төрағасы М.Оралмен бірге Түркияда «Тұран академиясы мен зерттеу орталығын құруға жаңа қадамдар жасалды(turan.edu.kz https//turan. edu. kz> news>).

Заратуштраның ілімдері дала мәдениеті негізінде орныгып, ілкі түркілердің адам мен әлем туралы ежелгі аңыздық желілерден құралған көне аңыз-жырлары негізінде қалыптасып, рухани сабақтастықпен жаңғырып, келер ұрпақтарға берілді. Мәдени сұхбат аясында ертедегі өркениеттермен терең байланыста дамыған бұл құндылықтар Заратуштраның даналығында жаңғырып, жаңаша өңделіп, түрленіп дала халқының наным сенімнің негізінен алынған үлгіден бүтін діни ілім қалыптасты.

**ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Брагинский «Авеста» Состав// Авеста в русских переводах. (1861-1996гг.) С-П. журнал «Нева», «Летний Сад», 1998. -477с. С.51-55.
2. Алшанов Р. Тайны двадцати тысячелетий: поиски и открытия Алматы: «Университет Туран» 2021. -548с. С.422-453
3. Орынбеков М.С. Ежелгі қазақтың дүниетанымы.Алматы: «Ғылым» 1996. -168б. Б 22-25
4. Бейсенбаев Ж. «Скиф-Анахарсис» пен Ұлы Пайғамбар, ғалым қызыр Ильяс(Заратуштра) //Ақиқат, №7, 2007. Б.43-48.
5. Орынбеков М.С. Ежелгі қазақтың дүниетанымы Алматы: «Ғылым» 1996. -168.

## КӨНЕ ТҮРКІ МӘДЕНИЕТІ МЕН ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ ТІЛДІК,РУХАНИ, ДІНИ САБАҚТАСТЫҒЫ

***Сабыр Мұрат Бөкенбайұлы-ф.ғ.д., профессор,****Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті****Ержігітова Г.Қ.-*** *педагогика ғылымдарының магистрі*

**Аңдатпа.** Мақалада көне түркі мәдениеті мен қазақ мәдениетінің тілдік, рухани, діни сабақтастығы жан-жақты ашылған. Орта ғасыр жазба ескерткіштерінен тілдік деректер алынып, тілдік сабақтастық толық дәлелденген. Көне түркі және орта түркі дәуірлерінде тасқа қашалған, қағазға жазылған мәтіндерден нақты мәліметтер алынып, рухани, мәдени жалғастықтың сыры зерделенген. Жазба ескеркіштер тілінен алынған мақал- мәтелдермен қазақ мақал-мәтелдерінің ортақтығы ғасырлар бойы жалғасып жатқан ұлттық сабақтастықтың жарқын көрінісі екендігі ғылыми тұрғыда дәлелденген.

Мақала АР 19679282 «Орта ғасыр жазба ескерткіштері тілі – рухани, мәдени құндылықтар әлемі» тақырыбындағы жоба аясында дайындалды.

**Тірек сөздер.** көне түркі, орта ғасыр, жазба ескерткіштер, руханият, тіл, мәдениет.

Қазақ мәдениетінің тарихын сөз еткенде біз осыдан 1500 жыл бұрынғы мәңгі тасқа жазылған Орхон-Енисей жазуларын мақтанышпен еске аламыз. Көне түркі сына жазу мәдениеті біздің дәуіріміздің алғашқы ғасырларында қалыптасқан айырықша да бірегей дүниетанымдық құбылыс.

Байырғы түркі жазуларының аса ірі ескерткіштері көне түркі тайпаларының идеологиясын, саясатын, экономикасы мен мәдениетін зерттеудің аса маңызды құжаттары ғана емес, сонымен бірге түркі

морфологиялық поэтикасы өзек болған аса көрнекті әдеби шығармалар болып табылады. Сына жазулы жәдігерліктердің тілі «көк түркілерінің» - қазіргі барлық түркі тілдес халықтардың баба буынының дүниетанымын бейнелейді.

Көне түркі жазуы уақыт өте келе алғашқы мемлекеттің пайда болуы мен көшпелі мәдениет қалыптасуын білдіретін бірден-бір фактор. Байырғы түркілердің ұлылығы туралы этномәдени ақпарат, ұлттың тарихи жадын жинақтаған код ретінде қарастыру парыз. Осы кезеңдерде көшпелі қоғамда белгілі бір этикалық- эстетикалық құндылықтар да қалыптасты. Көшпелілер үшін үлкенге деген құрмет, ініге ізет, ата-ананы қадір тұту, ата-бабаның аңыздары мен өсиеті барлық сезімдерден маңыздырақ болды.

Сайын даланы мекендеген, тұлпар мініп, ту алған ата-бабамыздан қалған асыл мұра көне түркі жазуының жанрлық сипаты туралы ғылымда бірнешепікір бар. Түркітанушы А.Щербак Орхон ескерткіштерін тарихи деректер жиынтығы деп қараса, И.В.Стеблева ақындық дәстүрдің ортасында туған тарихи ерлік поэма деп таниды[1]. Ал қазақ ғалымдары (Е.Жұбанов т.б) көне түркі жазба тілінің өзіндік белгілерін анықтай келіп мынадай тұжырымдарға келді: «1) бұл жазу әуел бастан-ақ ана тілінің топырағында туып қалыптасқан; 2) бұл жазу өзінің жанры мен стилі жағынан ешкімнің ықпалына түспей, басқа бір жазба мәдениеттің әсеріне ұрынбай, дербес өз жолымен қалыптасқан;

3) бұл жазба тілдің негізі ауызша қалыптасқан және ауызекі ақындық дәстүр ретінде өмір сүрген, сол замандағы түркі халықтарының сөз саптау машықтары негіз болып қаланған;

4) бұл жазба тіл өз заманындағы сөйлеу тілінің үлгісімен жасалған десе де болады. Бірақ бір айта кететін нәрсе: «жазу мен ауызекі көркем тілдің жақын болуы әдебиеттік-этникалық сапасы жағынан жазба тілдің деңгейі ауызекі ақындық тілдің үлгілерінен анағұрлым биік болғандығын жоққа шығара алмайды». Бұл тұжырым көне түркі тілінің бар сипатын, болмысын жан-жақты ашып береді. Профессор Е.Жұбановтың «Көне түркі тілі дегеніміз – қазіргі қазақ тілінің сонау VI-VIII және X-XII ғасырлардағы көрінісі, яғни қазіргі қазақ тілінің ең жақын моделі. Айта кетуіміз керек: көне түркі тілін тап-таза қазақ тілінің бұрынғы үлгісі деп қарауға болмайды» деген пікірі де тіл тарихын даму жолын терең зерделеуден туған сарабдал – ой[3].

Көне түркі жазба ескерткіштерінің әлеуметтік – тарихи контексіндегі басты ерекшелігі - түркі елі көшбасшыларының халық пен атажұртқа деген сүйіспеншілігі, темірдей ерік- жігері. Яғни, бұл жазулардың пафосында жеке тұлғаның да, сондай-ақ тұтастай алғанда халықтың да мемлекет құруға деген ұмтылысы бар. Бұл тасқа қашалып жазылған жәдігерліктен көне түркі халқының арман-мақсаты, мүддесі мен болмысы анық сезіледі.

Империя құрған түркілер үшін елдік ұғым түркілік сананың басты негізі.

Ханымыз, бабамыз құрған халықтыңАта-
даңқы жоқ болмасын деп
Түркі халқы үшін Түн
ұйықтамадым Күндіз
отырмадым
Қызыл қанымды жүгірттім

Қара терімді шұбырттым-дейді Күлтегін жазуында[2]. Күлтегін батырға арналған тарихи ерлік жыры осындай аруақты сөздермен басталып, ерлікке, өжеттілікке, батырлыққа үндейді. Толған ел тарихын таспен жазады, тозған ел тарихын жаспен жазады. Түркілік елдік санадан бастау алған Қазақ елінің де басты мұраты дамыған, мәңгілік ел болу. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауында айқын белгіленген: «Қазіргі ең басты міндет – еліміздің мықты өнеркәсіптік негізін қалыптастыру және экономикамыз өзімізді толық қамтамасыз ете алатын жағдайға жету»,-деп атап көрсетті.

Көне түркі мәдениеті шарықтап, IX-XII ғасырларда небір жазба ескерткіштер дүниеге келді. X ғасырларда әлемде ғылым-білім тілі араб тілі болғаны белгілі. Енді тасқа қаша жазғаннан қағазға жазу тиімді болды да, жазбамұралар араб жазуына негізделген ескі ұйғыр немесе орта түркі тілінде жазыла бастады. Солардың бірі М.Қашқаридің «Диуан лұғат ит-түрік» сөздігі мен Ж.Баласағұнның «Құтадғу білік» еңбектері. Бұл шығармалардан байырғы түркілердің мәдениеті мен қоса ел басқарған, мемлекет құрған өркениетін де көреміз. Евразия территориясында көне түркілік көшпелі тайпалар белгілі бір этномәдени негізде қалыптасты. Олардың материалдық және рухани жетістіктері кейінгі қазақ халқының мәдениетінің қалыптасуының қайнар көзі болды.

Көне түркілер мен қазақтардың мәдени сабақтастығы біріншіден тілден көрінеді. Қазақ тілі өз бастауларын байырғы түркі замандарынан алады. Яғни біздің ұлттық тіліміздің шекарасы мен шегі біздің көзқарасымыздың, дүние- танымыздың шекарасын көрсетеді. Тіл арқылы ұлттың ділі мен мәдениеті ашылады. Қазақ халқының мақал-мәтелдері өз бастауларын көне түркі әдебиетінен алады. Мақал-мәтелдер халық шығармашылығынын төл жемісі,өмір тәжірибесінен түйінделген даналықтын нәтижесі. Мәселен тек М.Қашқаридің «Диуан лұғат ит-түрік» еңбегіндегі мақал-мәтелдерді қарастырсақ көп үндестік табамыз. Мысалы, Кіші аласы іштін, Йылқы аласы таштын. Қазақшаласақ, адам баласы ішінде, жылқы аласы сыртында. Бұл мақал арамдығын ішіне бүккен сұрқия жандарға бағышталған. Диуанда «әрдәм башы-тіл». Яғни «әдеп басы- тіл» деген мақал бар. Қазақта да «өнер алды қызыл тіл» деп сөз өнерін жоғары қояды. Диуанда «еккі буғра ікәшур, отыра күкәчун йанчылар», яғни «екі бура үйкенісер, ортасында сона жаншылар». Қазақта «екі түйе сүйкенсе ортасында шыбын өледі» дейді. Қазақта «құрғақ қасық ауыз жыртар» деген мәтел бар. Бұны біз орыстың «Сухая ложка рот дерёт» деген мәтелінің аудармасы шығар деп жүрміз. Бұл қанатты тіркес М.Қашқари еңбегінде кездеседі: «Құрық қашуқ ағызқа ярамас, құрық сөз қулаққа яқшымас». Бабадан қалған ескі сөздің, есті сөздің тарихта пайда болу қалыптасу кезеңі бүгінгі дәуірлерден қанша алыс кетсе, халықтың кемеңгер ойшылдығы, ой зергерлігі, сөз көсемдігі тарихы да соншалық әріден бастала бермек.

Көне түркілік таным мен қазақ халқының таным түсінігі де ұштасып жатыр. Соның ең бастысы түркі халықтарының тотемі, киесі-көк бөрі. Бағзы заманда түркі тайпалары қасқырды *көк құрт* деп атаған. Мұндағы *көк* сөзі

«аспан» және «көк түс» деген мағына береді. Ал *құрт* сөзі «құтқару, аластату» мағынасын береді. Яғни *көктен түскен құтқарушы* деген сөз. Түркілер өздерін*көк бөріден* тарадық деп түсінеді. Ежелгі түркілер туға, алтынмен әдіптелген бөрінің басын бейнелейді. Қазақ халқы үшін бөрі қасиетті тотем. Оның атын атамай «ит -құс», «ұлыма» деп атаған. Кейбір қазақ тайпаларының туында бөрі бейнесі XIX ғасырға дейін сақталған. Елдік пен ерлікті жырлаған Сүйінбай Аронұлы өз өлеңдерінде былай деп сыр төгеді:

Бөрілі байрақ астында Бөгеліп
көрген жан емен Бөрідей жортып
кеткенде Бөлініп қалған жан
емен. Бөрілі найза ұстасам
Түйремей кеткен жан емен.

Рәміздік мәнге көтерілген бөрі образының қазақ үшін мәні зор.

Көне түркілермен бүгінгі қазақтардың діни көзқарастары да үндесім тапқан**.** Ислам дінінің қазақ қоғамындағы тамыры сонау көне түркі дәуірлерінен басталады. Байырғы түркілердің діни сенімдері Көк-тәңірге табынумен байланысты болды. Араб географы Әл-Мақдиси (X ғ) Орта Азия түркілерінің наным-сенімі туралы: «Түркілер «бір тәңірі» дейді, бұл «бір құдай» дегендері»,-деп жазды. IX-X ғасырларда Орта Азияның түркі тілді халықтарының кейбір бөліктері ислам дінін қабылдай бастады. Яғни қазақ топырағындағы дін тамырын тереңнен алған, даму, нығаю процестерін бастан кешкен дін. Қазақтар таңдаған Әбу Ханифа мектебі басқа ағымдарға қарағанда өз жамағаттарына көп жеңілдік беруімен, демократиялығымен ерекшеленеді. Біздер Алланың бірлігін, хақтығын мойындай отырып, мыңдаған жыл бойы қалыптасқан әдет-ғұрыптарымызды, дүниетанымызды, сенім-нанымдарымыздысақтап келеміз . Яғни әулиеге, аруаққа, отқа сенеміз. Түптеп келгенде, көне түркі мәдениеті мен қазақ мәдениетінің тілдік-рухани, діни жалғастығы ғасырдан ғасыра ұласқан, тамырын тереңнен тартқан іргелі үдеріс.

## ӘДЕБИЕТТЕР:


1.Щербак А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков. Ленинград, 1970.2.Айдаров Ғ. Күлтегін ескерткіші. - Алматы: Ана тілі. 1996, - 232 б.

3. Байырғы түркі өркениеті: жазба ескерткіштер (Халықаралық конференция) –Алматы: 2001.-584.

4. Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерініңтілі. - Алматы: Мектеп, 1971. - 272 б.

5. Аманжолов А.С. Түркі филологиясы және жазу тарихы. - Алматы: Санат,1996. - 128 б.

# ЭЛЕМЕНТЫ ЗОРОАСТРИЗМА В ЗАПАДНОМ КАЗАХСТАНЕ
## (по материалам археологии)

**Калменов Мурат Дабылович**
*Кандидат исторических наук, phD*
*Западно-Казахстанский*
*инновационно-технологический*
*университет*
*г.Уральск, Республика Казахстан*

***Аннотация:*** *Священная книга зороастризма, созданная во втором тысячелетии до нашей эры как древнейшая основа духовной культуры, состоит из прототюркских понятий и представлений, зороастрийских духовных канонов, верований и откровений.*

***Ключевые слова:*** *священная книга, Авеста*

В Авесте собраны сведения о социально-политическом устройстве, культуре, духовных верованиях, фольклорных и литературных традициях этносов, живших в бронзовую и железную эпохи. Согласно историческим исследованиям, рукопись Авесты состояла из 21 книги. До наших дней сохранилась лишь одна четвертая часть, причем мы располагаем лишь двумя вариантами. Книга Авеста, получившая распространение в древности и средневековье на территории Ирана, Центральной Азии, Афганистана и Индостана, как письменный памятник несет в себе ценнейшую информацию *(Шәлекенов, 2015, с. 207.).*

Южные и западные территории нынешней Казахстана входила в состав древней страны Туран, объединявшей несколько областей, восходивших к сакскому времени. Туран находился к северо-востоку от Персии и был населен кочевыми племенами под общим названием «тура». Этноним «тур» впервые встречается в Авесте. Существует гипотеза, что авестийские туры тождественны сакам *(Авеста в русских переводах, 1998, с. 479.).* Б.И.Вайнберг предположил, что под «агуа» из перечня областей Авесты в «Фравардин яште» *(Яшт XIII, 143-144 / Миксюк, 2021, с. 33)* понимается расселение арнаков в низовьях Сырдарьи. Анализ списка перечисляемых народов и исторической ситуации, отображенной в тексте, позволил датировать этот документ не позднее II в. до н.э. *(Вайнберг, 1999. с. 358.).* С точки зрения Н.Н.Лысенко, военная мощь кочевого государства гарантировала социально-этническому определению «ariakay» (Aryana) гораздо больший регион распространение, чем только земли по нижнему течению Яксарта *(Лысенко, 2002, с. 542.).*

В середине XIX в. к проблеме Авесты и арийцев обращались историки, лингвисты, политологи, огромное число ученых проводили исследования, их мнения и гипотезы остались в виде многочисленных научных книг. В XIX-XX вв. в связи с резким интересом археологии, на обширных территориях проводились научные археологические исследования, собраны богатейшие артефакты о первобытном обществе и средневековье, привнесшие новую

информацию о человеке в целом, в частности, об этносах, проживавших на территории Центральной Азии. Эти научные изыскания позволили в своей основе выработать новый взгляд на проблему арий.

Авеста предписывает экскарнацию *(отделение, удаление мяса, мягких тканей от скелетной основы)* тел умерших; как только они утратят плоть, кости следует поместить в оссуарий *(ящик, урна, колодец, место или же здание для хранения скелетированных останков),* только в случае плохой погоды в качестве временной меры разрешалась ингумация *(захоронение покойника, в противоположность кремации и оставлению тела на поверхности земли)* тел. Поэтому тело должно быть взято «с глины, или с камней, или из оштукатуренного дома и положено в такое место, о котором известно, что там всегда есть пожирающие трупы собаки и пожирающие трупы птицы» *(Индоевропейский погребальный обряд...).*

Геродот сообщает, что позднее персы избавлялись от мертвых тел таким же способом: «Есть, однако, другой обычай, связанный с захоронением умерших, о котором не говорят открыто, и это есть что-то вроде тайны. Он таков, что перса мужского пола никогда не хоронят прежде, чем тело не растерзают птицы или собаки. Я достоверно знаю, что этот обычай есть умагов, ведь они делают это вполне открыто. Вообще же персы, однако, покрывают тело воском и затем хоронят его» *(Herodotus, 1954, p. 98-99.).*

Археологические изыскания погребального обряда периода зороастризма дает нам намного больше информации при изучениях интересующего нас проблемы. Анализ и интерпретация новых источников позволяют расширить наши представления о различных сферах жизнедеятельности древних этносов, проживавших на данной территории. Достаточно высокая информативность археологического источника с одной стороны, и совершенно недостаточная степень изученности проблемы – с другой, обусловливают актуальность исследования.

В 2003 году были проведены археологические исследования остатков гробницы раннего железного века в местностиnТубежик (памятник условноназван Тубежик 2), расположенной в Тупкараганском районе Мангистауской области *(Отчет…, 2003.).*

В ходе общей расчистки были обнажены остатки каменного сооружения круглого в плане. В погребальной камере зафиксированы следы неоднократного ограбления. Заполнение камеры и входного коридора вверхних слоях состояло из рыхлого грунта и камня-плитняка разных размеров (рис. 1). В ходе удаления грунтовых наносов при расчистке внутреннего помещения на небольшом участке северо-восточнее каменного завала расчищен слой, содержащий фрагменты человеческих костей плохой сохранности. Здесь же встречены фрагменты небольшого гончарного красноглиняного сосуда. Каменные завалы после фиксации удалялись до появления человеческих останков и погребального инвентаря. После расчистки в западной части помещения обозначилась группа вертикально врытых плит, которые образовывали подобие четырехугольных отсеков или «ящиков» (рис.2). Определено 5 отсеков, ориентированных по сторонам света. Четыре

«ящика» содержали в себе отдельные кости человеческих скелетов, залегавших в пределах отметок -34-54. Следует предполагать, что «ящики» предназначались для хранения костей умерших, очищенных от органических тканей после выставления, то есть оссуарный обряд захоронения (фото 1). Характер залегания костей указывает на разграбление захоронений. По-видимому, вдревности «ящики» имели перекрытия. При разборке заполнений «ящиков» отмечено залегание вертикально под углом плит, не связанных с их конструкцией. Одна из плит имела дополнительную обработку. Ей была придана форма диска диаметром 45 см при толщине 5-6 см. Один из «ящиков» имел вымощенное тонкими плитами дно. Под вымосткой на уровне материкового горизонта найдено два фрагмента верхней части лепного сосуда.

Среди костей 4-5 человеческих скелетов в «ящиках» найдены бараний астрагал, трубчатая кость птицы и каменный оселок. Южнее «ящиков» отмечена небольшая площадка, выложенная несколькими плитами средних размеров. Среди плит расчищены обломки двух человеческих черепов, нижняя челюсть и несколько фрагментов трубчатых костей плохой сохранности. Среди костей залегало 4 раздавленных фрагмента небольшого лепного сосуда. Под выкладкой на уровне материкового горизонта найдено 12 небольших кусков известняка со следами термического ожога и фрагмент венчика кувшиновидного гончарного сосуда. Между площадкой и стеной помещения напротив западного угла входного коридора на отметке -53 залегал перевернутый вверх дном каменный жертвенник. Севернее «ящиков» расчищена площадка 2х1 м, покрытая хаотично разбросанными костями 5-6 человеческих скелетов. Кости залегали слоем до 10 см на отметке 56-58. Отдельные наборы костей (фрагменты кисти, позвоночника, большая и малая берцовые кости) лежали в анатомическом порядке. Среди человеческих костей найден обломок черепа барана.

В южном секторе раскопа у кладок облицовочной стены найдено два фрагмента каменного антропоморфного изваяния (фото 2). Обломки изваяния располагались на одной оси с входным коридором. Обломок средней части изваяния стоял под углом, прислоненным к стене сооружения *(Үстірт пенМаңғыстау қазыналары, 2007, с. 166.)*. Лицевая сторона фрагмента обращена к югу. Обломок верхней части изваяния лежал на уровне материкового горизонтав 0,4 м от стены сооружения юго-западнее первого фрагмента. Лицевой стороной обломок изваяния обращен вверх, а головой в южную сторону. Его перекрывал крупный каменный блок, выпавший из внешней подпорно- облицовочной стены сооружения.

Изваяние сохранилось на 2/3. Нижняя часть не сохранилась. Изваяние изготовлено из тонкой плиты розового ракушечника толщиной 10-11 см. Габаритные размеры сохранившейся части 108х57 см. Все изображения на изваянии выполнены в плоскорельефной технике. Поверхности изваяния несут на себе следы незначительного выветривания. На некоторых плоскостях заметны следы обработки инструментом с поперечным лезвием.

Голова изваяния округлая, без шеи, переходящая в угловатые покатыеплечи. Боковые плоскости изваяния ровные, чуть сужающиеся вниз. Черты

лица очень выразительны. Поверхность лица слегка выпуклая. Полурельефом выделены сильно изогнутые сросшиеся брови. На смычке они переходят в прямой длинный нос. Глаза большие круглые, выпуклые, снизу имеютдугообразные подводки, вероятно, обозначающие веки. Немного ниже кончика носа плоским рельефом выделены губы с прорезью-ртом. От кончиков губ вниз опускается короткая лопатовидная борода. Лицо оконтурено узким уплощенным бортиком, вероятно имитирующим волосы. На боковых плоскостях головы полурельефом выделены хорошо проработанные небольшие уши. Следует отметить, что вертикальная ось лица имеет наклон до 20 градусовв правую сторону. На торсе изваяния с пропорциональными искажениями изображены две руки (плечевая часть правой руки сильно удлиненная). Руки согнуты в локтях под прямым углом и на небольшом удалении друг от друга сложены параллельно под грудью. Грудь выделена едва заметным рельефом. На обеих руках вырезаны трехпалые кисти, где большой палец сильно увеличенв размерах. По линии левой руки прошел слом изваяния. Ниже правой руки перпендикулярно оси изваяния изображен короткий кинжал-меч, имеющий узкое плавно сужающееся лезвие, тонкую рукоять и удлиненные прямые перекрестие и навершие. Аналогичное изображение кинжала имеется на правомторце изваяния на уровне и ниже локтя правой руки. На лицевой плоскости изваяния под локтем левой руки вырезано стилизованное изображение горита. Из налучья выступает ветвь лука с натянутой тетивой.

Слом нижней части изваяния прошел немного ниже изображения кинжала-меча, под клинком которого, вероятно, имелось изображение пениса с яичками и еще одной нечитающейся детали снаряжения.

В результате тесных и постоянных контактов кочевников Северо- Восточного Прикаспия и земледельцев Южного Приаралья в древние времена в Присарыкамышской дельте были случаи захоронения очищенных костей в некоторых курганных погребениях, свидетельствующие об обрядовом и религиозном синкретизме. История археологического изучения могильников подробно отражена в многочисленных публикациях В.Н.Ягодина, Б.И.Вайнберг, Д.Дурдыева, Х.Юсупова, Л.Т.Яблонского *(Хожаниязов, Хакимниязов, 2020.с. 4-8.).*

В могильнике курганной группы Каскажол в период с IV-II вв. до н.э. до IIв. н.э. погребения совершались в антропоморфных, статуарных оссуариях. Вболее позднее время погребения в сосудах-оссуариях допускались в насыпикурганов. Особо следует отметить находку на насыпи кургана № 9 фрагментаручки статуарного оссуария. Судя по форме и размерам, он принадлежалпогребальному сосуду в виде сидящего мужчины, IV-III вв. до н.э. Исследователь памятников Приаралья В.Н.Ягодин не исключал, что в качествеоссуариев использовались и крупные сосуды типа хумов, которые найдены натерритории курганного могильника Каскажол, широко распространенных вхорезмийской раннесредневековой афригидской культуре *(Ягодин, 1982, с. 71.).*В курганной группе Бернияз, как было установлено, первоначально курган 1 (группа II) содержал погребение на горизонте с инвентарем, а затем был использован для установки статуарных оссуариев (I-III вв. н.э.).

В могильнике Шахсенем из 70 курганов семь содержали оссуарные захоронения: сосуды-костехранилища бытового типа и оссуарии специального назначения. В могильнике Тарымкая предварительно очищенные кости людей хоронили в оссуариях ящичного типа, в хумчевидных круговых сосудах и в лепных горшковидных, которые датируются рубежом V вв. н.э. *(Яблонский, 1999, с. 66-67).*

В курганах раннесакского времени (в конце V-II в. до н.э.) могильника Сакар-чага I, III были выпущены лепной оссуарий ящичного типа, сосуды. В могильнике Сакар-чага VI обнаружены сосуды бытового типа и оссуарий специального назначения. Они сырцовые, глиняные горнового обжига и каменные. В могильнике Ясы-гыр IV отмечен керамический скульптурный оссуарий.

Кроме того, проникновение в среду оседлого населения иных этнических групп, связанных с кочевым бытом, еще в первые века нашей эры известно в Миздахкане *(Ягодин, Ходжаев, 1970, с. 128).* Это отмечено недавно в холме Джумарткассаб, где перекликаются кочевнические и оседло-земледельческие погребальные обряды *(Хожаниязов, 2019. с. 179-214.).*

В целом погребальный обряд на протяжении не менее десяти столетий господствовал в среднеазиатском междуречье, получая распространение не только среди земледельцев, но и среди кочевого мира региона.

Относительная сохранность отдельных элементов конструкции исследованного сооружения Тубежик 2 в комплексе с анализом подобных сооружений, исследованных ранее позволяет высказать несколько предположений: внутреннее помещение проходило несколько этапов благоустройства. Наиболее ранние планировки обустройства не сохранились, но следует предполагать, что некая конструкция имела место. Вероятно, от нее сохранились крупные подтрапециевидные плиты со следами обработки, вошедшие в П-образную конструкцию из вертикально врытых плит и ящиков- оссуариев, а также выброшенные на дневную сторону с юго-восточной стороныот сооружения. Не исключается возможность с первоначальным интерьером внутреннего помещения связать каменное изваяние, выброшенное на внешнюю сторону сооружения напротив входной шахты-колодца, и каменного чашевидного жертвенника. Второй этап планировки связан с установкой вертикальных плит конструкции, вероятно, частично разрушенной грабительской ямой или впускным захоронением. Можно предполагать, что конструкция была прямоугольной в плане формы и являлась основанием своеобразного помоста для выставления тела умершего. Позже элементы стоек помоста вошли в конструкцию ящиков-оссуариев, с которыми следует связывать третий этап обустройства помещения. Последняя перепланировкапроизводилась в момент произведения впускного захоронения.

Многоэтапность обустройства внутреннего помещения подразумевает использование сооружения в течение длительного периода времени и, вероятнее всего, разными этническими группами. Строительство всего сооружения пока следует связывать с началом IV века до н.э. на основании оружия, изображенного на каменном изваянии. Дата последнего использования

постройки на основе наконечников впускного захоронения следует определитьсреднесарматским временем.

## ЛИТЕРАТУРЫ:


1. У.Х.Шәлекенов, Ғылыми еңбектер. II том. Орталық Азиядағы арийлердің өркениеті. Қазақ және орыс тілдерінде. – Алматы. 2015.
2. Авеста в русских переводах (1861-1996). Издание подготовил И.В.Рак. –СПб. 1998.
3. А.С.Миксюк, Пространственная модель мира Авесты. – Вестник Гродненского Гос. Университета им. Я.Купалы, №13. – Гродно, 2021.
4. Б.И.Вайнберг, Этногеография Турана в древности VII в до н.э. – VIII н.э. – Москва. 1999.
5. Н.Н.Лысенко, Асы-аланы в Восточной Скифии. Ранний этногенез алан в Центральной Азии: реконструкция военно-политических событий IVв. до н.э. – I в. н.э. по материалам археологии и сведениям нарративных источников. – СПб. 2002.
6. Индоевропейский погребальный обряд, Ригведа и Авеста / Пер. с англ. Д.Г.Здановича, https://arkaim-center.ru/
7. Herodotus, 1954, p. 98-99 / https://openlibrary.org/books/
8. Отчет о проведения археологических исследований на территории Мангистауской области в 2003 году. Исполнители А.Е.Астафьев, М.Д.Калменов. / Архив Мангистауского государственного историко- культурного заповедника.
9. Үстірт пен Маңғыстау қазыналары / Самашев З., Көшербаев К., Аманшаев Е., Астафьев А. – Алматы. 2007.
10. Г.Хожаниязов, Ж.Хакимниязов Археологические памятники зороастризма в среднеазиатском междуречье (на материалах «Оссуарные находки в Южном Приаралье»). Исторические науки. № 5 (65) май, 2020 г. – Москва. 2020.
11. В.Н.Ягодин Археологическое изучение курганных могильников Каскажол и Бернияз на Устюрте // Археология Приаралья. Вып. 1. – Ташкент, 1982.
12. Л.Т.Яблонский Некрополи древнего Хорезма. Археология и антропология могильников. – Москва, 1999.
13. В.Н.Ягодин, Т.К.Ходжаев Некрополь древнего Миздахкана. – Ташкент, 1970.
14. Г.Хожаниязов Жумардкассаб // История и археология Приаралья. Вып 1. – Нукус, 2019.


Расшифровка иллюстрации:

Рис. 1. План погребального сооружения Тубежик 2, после удаленияверхнего горизонта

Рис. 2. План погребальной камеры гробницы Тубежик 2, после расчистки

Фото 1. Каменные ящики с костями человеческих скелетов

Фото 2. Антропоморфное каменное изваяние, найденной у внешней стенынопогребального сооружения








# ҚАЗАҚТАРДЫҢ ОТБАСЫЛЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРІНДЕГІ ИСЛАМҒА ДЕЙІНГІ ДІНИ НАНЫМ-СЕНІМДЕР

**Ерназаров Жасқайрат Тлекқабылұлы***Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің қауымдастырылған профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты*

Қазақтардың өмірлік циклінің салт-дәстүрлерін этнографиялық тұрғыдан зерттеудің сан алуан аспектілері, оның ішінде исламға дейінгі наным-сенім реликтілері бірқатар қазақстандық зерттеушілердің еңбектерінде көрініс тапқан: Ч.Ч. Уәлиханова, Х.А. Арғынбаев, С.Ақатаев, А.Т. Төлеубаев, С.Е. Әжіғали, Б.Ибраев, Н.Ж. Шаханова, Қ.Нұрланова, Ш.Ж. Тоқтабаева, А.А. Ғалиев, Р.М. Мұстафина, Д.Катран және т.б.

Арнайы зерттеулердің ішінде А.Т. Төлеубаевның «Қазақтардың отбасылық ғұрыптарындағы исламға дейінгі наным-сенімдердің реликтілері (XIX – XX ғ. басы) атты монографиясын ерекше атап өткім келеді. Ол негізінен отбасы циклдеріндегі салт-дәстүрлерді, архаикалық наным-сенімдерді жазба деректерге және далалық этнографиялық материалдар негізінде зерттейді. адамның салттық-мифологиялық іс-әрекеті контекстінде отбасылық салт- жораларымен байланысты исламға дейінгі әдет-ғұрып реликтілерінің генезисі, наным-сенімдерінің трансформациясы егжей-тегжей қарастырылады.

Біз бұл баяндамада зороастризм ғұрыптарымен және қазақтың отбасылық ғұрыптарындағы осыған ұқсас реликтілермен кейбір параллельдерге тоқталамыз.

Ең бірінші көзге түсетіні – от культіне байланысты ырымдар, белгілер, наным-сенімдер мен салт-дәстүрлер. Отпен тазарту - зороастризм дінінің ең қызықты ерекшеліктерінің бірі. Бұл діннің ілімі бойынша оттың арқасында барлық жаратылыс тазарады және күнәдан арылады. Зороастриялық ғұрыптарда киелі от рухани тазалық пен өмірлік қуаттың маңызды символы болып саналады. Бұл от көздері Ахура Мазда Құдайдың нұры ретіндеқабылданып, ешқашан сөнбес жарықтандырылған түрін білдіреді. Қасиетті отсыз ешбір зороастриялық рәсімдер мен дәстүрлер орындалмайды.

От батасы - Зороастризмдегідей, Тәңірлік дінінде де от ерекше мәнге ие және өмір мен тазалықтың символы болып саналады. Көбінесе Тәңіршілдіктегі үйлену тойлары мен басқа да ерекше шаралар кезінде от жағылып, оның қатысуымен рәсімдер жасалады.

Қазақтың отбасы ғұрыптарында оттың тазарту күшіне байланысты көптеген ғұрыптар өтпен бесікті аластау, От Ана немесе Ұмайға ізеттілік көрсетіп отбасы ошағын қастерлеу мақсатында жаңа түскен келін отқа май құйюы секілді реликттік сәттер де аз емес. Соңымен қатар, мысалы, қыстаудан жаңа жайлауға көшер кезде, малды екі оттың арасына айдап, өздері соңынан еріп,бар пәле артта қалсын деп оттың тазарту күшін пайдаланған.

Бала этнографиясынан да кейбір параллельдерді көреміз. Зороастризм салт- жоралғылары - Афаринаган мен Навяз - баланың дүниеге келуі құрметіне аталып өтілетін салтанатты рәсімдер қатарында жүргізіледі және бала туылғаннан кейін ананы да, жаңа туған нәрестені де тазарту рәсімі қиыншылығымен қатар 40 күнге созылды.

Нәрестеге қатысты қазақ дәстүрінде де шілдеханасын тойлаумен басталып қырқынан шығарар кезде, қырық қасық суға шомылдырумен аяқтайды жәнебұл кезенді шілде кезеңі деп атайды. Қырық күн бойы алғашқы киген нәрестенің көйлегін «ит көйлек» деп аталады. Жалпы қазақ халқының бала этнографиясында ит пен нәресте, аяғы ауыр әйел мен итке қатысты көптеген реликттілерді арнайы мәдени тақырып ретінде жеке семантикасын қарастыруға болады. Мысалы, ит көйлек, ит қуу, ит тию, ит ауру, іште жатқан бала шошынса әйел етегіне ас салып итті немесе күшікті тамақтандыру ырымы, итті теппе ырыс кетеді, ит жеті қазынаның бірі, тағы сол сияқты жосын-жоралғылар мен итке тиесілі әдет-ғұрыптар көпшілік.

Снесарев Г.П. «Реликты доисламских верований и обрядов у узбеков Хорезма» атты еңбегінде түркі тілдес халықтар дәстүріндегі иттің мәдени тақырып ретінде қызмет етуінің зороастризм мәтіндерінен іздеудің мәні бар, мұнда итке қорғаныш, қасиетті күш рөлі жүктелген дейді және «ит көйлек» атауының шығу тегі киелі жануар ретінде итке барып тіреледі, бірақ ол біріншіден және екіншіден о дүниелік тылсым, жау күштерді адастыру үшін бала мен итті ырымдық ауыстыру идеясымен байланысты болуы мүмкін деп пайымдайды зерттеуші.

Зороастризм дінінде итке аса маңызды орын берілген, Вендидад қасиетті кітабында бірнеше тарау да арналған. Бұл көп жағдайда зороастршылардың рационалды дүниетанымымен байланысты: дін иттің адамға әкелетін нақтыпайдасын атап көрсетеді. Ал, діни тұрғыда ит зұлым рухтарды (деваларды) көріп, оларды қуып жібереді деп сенген. Итті өлтіргені үшін, тіпті байқаусызда да, өте ауыр жаза қарастырылған. Ритуалды түрде итті адамға теңестіріп, оны адам сүйегін жерлеу нормаларымен шығару өлген итке де қатысты болған.

Қазақтың жерлеу рәсімі консервативті әдет-ғұрыптар қатарында болғандықтан да шығар, көптеген ерте заманғы наным-сенімдерді бұлжытпай сақтаған, реликтері мол кездесетін отбасылық дәстүрлер цикліне жатады. Бұл жайтқа Снесарев Г.П., Арғынбаев Х.А., Толеубаев Ә.Т. тағы басқа зерттеушілерсілтеп, бір қатар реликттердің тамырын зороастризмнен іздеу керектігіне назар аударған болатын. Мысалы, Авеста ережесі бойынша мәйітті үш күн, үш түн сақтау, зороастризмшілер марқұмды жерлеу рәсімі кезінде құрбандықтың белгісі болып табылатын отқа бірнеше тамшы май құйған, мәйітті күзету дәстүрі, қаралы үйде шырақ жағып қою, денесін жуу кезде қолданған суды «аяқбаспайтын жерге төгу» ырымы, ал қолғапты және мәйіт тиген заттарды, киімдерді аспан жұлдыздары астына қалдыру арқылы аластап алуы, шаштарын жіберіп жоқтау айту, қайтқан адаммен бір бөлмеде қалған заттардың ритуалды таза емес (мақрух) болуы тағы басқа көптеген тұстары қазақ жерлеу рәсіміндегі реликт болып есептелетін тұстарымен тікелей аналогиясын келтіруге болады,

ал бір қатарын сыртқы формасы өзгерген мен ішкі семантикалық мағынасынсақтап қалған.

Сонымен, қазақтардың отбасылық салт-дәстүріндегі исламға дейінгі дінинанымсенімдердің бірқатарында зороастризмнен қалған іздерді байқаймыз.

**СЕКЦИЯ МӘЖІЛІСТЕРІ**
**СЕКЦИОННЫЕ ЗАСЕДАНИЯ**
**SECTION SESSIONS**

# ОТЫРАР ӨҢІРІНДЕГІ ОТҚА ТАБЫНУШЫЛЫҚТЫҢ БЕЛГІЛЕРІ

**Сералы Нұрлан Орынбасарұлы**
*«Отырар» мемлекеттік археологиялық музей-қорық*
*РМҚК ғылыми қызметкер*
*Түркістан облысы, Отырар ауданы*

***Аннотация:*** *Бұл мақалада Отырар қалашығынан археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған алтар ошақтар сөз етіле отырып, Отырар өңіріндегі отқа табынушылық пен зороастризм діні туралы қысқаша баяндалады. Зороастризм дінінің шыққан аймағы мен таралуы туралы және тарихи деректерге сүйене отырып басқа діндермен мәдени байланыстары туралы баяндалады. Отырар өңіріндегі Құйрықтөбе (Кедер) қалашығынан қазып аршылған отқа табынушылардың храмы VII-VIII вв. Отырар қалашығынан табылған алтар ошақтар осы өңірде зорастризмнің халық арасында біршама маңызға ие болғандығын көрсетеді. Сырдың орта ағысындағы жерді мекендеген түрлі халықтар ғасырлар бойы бір-бірімен мәдени байланысы болып өзге мәдениеттердің де дамуына өз әсерін тигізген, мақалада осы байланыстар көрініс тапқан.*

***Түйін сөздер:*** *Отырар, зорастризм, алтар, деректер, археология, жәдігер.*

***Аннотация:*** *В этой статье кратко рассказывается о религии культа огня и зороастризма в Отырарском регионе с упоминанием алтарных очагов, обнаруженных при археологических раскопках в городище Отырар. Рассказывается о регионе происхождения и распространении религии зороастризма, а также о культурных связях с другими религиями на основе исторических данных. Храм огнепоклонников VII-VIII вв. раскопанный вгородище Куйруктобе (Кедер) в этом регионе, и алтарные очаги, найденные в городище Отырар, свидетельствуют о том, что в этом регионе зорастризм имел значительное значение среди населения. Различные народы, населявшие земли Среднего течения Сырдарий, на протяжении веков оказывали свое влияние на развитие других культур, которые являлись культурными связями друг с другом, что отражалось в статье.*

***Ключевые слова:*** *Отырар, зорастризм, алтар, данные, археология, реликвия.*

***Anatation:*** *This article briefly describes the religion of the cult of fire and Zoroastrianism in the Otyrar region with a mention of the altar hearths discovered during archaeological excavations in the settlement of Otyrar. It tells about the region of origin and spread of the Zoastrianism, as well as about cultural ties with other religions based on historical data. The temple of fire-worshippers of the VII- VIII centuries excavated in the settlement of Kuiruktobe (Keder) in this region, and*

*the altar hearths found in the settlement of Otyrar, indicate that Zoroastrianism had significant importance among the population in this region. Various peoples who inhabited the lands of the Middle reaches of the Syrdariya over the centuries have been in cultural ties with each other and have influenced on the development of other cultures, and these contacts are reflected in this article.*
***Key words:*** *Otyrar, zorastrianism, altarism, data, archeology, relic.*

Тарихы тереңде жатқан Отырар қалашығы көп жылдар бойы археологиялық тұрғыда зерттеліп келеді. Археологиялық қазба барысында қала тарихынан мәлімет беретін әр тарих кезеңіне қатысты архетиктуралық нысандар анықталынып, көптеген тарихи жәдігерлер табылған. Сондай нысандардың бірі XI-XII ғғ. кезеңдеріне қатысты тұрғын үй орамдары, Отырар қалашығының Шахристан бөлігінің солтүстік-батыс бетінде қазба жұмыстары барысында анықталған. Тұрғын үй орамдары саз балшықты кесектермен тұрғызылған, кіші тұйықталған көшелермен бірнеше жанұялық ұй шаруашылығына бөлінген. Қазба жұмыстары сол кезеңдегі Отырар қаласындағы ішкі суландыру және кәріз жүйесінің жоғары деңгейде дамығандығын көрсетіп берді. Қазба барысында жинақталған материалдық құндылықтардың ішінде зереттеушілердің ерекше назарын аудартатын жәдігер отқа табынушалардың алтар ошақтары. Бұл кезеңдерде ислам дінінің Оңтүстік өңірде қарқынды өркен жайып халықтардың негізгі дініне айналғанмен, ескі діннің де кейбір атрибуттары XII ғ. да сақталынып қалғандығын айқындады.

Табылған керемикалық алтар ошақтар саздан жасалынып пішініне қарай бірнеше топтарға бөлінеді. Алтар ошақтары негізінен бөлменің орта тұсына еденге дендей орналастыратын болған, бірінші топқа жататын ошақтар тіктөртбұрышты көлемдері 1х0,66 м шамасында саздан күйдіріп жасалынған. Беткі жағы қызыл түсті ангобпен көмкерілген кейбірінің ішкі еден бөлігінде бастырмалы гүлдесте тәрізді медалендармен безендірген, қабырғаларының биіктігі 10 см ішінара тіреуіш баған тәрізді жасалынған. Алтар ошақтың негізгі бөлігі болып саналатын жағында кіші төртбұрышты шығыңқы екінші бөлігі бар, және осы кіші бөлігіне таман едені дөңгелек ойықты. Бұл ойыққа арнайы керамикалық ыдыс қойылатын болған от жағуға арналған. Екінші топтаға алтарошақ түрлері дөңгелек болып келеді дм 0,50-0,60м шамада саздан жасалынып қызыл түсті ангобпен көмкерілген, және өрнектері бірінші топтағы алтар ошақтағыдай [1, 38 б.].

Ерте ортағасырда Отырар алқабында көптеген халықтар мекендеген, дала мәдениеті мен қала мәдениетінің тоғысқан жерінде зорастризм, тотейзм, тәңіргетабынушылық кеңінен тараған. Археологиялық зерттеу жұмыстары кезінде Отырар алқабындағы қала орындарында осы діндерге қатысты сиынуға арналған бөлмелер мен материалдық заттар табылған. Құйрықтөбе (Кедер) қалашығынан аршылған храм орны, Көкмардан қалашығындағы сиынуға арналған бөлмелер т.б. осының айғағы.

Зорастризм діні б.з.д I – мыңжылдықта Парсы жерінде пайда болған, әсіресе Сасанидтер билігі кезінде мемлекеттік дінге айналып кең қанат жайған. Бұл діннің қай кезде пайда болғандығы туралы пікірталастар өте көп, кей

зерттеушілердің пікірінше Дарии I тұсында бұл дін үлкен майызға ие болдыдесе, келесі зерттеушілер діннің қанат жайуын Ахаменидтер кезеңімен байланыстырады, не дегенмен бұл ерте кезден келе жатқан діни-нанымның бірі.

Сасанидтер әулетінің билігі кезінде (III-VII ғғ.) зорастризм мемлекеттік дінге айналған, көптеген қалалар мен елді мекендерде отқа табынушылардың үйлері (храмдар) және алтар ошақтар пайда болған. Храмдар қарапайым тұрде салынған ішкі отқа табынушылықтың атребуттары қарапайым болған археологиялық қазба жұмыстары осыны дәлелдей түседі [2, 32 б.]. зороастризм дінінде ең басты құдайы Ахура-Мазда болған одан кейінгі Митра, Ардвисуру, Анахита құдайлары болған. Оларға арнап алтар ошақтарда арнайы түрлі жағымды ис беретін шөптерден арнайы ыдысқа от жағып оны өшірмей қадағалап отырған. Үйдің ішіне арнайы шөптерді отқа жағып үй ішін аластап отыру Орта Азия елінің халықтарында қазіргі кезге дейін сақталып қалған.

Археологиялық зерттеу жұмыстар кезінде Тохаристан облысындағы Ежелгі Балх қаласының маңынан Наубахар храмы анықталынып зерттелген. Бұл храм кезінде отқа табынушылардың ең үлкен орны болған, храм ішінде отқа табынушылықтан басқа буддиз дініңнің кейбір атрибудтары табылған [3, 147 б.]. Тохаристан аумағында зорастриз дінімен қатар Үнді жерінен келген буддиз діні де қатар дамыған. Бұл діндер бибіт халықтың арасында қатар жұрген және тарихи деректерде бұл өлкеде қандай да бір дінаралық жанжалдар туралы деректер кездеспейді. Соған қараған екі дін бейбіт түрде қатар насихатталған, Наубахар храмындағы зорастризм мен буддиз дінінң атрибуттарының табылуы осыны көрсетеді.

Зорастриз дінінің ең басты діни мейрамы Наурызбен байланыстырады, Бируни жазбаларында парсы жерінде кеңінен аталып өтетін жыл басы Наурыз мейрамы туралы нақты көрсетілген [4, 224 б.]. Парсы халқының басты мейрамыНаурыз мерекесінің жыл басы ретінде тойлануының маңыздылығы мен оның қалай аталып өтілетіндігі, тойлау кезінде сақталатын салт-жоралғылар мен отқа табынушылықтың дәстүрлері Бирунидің осы еңбегінде ашып көрсетілген. Наурыз мейрамы Орта Азия жерін мекендеген түркі тілдес халықтардың арасында да кеңінен тойланады, бұл мейрамның парсы жерінен өзге халықтар арасына тарағандығы туралы нақты деректер жоқ. Көшпелі халықтардың арасында Наурыз көктемнің алғашқы айы болғандықтан, қыстан кейінгі тіршіліктің қайта оянып жаңғырумен байланысты тойланады. Шамасы зорастризмнің көшпенді халықтар арасында да белгілі бола бастағанда түрлі халықтың мәдинеттерінің байланысы мен салт-дәстүрінің ұқсастығынабайланысты бұл мейрам жалпыхалықтық мейрем ретінде Орта Азия жерінде кеңінен таралған.

Буддизм Үнді жерінен Орта Азия жерінде белгілі болғанымен халық арасында бірден белгілі бола қоймаған және зорастризмен қатар насихатталғанмен жергілікті дінге айналмаған. Көшпелі түрік тайпаларынегізінен Тәңірген табыныганмен кейбір салт-жоралғылары отқа табыныушылық болғандықтан зоастризм дінін өздеріне жақын дін ретінде жылы қабылдағандығы анық.

Зорастризм діні біртін келе буддизмді Орта Азия жерінен шығарып тастаған. Арабтардың жаугершілік соғыстарына дейін буддизм еш соғыссыз ығыстырылған. Тарихи деректерде бұл кезеңге қатысты дінаралық соғыстар туралы айтылмайды. Тек Сюань Цзянның деректерінде халық арасындазорастризм кеңінен таралып буддизмді ығыстырғандығы туралы мәлімет келтіріледі [5, 469 б.]. Археологиялық зерттеу барысында Тохаристан аумағында ондаған будда храмдарының орындары анықталған, бұл харамдардың ішінде зорастризм дінінің атрибуттары да көптеп табылғандықтан зерттеушілер арасында екі жақты пікір қалыптастырған. Бұл храмдар будизмге арналған ба әлде зоастризмге ме деген. Тарихта белгілі ислам дәуірі кезінде християн шіркеулері будда храмдары мешітке айналдырылғандығы, бұл да сондай жағдай болуы мүмкін, яғни будда храмы зорастризм храмына айналдырылған. Және зорастризм бейбіт жолмен таралған халықтарға ешқандай қысымсыз, зорастризмнің бұлайша бейбіт түрде қанат жайуы үгіт- насихаттың кең түрде жүргізілуі, Орта Азия халықтарының тұрмыс-тіршілігінің бір-бірімен ұқсас болуы, Авеста ілімінің ауқымды таралуынан болуы мүмкін. (Авеста зорастризмнің басты іліми кітабы)

Зорастризм VII-VIII ғғ. Қазақстанның оңтүстік өңірлеріне де біртіндеп тарала бастаған, археологиялық зерттеулер барысында ортағасырлық ескерткіштерде отқа табынушылықтың көріністері көптеп табылған. Сондай ескерткіштің бірі Құйрықтөбе (Кедер) Отырар қалашығының батысында 4 шақырым қашықтықта орналасқан, ортағасырларда Отырар өңіріндегі ірі қалалардың бірі болған. Археологиялық қазба барысында ескерткіштің ішкі қамалы (цитадел) аумағында отқа табынушылардың храмы толығымен қазылыпаршылған [6, 13 б.]. VII-VIII ғғ. кезеңдеріне қатысты құрлыс орындары бірнеше бөлмеден тұрады және билеуші сарайы ретінде пайдаланылған. Сарайдың ішкі қабырғалары ағаш тақтайлармен қапталып беткі жағына түрлі өрнектер мен құдай бейнелері мен патшаның салтанаты мерекелер бейнеленген. Өкінішке орай сарай үлкен өрттің әсерінен толығымен қирағанмен, ағаш бетіндегі бейнелер жақсы сақталған. Зерттеу нәтижелерінде шала өртенген ағаш бетіндегі бейнелер Анахита құдайына арналған мадақтайтын көріністері екендігі айқындалған [7, 27б.]. Құйрықтөбе (Кедер) қалашығы ортағасырларда Отырар өңіріндегі ірі қалалардың бірі ғана емес біраз уақыт осы өңірдің саяси- экономикалық орталық қала ретінде де тарихи деректерде кездеседі. Табылған археологиялық жәдігерлер мен қазып аршылған нысанға қарап зорастризм діні Отырар өңірінде де үлкен маңызға ие болғандығын көрсетеді.

VII -VIII ғғ. Орта Азия жеріне араб шапқыншылығы әсерінен ислам діні пайда болады, осы кезеңдерде исламды халық арасында ықпалды дінге айналдыру үшін тек қарудың күшімен ғана емес үгіт-насиха және экономикалық шаралар қолданылған. Алдымен зорастризм дінінің орталығы парсы жері араб халифатының қоластына қарағасын, ондағы бибіт халықтар арабтарға бағынышты болғанмен өздерінің ежелгі діндері мен салт- дәстүрлерінен бас тарқызбаған. Өз еріктерімен ислам дінін қабылдағандарға салық төлеуде және басқа жағдайларда жеңілдіктер жасаған. Ежелгі діндерін сақтап зорастризм храмдарында сиына берулеріне рұтсат берген бірақ оларға

жан басына шаққанда төленетін джиза салығын төлеттірген. Оған көнбегенжағдайда халық тонаушылыққа ұшырап храмдар мешітке айналдырылған немесе толығымен қиратылған.

VIII ғ. оңтүстік өңірлерге арабтар бірнеше мәрте жорықтар жасап Тараз қаласына дейін жеткен. Жаугершілік жорықтың саясаты бір ғана болған жаулапалған жерлерге ислам дінін тарату, осындай жорықтардың бірінде Отырар өңірінде жаулаған. Жоғарыда айтылған Құйрықтөбе қалашығындағы храмның өтқа орнауы осы жорыққа байланысты болуы мүмкін.

IX-X ғғ. ислам діні Мауренахр жерінде негізгі дінге айналып, кейбір жаңадан қалыптасқан мемлекеттер (Қарахан мемлекеті) исламды мемлекеттік дін деп жариялаған. X ғ. Орта Азия жерінде ислам діні кең қанат жайғанымен Самарқанд сияқты үлкен қалалардың маңында зорастризм, хрестиян, манихей дінінің ізбасарларының қауымдастығы өз істерін бейбіт түрде жалғастыра берген тиісті салықтарын төлеп. Кей деректерде XI ғ. Бұқара мен Хорезім жерлерінде отқа табынушылардың қауымдастығы туралы айтылады [8, 122 б.]. Ислам діні қанат жайып кеңінен халық арасында таралғанмен ескі дінді үстанушылар арасындағы мәдени байланыстың да біршама артқандығын көрсетеді Орта Азия халықтары исламды қабылдағанмен ескі діннің кейбіратрибудтарын сақтап қалған. Мысалыға үйді отпен аластау салты, осы салтқа арналған алтар ошақтар Отырар және басқа да ортағасырлық қалалардан көптеп табылған. Алтар ошақтар XII ғ. екінші жартысына дейін кеңінен қолданыста болғандығы зерттеулерде айқындалып отыр. Алтар ошақтар біртін келе шаруашылықта қолданылатын тұрмыстық зат ретінде де үлкен қолданыста қалаберген, алтар үйді жылыту кезінде қолданылатын жылжымалы ошақ ретінде пайдаланылған.

Арабтар ислам мәдениеті мен өз салтарын өзге халықтарға таратқанымен сол халықтың да салтарына да құрметпен қарап кей салтарын қабылдап отырған. Сондай мәдени байланыстың айғағы Наурыз мейрамы, ертеден парсы Орта Азия халықтарының жыл басы болып саналатын ұлтық мейрамы өз деңгейін жоғалтпаған. Араб билеушілері қанша жерден басқыншы болғанымен өзге халықтардың мәдениетімен санасып құрметпен қараған, Науырыз сияқты мейрамдарды тойлануына кедергі жасамаға.

Отырар қалашығындағы ұзақ жылдар бойы жүргізіліп келген археологиялық зерттеу жұмыстары барысында отқа табынушылыққа арналған көптеген жәдігерлер табылған. XI-XII ғғ. кезеңдеріне қатысты мәдени қабаттардан тұрғын үй бөлмелерінде орналасқан алтар ошақтардан басқа керамикалық заттардан да отқа табынушылыққа белгілерін мегзейтін таңбалары мен заморфты бинелері бар керамикалар көптеп табылған. Ескі діндітұтынушылар ислам дінін қабылдағанмен ескі діндердің кейбір атрибуттарын керамика беттеріне өрнек түрінде қалдырған. Кейін келе бұндай өрнектер тек керамикалық заттарға әсемдік беретін бейне ретінде ғана қолданылатын болған. Қазақстанның оңтүстік өңірлерінле ислам діні өркендеген тұсында өзге діндер бірте-бірте өз мәртебесін жоғалтып, тек халық жадында кейбір салт- жоралғылары ғана сақталынып қалған.

## ӘДЕБИЕТТЕР:


1. Акишев. К.А, Байпаков. К.М, Ерзакович. Л.Б.// Отырар в XIII-XV веках.//Издательство «Наука» Казахской ССР. Алма-Ата 1987. С-38.
2. Дорошенко. Е.А.// Зороастрийцы в Иране. // Издательство «Наука» Главная редакция восточной литературы, Москва 1982, С-32.
3. Камолиддинов. Ш.С.// Из истории манихейзма в Средней Азии.// С- 147.
4. Абурайхан Бируни.//Памятники минувших поколений.// Издательство Академии Наук Узбекской ССР, Ташкент-1957, С-224.
5. Бартольд. В.В.// Работы по исторической географии и истории Ирана.// Издатетельство «Наука» Главная редакция восточной литературы, Т- VII, Москва-1971, С-469.
6. Байпаков. К.М, Терновая. Г.А.// Религии и культи Средневекового Казахстана (по материалам городыща Куйрыктобе).// Алматы-2005, С- 13.
7. Байпақов. К.М.// Құйрықтөбе ежелгі Кедер шаһары.// Алматы 2005, 27 б.
8. Бартольд. В.В.// Общие работы по истории Средней Азии//Работы по истории Кавказа и восточной Европа.// Издательство восточной литературы, Москва-1963, Т-2, Ч-1, С-122.

# КӨКТҮРІКТЕР ҰСТАНЫМЫ ҰЛТТЫҚ РУХАНИЯТЫМӘДЕНИЕТІ

**Кулбаев А.Б.**,
*Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,*
*өнертану кандидаты,*
*педагогика ғылымдары академиясының академигі,*
*Темірбек Жүргенов атындағы ҚҰӨА,*
*«Сахна пластикасы және дене тәрбиесі» кафедрасының*
*профессоры,*
*Алматы қ., Қазақстан Республикасы*

**Карлыбаев М.С.**,
*Темірбек Жүргенов атындағы ҚҰӨА*
*«Сахна пластикасы және дене тәрбиесі» кафедрасының*
*аға оқытушысы,*
*Алматы қ., Қазақстан Республикасы*

***Аннотация:*** *Адам баласының тіршілік тарихы оның жер басып өмір сүру ерекшелігіне де тікелей байланысты екені дау туғызбайды. Дегенмен, жоғары саналы адам байланысының қаншама фермациядан өтуі ғасырлар бойы жұмбақтың шешілуін этнографтар мен тарихшылар жазба әдебиет әпсаналар арқылы там-тұмдап жинақтап тіршілік кезеңдерін ашуға атсалысуда. Жер бетіндегі адамзат баласы біртұтас саналы өмір сүруге құштар. Ата-бабаларымыздың Қиыр Шығыстағы Тынық мұхиттан бастап, Батыстағы Атлант мұхитына дейінгі аралықты жүріп өтіп малы мен жанына жайлы табиғатты мекен еткені тарихи шежіре-аңыздардан белгілі. Оларды: Арилер, Сақтар, Гундар, Түркілер дегізіп өздерінің наным-сенімдерімен тарих аренасына көтеріліп, планетаның бел ортасынан ойып орнын алды.Заратуштраның діни уағыздары, өлеңмен айтылған дұғалары өзінен кейін бірнеше ғасырдан соң ғана парсы тілінде "Авеста" атты кітап болып жинақталған. Тарих толқынында Еуразия контингентінде сақтар, аршілер мен туралар Көктегі Тәңірге сыйынған.*

***Түйін сөздер:*** *Далалықтар, діни-мәдени көзқарастар*

Әр оқиғаның тарихы бар екені және себепсіз салдар болмайтыны- аксиома болса, Алланың саналы жаратқан құлы-Адамның, Адам ата Хауанадан бастау алатын жаратылыс тарихы айтар ойымыздың дәлелі болмақ. Планетадағы жер үстіндегі тіршілік кеңістік, уақыт, қозғалысқа байланысты екенін ежелден танытып тарихтың сан тарауынан ой қозғаған зерделі де, зерек туындыларды өмірге әкелген классик философтар фәлсафасының өміршеңдігі дау туғызбайды. Адам баласының тіршілік тарихи өмір сүріп жер басып жүргендігінде. Тарихқа көз жіберсек қаншама ғасырлар бойы әр континенттің өзіндік табиғи ерекшелігіне сай тілі мен діні, ділі мен салт-дәстүрлері қалыптасып тарих қойнауында ерекше із қалдырып жалғасын тапты. Осы орайдағы нақты нысанымыз Еуразия континентінің ежелгі тұрғындары Түркі

тектес халықтарының мекені екенін бүгінгі археологиялық қазбалар байлықтары саналатын жәдігерлер күн құрғатпай дәлелдерін ұсынуда. Физиканың антропологиялық жағынан әр ұлтпен ұлыстардың шыққан тегі мен уақыт өлшемі тұрғысынан да біздің жылсанауымыздың шамалас кезеңдерінен болғанына дәйекті дәлелдер ұсынып келеді. Қаншама ғасырлар өтсе де біздің ұлттық тарихи хронологиялық ауқымын Алғашқы адам біздің жыл санау дәуіріміздің алғашқы бір миллион жылдықтарына тіреп отыруы тегін емес-ті... Өмірге келуімен тарихи негіздемесі де орасан зор сенімге ие Әлемді жаратушы да билеушісі де Алла Тағаланың пендесіне ұсынған соңғы кітабы – Құран- Кәрімде тайға таңба басқандай айқын да дәлелдерді алдыға тартады. Бойыңды жиып санаңа сәуле құяды, болмысыңды жат қылықтардан аулақ ұстап өмір сүру фәлсафасында мұсылмандық, имандылық жолын нұсқайды. Қасиетті Құранға дейін Алла Тағала пенделеріне "Інжіл" мен "Тауратты" түсірген. Аталған қасиетті кітаптар үлкен өмір фәлсафасы болғанымен жанжақты толықтырып жетілдірілген, бүгінгі күні әр шаңырақтың төрінде тұрған Қасиетті
«Құран-Кәрім» Абайдың «Алланың сөзі де рас өзі де рас»- демекші Адам мен Жердің біртұтас материк екені, яғни топырақтан жаратылып топыраққа енетіні қанша ғасырлар өтсе де бұл қағида өзгерген емес...

Адам баласы «шыр» етіп дүниеге келгеннен бастап тілі мен ұлттық ұстанымы қалыптаса бастайды, әрі қоғамсыз, жерсіз, елсіз өмір сүре алмайды...

Қаншама мыңжылдықтардағы «Гүндар мен Сақтар» Алтын Орда тарихы Көктүріктер заманының тілі мен мәдениетін, салт-дәстүрлері мен шаруашылығын осы жұмыр жер үстінде жалғасын жайып, өркениетін қалыптастырып, Ғарышты игеруде, кен қазып, темір балқытып, төрт түлікті өсіріп, ел болып егін шаруашылығын да дамытты. Даму үрдісіндегі адамдық қасиеттегі түсіну мен түйсінудің, әрекет пен қарым-қатынастың, жауынгерлік пен тілдік біртектілік негізінің өркен жайып қалыптасуы бүгінгі күндегі түрік тектес халықтарының айнымас алтын қазығы екенін әлі де мойындалуында. Тағы бір тарихи «шыңғырған шындықтың» негіздемесі алғашқы адамдардың Қазақ жерінде пайда болуында... Содан әлемге танылған Homo Sapienstің тарихқа енуі де тегін еместігі. Әйгілі археологтардың осы саладағы ашқан жаңалықтары мен жәдігерлері Ұлы Түркі-Туран аймағында қаншама десеңізші!?! Бірақ көп деректерді тарих қойнауынан «қанын сорғалатып» жұлып алып өз меншіктеріне айналдырған саясат сұңғылаларына жемтік болып қайтара алмай, әділеттікке қол жеткізе алмай жүргеніміз және бар... Дегенмен, тарихи тағдырлар қаншама ауысқанымен археологиялық қазбалар жер, су аттары, салт-дәстүрлері ұқсас, тілі мен ділі, шаруашылық сипаты салалас өркениет өрістеріндегі негіздемелеріндегі айғақтардың шыңырау түбінен шығары хақ...

Бұл дереккөздерді тарихи деректер негіздемелері бойынша орамды ойдың негізіне алуға толық мүмкіндік пердесі ашылғандығы, деп түсінеміз.

[3. 26. б]

«Заратуштра - адамзат тарихындағы тұңғыш пайғамбар ақын. Шамамен бұдан отыз бес ғасыр бұрын Еділдің шығысындағы ұлы Туран жерінде, мал

баққан тамыр спитама жұртында, киіз туырлықты көшпелі Поурушаспаның отбасында дүниеге келген.

Заратуштра 30 жасында Әлемді жаратқан Жалғыз ие Құдайдың аян беруімен Ахура – Мазда асқан білім иесіне айналып Құдай ауызынан естіген ұлы шындықты жұртқа жеткізбек болады. Заратуштраның діни уағыздары өлеңмен айтылған дұғалары өзінен кейін бірнеше ғасырдан соң ғана ескі парсы тілінде Иранда қағазға түседі. «Авеста» атты кітап болып жинақталады. Немістің атақты философы Фридрих Ницше «Заратуштра осылай деген» атты философиялық толғау жазған». Ал Аруха-Мазда ол Заратуштраның ұстазы, адамзат қоғамының сақтаушысы, жақсылықты қорғаушы ретінде көрсетсе, Авестаның өзі жаңа пайғамбарлар пантионының басқарушысы деректеріненхабар аламыз. Себебі «Авеста» жер бетіндегі ең көне кітаптардың бірі, ол біздің заманымыздан бұрынғы 3 ғасырда «Авеста» тілі атты хатқа түскенін және Арий дәуіріндегі өмір сүрген ежелгі тайпа халықтарының өмірі мен мәдениетінен, әдет-ғұрып, наным-сенімдерінен мол мағлұмат береді» деп жазылған. Және бір атап өтетін құндылықтар негізінде жазылған 21 кітаптан сақталған бөлімдерінде: «Бірінші нұсқасы әртүрлі кітаптарды біріктіретін мінәжаттардан тұрса, екінші нұсқасында дін, құқық, табиғат, дүниенің жаратылуы туралы дұғалар және ән ұрандар келтірген. Ұзақ тарихи жолдан өтіп, қазіргі заманға жеткен бұл шығарма толықтырылып өзгерістерге де түскен. «Авеста» Заратуштра пайғамбардың рухани ілімі мен Құдайға құлшылық ету уағыздары жинақталған кітап. Авеста уағыздары бүкіл мұсылман әлеміне таралған. Ислам мәдениетіне оның ішінде сопылық ағымға ықпалы күшті болды. «Авестадағы» оқиғалар кейін түркі халықтарының көне эпостарында көрініс тапты» - деген. [3. 28. б]

Қазақстан жерін б.з.д. және бұрынғы XVI-IX ғасырларда мекендеген тайпалар ержүрек батырлығымен сыртқы жаулардан қорғана білуі болса, табиғаттың төтенше жағдайларына (қыс,жаз) икемделе білуіне сана түйсігінен туған қолөнер мүліктері, қорғаныс құралдары Арийлер мен туралардың тұрмысмәдениетінен туған жәдігерлер тұрмыс ерекшеліктерінен мағлұматтар беруде. Әрі қарай ойымызды тарих тоғысына сабақтай берсек Шығыс Түркістан жерінде өмір сүрген Сақтар дәуіріне жолығамыз.

Тарихи этнографиялық мәліметтердің айғақтары бойынша Сақтар біздің арғы ата-бабаларымыз «Скифтер» деген жанама атаулармен де белгілі болған. Тек тарих қана емес көркемөнер туындыларына көз жіберсек «Сақ жауынгерлері» сериясындағы қылқалам шебері, әрі этнограф ғалым Қ.С. Ахметжановтың еңбектерін тарихи негізге алуымыз айтар ойымызды дәлелдей түспек.

Сақтар Арийлер мен туралар өздерінің ежелгі салт-дәстүрлеріне сай Көктегі Тәңірге сыйынған. Яғни Күн мен Айға табынған, Жер Ананы, Өзен Ананы қасиетті санағаны белгілі. Жаңа туған Айға қарап тәңірінен «Жаңа Айда жарылқап, ескі өткен Айда есіркей көр! - деп бет сипаған. Олар қайтыс болған адамдарын, сонымен бірге патша, ханзада, батырларын жерлегенде қабірге сауыт-сайман, тұлпарларында бірге жерлегені қазба байлықтарымыздан жиі кездестіріп, үлкен мағлұматтарға дереккөздер алудамыз. Бастарына ескерткіш

тастар қойып обаларда қорған тұрғызған. Бүгінгі бал бал тас мүсіндер мыңдаған жылдардың шежіресі десек-те болады.

Алып Еуразия құрылығының жерін мекен еткен «Сақтар» бірнеше тайпа болып бөлініп, тарап, әртүрлі аймақтарда өмір сүрген. Олар: Кемерлер Қара Теңіз жағалауында Массагеттер, Каспий Арал теңіздерінің жағасында Асылар– Талас, Шу, Іле өзендерінен сонау Алтай, Тарбағатай, берісі Сарыарқа мен Ыстық көл жерлерінде жайлауласа, Дахтар-Яксарт (Сырдария) Окус (Өкіссу- Әмудария) деген өзендердің жағасында қоныс тепкен. Осы орайда Александыр Македонский (Ескендір Зұлқарнайын) Орта Азияға шабуыл жасаған кезін тілге тиек етіп, тіршілік мәдениетіндегі өмір сүру шаруашылықтары жылқы, түйе, қой өсіріп егіншілікпен айналысуы ортақ дәстүрлі айналғанын сақ тайпаларының дахтар сияқты Айға, Күнге, Отқа табынып, ата-баба рухын қадірлегені, өлген адамдардың аруағын сыйлап мал сойып, ас беру рәсімдерін ежелгі тарихшыларымыз Геродот пен Старобон жазбалары куә... Деректері өте үлкен Көктүріктердің оның ішінде Сарматтар мен Аландар туралы кескіндеме өнерінің шебері М.В. Горельниктің тарихи этнографиялық дәлдікке сай жазған еңбектерінен де тұшымды анықтамалар алуға болатындығы...

«Сақтардың (грекше Скифтердің –ред) айтуы бойынша олардың халқы ең жас халық – деп жазады кейін тарихтың атасы Геродот оның шығу тегін былай таратады. Әлі жан аяғы баспаған осынау елсіз мекеннің алғашқы иесі Тарғытай деген адам екен. Сақтардың айтуы бойынша, оның әкесі Зевс (Көк Тәңірі), шешесі Борисфен өзенінен жаралған екен. Ұлы Тарғытай бабамыз, сірә, Арийлерден ата жұртта қалған тайпаларды ортақ ұлысқа ұйытқан тұлға болса керек.Ғалымдар арасында қазіргі Тарбағатай тауының атауы осы Тарғытай баба есімімен байланысты қойылған деген де пікір бар. Ал оның шешесі Борисфен (қазіргі Днепр) еді деуі сақтардың Өзен Анаға сыйынғаннан туған сенім болса керек. Әлде сол өзеннің жағасына қоныс тепкен сақ өкілінің ежелгі бабасы туралы аңыз өз қонысындағы үлкен өзенді байланыстырғысы келген ниеті ме екен? Қалай болған да да Қара Теңіздің солтүстігін қоныс еткен сақтар, атамекені Алтай тауы мен қазіргі қазақ даласымен байланысын үзбеген»

- деп көрсеткен. [3. 41. б]

Міне осылай жалғасын таба беретін, күрмеуі күрделі қазақтың этно-өмір, жер, су, салт-дәстүр, наным-сенімдерінің бәрі-бәрі Ұлттық тарихи өмірбаян жаратылыс пен қоғамның эволюциясы.

«Біздің заманымыздан бұрынғы қиын дәуірлер шежіресі тек қана археологиялық деректер мен жәдігерлер арқылы тілдесудің орайы бар. Адамның тіршілік қаракетіне айғақ болар, сол деректерді үшке бөліп қарау, бүгінгі таңдағы тарих ғылымының орныққан дәстүрі. Данияның тіс қаққан алыпсатары, кейін Копенгаген музейінің коллекция сақтаушысы Христиан Томсон ұсынған осынау үштік тастың, мыстың (немесе қаланың) және темірдің атауымен аталады десе, келесі жолдарда ерте дүние тарихы орта ғасырдан ұзақ. Тарихшылар: Б.Баршинский мен Б.Поршневтердің пікірлерін алға тартады. [5. 28.96. б.б]

“Орта ғасыр” - жаңа заманнан, жаңа заман ең жаңа заманнан ұзақ. Осынау бөліктердің әрқайсысының өз ішінде де акцелерация ап - айқын байқалады.

Адамзат баласы дамудың осынау қиыннан бастаған, қиын жолын мың шақырым деп алар, соның тоғыз жүз тоқсан шақырымы, табаны тасқа тілдіріп, маңдайын күнге күйдіріп, аш-жалаңаш жаяу шұбатылғандардың еншісіне тиер еді. Мұнан кейінгі тоғыз шақырымды бірі итпен бұғы жегіп, бірі түйе мен өгіз мініп, санаулылары ғана атқа тақымын тигізіп жүріп өткендей. Ал XX -шы ғасырдың ең жүрдек көлігін мінген замандастарымыздың жүрген жолы мың шақырымнан ең соңғы бір шақырымы ғана болып шығады. Міне адамзат баласының жалпы даму жолына ой зерделеткенде әрі жан түршіктірер, әрі шүкірлік еткізер ащы шындық осы. Бұл өмір үшін басты бәйгеге тіккен күрес жолы. Зорлық пен қорлықтың, ізденіс пен шыңдалудың жолы»- деп түйіндейді белгілі ғалым, жазушы, этнограф мәдениеттанушы А.Сейдімбеков, өзінің
«Күңгір-күңгір күмбездер» атты тарихи-танымдық зерттеу еңбегінде.[6. 27.28б.б]

өркөкірек, менмендік сияқты қасиеттерді тыю, әкімдердің халыққа жақын болуын, есеп беруін жақтауы. Мұндай көрініс оның «Әдеп» деп аталатын фольклорлық шығармасынан былайша баяндалады: «Бір жұрттың бас әкімі екінші бір байға жолығысып, сөйлесіп тұрғанда, қасынан бір жарлы мұжық өтіпбара жатып иіліп, басұрып сәлем берді дейді. Оған қарсы әлгі үлкен әкім төре одан да төменірек басұрып сәлем алды.

Фольклордағы қайырымдылық, жанашырлық және қамқорлық идеялары ЫбырайАлтынсариннің саяси-құқықтық көзқарастарынан өзінің шешімін тапқан. Мысалы: қазақ ағартушысының «Әділдік» деп аталатын қысқа әңгімесінде аталмыш мәселелер қарапайым әдеби тілмен өте тамаша баяндалған. Мемлекет басшысының, лауазымды тұлғалардың әділеттілік қағида негізінде билік жүргізу идеясы әңгіменің негізгі өзегі. Фольклордың қарапайыммағынадағы саяси-құқықтық идеялары үлкен ауқымы кең, мемлекеттік маңызы бар мәселелерге ұласады. Ұлы ағартушының көрегенділігі де осында.

Қорыта айтатын болсақ ЫбырайАлтынсарин «ағартушы гуманист, адамгершілік, озық педагогтік идеяларына халық шығармаларынан терең үндестік табады. Қоғамның білімді, әдепті, еңбекқор жаңа да жақсы адамын тәрбиелеу міндеті халықтың алыс дәуіріндегі адам туралы аңсаған арманымен, адамға деген үміт-тілегімен іштей байланыстылығын аңғарады. Толық мағынасындағы жақсы адамды тәрбиелеу ісіне ағартушы оқу ағарту мүддесі тұрғысынан қараса да, негізгі мәселелерде халықтың замандар бойына сыннан өткен тағлым-тәжірибелерінен жырақ кетпейді. Мұның өзі Ы. Алтынсариннің, түптеп келгенде, халықтық арман, халықтық мұратқа қызмет ету аңсарымен орайлас нәрсе. Бұл да ағартушының ауыз әдебиетіне деген көзқарасынан айқын көрінуі заңды құбылыс» [5, 432].

Осы көзқарасты көрнекті қазақ ойшылы және ақыны Абай Құнанбаевта (1845–1904) ұстанды. Абайдың шығармашылығында фольклор кеңіненпайдаланылған. Абай өзінің жазған еңбектерінде фольклорлық материалдарды дерек, дәлел ретінде пайдалана отырып, тұжырымды және құнды пікірлер білдіреді. Ондай қасиет ойшылдың қазақ фольклорын жас кезінен бастап жетік меңгергенін айқындайды. М. Әуезов бұл мәселе туралы мынандай пікір білдіреді: «Жиырма жасында Абай халық ортасында майдай басы шешен болады. Халық жайынан бұрынғы әдетті, ғұрыпты, ескі білікті билердің қиын істуралы қылатұғын биліктерін көп білген. Өзінің зейіні артық болған соң, кәрі мақалдарды, неше түрлі қазақтың білімділері мысал үшін айтқан әңгімелерді бірін ұмытпай біліп алған» [2, 178].

Абай Құнанбаев «Үшінші сөзде» қазақтың әдеттік құқық жүйесін талдап, баға бергенде фольклордағы мақал-мәтелдерді өте тиімді пайдаланудың нәтижесінде ғылыми маңызы осы күнге дейін зор, құнды тұжырымдаржасайды. Абай былай деп жазды: «Қасым ханның қасқа жолын, Есім ханның ескі жолын», Әз Тәуке ханның Күлтөбенің басындағы күнде кеңес болғанда
«Жеті жарғысын» білмек керек»... «Би екеу болса, дау төртеу болады»... Оның мәнісі – тақ болмаса, жұп билер таласып, дау көбейте береді дегенмен айтылғансөз. Үйтіп би көбейткенше, әрбір болыс елден толымды-білімді үш-ақ кісі билікке жыл кесілмей сайланса, олар түссе, жаманшылығы әшкере

білінгендіктен түссе, әйтпесе түспесе» [9]. Бұл жерде Абай халықтың ұлағатты мақалын пайдалана отырып, билердің әділеттілік қағидасын арттыруды уағыздайды.

Ұлы ойшылдың «Бесінші сөзінде» фольклордың бірнеше мақал- мәтелдеріне сын көзбен қарап, олардың ұлтты прогресске емес, керісінше енжарлыққа байлайтынын ашып көрсетеді, индивидуализмге қарсылық білдіреді, қоғамдық мүддені жоғары қою идеясын насихаттайды. Абай былай деп жазды: «... Өзіңде жоқ болса, әкең де жат», «Малдың беті-жарық, малсыздың беті-шарық», «Ер азығы мен бөрі азығы жолда», «Ердің малы елде, еріккенде қолда», «Берген перде бұзар», ... «Байдан үмітсіз –құдайдан үмітсіз»,
«қарның ашса, қаралы үйге шап», ... деген осындай сөздері есепсіз толып жатыр.

Бұл мақалдардан не шықты? Мағлұм болды: қазақ тыныштық үшін, ғылымүшін, білім үшін, әділет үшін қам жемейді екен, бермесе онымен жауласпақ екен. Малды болса, әкесін жаулауды да ұят көрмейді екен. Әйтеуір ұрлық, қулық-сұмдық, тілеушілік, соған ұқсаған қылықтың қайсысын болса да қылып жүріп, мал тапса, жазалы демесек керек екен» [9, 251].

Абайдың зерттеу, ізденіс методологиясы фольклордың бай құндылықтарына негізделіп жазылғанын айта кеткен жөн. Мысалы, «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» деп аталатын еңбегінде Абай фольклорлық материалдардың негізінде қазақ этносының шығуына баға береді, дәлелді мағынада 10 мақал пайдаланады. Ел ауызында сақталып қалған фольклорлық деректерге сүйене отырып Абай мынандай тұжырым жсайды:
«Шыңғыс тауында, әскері Қарауыл өзенінің бойында жатып, он екі рудан он екікісі моңғолдың өз заңы бойынша «хан» деген үлкен биіктің басында, ақ киізге Шыңғысты отырғызып хан көтерген дейді. Таудың Шыңғыс аталып, биігі хан аталмақ себебі де сол болса керек. Сол он екі кісінің бірі қазақтың Майқы би деген кісісі екен. «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы-Майқы би» деген мақал болған. Майқы сол кісі екен» [9, 265].

Фольклорға негізделіп жазылған Абайдың бұл еңбегіндегі Майқы би шын мәнінде тарихта болған адам, өзінің көргендігімен, данышпандық қасиеттерімен және би-шешендік өнерімен ел билеу ісіне өлшеусіз үлес қосқан тарихи тұлға. Абайдың фольклор негізінде ол туралы жазған мәліметтері М. Тынышбаевтың, Шәкәрімнің, Рашид-ад Диннің, «Жамиғ ат-Тауарих» сияқты еңбектерімен расталады. Мысалы, Алаштың ірі қайраткері, қазақ тарихы туралы құнды еңбектер қалдырған.

Шәкәрім Құдайбердиев өз еңбектерінде былай деп жазады: «Біздің қазақтың ескі сөзінше: бұл Шыңғыс тауының Шыңғыс аталғаны баяғыда Шыңғыс хан тамам мағол-татарды алып үлкен хан болғанда, осы Шыңғыс тауында қол астындағы елдердің тап басы бектері келіп, мына Қарауыл өзенініңкүншығыс жағындағы хан биігінің басына ақ киізге салып хан көтеріп, Шыңғысты алып шыққан, сонда ұлы жүз қазағынан үйсін, Майқы би барған екен,- «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» деп мақал болған кісі... Ұлы жүз Майқы биге таңбаң сүргі, яғни малатемір болсын, құсың бүркіт болсын, ағашың қара ағаш болсын, ұраның салауат болсын депті» [10, 352].

Абайдың фольклорлық деректерін өзінің зерттеулерінде Шоқан Уәлихановта растап, былай деп жазды: «Киргизы Большой орды производит себя от древнего монгольского народа уйсунов, родоначальников своим считают Майки бия, современника Чингис-хана» [12, 184]. Байқап қарасақ,

«Абай фольклорға ақын есебінде ғана емес, сондай-ақ ойшыл зерттеуші ретіндеде барған. Өзінің көркем поэзиясында ол негізінен фольклорлық сюжет пен поэтиканы пайдаланса, қара сөзінде фольклорды тарихи-қоғамдық тұрғыдан қарастырып талдайды. Оның кейбір қазақ мақалдары мен мәтелдерін талдау принципі, зерттеу аспектісі ақынның өлеңдерінде көтерген проблемаларымен үндесіп жатады: Қалайда адамды түзеу, сол арқылы қоғамды жөндеу. Ал, мұның өзі, бір жағынан, халық утопиясына апарса, екінші жағынан, ислам дінінің иманды адам, жақсы қоғам туралы, хақ жолы жөніндегі түсінікпен де байланысып отырады» [3, 777].

Адамзат тарихын, философиясын, мемлекет пен құқық мәселелерін зерттеген ойшылдар мен ғалымдардың назарында әрқашан да фольклор мәселелері де есте болды. Керісінше, фольклордың тарихи бай құндылықтарын, ұлағатты сөздерін саяси-құқықтық, әлеуметтік тәжірибеде өте тиімді пайдаланған. Соның нәтижесінде жазған әдебиет көркемдік жағынан түрленіп, тәжірибеден алынған ұлағатты сөздер мен ғибратты мысалдар кітаптың рухын арттырған. Қоғамдық ғылымдарда фольклордың жетістіктері мен мол идеялары тиімді пайдаланылады. Осы мәселелерге ерекше назар аударған заң ғылымдарының докторы, профессор Н.О. Өсеров мына мағынадағы ой-пікір білдіреді: «... ұзақ дәуірлер бойы келе жатқан қазақ этносы өзіне хас тілінінен, дәстүр-салтынан, әдет ғұрпынан ажыраса немесе әлсіретіп, жоқ етсе, этностың кейпін жоғалтады. Қазақ деген атау тарихтан өшеді. Қазір осындай салдардың кейбірі көрісін беруде. Ол-тілінің, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерінің әлсіреуі. Егердер кезінде оларды жинақтап, түзеп алмасақ, іс насырға шабары айқын. Құдайға шүкір, тәуелсіздігімізді алғалы қазақ тілі мемлекеттік тіл аталып, орын алған келеңсіздіктер жойылу үстінде. Әрине, жолында этнология, мәдени, және әлеуметтік антропология, археолгоия, тарих, әлеуметтану, тілтану, өнертану, фольклор, философия құқық жан тану тәрізді ғылым салаларын бірлесе зерттеп,тұжырымдар жасаған абзал» [13, 46].

Міне, осыған байланысты қазақ зиялылары фольклорының әлеуметтік тарихи, қоғамдық, философиялық, саяси-құқықтық ой-пікірде алатын орнына ерекше мән берген, шығармашылықтарында кеңінен пайдаланған. Соның нәтижесінде шығарманың мазмұны тартымды, ойды тереңдеткен, мәндікмағынасы көркейе түскен.

XX ғасырдың бас кезеңінде қалыптасып, саяси аренаға шыққан қазақ зиялылары да фольклорды еңбектерінде кеңінен пайдаланған. Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Халел Досмұхамедов, Райымжан Мәрсеков, Отыншы Әлжанов, Көлбай Тоғысов және т.б. шоқтығы биік Алаштың арыстары фольклорды халық үні, оның әлеуметтік, саяси, құқықтық қатынастарынан туындаған бай рухани қазына, сарқылмас қайнар көзретінде бағалады. Ахмет Байтұрсынов осы мәселелерге ерекше назар аударып, жазбаша тарихы жоқ қазақ халқының фольклорына «қарап, ертеде болған

аталарымыздың өткен тіршіліктерін жорамалдауға болады» деп ерекше атапкеткен.

## ӘДЕБИЕТТЕР:


1. Алтынсарин И. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Қазақ ССР ҒА-ныңбаспасы. – 1955. – 414 б.
2. Әуезов М. Шығармалар жинағы. – Т. XIX. – Алматы: Жазушы, 1985. – Б.178
3. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. – Т. I. – Алма-Ата: Издательство АН Каз ССР, 1961. – 777 с.
4. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Т. 4. – Алма-Ата:Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1985. – 462 с.
5. Қазақ фольклористикасының тарихы. – Алматы: Қазақ ССР-нің «Ғылым»баспасы, 1988. – 432 б.
6. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архив. – Қ. 345. – Т. 1. – I.807. – П. 6 ай.
7. Қасқабасов С. Абай және фольклор. Алматы: Білім, 1995. – 64 б.
8. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. – Алматы:Қазақстан, «Сана» баспасы, 1991. – 80 б.
9. Құнанбаев А. Шығармалар. – Т. XI. – Алматы: Жазушы, 1968.– 251 б.
10. Мажитова Ж.С. Институт биев: подходы и интерпретации в российской и казахстанской историографии. Монография. – М.: «КДУ», «Университетская книга», 2015. – 352 с.
11. Мажитова Ж.С. Дискуссии о путях реформирования суда биев в дореволюционной российской историографии (середина XIX – началоXX вв.) // Вестник КазНПУ имени Абая. Серия «Исторические и социально-политические науки». – 2016. – № 2(49). – С. 51–59.
12. Мажитова Ж.С. Дискуссии о путях реформирования суда биев в дореволюционной российской историографии (середина XIX – началоXX вв.) // Вестник КазНПУ имени Абая. Серия «Исторические и социально-политические науки». – 2016. – № 3(50). – С. 184–190.
13. Өсерұлы Н. Этностардың пайда болуы және жойылуы жайлы бірер сөз // Вестник Центрально-Азиатского университета. – 2003. – № 1. – Б. 44–46.
14. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1985. – 556 б.
15. 15. Ясперс К. Смысл и назначения истории. – М.: Республика, 1994. – 527 б.

**ӘӨЖ 398; 801.8**

# ЗОРОАСТРИЗМНІҢ ДҮНИЕГЕ КЕЛУІ ЖӘНЕ ТҰРАН МЕН ИРАННЫҢ МӘДЕНИЕТІНДЕ ІЗ ҚАЛДЫРҒАН НАНЫМ-СЕНІМДЕР

**Әбжет Бақыт Сырымұлы**
*ф.ғ.к., доцент, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркология ғылыми-зерттеу институтының жетекші ғылыми қызметкері*
*Түркістан қ., Қазақстан Республикасы*

***Аннотация:****Автор өз мақаласында ерте дәуірлерде солтүстіктен оңтүстікке қарай көшкен арий, сақ секілді көшпелі тайпалардың тұрмыс- тіршілігі, наным-сенімі мен діни түсініктері және үдере көшу себептеріне талдау жасайды. Жазба мәдениеті мен қала мәдениеті жақсы дамыған көне дәуірлердегі Мысыр, шумер, аккад, бабыл, парсы секілді халықтардың жазба әдебиеті мен діни сенімдерінің ерекшеліктеріне тоқталады. Зороастризм секілді алғашқы діннің дүниеге келу себептерін де жазу мәдениеті мен түрлі діни сенімдердің бір орталыққа тоғысуы салдарынан іздейді. Зерттеу барысында антика дәуіріндегі грек ғұламаларының еңбектері мен шығыстану саласында арнайы зерттеулер жүргізген ғалымдардың, сонымен қатар тіл тарихына қатысты шетелдік ғалымдардың еңбектері негізге алынды. Фольклордағы мифтік ұғымдардың шығу төркінін анықтауда теология, тарих, әдебиет, антропология секілді гуманитарлық бағыттағы қолданылатын тарихилық, ұлттық танымдық логикаға қатысты методологиялық зерттеу тәсілдері қолданылды.*

***Түйін сөздер:*** *Арий, скиф, Страбон, тәңіршілдік, зороастризм.*

***Аннотация:*** *Автор в своей статье анализирует быт, верования и религиозные представления кочевых племен, таких как арийские, сакские, которые в ранние эпохи перемещались с севера на юг, а также процессыпричины переезда. Письменная культура и городская культура затрагивают особенности письменной литературы и религиозных верований таких народов древности, как Египет, шумер, аккад, вавилон, персия. Причины зарождения первой религии, такие как Зороастризм, также прослеживаются в результате слияния культуры письма и различных религиозных верований в один центр. В ходе исследования были взяты за основу труды греческих ученыхантичного периода и труды ученых, проводивших специальные исследования в области востоковедения, а также зарубежных ученых, занимающихся историей языка. В определении происхождения мифических понятий в фольклоре применялись методы методологического исследования, связанные с исторической, национальной когнитивной логикой, применяемые в*

*гуманитарном направлении, такие как теология, история, литература, антропология.*

***Ключевые слова:*** *Арийский, скифский, Страбон, тенгрианство,зороастризм.*

***Abstract***

*The author in his article analyzes the life, beliefs and religious ideas of nomadic tribes, such as the Aryans, Sakas, who moved from north to south in the early eras, aswell as the processes of the reason for the move. The reasons for the birth of the first religion, such as Zoroastrianism, are also traced as a result of the fusion of the culture of writing and various religious beliefs into one center. The study was based on the works of Greek scientists of the ancient period and the works of scientists who conducted special research in the field of Oriental studies, as well as foreign scientists involved in the history of the language. In determining the origin of mythical concepts in folklore, methods of methodological research related to historical, national cognitive logic, applied in the humanitarian direction, such as theology, history, literature, anthropology, were used.*

***Key Words:*** *Aryan, Scythian, Strabo, tengrism, Zoroastrianism.*

Кезінде Қазақстанның аймағынан кеткен арий тайпаларының шығу төркіні жайлы түрлі жорамалдар бар. Қалай болғанда да кезінде бұл тайпалар көшпелі болғандығы анық. Солтүстіктен оңтүстікке қарай жөңкіле көшкен арий тайпалары кейін Иран патшалары күшейген тұста мәдени ассимилияцияға ұшырап парсылана бастаған болуы керек. Олардың өмір сүрген аймақтары туралы деректер антика дәуіріндегі жазбаларда ұшырасып отырады. Антикалықгрек жазбалары мен Рим оқымыстыларының жазбаларында мынадай деректер бар. I ғасырда өмір сүрген Рим ғалымы Плиний 37 кітаптан тұратын «Табиғи тарих» атты еңбегінде арийлар турасында былай деген: «Парпия патшалықтарының барлығы он сегіз. Оңтүстіктегі шекарасы Қызыл теңіз, солтүстіктегісі Гиркан (Каспий) теңізі. Патшалығының он бірі Армения мен Каспий теңізіндегі шекаралардан басталып, скифтерге шейін барып шектеседі. Парфияға тек скифтер ғана тең келе алады. Қалған екеуі патшалық ішіндегі шағын патшалықтар деп аталады. Шығыста Парпия арийлармен, оңтүстікте Кармания және ариандарменен, батыста пратит мидиялықтарымен, солтүстікте гиркандармен шекаралас болып, қалған жағының барлығы шөлді сахарамен қоршалған. Арғы жағындағы парпиларды көшпелілер дейді»[1, 147].

Солтүстіктегі қатал климат мал шаруашылығы және аң аулаумен күнелтетін көшпелі тайпалар үшін қолайлы болғанымен жұтқа ұшыраған жылдары оңтүстікке қарай ығысып, қолындағы төрт түлік мал мен алтыннан соққан әшекейлерін оңтүстік елдерге барып саудалап отырған. Оның үстіне егін шаруашылығы дамыған оңтүстік аймақта халық тығыз қоныстанғандықтан қолөнер мен сауда-саттық да жақсы жолға қойылған. Қарап отырғанымыздай егін салуға қолайлы, климаты жылы әрі сауда-саттық жасауға оңтайлы жерлерде адамдар бір-бірімен ортақ тіл табысып, соның арқасында ұқсас тілдердүниеге келе бастайды. Бір жағы отырықшы халықтарда қала мәдениеті мен

сәулет өнерінің өркен жаюы өз кезегінде жазба мәдениеттің дүниеге келуіне әсер етті. Мәдениет дамыған ортада діни ұғымдардың да дараланып оқшауланып, діннің мифтен ажырай бастайтынын көреміз. Солтүстік аймақты жайлаған көшпелі сақ, скиф, массагет тайпаларын да бұл мәдениеттен бөліп қарауға келмейді. Себебі Антика дәуірінде өмір сүрген Геродот, Страбон секілді тарих пен жағрапияның негізін қалаған ғұламалардың өздері бұл халықтардың дәстүрі мен өмір салты турасында жақсы білген.

Суық ауа райы біздің дәуірімізге дейінгі кезеңдерде солтүстік аймақта ұзақжылдар бойы сақталып тұрған. Мұндай климаты қатал аймақта адамдар тек аң аулау мен төрт түлік малдың етін жеп, сүтін ішіп қана күн көрген. Мал шаруашылығының дамуы да қатаң климатта табиғатпен бейімдесіп өмір сүрудің негізгі түріне жатады. Суыққа шыдамды жылқы мен бұғы шаруашылығының солтүстікте дамуы әрі жылқы еті мен оның сүтін ішу солтүстікте өмір сүретін халықтардың негізгі күнкөріс белгісі болып қала береді. Жаз мезгілінде күн қатты ыстық болатын оңтүстік аймақтарда жылқының етін жеу көптеген ауру туғызатын болғандықтан, солтүстіктен оңтүстікке көшкен оғыз тайпалары уақыт өте келе бұдан бас тартуға мәжбүр болған. Кезінде Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік шығысын жайлаған оғыз тайпалары кейін Кавказ бен қазіргі Иран жері арқылы Түркияға баруы арқылы бұрын ата-бабалары тұтынған жылқы малының етінен бас тартуы да бір жағы діни түсінікке байланса, екінші жағы осы ыстық климаттың салдары болатын.

Скифтердің даласында ұдайы ұлпа қар жауып тұратындығы жайлы Страбон да жазып қалтырған: «Скифтердің сөзіне қарағанда, ауада қаптап ұшып жүретін ұлпа қауырсындар туралы, соның салдарынан таяқтастам жердегіні көруге де, ілгері қарай жүруге де болмайды-мыс деген әңгімеге келетін болсақ, менің өз ойым мынадай: Скиф жерінен солтүстікке қарай ұдайыдерлік қар жауып тұрады: жаздыгүні, әрине, қыстағыға қарағанда аздау жауады.Сөйтіп жапалақтап жауған қалың қарды көрген қандай адам болса да, менің айтқандарымды бірден түсіне қояды: өйткені ұлпа қауырсын деп отырғанымыз жапалақтап жауған қарға қатты ұқсайды. Жарық дүниенің ол жақ бөлігіндегі солтүстік аймақта қыстыгүні қақаған қатты аяз көп болғандықтан адамдар қоныстанбаған. Сонымен, менің пайымдауымша, скифтер мен олардың көршілерінің ұлпа қауырсын деп жүргені кәдімгі жапалақтап жауатын қардан өзге еш нәрсе де емес» [2, 63].

Уақыт өте келе солтүстіктегі мұздықтардың ери бастауы мен климаттың жылына бастауы кезеңінен бастап оңтүстікке тығыз орналасқан түрлі тайпалар қайтадан Еуропа мен солтүстік аймақтарға қарай қоныс аудару кезеңі басталған. Бұл дәуірді «Халықтардың Ұлы көші» (Великие переселения народов) деп аталған. Көптеген халықтардың ертегілерінде бір үйдегі үш баланың ағалары кішісін үйге қалдырып өздері жайлы қоныс не ыңғайлы жұмыс, үйленуге қыз іздеп т.б. жолға шығады. Олар сол жақта байдың непатшаның қызына үйленіп, өзге жұртта қалып қояды. Мұны фольклорда менораттан майоратқа өту деп атайды. Мифтің поэтикасын зерттеген Е.Мелитинский былай дейді: «Точно так же разложение первобытной родо- племенной системы и доминирование семьи над родом привели к отказу от

минората, т. е. наследования имущества младшим сыном после того, как старшие уже стали на ноги, что как бы отвечаю социальной справедливости. Переход от минората к майорату делал младшего сына обездоленным. Таким образом; мотив изведения пересекается с мотивом социально-обездоленного» [3, 67].

Ертегідегідей жайлы қоныс іздеп басқа өлкеге кету, көшкен елдің атақонысқа қайта оралмай сонда тұрақтап қалуы секілді миграциялық науқан жергілікті халық тарапынан жылы қабылдана бермеген. Бұл өзгерістер көбіне ертегіде ағаларын жағымсыз бейнеде көрсетуге көшкен. Ертегіде үлкен ағалары кіші інісіне соңында қастандық ұйымдастырып жүреді. Шамасы келмейтінін білген соң қулық арқылы оны өлтіреді не қиянат жасайды. Ертегіге кіріккен көне мотивтерді байыптап қарар болсақ сонау көне дәуірлердегі халықтың тұрмыс-салты мен дәстүріне қатысты көптеген нанымдарды анықтауға болады. Көне діни сенімдер де мифтік аңыздар мен ертегілерде ұшырасып отырады.

Тұран және Иран арасындағы байланыстар ерте дәуірлерден басталады. Жазба дәстүрі ерте дамыған Ирандағы ахеменидттер империясы тұсында сәулет өнері мен жазба мәдениеті айрықша дами бастайды. Зороастризм діні мемлекеттік дінге айналады. Парсыларда зороастризм жеке дін ретінде қалыптасуына өзіне дейін өмір сүрген түрлі шумер, аккад, бабыл, мидия, ассирия, арий т.б. халықтардың діни сенімдерінің әсері қатты болғандығы туралы ғылыми болжамдар айтылады. Соның бірі Анатолий Круглов ахеменидтер кезіндегі зәрдушт дінінің орнығуы жайлы мынадай тұжырым жасайды: «По некоторым сведениям, иранцы еще во II тыс. до н. э. были знакомы с идеями Авесты и соответственно с проповедями Зороастра, реформатора старой религии, направленными против жрецов многих старых культов. Вместо множества равных между собой богов Гаты провозглашают одного верховного бога добра и света по имени Ахурамазда, которому противостоит другой верховный бог – бог зла и тьмы – Ангра-Майнью. Весь мир и все в нем разделялось между этими богами. Они вели между собой постоянную борьбу. Все остальные божества являлись приверженцами Ахурамазды или Ангра-Майнью. Во времена доминирования в иранском мире мидийцев (VIII–VI вв. до н. э.) к учению Гат добавились и некоторые верования и установления, носителями которых были, вероятно, мидийские жрецы, известные под названием «маги» [4, 58].

Тұрандықтар табиғатпен етене өмір сүргендіктен көктегі тәңіріге табынған, тылсым дүниемен тілдесетін бақсылардың туғызған діни қағидатына негізделген тәңірлік дінін ұстанған. Ұмай ана, Май ене, Бес ене секілді алғашында әйел құдайларына табынған шамандық сенім өкілдері кейін бақсылық сенім орныға бастаған кезден бастап патриархалды түсінік үстем бола бастайды. Зороастризм діні дүниеге келген тұста жаңа дін өкілдері шамандық наным өкілдеріне қарсы ымырасыз соғыс ашады. Бұл турасында Фирдоусидің «Шахнама» дастанында жақсы суреттелген. Зәрдушт дінінің киесімен қаруланған Исфандияр шаман әйелді, жезтырнақты, самұрықты сол секілді жолында кедергі жасайтын жыланды, кесір секілді жеті түрлі байырғы діннің өкілдерін өлтіреді. Рүстем мен Исфандияр арасындағы соғыста Рүстем

өзінен күші басым Исфандиярды Самұрық құстың көмегімен өлтіргенмен, жаңа дін өкілін өлтіру арқылы өзінің де ажалы жақын екенін Самұрық құс ескертеді. Бұл ескі діннің жаңа дін алдындағы дәрменсіздігін көрсетеді.

Зороастризм дінінің бір мемлекетте орнығуы бұрыннан тығыз байланыста болған кейбір көршілес тайпаларды екіге бөлінгенін байқатады. Тұран және Иран атауының шығу тарихы жайлы Л.Гумилев мынадай пікір айтады: «Новую веру приняли далеко не все. Даже в Иране она возобладала не сразу. Но все арийцы, которые сохранили верность древним богам, стали туранцами, а сторонники Заратустры – иранцами. Так совершилось разделения на Иран и Туран. Персидские цари покровительствовали учению Зоратусры в Туране, под которым понималась Средняя Азия и современный Афганистан, почитали не Ормузда, а дэвов» [5, 58].

Көшпелі түркі халықтары кие тұтқан ордалы жылан, көкбөрі, самұрық құс (алып қарақұс), ұмай, дәу секілді түсініктер жаңа діндердің салдарынан өзінің алғашқы позициясын жоғалта бастайды. Дәу, дию, жер асты жыландар елі секілді шамандық ұғымдарда бар ұғымдар ертеректе арий, сақ, ғұн тайпаларынатән сенім болғанға ұқсайды. Бұл наным-сенімдер кейін зороастризм діні үстемдік құрған тұста зұлымдық иелері сипатында көрініс тауып қалған.

Біздің дәуірімізге дейінгі II-мың жыл бұрын Ұлы Дала мен Орта Азия жерінен қазіргі Иран жеріне ауа көшкен арий тайпаларының түсінігі кейін жергілікті парсы халықтарымен араласып кетті. Ахеменидтер дәуірі кезінде тарих сахнасына шыққан зәрдушт діні кейін ассириялықтардың жазу емлесінде өздерінің «Авеста» кітабын дүниеге алып келді. Кезінде Ұлы Дала мен Орта Азия жерін мекендеген түрлі көшпелі тайпалардың мезгіл-мезгіл оңтүстікке қоныс аударуы сол жақтағы мәдениетті қабылдауына әсер етті. Солтүстік пен оңтүстік халықтарының араласуы салдарынан зороастризм секілді абсолюттік құдайды дәріптейтін ірі діндер дүниеге келген. Парсылар да өз дінін тарату үшін мәдени ықпалы күшті болған элам, аккад, шумер тілдерінің негізіндежазба мәдениеті қалыптаса бастайды. Ендігі кезекте діндерді жазып тарату, діни философия алдыңғы орынға шыға бастады. Әлемнің жаратылысы жайлы айтылатын мифтік ұғымдарды антика дәуірінің ғұламалары пәлсапалық сипаттаталқылауға көшті.

Таяу шығыстағы жазу мәдениетінің дамуы адамзат баласына түбегейлі өзгеріс алып келді. Жалпы бір орталықта мәдени қатынастардың күшеюі айналасындағы өзге халықтардың да мәдениетінің дамуына, көзқарастарының басқа арнаға бұрылуына ықпалын тигізеді. Таяу шығыстағы қарқынды мәдени даму және жазба мәдениеттің айрықша түрленуі көптеген халықтардың жазба мәдениетінің қалыптасуына да әсер етті. Түркі халықтарының руникалық жазу үлгісі де ұйғыр жазуы да бастауын сол Таяу Шығыс жақтан алады. Тәңірісөзінің өзі шумер жазуында кездесуі тегін емес. Түркі халықтары мен ежелгі шумер мәдениеті арасындағы байланыстың тамыры тым тереңде жатқанын көруге болады. Шумер тілдеріндегі түркі тіліндегі паралельді ұқсастықтар жайлы терең зерттеген О.Сүлейменов екі халық арасындағы тілдік ұқсастықтарды өзінің «Аз и Я» кітабында дәлелдеп көрсетеді. Оғыз тайпалары сол кезеңдерде де оңтүстікке оқтын-оқтын шабуылға шығып, миграциялық

толқындардың болғандығы туралы деректер ұшырасады. Сол кезде құрылған Мидия патшалығы жайлы мынадай дерек келтіреді: «...В YII веке до н.э. ассирийские хроники отмечают нашествие кочевников, которые прошли из Северо-Каспийских степей по западному берегу Каспийского моря (через Дербентский проход). Вел их вождь Испака, самоназванием их было – ишгуз (варианты – ишкуза, аш-гуза).

Ассирийское государства ожидает все силы затяжной борьбе за сохранение и укрепление своей гегемонии над южными соседями – Вавилоном, Сидоном, Египтом. Эта нелегкая задача еще более усложняется возрошсей активностью народов, населявших восточные окраины монархии. Здесь в 70-х годах YII века до н.э. происходит мощное восстание мидийских и других племен, вступивших в союзе с царством Манна в результате образовалось царства Мидия – новый, могущественный враг Ассирии» [6, 563].

Ежелгі Сақ, Сармат тайпалары тұтынған тағам түрлері кейінгі қазақ халқының тұтынған тағамдарымен ұқсас боп келеді, пәлендей айырмашылықтар байқалмайды. Сол кездегі нанымсенім, негізгі тағам түрлері мен шаруашылық түрлері мыңдаған жылдар бойына өзгеріссіз қалып отырғаны байқалады. Көшпелі солтүстік тайпалар соңғы ғасырларға шейін тек қана қымыз бен жылқы, қой еттерін ғана азық ретінде тұтынған. Страбон өзінің
«География» атты кітабында Дон өзені бойында көшіп-қонып жүрген көшпелілер жайлы және олардың өмір сүру ерекшелігі турасында мынадайдерек келтіреді: «2. Танайстың сағасын біз білеміз (олардың екеуі Меотиданың солтүстік бөлігінде, арасы 60 стадияда орналасқан); бірақ сағаның жоғары жағында ағыстың азғантай бөлігінде тұратын жергілікті тұрғындар суық пен кедейлікке шыдау үшін, көшпенділердің дәстүрі секілді ет пен сүтпен қоректеніп күн көреді, бірақ өзге жердегі тұрғындар бұған шыдай алмайды. Сонымен қатар, өзге ұлттармен араласпаған, саны мен күш-қуаты басым көшпенділер елдегі барлық жеңіл өтетін жерлер мен өзеннің кеме жүретін жерлеріне жолды бөгеп тастаған» [7, 468].

Антика дәуіріндегі авторлардың шығармаларында солтүстік аймақтарда өмір сүрген халықтар туралы деректер толық емес. Геродот та Страбон да ол туралы тек скифтердің аузынан жазып алған аңыз-әңгімелерді ғана тізіп шығады. Ол жаққа саяхаттау ол кезде қауіпті де қатерлі іс болған. Бір жағы климаттың қатты суық болуы да саяхатшылардың жолына өз кедергісін келтірген. Біздің дәуірімізге дейінгі он мың жылдықтың арғы жағындасолтүстіктегі Еуропа мен Азияның көп бөлігі әлі де мұз құрсауында жатқан көрінеді. Ондай суық климатта адамзат баласының өмір сүру мүмкіншілігі шектеулі болған. Жер бетінде болған осындай мұз басу дәуірінде адамдар оңтүстік аймақтарға қарай қоныстануы табиғи құбылыс. Кезінде солтүстікті мекендеген арий тайпаларының оңтүстікке қарай жылжуы да соны білдіреді.

Арий тайпалары ең ежелгі тайпалық одаққа жатады және олар қазіргі Алтай тауларында мекендеген байырғы көшпелі халықтар болған. Қазіргі кезге шейін бұл тайпаларға қатысты сол жақта сақталып қалған топонимдік жер-су атаулары көптеп кездеседі. Алтай мен Сібір халықтары арасында «ар» және
«ара» сөзіне байланысты сақталып қалған көптеген атаулар солтүстік деген

мағынаға жақын кеп отырады. Мұны арнайы қарастырған Г.Г.Казчинова мынадай деректерді алға тартады: «Түркіге дейін мұнда Муң ааралардың (Мың аралар болған, мұндағы муң сөзі «мың» көптікті білдіреді) үстемдік еткенін көрсетеді. Хакасиядағы Аскиз ауданындағы таудағы жоталар да Аар пары «Ааржұбы» деп аталады. Аара кең аумақты алып жатыр, әрі оған Саян тауларының ежелгі уақытта – Ар тауы деп аталуы да куә. И.Иргиттің «Саяно-Алтай-адамзаттың бесігі» атты кітабының 35-бетіндегі дәйексөзді келтірейік:
«Неліктен тувалықтар әлі күнге дейін Саян тауларын Ар-Даглар деп атайды? Тувин тіліндегі ар сөзі «солтүстік» дегенді білдіреді. Ең биік шыңды Саяндықтар - Ар-Арт деп атайды, яғни «солтүстік асу» деген ұғым. Саяндарда әлі күнге дейін тіпті Арадан деп аталатын ауыл да бар (Ар тауы)» [8, 5].

Оңтүстік аймақтағы мәдениеттің дамуына бір кездері солтүстіктегі мұзбасу дәуірінен ығысқан арий, сармат, дай секілді тайпалардың да белгілі бір дәрежеде әсері болғандығы байқалады. Арий, сақ тайпаларының діни наным- сенімдері оңтүстіктегі парсы, үнді халықтарымен араласып, ассимиляциялану барысында кейінгі зороастризм, ригведа секілді діндерде орын алған дәу, дию секілді персонаждармен толыққаны байқалады. Фирдоусидің «Шахнама» дастанындағы «Систан аңыздары» деп аталатын алғашқы тарауының желісі де сақ тайпаларының наным-сенімдеріне құрылған болатын.

Көптеген жазу тарихының көне Мысыр мен шумер жерінен шыққаны секілді Азия мен Еуропа халықтардың фольклорынан орын алатын түрлі діни, ертегілік персонаждардың да ұқсас боп келуі сол дәуірдегі халықтардың тығыз араласуының салдарынан келіп шыққан деген қорытынды жасауға болады. Геродот жазбаларында да скифтер де парсылар да өздерінің үлкен құдайын Зевсдеп атайтындығын айтады, демек сол тұста Зевс көптеген халықтардың ұғымында болған. Дәу, дию, девс, зевс секілді Еуразия халықтарына ортаққұдай атаулары Еуропа мен Азия халықтарының көбінің мифтері мен ертегілерінде ұшырасып отырады. Зороастризм діні дүниеге келген соң бұрынғы құдайларға ескіліктің қалдығы ретінде ашық қарсы шығады. Дарий патша өз кезегінде Зевске табынбаған, ол тікелей Ахура Мазданы үлкен құдай ретінде танып, соны мемлекеттік дінге дейін көтеру жолында күрескен адамның бірі болған. Зевске, диюге табынғандарға қарсы күрескен әрі жаңа дінді тарату жолында күрескен патша болғандығы атақты Бехестун тауындағы жазбадан белгілі.

Зороастризм дінінен кейін дүниеге келген христиандық, манихей және ислам діндері де өзіне дейін халық жадында орнығып қалған, бұрынғы ата-баба дініне қарсы ымырасыз соғыз ашып отырғаны белгілі. Жаңа діни түсініктер жаңаша мәдени қабаттарды қалыптастырып отырады. Ескі сенімдер жаңа діни түсініктерге төтеп бере алмай уақыт өте келе жойылып кетіп отырған. Алайда бәрі бірдей халық жадынан біржола жоғалып, ұмытылып кетпейді. Ескірген мифтік ұғымдар реликті түрде басқа арнаға ауысып, ертегі жанрын байытатүседі. Ертегіде ұшырасатын көне мотивтер мен діни сюжеттер сол ата-бабамызтұтынған діни сенімдер мен халықтың жадында сақталып қалған түрлі наным- сенімдердің жаңғырығы екендігі белгілі.

**ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Қадимги тарихчилар Урта Осиё хақида. Терма парчалар/Торжимонва тузувчи Зохир Аълам. «Yurist-media markazi» нашриети. Тошкент-2008.-184.
2. Ежелгі дүниедегі және византиялық дереккөздеріндегі Ұлы Дала тарихы: 4 томдық. / Құрастырған А.Н.Гарковец. – Астана: Фолиант, 2007. Т.1: Ертедегі грек авторлары Ұлы Дала туралы/ Қазақ тіліне аударған М.Ілес, Ә.Шашаев. – 2007. – 464 бет.
3. Мелетинский Е. М. О литературных архетипах/Российский государственный гуманитарный университет.— М., 1994.— 136 с. (Чтения по истории и теории культуры. Вып. 4)
4. Круглов, А. А. История религий: пособие / А. А. Круглов. – Минск: БГУ, 2015. – 407 с.
5. Л.Н.Гумилев. Тысячелетие вокруг Каспия. Москва: ТОО «Мишель и К», 1993. – 336 стр.
6. Сулейменов Олжас. Эссе, публицистика. Стихи, поэмы. Аз и Я. – Алма-Ата: Жалын, 1989. – 592 с.
7. Страбон. География в 17 книгах /перевод, статья и комментарии Г.А.Стратановского под общей редакцией проф. С.Л.Утченко, редактор перевода проф. О.О.Крюгер/. Изд-во «Наука» 1964. – 938 стр.
8. Г.Г.Казчинова. Инесай древнейшие государственные образования. Бурут эл – государство Бурут. «Түркология» журналы №5-6. 2009ж.

**УДК 294.3**

## ОТРАЖЕНИЕ ПРИЗНАКОВ ЗОРОАСТРИЗМА В ДУХОВНОЙКУЛЬТУРЕ КАЗАХОВ

**Бижанова Алия Ермековна**
*кандидат исторических наук, ассоцированный профессор,Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет,*
*г.Уральск, Республика Казахстан.*

***Аннотация.*** *Зороастризм – самая древняя из мировых религий откровения, и, по-видимому, он оказал на человечество, прямо или косвенно, больше влияния, чем какая-либо другая вера. Зороастризм был государственной религией трех великих Иранских империй, существовавших почти непрерывно с VI в. до н.э. по VII в. н.э. и господствовавших на большей части Ближнего и Среднего Востока. Власть и могущество Ирана обеспечили зороастризму огромный престиж, и некоторые из важнейших его доктрин заимствованы иудаизмом, христианством, исламом, а также гностическими сектами.*

***Ключевые слова:*** *Зороастризм, религия, духовность, верование, обычай,человечество.*

На Востоке зороастризм повлиял на развитие северного варианта буддизма.В настоящее время, под воздействием различных внешних факторов, количество зороастрийцев сократилось, они распались на небольшие общины и проживают преимущественно в Иране и Индии, но верования, впервые провозглашенныепророком зороастризма, все еще признаются людьми во всем мире.

Перемешанные с позднейшими представлениями, эти элементы делают зороастризм религией, чрезвычайно насыщенной разными компонентами. Изучение ее может способствовать лучшему пониманию духовного прогрессачеловечества на протяжении тысячелетий.

Кроме того – это благородная религия, отдельные ее положения уникальны и замечательны. Они давали возможность последователям вести целеустремленную и приносящую удовлетворение жизнь, что, в свою очередь, пробудило в них глубокую преданность к своей вере. Зороастризм заслуживает изучения и из-затой роли, которую он сыграл в религиозной истории человечества [1, с. 5].

Арии, основавшие по своему развитию в эпоху бронзы древнейшуюцивилизацию, владели и духовной культурой, оставив после себя своим потомкам письменные и материальные ценности. В их числе книга Авеста, наскальныерисунки, образы, верования и предрассудки, обычаи и традиции. В Авесте в главе

«Гимн Ахура-Мазде» в гимне Создателю, желающему все самое хорошее всему человечеству, сказано: «Добрыми мыслями, добрым словом, добрыми делами восхваляю добрые мысли, добрые слова, добрые дела. Воздаю добрым мыслям, добрым словам, добрым делам, но оберегаю от злых мыслей, злых слов, злых дел:

«Вам, Пресвятые ангелы, моя молитва и восхваление мыслями, словами, делами и

«всей своей жизнью», клянусь своим благополучием» [2, с. 32]. В приведенном отрывке говорится, что Создатель Ахура-Мазда несет только добро миру, не противостоит, а принимает хорошее. Это по содержанию совпадает с текстом молитв в зороастризме. «Всю жизнь в зороастризме необходимо придерживаться доброго слова, добрых мыслей и добрых дел, потому что после смерти, представ перед судом бога Рашну, все взвесят на весах и тогда воздастся. На одну чашу весов добрые дела, добрые мысли и слова, на вторую чашу – злые слова, необдуманные дела и мысли. Если добрые дела, мысли и дела перетянут, точеловек попадет в рай, поднимется в красочный мир Ахуры-Мазды, а в противном случае – человека бросят вниз, к демонам и в пасть Анкыра- Маниудина» [3, с. 338]. Не перестаешь удивляться, что во II тысячелетии до н. э. наши предки, арии, проповедовали прекрасные мысли и идеи. Эти каноны, пройдя сквозь тысячелетия, легли в основу более поздних религий. Не надо далеко идти за примером. Ислам, появившийся после трех великих религий, вобрал в себя эти верования. И в наши дни некоторые старики, богословы делят жизнь на две части: до смерти как временную, а после смерти как вечную. В жизни после смерти есть рай и ад. Проживший праведную жизнь, справедливый идобропорядочный человек, попадет в рай, его душа вознесется к небесам, а душа

непристойно жившего будет мучиться в аду. Эти представления о жизни и смертиберут свое начало в зороастризме.

Жертвоприношение – одна из древних религиозных традиций. В третьейглаве в первом яште книги Авеста говорится, что приносили в жертву Создателю воды и урожая Ардви-Сура. «Жертвоприношение богу Ардви-Сура равносильно совершению однодневного хаджа. Этот яшт в книге Авеста считается самым красочным по стилю изложения, по насыщенности смысла, заметным текстом среди других яшт» [4, с. 78]. Этому яшту уделяется особое внимание, потому что он считается необходимым для жизни на земле. Без воды не будет урожая, и естественно, нет жизни, оттого ей придавали особое значение. Поэтому СоздательАхура-Мазда признан богом воды и урожая. Один из важных канонов – животное, причем только домашнее, к месту жертвоприношения приводится живым. Среди домашних животных верблюда не приносили в жертву, поскольку в религии зороастризма он считался священным. Однако арабские народы приносили верблюда в жертву. Согласно Авесте, по религии зороастризма самым сокровенным местом для жертвоприношения считалось побережье реки Датья (Сыр-Дарья). На берегу этой реки молились Ардви-Суре и резали жертвенных животных. Выше мы отмечали, что на юго-западе Центральной Азии с древних времен применяли искусственное орошение, при котором выращивали урожай. Поскольку в этом регионе жизнь поддерживается благодаря водам рек Аму-Дарья и Сыр-Дарья, оттого люди все чаще называют эти реки «животворящими». Миллионы мусульман со всего мира совершают паломничество в Мекку, родной город пророка Мухаммеда, центр религии ислама, приносят жертву. Таким же центром, откуда вышли арии, являлось междуречье Аму-Дарьи и Сыр-Дарьи. В районе рек много мест, которые называют «святыми». Религии, появившиеся позже, восприняли те устои от древних, которые были близки им по миропониманию. Ислам принял от зороастризма жертвоприношение, верующие приносят в жертву животных и делают это после оразы (месяца рамазан), соблюдение которого считается одним из пяти обязательных требований к правоверному мусульманину. У большинства народов сохранились в сознании каноны зороастризма, среди древних народов Центральной Азии многие традиции имеют место. В этом регионе среди тюркоязычных народов наряду с исламом существуют отдельные верования и традиции зороастризма. Местное население обязательно упоминает в беседе, что в Хорезмской низине и Мангистау имеются захоронения святых. [5, с. 38–43]. Подобные захоронения святых встречаются во всех регионах Центральной Азии. Если захоронения известных и знатных людей уариев стали святыми местами, то таких в Центральной Азии более чемдостаточно. Только на территории Казахстана захоронений святых древних веков,средневековья и нового времени так много, что никто не сможет назвать точноеих число. Известный ученый С. Е. Ажигали исследовал архитектурную структуру сокровищниц Мангистауской, Актюбинской и Западно-Казахстанской областей, дал научное обоснование многим святым памятникам. Среди них имена известных святых: Шолпан ата, Бекет ата, Султан-эпе, Шакпак ата, Кошкар ата, Масат ата, Суликти, Беспай, Аксай и другие [6, с. 35–36]. Подобные святилища есть во всех регионах Казахстана. Барак ата, Жанкожа батыр, Райымбек батыр,

Алаша хан, Арыстан баб, Кожа Ахмет Яссауи и многие другие, назвать все святые места невозможно. Удивляет то, что с ростом уровня культуры и просвещенности,люди продолжают поклоняться святым, совершать паломничества в места их захоронения. Любопытно и то, что к старым святым местам добавляются новые. И здесь вспоминается казахская пословица: «Излечив болезнь, невозможно вылечить привычку». В книге Авеста описано поклонение святым, и, несмотря на то, что прошло VII–VIII тысячелетий, эта традиция имеет продолжение в наши дни. Это подтверждает, что религия зороастризма получила распространение на территории Центральной Азии. Нельзя воспринимать как случайность явные признаки религии зороастризма, о которых говорится в Авесте, сохранившиеся среди тюркоязычных народов.

В этом регионе автохтонные этносы с древнейших времен чтили людей,внесших вклад в историю народа, превозносили их, чтобы на их примере воспитывать подрастающее поколение. Места захоронения, мавзолеи, мазары превращались в святые места, у их изголовья читали молитвы, резали скот в жертву. У казахов есть крылатое выражение: «Пока умершие не упокоятся смиром, живые не смогут спокойно жить». Философия в том, что душа человека бессмертна, оттого упоминание о нем, чтение молитв за упокоение души, способствует благополучию живых, потому что души умерших оберегают своих близких на земле. Так передается из поколения в поколение. Это духовное наследие пришло к нам из зороастризма, описанное в древней книге Авеста. Это качество присутствует у многих народов мира, у тюркоязычных этносов, а указахов свято исполняется. У тюркоязычных народов присутствуют остатки религии зороастризма. Потому что в Центральной Азии первоначально возник зороастризм, существовавший долгие столетия вплоть до VII в. н. э., повседневная жизнь местных народов была основана на этой религии, пустила глубокие корни. Несмотря на распространение на Востоке буддизма, тюрки его не приняли, зороастризм проник в более поздний ислам [7, с. 37]. С тех пор прошло более 700 лет, тюркоязычные народы приняли ислам. Многие каноны зороастризма вошли в ислам, а люди, его принявшие, стали называться мусульманами, они приняли «Единство бога и Мухаммеда как его пророка».

Большая часть исторических сведений, приведенных в священной книге зороастризма Авесте, обнаруживается в найденных артефактах в степях Центральной Азии, Северного Кавказа и северного Причерноморья.

На этих географических пространствах археологи нашли, исследовали богатые артефакты, являющиеся памятниками эпохи бронзы и железа. Собраны в большом количестве ценные сведения о жизни арийцев, скифов, саков, сарматов, массагетов, гуннов (хуннов) той далекой исторической эпохи.

В дополнение к ним обнаруживаются в последние столетия древние письменные сведения. Опираясь на эти ценные сведения, пришли к выводу, что арийцы достигли древнейшей цивилизации в эпоху бронзы, их родиной являлась территория Центральной Азии.

**ЛИТЕРАТУРЫ:**

1. Бойс. М. Зороастрийцы. Верования и обычаи. http:/modernlib.ru/books/boys_meri/
2. Ақура-Маздаға әнұран //Тарих - адамзат ақыл-ойының қазынасы. Ежелгі Шығыс. 1-т., Астана, 2005. с.32.
3. Там же. с.338.
4. Көктәнді Х. Аспан мен даланың төрт ұмытылған тарихы. Заратуштра пайғамбардың ұмытылған тарихы, 1 кітап. «Қасиет».– М., 2001. с. 78.
5. Шалекенов У.Х. Из истории некоторых «святых» мест Каракалпакии //Вестник ККФАН Уз ССР.– Нукус, 1960. с. 38-43.
6. Ажигали С.Е. Архитектура кочевников - феномен истории и культЕвразии. - Алматы, 2002. с.35-36. Там же. с. 37.

## ФИЛОСОФСКО-РЕЛИГИОВЕДЧЕСКИЕ АСПЕКТЫУЧЕНИЯ ЗАРАТУСТРЫ

**Бегалинова К.К.**
*д.ф.н., профессор,*
*Казахский национальный университет,г.*
*Алматы, Республика Казахстан*

**Ашилова М.С.**
*доктор PhD, ассоциированный профессор,*
*Казахский университет международных отношенийи*
*мировых языков имени Абылай хана,*
*г. Алматы, Республика Казахстан*

**Бегалинов А.С.**
*доктор PhD, ассистент профессора,*
*Международный университет информационных технологий,*
*г. Алматы, Республика Казахстан*

***Аннотация.*** *В статье речь идет о философских и религиозгых аспектах зороастризма. Показывается, что для него характерен религиозный дуализм - противопоставление асуров и дэвов, сил добра и света, олицетворением которых выступает бог Ахура Мазда и его дух Спента-Майньо, и сил зла и тьмы, представленный богом Ангро-Майньо. Мироздание в зороастризме предстает мистико-диалектическим - как арена борьбы этих двух противоположных самостоятельных начал, являющихся равноправными творцами всего сущего. Раскрываются и другие сущностные моментызороастризма, как эсхатологические идеи о конце мира, страшном суде и др.*

*Немаловажное значение имеет и этика зороастризма, на что обращаливнимание многие исследователи, в числе которых был Ф. Ницше.*

***Ключевые слова:*** *зороастризм, религиозный дуализм, Ахура Мазда, Ангро- Майньо, этика.*

В III в. до н.э. учение Заратустры становится государственной религией сасанидского Ирана, который своим истоком имеет древнеиранские мифологические и религиозные представления, основанные на своеобразном дуализме, противопоставлении двух богов - дайва - антропоморфные, натуралистические и асура. Зороастризм - это религия огня, он призывал возжечь огонь в сердце каждого человека и через него прийти к нравственному совершенствованию, к духовному очищению Универсума в целом.

С момента своего возникновения идеи зороастризма проникли в восточныекультуры. География его распространения обширна - весь Ближний и Средний Восток, Древняя Эллада, отголоски этого учения доходили до Индии и Китая. Некоторые элементы культа и ритуала зороастризма, в частности культ огня, сохранились в мистических учениях Востока и Запада. Влияние зороастризма испытала и мифологическая культура казахов.

Основателем зороастризма принято считать мудреца Заратуштру (от древне-греч. - Зороастр, что означает «Живая звезда»). Большинство учёных считают Зороастра или Заратуштру реальным лицом (историчность его личности точно не установлена) и относят деятельность пророка к X - VI вв. до н.э. Жизнь и деятельность Зороастра, как и любого другого духовного Учителя, овеяны различными легендами и мифами. В частности, в одном из мифов сказано, что бог Ахура-Мазда, создав духовную сущность Зороастра ещё вначале бытия, поместил её в ствол древа жизни хаомы и через шесть тысяч лет,когда на земле духовный кризис достиг своего апогея, когда были забыты главные Заветы Жизни, власть дэвов - злых духов усилилась, дикие и необузданные страсти охватили людей, тогда Верховное божество, дав телесность Зороастру, призвал его выполнить священную миссию - вернуть человечество к чистым духовным истокам, способствовать победе добра на Земле. «Он принёс правду и веру в единого Бога для нашего спасения», - сказано в «Авесте» о Зороастре [3, С. 3].

Речь идёт о том, что представленное здесь мировоззрение, безусловно, является целостным. Даже наличие Бога как Создателя и Творца Вселенной и человека не отменяет того факта, что материальное и духовное находятся в единстве, поскольку Бог творит всё через единство духовного и природного. Человек выступает частью космоса, мира, несёт в себе те закономерности и те принципы, которые присущи этому миру и, поэтому, он является существом сильным, действенным, могущим быть в этом мире существом высоконравственным, потому что изначально космос содержал в себе добрые, нравственные начала. По мере развития цивилизации, культуры человек постепенно утрачивал эти субстанциальные качества, становясь существом агрессивным, жестоким. В обществе нарастало зло; насилия, смуты стали частыми явлениями социальной жизни. Эпоха Зороастра действительно в

истории характеризуется как эпоха войн и конфликтов. Не случайно именно в такие переломные периоды появляются духовные Учителя такого масштаба, как Зороастр.

К сожалению, о детстве и юности Зороастра мало что известно. Согласно распространённой версии, он происходил из рода Спитама. С семи лет был отдан на обучение халдеям, магам. В 20 лет он добровольно отказался от мирских утех и вступил на путь аскезы и праведности с целью обретения Истины (по Ф. Ницше в 30 лет) [3, С.7]. Через 10 лет он, пресытившись своей мудростью, «словно пчела, собравшая слишком много мёда», приступает к выполнению своей главной миссии - проповеднической деятельности. В 30- летнем возрасте на берегу реки во время праздника весеннего равноденствия получает он своё первое откровение. Тогда к нему явилось сияющее божество Воху Мана, которое привело его к подножию трона Верховного Владыки АхураМазды, который дал ему Божественное Знание. Эти Знания он понёс людям. Эссенцию этой божественной мудрости он изложил в книге «Авеста» - священной книге зороастризма. В ней пророк говорит о своей миссии следующее: «Пока у меня есть силы и возможности, я буду учить людей стремиться к Истине» [2, С. 19]. И это своё предназначение он выполнил с честью. Согласно общераспространённой версии, он был убит ударом ножа в возрасте семидесяти лет. Ещё при его жизни зороастризм был признан в качестве духовного учения и распространился по странам Востока. По мнению немецкого учёного Г. Хумбаха, суть учения зороастризма состоит в следующем:

Мысалы: ағылшын тіліндегі бір ғана мақалға “East or West, home is best” –Өз үйім өлең төсегім; Әркімнің өз үйі – Мысыр шаһары; Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас, т.б.баламалар бар.

Кей кездері қазақ және ағылшын халқының мақал-мәтелдері мағынасы мен қолданысы жағынан тура және ауыспалы мағынада да қолданылады. Мысалы:

1. No news is good news – Аш құлақтан – тыныш құлақ;

2. There is no smoke without fire - Жел тұрмаса шөптің басы қимылдамайды;

3. Cut your coat according to your cloth - Көрпеңе қарай көсіл; Піспегінеқарай ішпегі;

4. The rotten apple injures its neigbours - Бір құмалақ бір қарын майдышірітеді;

5. There is honour among thieves - Қарға қарғаның көзін шұқымайды.

Мақал-мәтелдерге тән көркемдігі, ырғақты суреттеуі арқылы олар өте тез есте сақталып, ағылшын тілін үйретудің әр түрлі аспектілері мен кез-келген басқа мақсат үшін иллюстрация ретінде қолданыла алады. Бұл бейнелік нақыл сөздер мен мақал-мәтелдерді қолдану барысында, оқушылар халық даналығының мағынасына тереңірек үңіліп түсінеді. Мақал-мәтелдердің мәнерлі формасы оларды тез есте сақтауға мүмкіндік береді, бұл ағылшын тіліндегі мақал-мәтелдерінде кездесетін грамматикалық құрылыстарды өңдеуге көмектеседі. Мағыналары бір фразаны екі тілде салыстыру қандай болса да тақырыпта әңгіме жүргізуге мүмкіндігін береді. Бұл қысқа нақыл сөздердің терең мағынасы оқушылардың ой өрісін кеңейтіп, дамытып қана қоймай, өзінің тәрбиелік маңыздылығымен құнды болып табылады. Мақал мен мәтелдердің мағыналық кең диапазонына байланысты оларды оқушылар мен студенттермен жұмыс істеуде ғана емес, сонымен бірге тілді өз бетімен меңгеруге бел байлаған адамдарға да қолдануға болады [6,162].

Қазақ және ағылшын тіліндегі мақал-мәтелдердің мағыналық ұқсастықтары мен тәрбиелік сипаттарына назар сала отырып айтарымыз, ағылшын тілінде мақал - мәтелдердің ара - жігі ажыратылмай тұрақты тіркес ретінде қалыптасқан. Бірқатар қазақ және ағылшын мақал - мәтелдердің құрамы мен құрылысы және мағынасы жағынан өзара сәйкестіктер байқалады, сонымен қатар сөзбе-сөз аудармасы, екі тілге аударылған баламалары көп кездеседі.

**ӘДЕБИЕТТЕР:**


1. Гендерлік қатынасқа байланысты мақал-мәтелдердегі этнолингвистикалықмотивтер // Тіл тағлымы. Алматы, 2003.
2. Адамбаев Б. Ағылшын және қазақ мақал – мәтелдерінің құрылымдық жәнемағыналық ұқсастықтары //Алматы-1996, 17 б.
3. Қайдар Ә.Т. Халық даналығы (қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігіжәне зерттеу). – «Тоғанай Т» баспасы, А., 2004
4. Мақал-мәтелдердің көркем шығарма тілінде берілуі // Мәдениетаралықкоммуникация және аударманың көкейтесті мәселелері. Халықаралық ғылыми- практикалық конференция материалдары. Алматы: Абылай хан атындағы ҚМХҚ ӘТУ,2001
5. Аққозин М. «Қазақ мақал-мәтелдері. Казахские пословицы и поговорки». «Қазақстан», А.,1990
6. Ерназарова З. Сөйлеу тілі синтаксисінін прагмалингвистикалық аспектісі.Алматы, 2001.


## АВЕСТА - ЗАРАТУШТРА ІЛІМІНІҢ ҚАСИЕТТІ КІТАБЫ


**Жулкашева С.Т.**
*биология пәні мұғалімі,*
*Ә.Молдағұлова ат. №38 мектеп-лицейі,Орал қ., Қазақстан Республикасы*
**Байтурсина А.С.**
*тарих және құқық пәні мұғалімі,*
*Ә.Молдағұлова ат. №38 мектеп-лицейі,Орал қ., Қазақстан Республикасы*



***Аннотация:*** *Мақалада Ирандағы Араб шапқыншылығына дейін (VII ғ.)зороастризм, Арабтар жаулағаннан кейінгі зороастризм туралы, сонымен қатар , сол елдің қасиетті кітабы Авеста туралы баяндалады. Ғылымда әртүрлі қолжазбалар Авестадан қысқа үзінділері XVII-XVIII ғ. ғана белгілі болған. Белгісіз тілде жазылған Авестаны тек жас ғылым француз Анкетиль Дюпперон (1731-1805) XVIII ғ. Индияға барған сапарында ашқандығы көрсетіледі.*

*Мақалада сонымен қатар, Авестаның б.э.д. II ғ. I жартысында Орта Азияда шыққан ертедегі бөлімі, оның ішінде сол кездегі дәуірдің өмірін әртүрлі тайпалардың тіршілігін, көшпенді Орта Азия малшыларын, олардың діни- аңыздарын әдет-ғұрпын суреттейді. Авестаның кейінгі бір бөлімдері Пайғамбар – заратуштраның атымен және оның берген ақылдарыменбайланысты.*

*Тарихтың сырын әдебиет ашса, әдебиеттің сырын тарих ашады. Сол сияқты тариҳқа, әдебиетке, мәдениетке бай елдің бірі – 3000-3500 жылдық тарихы бар Иран мемлекеті. Иран мемлекетінің сонау жылдан бергі салт- дәстүрін, мәдениеті мен тарихын осы күнге жеткізген киелі кітабы болып саналатын – Авеста. Сол себепті оны зерттеу де өзекті мәселе болып табылады.*

***Түйін сөздер:*** *Авеста, Иран, зороастризм, Араб шапқыншылығы, Орта Азия.*

Авеста – Иранның өте ертедегі маңызды ескерткіші. Ол біздің кезімізге дейін қасиетті зороастризм діні мәтіндері арқылы жетті. Араб шапқыншылығына дейін (VII ғ.) зороастризм Иран өкіметінің діні болған. Арабтар жаулағаннан кейін Иранда зороастризм дінін ұстайтындарды қуғынға ұшыратып, соңына түскеннен кейін, зоратуштрашылар тұрғылықты мекендерінтастап кетуге мәжбүр болды. Иранннан шыққан зороастристердің көпшілігі бүгінге дейін бұрынғы діни сенімдерін сақтаған. Кейбір бөлігін Үнді елінде кездестіруге болады. Олардың бір бөлігі қазіргі кезде Иранның қалалары Иязд, Керман, Тегеран, Ширазда тұрады. Зороастристерді Иранда «Гебрлер» деп атайды.

Парсылар ертедегі дін-сенімімен бірге қасиетті жазба Авестаны ұмытпай сақтап келеді. Ертедегі араб, грек, сирия, армян елдерінің авторлардың жинақтарының ішінен Иранда қасиетті Авеста кітабының болғаны жайында мәліметтер бар. Иран тілдес халықтар арасында ұлы ақын Фирдоусидің әдеби өңдеуімен (X-XII ғғ.) жазылған эпопеясында да Авеста туралы жазылған.

Зороастризм діні адамдарды пәктікке, шыншылдыққа, тырысуға және жамандықтан арылуға шақырды. Ұзақ өткен ғасырларда Заратуштараның өмірі белгісіз болды. Кейбір тарихшылардың пікірінше, оны Рей немесе Азербайжанның адамы деп білген [1, 394-395 бб.].

Бірақ ғылымда әртүрлі қолжазбалар Авестадан қысқа үзінділері XVII- XVIII ғ. ғана белгілі болған. Белгісіз тілде жазылған Авестаны тек жас ғылым француз Анкетиль Дюпперон (1731-1805) XVIII ғ. Индияға барған сапарында ашқан. Ол 1754 ж. Оксфордта сақталған Авеста жазбасының бірнеше беттерін қарастырып Индияға баруға шешім қабылдады. Индияда 6 жылдың ішінде А. Дюпперон зороастризм дінін қабылдағандармен достасып, олардың сеніміне кірді. Сол арқылы парсы діни әдет-ғұрыптарымен танысты, қасиетті мәтіндерін оқуын үйренеді. 1761 ж. А. Дюпперон Парижге оралғаннан кейін сол жиналған материалдарын қарастырып, нәтижесінде Авестаның аудармасын жасады,осындай жолмен ғылымға ежелгі парсы тілінің маңызды ескерткіші ашыла бастайды. Осы кезден бастап Авеста көптеген басқа тілдерге аударылабастаған.

Авестада сол заманда мекендеген халықтардың тарихы, мәдени өмірі олардың діндері, аңыздары, батырлар эпостары туралы сақталған мәліметтері бар. Сонымен бірге Авеста Иран тілдерінің мәңгі өшпес мәдени жәдігері болып табылады. Авестаның ертедегі бөлімі б.э.д. II ғ. I жартысында Орта Азияда шыққан оның ішінде сол кездегі дәуірдің өмірін әртүрлі тайпалардың тіршілігін, көшпенді Орта Азия малшыларын, олардың діни-аңыздарын әдет-ғұрпын суреттейді. Авестаның кейінгі бір бөлімдері Пайғамбар – заратуштраның атымен және оның берген ақылдарымен байланысты. б.э. I ғасырында зороастристік шіркеу өте үлкен ықпалды болған. Әсіресе Сасанидтер кезінде (б.ғ. III – VII ғғ.) зороастризм патша билігімен сақталды. Ахеменид кезеңінің өзінде Авестаның мәтіні жазылған. Ол 12 мың сиыр терісінде алтын сиялармен Персопольдық сарайларда сақталған болатын. Бірақ бұл жазу А. Макендонский шапқыншылығында жойылды деп айтылады. Содан кейін Шапур I тұсында бұл киелі кітап қайта өңделді. Авестаның қай жерде, қайкезде жазылғаны туралы мәселенің дауы әлі бар.

Иран әдебиеті мен тарихын зерттеуші И.С. Брагинский парсы елінің көне әдебиеті мен олардың алғашқы діни кітаптарын талдайды. Ғалым біздің жыл санауымызға дейін жүйеленген «Авеста» діни және әдеби кітабының 17 аяты- йасындары (бөлімдері) түгел дерлік өлең өлшеміндегі Иранның ең ескі жазба әдебиетінің туындылары екенін анықтаған. Оның айтуынша: Авеста аяттарын Заратуштра (Зороастра) пайғамбары жазған. Оның мазмұны өз кезінің адамдарының зұлымдыққа, қарсы ізгілік жолында тәрбиелейтін шешен новелла,асқақ эпос, жан-жүйеңді толқытар нәзік лирикаға толы [2, 42 б.].

Авеста 21 кітаптан тұрады, әрбір кітап насқ деп аталады. Авестаның әрбірнасқ араб шапқыншылығына дейін авесталық – тексттен және зендтен құрылған болатын. Әрбір насқтың өзіне тән жеке атауы болған.

Авеста тек қана дұғалар жинағы емес, сонымен қатар заңдар, кодекстер, астрономия, астрология, медицина т.б. ғылымдардың жинағы. Бұл кітапта табиғат жан-жануар тіршілігі, жер мен аспан иелігі, адам мен жаратушының ара қатынасы туралы аңыздар, арнайы болжамдар берілген. Адам жаратушының ең сүйікті құлы екені, оның бойындағы ақыл-ойы, өсуі, өзгеруі, еңбектенуі, табысқа жетуі және т.б. жайлары жайында нақты көрсетіледі. Мұнда әділ патшабилігін аңсау, тату-тәтті жақсы өмір сүру, ақылмен адал істеп, өз еңбегімен күн көру, барлық кедей адамдарға қайырымдылық көрсетсе деген ізгі пікірлер жинақталған. Біздің күнімізге дейін, бізге тек қана Авестаның кейбір бөліктері жеткен. Сондай-ақ Авестаның барлық мәтіндері сақталмаған. Ғылымға белгілі Авестаның жазбаша мәтінінің әрбір бөліктері ең көп жиналған жинағы болып табылады. Бұл текст бірнеше бөлімдерден тұрады:

1. Ясна. Авестаны құдайларға табыну сиыну бөлшегі. Ол 72 тараудантұрады.
2. Висперад – 24 тараудан құралған. Оның бәрі көптеген құдайларға бағышталған.
3. Видепдат. Диюлерге қарсы сөз деген сөз. 22 тараудан тұрады. Ол сондай-ақАвестаның 19-шы насығы.
4. Яшта – құрметтеу. Мазмұны жағынан Авестаның ең көп бөлшегі. Ол

күнге, жерге, айға бағышталған. Сондай-ақ 22 әнұран мен өлеңдерден құралады. Онда Орта Азия көшпенділерінің өмірі, діни танымы. Діни ұғымдарыкөрсетілген. Онда мифологиялық образдар және сюжеттер көп сақталған.

5. Кіші «Авеста». Онда бірнеше үзінділер, фрагменттер өз күйінде бізге жеткен.

«Авестада» табиғат көріністері зор шеберлікпен бейнелгенін кезінде И.С. Брагинский ерекше атап көрсеткен. Табиғатқа табыну культі, соның ішінде Айға, Күнге тағзым ету, Отқа табыну көріністері көркемдік тұрғыдан мейлінше ұтымды шыққан [3, 80 б.].

Авеста кітабы – ежелгі Иран жазба ескерткіші және зороастр дінінің қасиетті кітабы. Ұзақ жылдар бойы Авеста тек ауызша таралып отырған. Авеста кітабы толығымен айқын зерттелмеген. Өйткені кейбір зерттеулер Авестаның алғашқы кітабы Аршакид дәуірі кезінде жазылған десе, кейбіреуі Авестаның ең алғашқы басылымы сасанидтер дәуірінде жазылған дейді. Аршакид дәуірі негізінде жазылған Авеста кітабы бізге жеткен жоқ. Яғни бұл кезде жазылған Авеста кітабы туралы мәлімет жоқ. Ал сасанидтер дәуірі кезінде жазылған Авеста бізге жеткен. Авестаның тексті негізінен 21 кітаптан тұрады және бұл тексте 350 мың сөзден құралған. Бірақ бізге сөздер толығымен жетпеген. Бізге тек осы сөздерден 83 мың сөз ғана жеткен. Авестаның ең ежелгі бөлімі – Гат. Бұл бөлімде негізінен дұғалар жазылған. Бірақ автор осы бөлімге зароастризм дінінің әдет-ғұрыптарын қосып жазған. Олар Ясна мен Яштаның негізгі бөлімдерін қамтиды. Зерттеушілердің көпшілігінің пікірінше, Яшта мен Гаттар б.э.б. VIII-VII ғасырладағы Шығыс Иранның бақташы-егінші тайпаларының және Орта Азия халықтарының өмір салты мен қызметтерін бейнелейді Сонымен қатар көптеген мифологиялық элементтерді қамтиды. [4, 45-50 бб.].

Әрбір мемлекеттің өз айнасы болып табылатын тарих саласы, сол мемлекеттің қалай пайда болып, қайдан шыққанын, кімдер негізін салғанын анық, айқын және дәлелдеп көрсетіп бере алады. Деседе кейбір белгісіз болып қалған дүниелерді шамалап та көрсетеді. Өйткені әртүрлі қиындық пен қыстауды басынан кешіреді, биік-биік шыңдардан асады. Әртүрлі қантөгіс, соғыстар болған кезде сол елдің мәдениеті, әдебиеті жоққа айналады. Тіпті қалдықтары қалғанның өзінде болжаммен әртүрлі дүниелер айқындалады.

Авеста – Орта Азия мен Ирандағы тарих сахнасында зароастризм діні жайындағы өте бай маңызды материал жинағы болып табылады. Сол замандағы қоғамдық-экономикалық құрылыс, дінге сенушілікпен бірге өзгерген халық өмірінің айнасы болып табылатын «Авеста» жайындағы жинақтар қазақтың ғалымы Н. Келімбетовтің пайдалы мәліметтері де басқа ғалымдардың зерттеулерімен сәйкес келеді.

Тарихтың сырын әдебиет ашса, әдебиеттің сырын тарих ашады. Сол сияқты тарихқа, әдебиетке, мәдениетке бай елдің бірі – 3000-3500 жылдықтарихы бар Иран мемлекеті. Иран мемлекетінің сонау жылдан бергі салт- дәстүрін, мәдениеті мен тарихын осы күнге жеткізген киелі кітабы болып саналатын – Авеста. Бұл Авеста тек қана Иранның емес, Орта Азияның көне тарихын жаңғыртады. Ғалымдар: «Мәдениеттің бәрі Азиядан басталған» – деп айтады. Өйткені, бұл елдер ұлы тарихқа енген және сан ғасырлық тарихы бар.

Сол үшін де ұлы ойшылдар шығыс елдерінің тарихына, әдебиетіне, мәдениетіне көбірек көңіл бөледі.

**ӘДЕБИЕТТЕР:**

1 Рүстемов Л., Сәмарэ И. Парсы тілінің жолашары. – Тегеран. 1995. – 394-395бб.
2 Брагинский И. С. Иранское литературное наследие. – Москва. 1984. – 42 с.
3 Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. - Алматы, 2005. -334 б.
4 Оранский И.А. Изучение памятников древнеиранской письменности в СССР.История Иранского государства и культуры. – Москва. 1971. – 45-50 с.
5 http://oldconf.neasmo.org.ua/node/2959

**ӘӨЖ 978. 11 – 008**

## АВЕСТА ЖӘНЕ ЗАРАТУШТРА ІЛІМІ: ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚОЙЛАР

**Искакова Күлзира**
*Философия ғылымдарының кандидаты,*
*Қазақстан Республикасының құрметті профессоры*
*Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ*
*Астана қ.*

***Аннотация:*** *Зороастрлық элементтердің мән-мағынасына көңіл бөлінеді. Өткенге оралу, тарихты зерттеу, тарихи жәдігерлерді қайта қарастыру, рухани жаңғыру және жаңа әрі тың көзқарастарға бет бұру ізденістер мен уақыт талабы екені айтылды.*

***Түйін сөздер:*** *зороастризм, рухани әлем, кратерлер, техногендік факторлар, экология.*

Жаңа Қазақстанды құру жолында өткен тарихи-мәдини жолды зерделеп, болашақты болжау заңды. Ұлттық сана мен тарихи жады үшін өткен кезеңдердің маңызы мен мәні өте зор. Өйткені өткенді сана талқысынан, ой таразысынан өткізбейінше, болашақты анық бағдарлау мүмкін емес. Халықтың алға басуы тек саяси-экономиялық ахуалмен қатар, оның руханилығына да тікелей байланысты. Қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті ғасырлар қойнауынан бастау алады және көптеген тарихи қабаттардан тұрады, осыған орай мәдениеттің тарихи қозғалысын, заңдылықтарын танудың маңызы артып отыр. Тәуелсіздікке қол жеткізген соң халықымыздың дәстүрлі құндылықтарына, олардың қайнар бастауларын тануға деген ықылас артты. Бұл талапты қанағаттандыру үшін өткен дәуірлердің рухани мұрасын жан-жақты байыптау қажет. Осылайша, өткен дәуір рухани бастаулары бүгінгі күн мен болашақтың

өзегіне айналады. «Авеста», «Зороастризм» тақырыбын зерттеген бірнеше ғасырлар бойы мамандар аз емес. Біздің елімізде бұл тақырыпқа алғаш келген Әлкей Марғұлан бастап, атақты әдебиетшілер, тарихшылар, философтар көп болған.Аталған тақырыпқа қызығушылық тудырған – экономика ғылымының докторы, профессор, Халықаралық инженерлік академиясының академигі, ҚР Ұлттық инженерлік академиясының вице-президенті, Қазақстан экономика ғылымдары Академиясының президенті Рахман Алшановтың 2016 жылы әуелі орысша, 2017 жылы қазақша (кейін – түрікше) «Жиырма мыңжылдықтың құпиясы: ізденістер мен ашылымдар» атты кітабының шығуы. Кітапта осыдан бірнеше ғасырлар бұрын ғаламшарда болған, болды деген фактілер, сонымен қатар халық аузындағы аңыздар мифтер қамтылған. Ғылыми еңбекте ежелгі діндердің, сенімдердің ұстанымы, жердегі географиялық ахуал, астрономия құпиялары жазылған. Жұлдыздар мен жанартаулардың, жел бағыттары мен топан судың тылсымдары зерттелген тербелген [1,445 бет]. Автордың кітабында тоғызыншы ғаламшар құпиясы мен жер осінің еңкеюі, астероидтардың кеңістіктен қалай жерге құлайтыны, тарихтағы фактілер жазылған. Сонымен бірге, кітаптың ерекше құндылығы: зороастризмнің қасиетті жазбаларына көңіл бөлініп, «Авестадан» түсіндірмелер келтіріледі. Ғылыми еңбек жаратылыстану саласы мен әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдарды бір арнаға тоғыстыруымен ерекшеленеді. Оның үстіне, тәрбиелік мән-мағынасымен де есте сақталып, отансүйгіштік сана-сезімді оятатын ерекше әсер қалдырады. Экономист-ғалымның өзінің еңбегін жазуға жеті жыл уақытын кетірген ерекше уникалды туындысы әркімнің мектеп кезінде кейбір сабақтарды оқығанда жіберген «ақтаңдақтарын» еске алып, «ештен – кеш жақсы» деп қолымызға қайтадан кітаптар алып, білімізді толықтыруға әкелді.

Жалпыға негізінен белгілі тақырыпқа қатысты кейбір энциклопедялық фактілерді еске түсірсек, Авеста - Зороастризмнің қасиетті кітабі, қасиетті ілімнің жазбалар жинағы.. Осыдан 3000 жыл бұрын Орта Азияда пайда болып, кейін Иран, Ауғанстан, Үндістан, Ирак, Таяу Шығыс елдері аумағына таралған. Зороастризмнің қасиетті кітабы – «Авеста». Заратуштрашылдық ізгілік пен қараулықты бір-біріне қарама-қарсы қоя отырып, дүниедегі барлық процестерді осы «мәңгілік екі бастаудың» күресімен байланыстырады. Көптеген ғалымдар Авеста Иранда Сасани әулетінен шыққан I Хосроу shah тұсында жазылған деп есептейді. Шындығында ол бұл дәуірде қасиетті саналғанымен, ұмытылған тілде жазылған. Көпшілік түсіне алмағандықтан діндарлар оны сол кездегі әдеби тіл – pahлауий тіліне аударып, көп түсіндірмелер қосқан. Аударманың көлемі өте үлкен болғандықтан діндарлар күнделікті пайдалану үшін Кіші Авестаны жасады. Оған Үлкен Авестадан іріктеп алынған дұғалар кірді. Авестаның барлық діндерге, бүкіл дүниежүзілік өркениетке үлкен әсері болды. Авестада сол заманда мекендеген халықтардың тарихы, мәдени өмірі олардың діндері, аңыздары, батырлар эпостары туралы сақталған мәліметтері бар. Сонымен бірге Авеста Иран тілдерінің мәңгі өшпес мәдени жәдігері болып табылады. Авестаның ертедегі бөлімі б.э.д. II ғ. I жартысында Орта Азияда шыққан, оның ішінде сол кездегі дәуірдің өмірін әртүрлі тайпалардың тіршілігін, көшпенді Орта Азия малшыларын, олардың діни-аңыздарын әдет-

ұрпын суреттейді. Бұл кітап б.з.б. III ғасырда көне тілдердің бірі саналатын авеста тілінде қағазға түсірілген «Авеста» б.з.б. III-VII ғасырларда 21 кітаптан тұратын шығарма болған. Бүгінгі күнге соның төрттен бір бөлігі ғана жетіп отыр. Жалпы, зороастризм ілімі бойынша, бүкіл әлемдегі нәрселердің бәрі бір-біріне мүлдем қарама-қарсы тұрған екі топқа бөлінеді. Олар жақсылық пен жамандық, жарық пен қараңғылық, әділет пен зұлымдылық, шындық пен өтірік, т.б. Бұл ілім бойынша әлемдегі осы екі күштің арасында тынымсыз, мәңгілік күрес жүріп жатады. Мәңгілік күрес идеясы «Авестада» Ахура-Мазда мен Ангра-Майнью арасындағы үздіксіз тартыс арқылы бейнеленген *Ахура -Мазда* – аспан мен жерді, адамдар мен жануарларды дүние жүзіндегінің бәрін жаратушы, әлемнің жалғыз иесі «Ахура» – әлемнің әміршісі, ал «Мазда» – даналық құдайы деген мағына береді. Ахура-Мазда – өмірдегі барлық жақсылық атаулының қамқоршысы. *Ангра-Майнью* – «зұлым рух» деген ұғымды білдіреді. Ол – өмірдегі барлық жақсылықтың, ізгіліктің , қайырымдылықтың, мейірімділіктің қас дұшпаны. Бұл екі қарама-қарсы күштердің арасында үздіксіз күрес жүріп жатады. Мұны «Авестада» айтылатын басты пікір деуге болады. «Авестада» айтылатын негізгі идея - көп құдайларға құлщылық етуді тоқтатып, әлемнің Жалғыз жаратушысына, яғни Ахура-Маздаға табыну қажет дегенге келіп саяды.Адамзат өз даму тарихында ғаламдық сипаттағы сан түрлі апаттарды басынан талай рет өткерді. Олардың санасында бұл апаттар әлемдік су тасқыны, адам шошырлық қақаған үскірік аяз, отты айдаһарлар шеруі, алапат зілзалалы жерсілкіністер, жан-жақты жаппай от шарпыған тажалды өрт ошақтары, астероидты-метеорологиялық шабуылдар ретінде сақталып қалған. Ежелгі мифтер, эпикалық поэмалар ықылым замандағы халықтардың драматикалық жадының, тарихи жылнамасының жаңғырықтарын жеткізеді. Адамзат түрлі катаклизмдермен, табиғи апаттармен үнемі күресте шыңдалды, бір орыннан екінші орынға қоныс аудара қашты, бейімделді, аман қалды. Егер ғылым Homo sapiens-тің генетикалық тарихы 135 мыңға дейін белгілі деп ойласа және осы мыңжылдықтарда ұрпақтардың орташа жасы 25 жаспен өлшенсе, онда қазір жер бетінде 5,4 мыңыншы ұрпақ өмір сүреді екен. Бұлар тірі қалған, бейімделген, Жер бетінде өмір сүруге үйренген ұрпақтар. Табиғат адамдарды өззаңдылықтарымен санасуға мәжбүр етті.

Ғылым табиғат құбылыстарының даму заңдылықтарын танып-білуде, апаттардың, катаклизмдердің мәнін түсінуде, олардың пайда болу тарихын зерделеуде айтарлықтай алға жылжыды. Кешенді, жүйелі зерттеулер бірқатар шешімдер қабылдауға мүмкіндік берді. Экология саласында түбегейлі шаралар қабылдауға қарсылық бар екені де шындық. Бұған дәлел ретінде – мұздықтардың тез еруін, табиғи апаттардың өсуін, мәселен, Америкадағы – торнадоны, Қазақстанда – Семей, Ресейде – Тайгадағы өртті атауға болады. Ойлануға тұратын мәселелер.

Біз ашық ғарышта тұрамыз, ғаламның қай алыс бұрышынан күтпеген қонақ келетінін толық біле алмаймыз. Күн жүйесінің өз қорғанысы бар. Жерден біршама қашықтықта – Юпитер, Сатурн, Уран, Нептун сияқты алып планеталар біздің ғаламшарды қорғап келді, негізгі соққыларға төтеп берген де солар.

Ғылым мәліметтері бойынша Марс екі мың шақырымдық суперастероидтің алапат соққысынан кейін қызарып кеткен. Ай, әсіресе оның екінші жағы, ғарыштағы көптеген кратерлердің жойқын соққыларынан жырымдалған. Жер бетінде де қазір бағамдасақ, соққы іздері көп. Тек соңғы уақытта ғана Гренландия мұздықтары астынан, ғалымдардың болжауынша бұдан 11,5 мың жыл бұрын, ұзындығы 31 шақырымға жететін алып астероидпен соқтығысудың салдарынан пайда болған көлемі 700 шақырымдық үлкен кратер табылған. Қазіргі уақытта соңғы 20 мың жыл ішінде орын алған Жердегі апаттарды жалпы сипаттауға мүмкіндік беретін көптеген деректер жинақталған. Қараңыз: [1 мен 2]. Бүгінде адамның тұтынушылық қарымы мен жылдамдығы Жер- Ананың бүкіл табиғи ресурсына қауіп төндіріп отыр. Табиғи ресурстың сарқылуы халықтарды, мемлекеттерді тіршіліктің жаңа жолдарын іздестіруге жұмылдырып, ғылым мен білім салаларында үнемі технологиялардың инновациялық жаңалықтары мен тың үлгілерін енгізуге, ресурстарды алмастырғыштарды ойлап табуға, адам мен табиғаттың ақылға қонымды теңгерімін сақтауға мәжбүр етеді.Қазір бүкіл әлемді «адамзатты экологиялық апатқа әкелетін ИКС сағаты соққанша қауіпті де қатерлі жағдайдың алдын алуға бола ма?» деген бір ғана мәселе алаңдататыны сөзсіз. Қоғамда пессимистік болжамдар мен оптимистік үміттер текетіресі белең алып тұр. Әлемде экологиялық жағдайдың қиындауы барлық дерлік елдердің ғалымдары мен мамандарын оған әсер етіп отырған факторларды жан-жақты зерттеуге және мұндай жағдайдың себептерін табуға мәжбүрлейді. Қазақстанда топырақтың құрылуы қиын жағдайдан шыға алмай отыр, шөлге айналу үдерісі жалғасуда, сумен қамтамасыз ету мәселелері күн тәртібінен түсер емес. Біздің еліміз, әсіресе оңтүстік таулы аудандарымыз жер сілкінісі мүмкін болатын аймақта тұр.

Қазақстан географиялық орналасуына сай, ауқымының үлкендігінің нәтижесінде қаншама рет осы апаттардың ортасында болды, сондықтан бұл үдерістерді кең көлемде және жан-жақты зерттеуге мүдделі. Ғылым үшін зерттелмеген құбылыстар, жетіспейтін бөліктер орасан зор мүмкіндігі ашылуда.Бірақ оқиғаның жалпы суреті, концептуалдық әдісі бар. Болған құбылыстарды шынайы бағалау зерттеу іс-әрекетін және адамзаттың іс жүзіндегі жұмысын жаңаша құруды мүмкін етеді.

Бұл апаттарды өз тарихымызды толық түсіну үшін ғана емес, болашағымызды дұрыс болжау үшін, соған қарап әлеуметтік ғылыми жоспарларды құру үшін қажет[1,3-20бб ].

«Авестада» табиғат көріністері зор шеберлікпен бейнеленгенін көптеген ғалымдар ерекше атап көрсеткен. Табиғатқа табыну культі, соның ішінде Айға,Күнге тағзым ету, Отқа табыну көріністері көркемдік тұрғыдан мейлінше ұтымды шыққан. Мәселен, Күнге арналған ән-ұранда төмендегідей жыр жолдары бар тербелген [аударған филол.ғ. докторы, профессор Алма Кыраубаева:

Мәңгілік күн сөнбейтін,Еш
нәрсе тең келмейтін,
Шұғыла шашып жылжыған,

Ұлы күнге бұл дұғам, Күн
қызуын төккенде, Жер
ынтығын өпкенде, Жүз мың
құдірет секілді,Ғажабы бар
не түрлі.

Авестада өмірге нәр беретін құдіретті күштің бірі – Су екенін айта келіп,толқып жатқан теңіздің жанды картинасын жасайды:

Міне теңіз, буырқанған, шулаған, Міне
теңіз, толқындары тулаған. Міне теңіз, кері
шегініп күрсінген, Міне теңіз, алға
ұмтылып, жар сүзген.Міне теңіз, толқын
қуған, тепсінген, Міне теңіз, тіл қатысқан
шексізбен.
*Ворукаша* теңізі осы көз көрген,
Дүниенің ортасында [3, 30-35 бб]

Ежелгі заман тарихын зерттеуші ғалымдар «Ворукаша» теңізі деп қазіргіҚазақстан жеріндегі бірнеше көлдер мен теңіздерді атайды. Ең бастысы –солардың бәрі қазіргі қазақ жерінде болғандығы. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Қазақстан халқына 2023 жылғы1-ші қыркүйектегі Жолдауында: «Су ресурсы – еліміздегі өзекті мәселелердіңбірі. Халқымыз «Судың да сұрауы бар» деп бекер айтпаған... Су дегеніміз –үнемдеп пайдаланбаса, тез таусылатын шектеулі ресурс. Еліміз үшін судыңмаңызы мұнай, газ немесе металдан кем емес»[6], - деп атап көрсеткеніндей, су – стратегиялық ресурс. Судың адам өмірінде де, жер бетіндегі тіршілік үшін демаңызы зор. Су болмаса , өсімдік өспейді, жануарлар да , адам да сусызтірішілік ете алмайды. Дана халқымыздың : «Сусыз өмір жоқ, Су — ырыстыңкөзі, Су жүрген жер молшылық», - деген сөздері осы күндері үнемі еске түседі. Зороастрлықтар от пен суды айрықша қасиеттеген [5].Бұлақ көзі мен өзендерге дұға оқып, жағасында құрбандық шалған. Суға, отқа ақпен бірге жемістің шырынын құйып, екі түрлі шөптің жапырақтарын тастаған.Су Құдайы Апас, Апат деп аталады. Ежелгі аңызда рда қимақтардың Құдайы өзен, сақ патшасы Тарғытайдың анасы да өзен болатын. Зороастрлықтар отқа да осылай табынып, тамақ пісіргенде оттың үлесін ұм ытпай, оған май құйған. Қазақта «оттың маздап жануы», отқа табынған АхураМазда атымен байланысты болуы мүмкін. Тағы бір ұқсастығы: кінәлі ада мды анықтау үшін, оны екі оттың арасынан өткізген. Осы салттың бар екендігі бүгінге дейін тілімізде: «екі оттың ортасында қалды» деген фразеологизмнен көрініп тұрған жоқ па?

Көне замандағы адамдар үшін от пен судың – өмір екені ешбір дәлелді қажет етпейді. От – қазақтарда күні бүгінге дейін қасиетті, киелі нәрсе деп санайды. От туралы халық:

« Ошақтағы отты басуға немесе түкіруге болмайды. Қарғыс ұрады... Жаңа түскен келін, әуелі өз отауына кірмесбұрын, атасының үйіне кіріп тағзым ет

уге тиіс, содан соң қалыңдық атасының отына бір қасық май тамызуы кере к», – деген сөздерді әр қазақ бала кезінен естіп өседі.

Отқа,суға табыну, ғалымдардың ойынша, архаикалық, анимистік пәлсафа ға жатады. Авеста адамдарының түсінігінде Жер мен Су – Аспан атаның әйелдері де, От - ұлы.

«Авестада» да өзен/суды қасиет тұтып, оны адам сияқты, қуанышпен ішіп, тілек-өкпесі бар жанды нәрсе деп түсінгені көрінеді:

Қасиетті бұл өзенге,Не
десең де сыяды.
Толқыны тау боп ағады,
Осы өзенге сыйынсаң,
Алдыңнан нұр жауады.

Жақсылықпен жамандық, қайырымдылық пен зұлымдық, сарандық пен жомарттық, ерлік пен ездік т.б. сондай сан алуан қайшылықты касиеттері бар адамның өзіндік санасы мен қоғамдық сана белсенділігін оятуда, ұрпақты имандылыққа тәрбиелеуде аталған ілімнің атқарар қызметі аз емес. Заратуштра ілімі бізге үнді еуропа дәуірінен жеткен сирек те бағалы көне жазбалардың қатарынан саналады. Жоқ жерден ешнәрсе туа қалмайды; діни ілімдердің тарихи іздері болуы керек. Зороастризм мен Авестаны «кәпір ілімі» деген кесім бүгін де бар. Бұл – дау туғызатын, әрі жақсылап ойланатын жайт. Белгілі шығыстанушы Мұрад Аджи «діни ілімдерді Индия, Тибет, Иранға сақ-түріктер әкелді» [4,44б ],- деп кесіп айтады. Зороастризм ілімінде «жүрекке жылы тиетін» бір Жаратушыны мойындау, оның 72 аты, отты – Құдайдың рахым- игілігі деп тану, о дүние, Қиямет-қайымда өлілердің тірілуі, сұрақ-жауап, қыл көпір, тозақ пен пейіш, Ібілістің (Анграмайнью) жеңіліс табуы сияқты сабақтысарындар бар. Енді бір пікір былай нақты айтады: «Ислам заимствовал от зороастризма ежедневную пятикратную молитву, учение о ритуальной чистоте и, наконец, установление пятницы как дня богослужения» [сонда]. «Авестадағы
«вэйджа (пейіш)», «дужахва (тозақ)», «Ажи Дахака (аждаһа)», «дужман/ (дұшпан)», «джухта (жаман сөз /жоқтау/, бәлкім, «жұт» та осы түбірлі, «даргах (дәреже, жаратушы қалауы)» сөздері бізге түсіндіруді қажет ете ме? Ақура Мазда – оттың атауы емес, оттың иесі, Зердеш тәңірліктен екшеп алған Жаратушының бір есімі, «Құдай» сөзінің этимологиялық негізі. Маздаған от иесі – Ақура Мазда – Ақұдайдың өзі болды»,- деген екен Сапар Оспанов. Ал эколог-ғалым Жұбатырұлы Сайлаубай: «Сөйтсек, «Құдай» атауы (және басқада ұғымдар) бізге анау айтқан, парсыдан келген кірме емес, өзімізден солай қарай ұзаған, сонан соң қайтып оралған өз үніміз. Мысалы, мыңжылдықтар бойы «Ақұдай!» сөзін өлтірмей ұстанған бір халық сол атажұрт Тұран төсінде, берік ділде, қиындық-қыспаққа шыдаста өмір сүріп келе жатыр [7].Заратуштра ілімі иран, тұран халықтарына ортақ мұра болғандықтан, оған қазақ халқы да еншілес деп санайды ғалымдар. Заратуштра еңбегіне тек соңғы жылдары ғана назар аудара бастадық. Қорыта айтқанда, Заратуштра — ұлттық тәлім тарихының төрінен тиісті орнын алуға лайық тұлға, ал Авеста лайықты ілім.

**ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Алшанов Р.Жиырма мыңжылдықтың құпиясы: ізденістер мен ашылымдар.- Алматы: Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындарының қауымдастығы: «Туран» университеті, 2019. 445-б.
2. Алшанов Р. Адам және табиғат: тепе-теңдік үшін күрестің өршуі // Алматы ақшамы. - 14.08.2019
3. Кыраубаева Алма. Авесталық мифтер // emirsaba.org //https://emirsaba.org › alma-ir..; Қыраубай Алма. Қазақ мифологиясы және Авеста. Жұлдыз №2, 1996
4. Аджи Мурад. КИПЧАКИ. Древняя история тюрков и Великой Степи.- 1999. - Москва:ОАО «Новости». – 175с.
5. Оспанов С.И. Жаратушы әлде Заратуштра калай деді? (Жаратушы либо Заратуштра как говорил?) – Алматы: «Кипчаки», 2003. – 70б.; Оспанов .С.И. Арғытектану негіздері. – Алматы: Арыс , 2009.- 424б.
6. Тоқаев Қ.-Ж. Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына 2023 жылғы 1-ші қыркүйектегі Жолдауы //ASTANA aqsamy. - 2023, 2 қыркүйек
7. Жұбатырұлы С. Ғалам сарынынан ескен туыстық үндері // Топансу жүзін жуған ҰЛЫ ДАЛА // https://halyqline.kz › ruhaniat

**ӘОЖ 81-25**

## СӨЙЛЕУДІҢ ТАРИХИ БАСТАУЫ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ӘРЖАҚТЫЛЫҚ

**Адамова А.А.**
*Әлкей Марғұлан атындағы*
*Павлодар мемлекеттік университетінің докторанты*
Павлодар, Қазақстан Республикасы

***Аннотация:*** *В статье подчеркивается, что зороастрийское направление не относится только к одному учению. Учение о древнем зороастризме отразилось в некоторых научных трудах, которые впоследствии стали категорией всех наук в обществе. В частности, ученые в области философии, культуры, истории, фольклора отдали предпочтение этому вопросу. А выводы казахских ученых-языковедов, характеризующие межличностные связи, взаимоотношения человека и другого живого существа в обществе, не были приняты во внимание. Статья восполняет пробел в этом направлении.*

*Автор считает, что психолингвистическая категория речь (высказывание) имеет особое место в межличностных отношениях. В статье описывается принадлежность речи к другим областям науки, а именно физике, физиологии, культурологии, деятельности в сознании древнего человека, определяется его научная многообразие. По этой причине приводится примеры*

*воспитания детей, встречающихся в казахских традициях и обычаях, в том числе, по отношению к языковым патологии.*

***Ключевые слова:*** *речь, человек, общество, языкознание, контактология*

Қазіргі қазақ ілімі, оның ішінде қазақ тіл білімі, зороастризмдік бағыттағы ізденістерге бара қойған жоқ. Бәлкім, бұл оның діни ұғыптағы зерделеулерге мойынсұнғандығынан болса керек. Солай бола тұра, әдебиет пен мәдениетті тоғыстыра қарайтын ғалымдар (Ә.Марғұлан, С.Қасқабасов) бұл мәселені айналып та кетпейді. Тіпті, Жаратушы мен Заратуштра (зар айтушы) сөздерінен тілдік жақындық іздеген ғалымдар да бар (Р.Алшанов, С.Оспанов). Бұлардың бәрі алғашқы қазақ ғалымы Ш.Уәлихановтың «Тәңіршілдіктің бойында түркі халықтарының көптеген діни тәжірибесі ұштасқан. Олар Тәңірі мен құдайлардың айтқанымен жүріп қоймай, қоршаған әлемнің мәнін де тануға тырысты. Табиғат пен адам, өмір бен құпияға толы дүние. Адам мен табиғаттан асқан қандай керемет бар?» [7] деп таңдана жеткізген байламдарын негізге алса керек. Қалай болғанда да, Заратуштра ілімі қазақ философтары, мәдениеттанушылары мен фольклортанушылары тұжырымдарынан көрініс тауып отырды. Біздің мақсат, айтылған ғылыми жорамалдарды қайталау емес, бірақ, Ш.Уәлихановтың тілге тиек етуіндегі адам мен табиғат байланысын тіл біліміне тартып, тарқату және олардың адамаралық қарым-қатынасты айқындаудағы орнын шешу болып табылмақ.

Мұндайда «Мен этностарды ежелгі және қазіргі, тарихи және бейтарихи деп бөлмеймін. Олардың барлығы жер әлемінде бір уақытта пайда болған. Бұлар туралы жәдігерлер тілде сақталған. Этимология – тіл археологиясы – ежелгі тарихтың, тарихи дәуірге дейінгі мыңжылдықтардың оқылмаған белгілерін негізгі жеткізушісі болады» [6, 496 б.] деген О.Сүлейменов тұжырымы мен мұндалайды. Бертінге үңілсек, Абай ғақлиялары да ерекше айтылымға ие, оның жеткізілуінде де ерекше тылсым бар: «Абай ойына келген нәрселерін еркін айту үшін жанр ойлап тапқын. Ол – сөз жанры. Ақынның қара сөздері – еркін ойдың жанры. Мұнда ешқандай бір дәстүрге, тәсілге бағынушылық жоқ. Ой еркін айтылған, мазмұн өзіне лайықты форма тапқан» [3, 178 б.]. Бұл сөйлеудің, ойды жеткізудің басты ерекшелігі болса керек. Себебі сөз жанры айтумен, қабылдаумен тікелей байланысты. Ал ондағы еркіндік әр ғылымның аясындағы қарастырылатын мәселелер екені анық.

Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлы айтқанындай, «Халық өмірі бір жылдап, он жылдап, қатта жүз жылдап та емес, мың жылдап саналады. Сондай ұзақ өмірінің ішінде әр халықтың тұтынып келе жатқан сөздері, ол сөздердің біріне- бірі жалғасып түзілетін дағдылы жолы, жүйесі, қисыны болады. Әр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде де сондайбасқалық болады» [2, 16 б.]. Осыдан да болса керек, ғалымның «Тіл – құрал» еңбегінде бұл жайтты шешудің барлық кілті сөйлеуге барып тіреледі: «Бұл сөйлеуде бес не алты сөйлем бар», «Бір сөйлемнің ішінде бірнеше сөз болады»,
«Бір сөздің ішінде бірнеше буын болады». Байқаған адамға мұндай тұжырымға тұрақтану жалпыдан жалқыға қарай әдісінің кең орын алғанымен түсіндірілген. Осылайша, халық тілінде мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан сөйлем

қисынын, сөздің дағдылы жолын, басқаша айтқанда сөйлеудің жүйесін,сақтаудың көрінісі тарқатылған.

Шын мәнінде де, халық тұтынуындағы сөздердің тарихи, әрі мәдени сипатта сақталғанына тұрмыс-салт жырлары мен әдет-ғұрып, салт-дәстүрдің игі әсері мол болды. Біздің байқауымызда, қазақтың бала сөйлеуінде тіл мүкістігі сынды кемшін тұстар кездесе бермейді. Мәселен, «Тіл ашар» тойына келген қадірлі адам (ақсақал) сыбаға боп тартылған қой басынан тілін ажыратып,

«тілің тез шықсын, шешен бол» немесе таңдайын жегізу арқылы сәбиге тілеу тілеген. Тіпті, сойылған малдың ішегімен «баланы буындыру» рәсіміне салып,

«Сөйлейсің бе?» деп сұрақ қоюды ойластырған екен. Бұл наным-сенімнің бала өсуіндегі қызметі зор болатын.

Тіл мүкістігінің болмауына ата-ана ғана емес, бүкіл ауыл жұрты бір кісідей ат салысқан. Оның мәнісі шақалақтың дүниеге келіп, тіпті ана құрсағында жатып-ақ, ана мейіріміне қанғандығы өз алдына, бесікте жатқан уақытындағы әлдидің барша құндылығына тоя алғандығы болса керек. *Әлди- әлди, ақ бөпем, Ақ бесікке жат бөпем. Жылама, бөпем, жылама, Жілік шағып берейін. ...Тапыл басып жүргенде, Тілің шығып сөйлерде, Ақсарбас сойып қуанып, Өміріңді тілейін!* сынды тілектер әуенмен жеткізіліп, бала құлағына сіңіріледі. Анау тобық жұтқызудағы «Шешен болсам таңдайымнан шық» деу қазақ халқының бала сөйлеуінің маңыздылығына аса жоғары мәртебе беріп, сенімділігі күшейген.

Қазақтың халық ауыз әдебиеті тіл кемістігін жоққа шығармайды. Бірақ ондай тілді пендеге жағымсыз кейіпкердің бейнесін бекітеді. Естеріңізде болса, мұндай тіл кемістігін «Алпамыс батыр» жырындағы Гүлбаршын сұлудың қызметкер әйелі (Мапия) мен Ұлтан ханның әйелінің (Бадамша) аузына салады. Себебі бұл екеуінің де жұртқа жағымсыз қылықтары бар еді: Мапия сақаудиуанаға бал аштырып кел деп берген сегіз ділдәні жартысын қалтасына басады: *Ейтең базайға байып, киім айып киейін, диуананың ежуіне шиейін, төйтеуін бейшем де, аздық қылмаш*. Ал Бадамша сақау: *Бижияма шикін-ау, Бижияма, жай-жай. Ұйтан бегім төбеңді, Ойып қояд, жай-жай* деп бәтуасыздыққа салынады. Бірінші сақаудың ұрлық-қарлығы мен Ұлтан ханның зұлымдық әрекетін масқаралаудағы *бегім* сөзіне жамандық сипатты жамау халық шеберлігі болатын.

Ендігі мәселе, «сақаулыққа» ұрындыратын дыбыстарға мән берсек, олардың дені бірөңкей үнді дыбыстар мен қатаң дыбыстардың өзара алмасуынаалып келген: р мен й; л мен й; с мен ш дыбастары. Мұның да тарихи заңдылық екендігіне дау болмаса керек. Альтернация атты терминмен белгіленген ұғым

«...сөйлеу кезінде, не тілдің тарихи дамуы барысында сөз ішіндегі бір дыбыстың басқа дыбысқа айналуы, - болып келеді. – Қазақ тілінде, негізінен, дауыссыз дыбыстардың алмасуы көп ұшырайды. Тектес тілдердегі, я бір тілдің өз ішіндегі диалектілердегі этимологиялық тұрғыдан төркіні бір морфемалардың құрамындағы дыбыстардың бірінің орнына бірі қолданылуы жиі кездеседі. Дыбыстар бірімен-бірі бейберекет алмаса бермейді. Түркі тілдерінде бір-бірімен алмасатын дыбыстардың ежелден қалыптасқан жүйесі бар» [5, 104 б.] дейтін тұжырым назар аудартары хақ. Әрине, біз келтірген салт-

дәстүрлік жоралғылар қазіргі ілімде психолингвистикалық тұрғыдан танылған сөйлеу кемістігін түзетудің жолына тосқауыл қоятын шара емес. Солай бола тұра, қазақтың ата-баба тілінде мұндай патологиялық үрдістің алдын алынғандығына нақты мысал ретінде ұсынылып отыр деп қабылдаған дұрыс.

Қ.Жұбанов адам мен табиғат арақатынасындағы үйлестікті шебер пайдаланған. Ғалым үндіеуропашыл ғалымдардың «тілдің дыбыстарын, сөз тұрпаттарын, сөйлем құрылысын бір-біріне қоспай, аулақ ұстайтынына» назар аударта келе, олардың тіл білімінің ішінде дыбыс жүйесіне аса мән бергенін басқа елді колониялаудың көрінісі ретінде сипаттайды. Әйтсе де адам баласының табиғат тірліктерімен қабаттаса өмір сүретініне қатысты ойларын сол фонетикалық бірліктер арқылы жеткізеді. Ғалымның «Өйткені фонетика – тілдің табиғатқа ұштасып, тиіп тұрған бер шеті. Тіл дыбыстарын шығаратын дене мүшелері болса, дыбыстың өзі де ауада пайда болатын толқындар салдарынан жүзеге шығатын еді. Мұның үстіне дыбыстың естілуі де құлақарқылы – адам денесіне орнаған сезім мүшелері арқылы іске асатын еді. Сондықтан осы жағын, осы физикалық, физиологиялық жағын, осы табиғатпен біте қайнап қосылған жағын ала жөнелу, тіл дыбыстарын тілдік қасиеттерден, әлеуметтік астарларынан ажыратып алудағы» [4, 24 б.] тұжырымдары ауқымды мәселелерді бірлікте қарауға шақырады.

Демек, адам қарым-қатынасының ауқымы кеңейеді. Жалпы физикалық ғылым мен физиологиялық ілімнің фонетикамен астарласып жұмсалатыны анықталады; *адам денесіне орнаған сезім мүшелері* психологиялық шама ретінде бағаланады. Сол сияқты қоғам мен әлеуметтің қатысынсыз тіл білімінің еш қажетсіз дүние екендігі паш етіледі. Ал ғалымның «Музыка да дыбыс, бұл да барып тұрған қоғамдық дыбыс. Музыканың бір тарауы, ол – адамның дыбыс мүшелері арқылы жарыққа шығады» дегенінде, музыка тілі (мәдениет) мен дыбыстық тілді (тіл білімі) қолданушы адамзаттың аралығындағы қарым- қатынас анықталады. Қай ғылымаралық қатынасты қарасаңыз да, адам тілінің (сөйлеу) қызметі алдыңғы орында жүреді. Осыдан да болса керек, сөйлем арқылы көрініс табатын психолингвистикалық нысан сөйлеудің мақсаты, ғалым сөзіне сүйенсек, «біреудің екінші біреуге өзінің ойын білдіруі» болып шығады.

Адамның қоғамдағы орны туралы қызықты мәлімет және кейіннен еш дау-дамайсыз дәйексөздік тұжырымға айналған пікір С.Аманжолов тарапынан айтылды. Ғалым түсінігінде, «Сөйлеу әуелгі адамның адам болған күнінен бар. Сөйлегенде айтатын сөзіміз, терең неше алуан ойымыз, өткір қиялымыз, тереңнен тартып топшылап, алыстан орап, оспақтап я жоспармен сөйлейтін тәртіпті сөйлемдеріміздің тізбегі, толып жатқан ойлардың желісі бірден шыға қойған жоқ. Ашығырақ айтсақ, алғашқы адам баласы осы күнгі біздің сөйлегеніміз сияқты көптеген сөз тізбегімен сөйлеуді білмеген» [1, 11 б.]. Ғалымның *әуелгі адам, алғашқы адам* деп меңзеуінде анотомиялық белгілері, материалдық (тамақ дайындау, қару қолдану) мәдениеті, тіпті бөлшектік сөйлеуі мен абстрактілі ойлау қабілеті болған Homo sapiens екендігіне күмән жоқ. Бірақ олардың аралығында да тірлік болды. Тірлік болған жерде тілдік қарым-қатынас уақыт өте келе орнығады. Сөйлеудің орнығуы – көп ғасырлық

байланыстың әсерінен болған нәтиже. Осы себептен оның әр ғылымға тікелей материал болатындығы жиі көрініс тауып отырады.

Дәйексөзге түскен тұжырым иелері Қ.Жұбанов пен С.Аманжолов мифке, магияға көңіл аударттырады. Қ.Жұбанов пікірінше, қоғамдағы (табиғат, хайуанат) әралуан дыбыстардың тілдік дыбыстарға қатысы жоқ. «Өйткені тілдің атқаратын негізгі қызметі – адам мен адам арасында пікір қатынастыру. Басқа дыбыстардың атқаратын рөлі пікір қатынату емес, табиғатқа (малға, желге) адам дегенін істету, табиғатты арбау. Бұл адамның алғашқы қоғам тұрмысы тудырған магиелі еңбек ісінен қалған бір жұрнақ. Дыбыс тілінің арғы атасы осындай магиелі дыбыстар» [4, 18 б.]. Ал С.Аманжоловтың ойынша, *қарным ашты, ішім бұрды, мал көзіме түсті, құлақ қойдым, ашу қысты, сөз өтпейді, жаным ашыды* мысалдарының «Әрқайсысы қазіргі логикалық ойлаудың өлшеуіне қайшы келеді. Байыбына барып қарасақ, мұның әрқайсысы өзінше мифке, магияға байланысты. Өйткені қарным аштының шын мағынасын алғанда «жегім келедімен» тең. Алғашқы адамдар қарын «жеу» арқылы тоғаятынын абстрактап байқап білуді керек қылмай, тура қарнының ашығанын (ауырғанын) бірден көрсетеді» [1, 12 б.].

Қалай болғанда да, қоғамның белсенді мүшесі болып табылатын адамзаттың о бастағы шығу, қалыптасу дәуірі өте ұзақ болғандығы ақиқат. Сол сияқты тілдік қарым-қатынастың нақты көрінісі ретінде сөйлеу, ойлау, қабылдау сынды санаттар да барынша жетілу жолынан өтті. Бұл жолдың да барынша ұзақ уақыттың еншісінде болғандығы дау тудырмаса керек.

Қорыта келгенде, зороастризм мәселесі тек қана діни ілім емес, қайта оның әр бағыттағы әр алуан көріністері қазіргі ғылым синкреттілігіне дәлел болады. Сондықтан да А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов көзқарастарын бекітетін тұжырымдар бұл мәселенің тілдік сипатын да көрсете алады. Өз кезегінде мұндай жайт тіл білімінің басқа ғылым салаларымен байланысын нығайтып, жаңа ғылыми жорамал айтуға жетелейтін болады.

## ӘДЕБИЕТТЕР:


1. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. – Алматы: «Санат» баспасы, 1994. – 324 б.
2. Ахмет Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы. – Астана: «Алашорда»қоғамдық қоры, 2017. – 752 б.
3. Есім Ғ. Ғұламе – наме. – Астана: «Абай академиясы», 2019. – 640 б.
4. Жұбанұлы, Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құраст.: Ғ. Әнес. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2013. – 640 б.
5. Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: Қазақстан даму институты, 1998. –508 б.
6. Сулейменов О. Язык письма. – Италия, Рим: Изд.: «San Paolo», 1998. –502 с.
7. Уәлиханов Ш. Қырғыздардағы шамандықтың іздері [Электронды ресурс]URL https://https://shoqan.kz/completed/works_shaman

**ӘОЖ 94 (574)**

# ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИСЛАМНЫҢ ТАРАЛУЫ

**Ибрашова Гулнара Полатқызы**
*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің 2 курс магистранты, Орал қаласы, Қазақстан Республикасы*

***Аннотация:*** *Ислам тәуелсіз Қазақстан аумағына біздің дәуіріміздің VIII ғасырының соңы IX ғасырдың басында-ақ ене бастаған жетекші конфессиялардың бірі болып табылады. Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанда саяси үстемдікті 766 жыдан бастап иеленген құрлұқтар сол кездің өзінде мұсылман мәдениетінің үлкен ықпалын сезе бастаған, яғни біздің дәуіріміздің XVIII ғасырының 80 жылдары исламды қабылдаған. Исламды X ғасырдың басында қарахандар мемлекетінің негізін салушы, құрлұқтар бірлестігіне кіретін шығыл (чигиль) тайпасынан шыққан Сатук абд әл-Кәрім Боғра хан да (915-955 жж) қабылдаған, ал оның ұлы Мұса хан 960 жылы исламды мемлекеттік дін деп жариялаған. Содан бері қарай бұл жердің адамдары ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, мұсылмандық дін ілімін, исламның салт дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын бұлжытпай сақтап келді. Көптеген дін ілімдерінен айырмашылығы – исламның өзінің атауында және өз ілімінің мәнінде қандай да бір жеке тұлғамен, халықпен немесе елмен байланыстылығы жоқ.*

**Түйін сөздер:** *ислам діні, «Бұхара тарихы», «Насафнама», тарихшылар, діntанушылар.*

Қазақ даласында ислам діні ресми түрде Қараханидтер мемлекеті кезінде X ғасыр ортасында ресми түрде қабылданса да, тәңірлік дін мен ислам дінін қатарұстанып келгені, Қазан төңкерісіне дейін қос дінді халық болғаны жөніндеШоқан мен Абайдың пікірі елеулі мәнге ие. Ислам дінінің қазақ даласында жалпы Тұран өлкесіне қандай жолдармен енгені Наршаһидің «Бұхара тарихы» мен «Насафнама» қолжазбаларында тамаша баяндалған.

Қазақ елі ислам дінін қабылдап, мұсылмандық қалпымен, Ресей мен Қытай империясының отаршылдық саясатына тұтылып, бодандық қамытын мойнына ілді. Ресей империясы қазақ жерін толық жаулап алғанша, яғни уақытша шегініс, саяси маневр жасау арқылы ислам дінінің «қамқоршысы» болып көрінуге ұмтылғаны тарихтан мағлұм [1].

Орталық Азия аймағында исламның таралуы VII ғасырдың екінші жартысынан басталады. Өзбекстан, Тәжікстанмен салыстырғанда Қазақстан аумағында ислам дінінің орнығуы ұзақ және қиын болды да, бірнеше ғасырларға созылды.

Ғалымдар (тарихшылар, діntанушылар) қазақстандағы исламның таралуын бірнеше сатыға бөледі.

Алғашқы сатысы – VIII-IX ғасырларда Еуразия даласына исламның енуі.

Екінші кезең – X-XVIII ғасырларда ортағасырлық мемлекеттерде исламдіні басым болды. Осылайша ислам X ғасырда Жетісудағы Қараханидтер мемлекетіне енді. Кейінірек Алтын Орда, Қазақ хандарында кеңінен таралып, орнықты.

XVI ғасырда исламның тереңдеп енуі хандар билігінің (көшпелі қоғамға ғана тән) орталықтануына ғана емес, соған сәйкес қазақ тайпаларының біртұтас этникалық қауымдастыққа бірігуіне де ықпалын тигізді.

XVIII ғасырдың басында исламның орнығуы Тәуке ханның «жеті жарғы» заңдарында да айтылып, онда мұсылман дінін мемлекеттің қолдайтындығы туралы жазылған.

XVIII-XIX ғасырдың соңында Қазақстандағы ислам тарихының үшінші сатысы – Ресей империясының құрамына ену, суффизм рөлінің, Ресей отаршыл әкімшілігінің исламға деген екі жақты саясатына қатысты молдаларының миссионер қызметінің төмендеу кезеңі. Бұл кезеңде қазақ дінбасылары Орынбор мұфтиатының қарамағына енген болатын.

Исламның күшеюіне этномиграция факторларыда әсер етті. XIX ғасырдың 70-ші жылдардың басында қалыптасқан отырықшы егін шаруашылық дәстүрі бар екі түрі бар ірі мұсылма қауымы – ұйғырлар мен дүнгендер Қытайдың Іле өңірінен Жетісу аумағында қоныстанды. Бұл Қазақстанның оңтүстігіндегі исламның бағытын күшейтті.

Қазақстандағы ислам таарихының төртінші кезеңі – XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басын қамтиды. XIX ғасырдың соңынан бастап Қазақстан аумағындағы ислам бағының нығаюы Ресей үкіметінің отаршыл әкімшіліктің талаптарына сай келмеді. Белгілі бір дәрежеде бұл сыртқы факторлармен – орыс-түрік қатынастарының шиеленісуі, «мұсылмандық сепаратизмнен» сақтану сылтауы, жергілікті мұсылмандардың Осман Түркиясымен байланысты болды. Нәтижесінде әр түрлі діни ағымдардың пайда болуы «панисламизмді» насихаттау деп көрсетілді.

Қазақстандағы ислам тарихының бесінші кезеңі – кеңес дәуірі. Исламға деген саясат жалпы дінге қатысты саясат аясында жүргізілді. Қазақ діни басқармасы 1923 жылдан кейін орталығы уфа қаласы болып саналатын ішкі Ресей және Сібір мұсылмандарының Орталық діни басқармасының қарамағына енді.

20 жылдардың екінші жартысынан бастап тоталитарлық жүйенің діндерге, оның ішінде исламға қарсы қуғындау саясаты анық байқалды. Арнайы құжаттарда исламның «аинтикеңестік сипаты» 1920 жылдардың соңында
«исламмен күрес» «еңбекшілердің тап жауымен» күрес ретінде тең етек алды. Осылайша дінді, оның ішінде исламды бұрмалау бағыты күшейтелді.

Қазақстандағы ислам дамуының алтыншы кезеңі 1980 жылдың соңынан бастап Қазақстандағы исламның қайта жаңғыруы жүрді. Дінге деген халықтың қызығышылығы арта түскені байқалады. Демократиялық қайта құрулар халықтың дінге сенуін ғана емес, догматикалық жағынан да қызығуға жол ашты.

Қазақстан тарихында алғаш рет 1990 жылы жеке мұсылман діни басқармасының (муфтиат) құрылуы маңызды, айтулы оқиға болып саналады.

Көптеген зерттеушілердің пайымдауынша өте қатал кең көлемдежүргізілген исламға деген ұстанымының өктемдігін, 70 жыл бойы халықты діннен бездіру саясатын қолдағандығын, әрі кеңестік кезеңге дейінгі уақытта қазақтарда исламның қайта өрлеуі, оны дәстүрлі тамырына қайта оралудың табиғи жолы деп тану қажет [2, 132 б].

Шындығында, Түрік халықтарының арасында ислам дінінің енуі мен қалыптасып терең сіңісіп кетуі жолында сопылық ілімнің айтарлықтай терең рухани құбылыс болғанын ұмытпаған жөн болар. Түрік халықтарының классикалық сопылық поэзиясындағы тереңге бой ұрған философиялық ой желілерін талғай білген адамға, зор рухани қазына көздеріне бастайтын ой маржандары кездеседі. Мәселенің тарихи тамырлы болмысын танып алмай жатып, асығыс әрі жаңылыс ой қорыту, әрі оны кесімді таным ретінде ұсыну өзіңді де, оқырманды да баянсыз бағытқа бұратынын ойлану керек шығар.

Кейбір әдебиетші ғалымдар мен өнер адамдарының ой-пікіріне қарасаңыз, бүгіндері олардың өздерін таза кітаби ислам талабы тұрғысынан көрсетіп, исламияттағы жікшілдік танымына іш бұратынын байқауға болады. Олар Ясауиілімімен қоса әруақты құрметтеу, ас беру, жетісін, қырқын, жылын өткізу т.б. осы тәрізді ұлттық дәстүр жалғастығын сыртқа серпіп, мүлде терістеу пиғылын танытып жүр. Немесе қазақтар ұстанған дәстүр бойынша ата-баба әруағын ардақ тұтып, құрметтеу салтына тарихи тағлым тұрғысынан түсінікпен қарамау, немесе әруақ ұғымының дәстүр ретінде қалыптасып кеткен тарихи инерциялық күшімен санаспау әрекетін де көріп жүрміз. Негізінен Түрік халықтары арасында «Ғайып ерен қырық шілтен» ұғымын бабаларымыз жатсынбаған. Ұлттық болмысына орай өңін өзгертіп, олардың рухына, яғни әруағына құрмет көрсетуді ендірген. Әруақ сөзі рух сөзінің симонимі ретінде қазақ арасында ежелден сенім ретінде енген.

Сол сияқты, қазақтың батырлар жырында ұшырасатын Бабай түкті шашты Әзіз әруағын құрмет тұту дәстүрі де осы танымнан туындаған. Немесе Мекке қаласындағы қасиетті қаратас маңында Құдай ретінде ағаштан жасаған мүсіндеріне табынып келген политеистік (көп Құдайға табыну) танымдағы арабтарды пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с) қиыннан қиыстырып үйлесім тауып, монотеистк (бір жаратушы иеге) танымдағы ислам дінінің қасиетті орнына айналдыруында ислам дінінің жасампаздық өнегесі жатыр деп білеміз. Өткен замандардағы дін ғұламалары исламият шеңберінде қойылатын талабын жергілікті халықтың ұстанып келген әдет-ғұрып, салт-санасымен үйлесімін тауып, қисынын келтіре білген келісті қалпын орнықтырып кеткен еді. Бүгіндері өмірде орын алып жүрген аралас неке, іштей неке, сырттай некеқұбылыстарына да үстірт айтылған пікір жаңғырықтарын құлағымыз шалып жүр. Мұның бәрі ислам табиғатын терең танып-білмеуден келіп шығатын шала түсініктер. Бұндайларға, яғни ғылыми жағынан пісуі жетіп дәлелденбеген дүмбілез пікірлерге теолог ғалымдар ақ-қарасын ажыратып, дұрыс бағыт- бағдар сілтейтін ойлар білдіріп отыруы қажеттілігі бүгінде қатты сезілуде.

Әлемде үш дін адамзаттың мәдени қазынасы деп танылды. Олар: Будда діні, христиандық және ислам діні.

Ислам бұлардың қатарындағы жаңа әрі жас дін. Бүгінде жер жүзінде шамамен бір миллиорд жүз жетпіс мыңдай адам осы дінді ұстанады. XX ғасырда ислам дінін тұтынушылық саны екі есеге жуық өсті. Бұл біріншіден, ислам діні тараған региондағы демографиялық жағдайларға байланысты болса, екіншіден басқа діндер тараған дәстүрлі аймақтарда адамдардың ислам жолына бет бұруынан болып отыр.

Ислам араб тілінен аударғанда «бой ұсыну» деген мағынаны береді. Ислам және мұсылман (мусилум – бой ұсынушы ерлер, муслиматун – бой ұсынушы әйелдер) сөздерінің түбірі бір [3, 100 б].

Ислам барлық болмыс пен фәни адам өміріндегі ең маңызды ұғымдарыныңбірі. Ислами ұғымда бұл дін абсолютті құдырет иесі Жаратушы затқа және заманаға жіберілген дін. Ислам – ақыл иелері мен күллі махлұқаттың (жаратылыстың) ұлық жаратушының құдыретіне тәсілім болуының, мойынсұнуының және дүниедегі өмірді белгілі бір тәртіпке келтіретін құдайы жүйенің, яғни пенде мен аллаһтың арасындағы байланыстың аты. Ислам сөзінің түбірі арабшадағы «сәлиме», «силм» етістігі. Бұлар және осы түбірден жасалған
«сәлм», «сәлам», «әслеме» сөздері сөздікте бейбітшілік, тыныштық, амандық, татулық, келісім, мойынсұну, тәсілім болу, берілу, сәлеметтілік, сенімділік дегенді білдіреді. [4, 19 б]

Ислам күллі ғаламдағы барлық махлұқтар мен заттар бағынатын өмір сүру,тіршілік ету формасы. Сондықтан, барлық субстанциялар мен жәндіктердіңтабиғи өмірі ислам халінде болды.

Исламдағы «дін» ұғымының мағынасын анықтап алғанымыз жөн. Араб тіліндегі дін сөзі «дәйн» түбірінен шыққан, үстемдік, егемендік, бас ию, қарыздану, оның билігін мойындау, заң, жол, әдет, жауапқа тарту, жаза беру, сыйлыққа бөлеу, үкім, мүлік, дағды сияқты көптеген мағыналарды білдіреді [5, 189 б]. Демек, дін дегеніміз аса биік билік иесіне мойынсұнып, оған бағынужәне оның бұйрықтарын орындау дегенді білдіреді.

Ислам діні, бай мен жарлының арасындағы әлеуметтік айырмашылықты
«тап күресі» сияқты өшпенділікті өршітетін ұран тастамай, керісінше, пітір, садақа, зекет беру мен қоғамға пайдалы, сауабы мол ізгілікті, қайырлы істер жасау жолында жарысуға шақыру арқылы мейірімділікпен шешеді. Сонымен қатар ислам діні арқылы пайда болған қайырымдылық қорлары жарлы- жағыбайларға, жетім-жесірлерге жәрдем беріп, оларды әрдайым өз қамқорлығына алып отырған [6, 30 б].

Қазақстанда ислам басқа елдерге қарағанда өзгешелеу қабылданды, өйткеніертедегі түркі сенімінің негізінде табиғатқа табыну, ата-бабалар аруағына сиыну, магия, шаманизм, көкке табыну (тенгрианство) жанқанды. Бұл
«нанымдар тарих барысында әртүрлі ықпалдарға тап болды, әсіресе шығыстық-ирандық (зороастризм), өз кезегінде, әртүрлі, мысалы, христиандық ілімдерге: несториан мен яковиттерге, православтарға (мелькиттер) және армян-григориандық бағыттарға да біршама өзгеше мағынада (түсіндірілуінде) қандай да бір деңгейде ерте христинадық ілімдерге де тән болды. Бірақ Қазақстандағы христиандық ең ерте мәдени дәстүрлердің тікелей ықпалына ұшырағанымен, исламға өз бойында әртүрлі діни идеологиялардың

элементтерін, әсіресе түркітілдік мұраны жинақтап қорытуға тура келді. Бұл кейіннен зерттеушілердің, мысалы, Ш.Уәлихановтың: «Қырғыздар (қазақтар) орыс бодандығына кірмес бұрын аты-жөндері бойынша ғана мұсылмандар болған және олар Мұхаммаед әлемінде өзгеше сүнниттік жік құрды» [7, 227 б],

- деп жазуына негіз болды.

Қазақстанның тарихы мен мәдениеті көп ғасырлар бойы ислам дінімен байланыса дамып келеді. Ислам діні қазақ халқының өзіндік руханияты мен мәдениетінің қалыптасуындағы негізгі қайнарлардың бірі болып табылады. Қазақ халқының арғы тегі болып есептелетін көне түркілер исламның қалыптасуы мен көптеген жетістіктеріне өз үлестерін қосты.

Сонымен ислам дінінің Қазақстанға кеңірек жайылуы XIV ғасырдан ерте емес, яғни Алтын Орда ханы Өзбек билік құрған тұста орын алды. Ал көшпелілерді мұсылмандандырудың негізгі толқыны VI-VIII ғасырларға қарай қамтыды.

Орталық Азия, соның ішінде, Қазақстан территориясындағы Шыңғыс хан ұрпақтарының тұсында ислам дініне деген үлкен ынтасы жергілікті халықтың қажылық сапарға бару үдерісін жаңа деңгейге көтерді. Алтын Орда хандарының ішінен сопылардың ықпалымен алғашқылардың бірі болып ислам дінін кабылдаған Берке ханның Мысырға жіберген елшілері ханның орнына бәдәл қажылық атқарды.

Өзбек хан ислам дінін ресми дін деп жариялауы мен әмір Едіге ислам дінінкүшпен енгізгеннен кейін, жоғарыда айтылғандай, мұсылмандықтың ең басты институционалдық атрибут-міндеттерінің бірі - қажылықты атқару осы кезенде арналы дәстүрге айналды деуге болады. Осы жайтты айғақтайтын ортағасырлық мол деректердің ішінен атақты Мұхамед Хайдар Дулатидың

«Тарих-и Рашиди» атты еңбегінде келтірілген болатын [8].

XIX ғасырдың екінші ширегіне қарай исламның таралуы Ресей үшін өзгеше қолайсыз бағыт ала бастады. Провославие шіркеуіне және ағылшындар мен түріктердің Шығыстағы отаршылдық саясатына қауіпті бақталас болып,

«кезбе молдалар» түрінде қазақ жеріне ортаазиялық хандықтардан миссионерлердің саны көп топтары ағылып келді. «Дінсіздерге» қарсы бағытталған мұсылмандық діни фанатизм белгілері пайда болды.

XX ғасырдың басына қарай Ресейдің шеткі аймақтарында (оның ішінде Қазақстан да бар) отаршылдыққа қарсы жаппай көтеріліс ушықты. Бұндай жағдайда империяның тұтастығына төнген басты қауіп қатер ислам болды. Сол себепті патша үкіметі қазақтардың рухани-діни өмірін айтарлықтай тарылтқан бірқатар шаралар қабылданды. Сөйтіп, арнайы қаулы бойынша қазақтар өмірін бақылауда қстау Ішкі істер министірлігіне, яғни полиуия органдарына жүктелді. Мұсылмандық ағарту қоғамдарын құруға, Меккеге қажылық сапарға шектеу қойылды. Мұсылман мектептері жабылып, олардың орнына орыс мектептері ашылып және басқадай мекемелер құрылды.

Кеңестік заманда барлық мешіттер қиратылды немесе мәдени-ағарту мекемелерінің мекен-тұрақтарына берілді.

Ұлы Отан соғысы кезінде Алматыда мешіт ашуға рұқсат етілді. 1943 жылыОрта Азия мен Қазақстан Мұсылмандарының діни басқармасы қалпына

келтіріліп, барлық аумақ үшін діни қызметшілер дайындай бастаған Бұқарадағы «Мир-Араб» медресесі өз жұмысын жандандыруға бағыт алды.

1990 жылы Қазақстан мұсылмандары Орта Азия мен ҚазақстанМұсылмандарының діни басқармасынан бөлініп, дербес Діни басқарма (ҚазМДБ) құруға қол жеткізді. Содан күні бүгінге дейін Қазақстан Республикасында конституцияға сәйкес дін мемлекеттен бөлек болсада, әрбір азаматқа өз дінін ұстануға ешқандай шектеу қойылмаған.

## ӘДЕБИЕТТЕР:


1. Мұртаза БҰЛҰТАЙ, Ислам. «Ақиқат» – Ұлттық қоғамдық-саяси журнал. Алматы, №7, 2003 ж., 79-83 б.
2. Ислам ынтымақтастық пен бірлік жолында. «Жетісу мұсылмандарының І құрылтайына 100 жыл» атты халықаралық конференция материалдары. Алматы: «Атамұра» 2008.- 208 б.
3. Дінтану негіздері: жалпы білім беретін мектептердің, лицейлердің,гимназиялардың, колледждердің 10-сынып оқушыларына арналған оқулық/ Есім Ғ., Артемьев А.И., Қанаев С., Біләлова Г.- Алматы «Білім», 2003.- 156 б.
4. Артемьев А.И. Дінтану: жалпы дінтану негіздері, діндер тарихы, қазақстандағы діндер. – Алматы, «Бастау» баспасы, 2008. - 569 б.
5. Бұлбұлтай М.Ж. Дін және Ұлт. – Алматы, «Арыс» баспасы, 2006, - 584бет + 24 бет суреттер.
6. Қыдырәлі Д. Атымды адам қойған соң... Алматы: «Таймос» баспа үйі,2008. – 216 бет.
7. Уәлиханов Ш. Таңдамалы шығармалар. – Алматы, 1958 жыл, - 227 б.
8. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. –Алматы: М.Х.Дулати қоғамдық қоры,2003. 616 б.

**ӘОЖ 94 (574)**

# ҚАЗАҚ ЖЕРІНЕ ИСЛАМНЫҢ ТАРАЛУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТИГІЗГЕНӘСЕРІ

**Жарасова Айгул Кошкенгалиевна***Орал қалалық №40 ЖОББМ тарих пәні мұғалімі,Орал қаласы, Қазақстан Республикасы*

***Аннотация:*** *Ислам діні — қазақ халқын мұсылмандық мәдениетке жақындастырып, ғылым-білімнің, әдебиеттің дамуына да оң әсер етті. Исламның адамды жақсы істерге, ой тазалығына, қарапайымдылыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеуі — қалың бұқара арасында бұл дін уағыздарының кең таралуына жағдай жасады.*

***Түйін сөздер:*** *ислам діні, әдет-ғұрып.*

Қазақ даласына ислам діні VII ғасырдың басында арабтардың Орта Азияныбағындыруы нәтижесінде кіре бастады. Шындығын айтқанда, ислам діні Қазақстанға күштеп енгізілген жоқ. Қазақстанда сол дәуірде қалыптаса бастағанфеодалдық қатынастарға ислам дінінің кері әсері болмай, қайта ол феодалдық қарым-қатынастарды жандандыра түсетінін көре білген феодалдық үстем тап иелері ислам дінін қуана қарсы алды. Өйткені бұрыннан келе жатқан шамандіні феодалдардың талап-тілегін, мақсат-мүддесін қанағаттандыра алмады. Ал ислам діні болса халықты рухани жағынан болсын, саяси жағынан болсын мығым ұстай алатын мемлекеттік дін бола алды. Осындай тиімді жақтарына қарамастан қазақ тайпалары өзінің бұрыннан келе жатқан шаман дінін, ата-баба аруағын қастерлеуді ұстанып, ислам діні қағидаларына мән бермеді. Академик Бартольд В.В.: «XIII ғасырдың басында мұсылман Хорезм билеушілері мұсылман емес Сырдариядағы және Торғай облысындағы қыпшақтармен соғысуына тура келді», [1] — деп жазуына қарағанда, сол кездерде қазақ тайпаларының басым көпшілігі әлі мұсылмандық жолға түсіп, ислам дінін қабылдамаған сияқты. Араб қолбасшысы Кутейб ибн Мүслім әскері Қазақстанның оңтүстігіне 714ж. YII ғ. басып кірді. Қазақстан тұрғындарының исламдануы осы кезден басталады.

Ислам, алдымен, Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу жеріне таралды. X ғасырда ислам діні Қарахандар мемлекетінің ресми дініне айналды. Оңтүстікте жақсы дамыған қала мәдениеті мұсылманшылықтың орнығуына оңды ықпал етті. Ислам діні — өте икемшіл дін. Ол құранда жазылған уағыздар, шариғатта көрсетілген талаптарды халық бойына сіңіре отырып, сол халықтардың жергілікті әдет-ғұрыптарына икемделе де білген, олармен санасқан. Мұсылмандық: "суннит", шийттік болып екіге бөлінеді. Қазақтар оның сунниттік бағытына жатады.

Ислам дінінің қазақ жерінде орнауы халықтың рухани, идеялық жағынан бірігуіне, ынтымақтасуына жағдай жасады. Мұсылмандық: кентті (қалалы) өңірлерде, ең алдымен, оңтүстікте, содан соң Жетісуда таралып орнықты.

Орталық, шығыс, солтүстік, батыс аймақтарындағы көшпелі, жартылай көшпелі қазақтар арасында ислам діні XII ғасырға дейін біртіндеп таралды. Мұсылмандық этикасының, мәдениетінің казак жеріне таралуына әл-Фараби ат-Түрки, әл-Жаухари, Исхан әл- Фараби, әл-Қимани, Бақырғани, Жүсіп Баласағуни, Махмұд Қашқари, Қожа Ахмет Йасауи, т.б. өлшеусіз еңбек етті.

Басқа да әлемдік діндер сияқты Ислам дінінің де өзіндік ұзақ тарихы бар. Ол тарих дүниежүзілік әлем тарихымен ұштасып жатады. Бірақ, Ислам дінінің шығу дәуіріне, уақыт талабына, оны ұстанған халықтардың тұрмыс-тіршілігіне,әдет-ғұрпына байланысты өзіндік ерекшеліктері бар [2,63 б.].

Ислам діні – әлемдік діндердің ішіндегі ең жас дін. Ол біздің заманымыздың VII ғасырында Араб түбегін мекендеген тайпалар алғашқы қауымдық қатынастардан таптық қатынастарға көше бастаған кезде құлиеленушілік идеологиясы ретінде дүниеге келді. Тарихи деректер мен аңыздарға сүйенсек, Ислам діні Арабиядағы Хиджаз өлкесінің ең ірі қаласы – Меккеде шықты. Арабия бірқатар бай елдердің орталығы болды. Олар: Рим, Византия, Египет, Иран және басқа елдер бір-бірімен сауда қатынасын жасаған кезде Арабия жерін басып өтетін. Осыған байланысты Араб феодалдары жер иелері болуымен бірге, құл сатудан орасан зор табыс түсіріп отырды.

Мекке ерте заманнан-ақ діни орталық болып саналатын. Меккенің орталығындағы Зәмзәм су көзі, оның жанындағы Әулие Қағбатас көшпелі бәдәуилердің өз құдайына табынатын орны болды. Олардың бейнесі Қағбаның маңдайына орналасқан болатын. Кейбір мұсылман аңыздарында Қағба мен Зәмзәм су көзін Ибрагим пайғамбар мен оның ұлы Исмаил салған деген деректер де бар.

Меккенің орналасқан жері егін шаруашылығымен де, мал шаруашылығымен де айналысуға қолайсыз. Сондықтан меккеліктер шамаларына, қолдарындағы қаражаттың мөлшеріне қарай Мекке шонжарларының сауда керуендеріне қосылатын. Тез дамыған сауда алғашқы қауымдық қоғамның ыдырауын тездетіп, тайпалардың тайпалық одаққа бірігуін қажет етті. Ислам дінін уағыздаудың алғашқы жолдары сәтсіздікке ұшырауына бұл діннің әлеуметтік мазмұны тікелей әсер етті. Құлдық, кедейлік құдайдың маңдайына жазғаны, тәуір өмір о дүниеге барғанда болады, бұ дүниеге көнгіш болған дұрыс деп уағыз айтылған жаңа дін араб қоғамының жырларына, көшпелі бәдауилерге ықпал ете алмады. Сондықтан Құранның алғашқы сүрелерінде байлықты сынау кездеседі. Бұл мәселелер ру, тайпа шонжарларына тиімді болмады. Себебі, Меккеде дін тарау үшін Ислам дінінің әлеуметтік тірегі болмады. Екіншіден, меккеліктер үшін политеизмнің сақталуы пайдалылырақ болды. Бірақ Меккенің мұсылмандар қауымымен келісімге келуінің маңызды себебі де бар еді. Ислам дініндегі жалғыз құдай – Алла – құрайыш тайпасының құдайы болатын. Мұсылмандардың Аллаға тағзым ететін орталығы Қағба болды. Бұл жағдай Меккенің жаңа дін үстемдік жасаған уақытта да өз саясатын жүргізуге толық мүмкіндігін сақтады. Осы себептердің нәтижесінде Меккенің мұсылмандар орталығына айналуымен Ислам діні араб тайпаларының басым көпшілігіне тарады.

Ислам діні әдет-ғұрыпқа толы. Ислам дініне дейінгі діндерден алынған, Ислам дінінде оларға жаңа әлеуметтік сипат пен мән берілген. Құдайға құлшылық етіп табыну Ислам дінінде екі бөліктен тұрады. Біріншісі – міндетті түрде орындауға тиісті шаралар. Бұған бес парыз (иман, бес уақыт намаз, ораза, зекет-ұшыр, қажыға бару) жатады. Шариғат бойынша бұл парыздарды мұсылмандар бұлжытпай, мерзімінде орындап тұруға тиіс. Діни уағыз бойынша «құдай-тағаланың әмірін орындап, құлшылық еткендер», яғни намаз оқып, ораза ұстап, қайыр-садақа бергендер ғана «жұмақтың» төрінен орын алады да, ал оларды орындамағандар «тозаққа» барады. Дін иелері, молда-ишандар діни парыздарды, әдет-ғұрыптар мен мейрамдарды дінге сенушілердің мүлтіксіз орындап отыруын талап еткен. Екіншісіне ерікті түрде орындалатын шаралар жатады. Олар уәжіп, сүннет, Мұстахб, Мухаб, Нәпіл. Соңғы үшеуі қазақтар арасында тарамаған [3]. Ислам дінінің бірнеше мейрамдары бар. Олардың барлығы әдет-ғұрыптармен тығыз байланысты. Солардың ішіндегі кең тарағаны ораза мен құрбан айттар. Бұл айттардың алғашқы түрлері Ислам дінінен көп жылдар бұрын пайда болған және ораза ұстау мен құрбан шалу әдет-ғұрыптарына байланысты орындалып отырған. Ислам дінінде ораза және құрбан мейрамдары жаңа мәнге ие болды. Ораза мейрамы ораза біткеннен соң Рамазан айынан кейінгі Шаввал айының бірінші күні басталатын ауыз ашу (айт) мейрамы. Бұл мейрам кезінде мұсыл-мандар Ислам дінінің талаптарын толық орындауы тиіс. Кімде-кім ораза ережесін бұзса немесе ораза ұстамаса, олкүнәлары үшін айып тартуы – пітір-садақа беруі тиіс. Құрбан мейрамы ораза мейрамынан кейін 70 күн өткеннен соң жасалады.

Әулиелер аруағына табыну өте көне әдет-ғұрыптардың бірі. Бұл мәселенің де әлеуметтік мазмұны, саяси бағытының болғаны мәлім. Себебі, мұсылмандық әулиелер қатарына халифтер, сұлтандар, хандар мен билер, яғни өмірдегі алған орнын ол қайтыс болғаннан кейін де дәл айқындығынан айырамыз. Сол үшін олардың табытын сақтайтын күмбездер, мазарлар ислам діні тараған барлық жерлерде орын алды десек, қазіргі Қазақстан аумағында оның мәні, мазмұн- мақсаты өте жоғары. Мысалы, Қазақстан жеріндегі ерте дәуірдегі ірі қалалар Тараз, Сайрам, Түркістан, т.б. киелі жерлер мен орындардың өзі осы ойымыздытолықтыра түседі [4, 89 б.]. Ислам дінінің пайда болған уақытынан бастап-ақ, оны қостаушылардың және қарсы жақ өкілдерінің арасында түсініспеушіліктер болғанына тарихтың өзі куә. Соның салдарынан еркін ойлы пікірлердің қалыптасуы, әлеуметтік-саяси қайшылықтардың шығуы, ресми, табиғи ислам дінінің сунизм және шиизм сияқты екі бағыттың дүниеге келуін, ықпал үшін күрестің әсері деп білуіміз керек.

Сопылық (дәруіштік) – Ислам дінінің алғашқы жылдары пайда болған аскеттік ағым. Ол IX ғасырда пайда болды. Дегенмен, бұл бағыттың алғашқы көріністері араб қоғамында VIII ғасырдың өзінде-ақ кездесетін. Ал кейіннен аскеттер киетін «софылық» деген киім атына байланысты ол сопылық деп аталды. Олардың негізгі мақсаты – шектен шыққан кедейлік, баспанасыздық, ауыр экономикалық жағдай, қарапайым адамдардың ауыр халден шығатын жол іздеуі болды. Ол жолды олар аскеттік өмірден көрді. Сопылардың фанатик- діншіл болуды үгіттеуі билікте тұрған дін иелеріне ұнады [1]. Қазақстанның

тарихы мен мәдениеті көп ғасырлар бойы ислам дінімен байланыса дамыпкеледі. Ислам діні қазақ халқының өзіндік руханияты мен мәдениетінің қалыптасуындағы негізгі қайнарлардың бірі болып табылады. Қазақ халқының арғы тегі болып есептелетін көне түркілер исламның қалыптасуы мен көптеген жетістіктеріне өз үлестерін қосты.

Орталық Азия мен Қазақстанға исламның енуі VII-VIII ғасырларға жатқызылады. Алғашқы араб-дін таратушылары 670 жылдардан бастап келе бастады. VIII ғ. басында Орталық Азияда миссионерлік қозғалыстың жандануы байқалады. Исламның түбегейлі орнығуына VIIIғ. ортасында, 751 ж. Тараз қаласының маңындағы араб әскербасы Зияд ибн Салих пен қытай қолбасшысы Гао Сяньчжи арасында бірнеше күнге созылған Атлах шайқасында арабтардың жеңіске жетуі айтарлықтай ықпалын тигізді. Қытай әскері күйрей жеңіліп, Жетісу мен Шығыс Түркістан азат етіледі. Араб әскерінің бұл жеңісі Орта Азия жерінде ислам діні мен мәдениетінің орнығуының бастуы еді.

Қазіргі уақыттағы Қазақстан жеріне исламның таралуы бірнеше ғасырларғасозылды. Бастапқыда жаңа дін оңтүстік өңірлерге ене бастады. X ғ. аяғына қарай ислам Жетісу мен Сырдариядағы отырықшы халықтың басты дініне айналды. X ғ. басында мұсылмандықты Қарахан әулеті билігінің негізін қалаушы Сатұқ қабылдайды, ал оның ұлы Боғра-хан Харұн Мұса 960ж. Исламды мемлекеттік дін деп жариялайды.

Бұл аймақ әр-түрлі діндердің тоғысқан жері болғандығына қарамастан ислам дінін тарату бейбіт түрде жүріп жатты. Ұлы Жібек жолы көпшілік діндер, солардың ішінде христиандық (көпшілігі несториандық пен яковшілер), буддизм, зороастризм діндері үшін қолайлы аймақ болды. Далалы өңірде тұратын түркі халқы тәңіршілдікті ұстанды. Тұрғылықты халық арасына ислам еш зорлық-зомбылықсыз бейбіт жолмен таралды. Ислам мәдениеттің дамуына айтарлықтай әсер етті. Орат Азияда ислам ілімі игі істердің жүзеге асуы арқылыныгая түсті. Аймақтың тұрғындары мұсылман қауымының ажырамас бөлшегіне айналды. Ислам құндылықтарының орнығуы халықтың әлемдік діннің гуамнисттік дәстүрлерін қабылдауына өз ықпалын тигізді. Орта Азиялық мұсылман ғылымы мен мәдениетінің дамуына ортағасырлық шығыс мәдениеті тың серпін берді. Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашғари және Мұхаммед Хайдар Дулати атты ұлы ойшылдар ғылым мен философияның көрнекті өкілдеріне айналды. Оңтүстік Қазақстандағы көшпенді түркі халқының арасында исламды таратуда Ясауия тариқатының негізін қалаушы Қожа Ахмет Ясауи ( 1166 ж. немесе 1167 ж. қайтыс болған) зор үлес қосты. Әмір Темірдің Яссауиге деген құрметінің белгісі ретінде XIV-XV ғғ. ҚожаАхмет Ясауи кесенесі салынды, қазіргі таңда бұл тарихи жәдігер тек Қазақстандағы ірі мұсылмандық сәулет ескерткіші ғана емес, сонымен қатар, әлемдік озық үлгілердің бірі болып саналады.

XIII ғасырда Орталық Азия мен Қазақстан жерлеріне бағытталған монғол шапқыншылықтары мен олардың дәстүрлі діни сенімдерін ұстанатын тайпаларының (монғол және түркі) қоныстана бастауы салдарынан исламның таралуы біраз уақытқа дейін бәсеңдеді. Осы шапқыншылықтар кезінде көптеген қалалар жойылды, ғылым мен мәдениет орталықтары тоналды, мешіт пен

медреселер қиратылды. Ұлы Жібек жолындағы сауда-саттыққа ауқымды зиян келтірілді. Алайда, уақыт өте келе қайта өркендеу басталды. Монғол басқыншылары мен ел билеушілері ислам діні мен түркі тілін қабылдай бастайды. Бұл жағдай ортағасырларда ислам дінінің көшпелі дала өңіріне қайта таралуына кең ықпал етіп, басқа да бұқара халық топтарын өзіне тартуға мүмкіндік берді.

Монғол билеушілері өздерінің діни сенімдерін мұсылмандарға күштемей, діни төзімділік танытты. Алтын Орданың ханы Берке (1255-1266) және басқа да хандардың (Өзбек, Тудеменгу) мұсылмандықты қабылдауымен исламның орны нығая түсті. Мысалға, Өзбек хан тұсында (1312-1342 жж.) Алтын орданың астанасында 13 мешіт қызмет етіп, ханның өзі күніне 5 рет намаз оқыған. Дін әртүрлі тайпаларды біріктіруші құралдың біріне айналды. Көшпенділер арасына исламды мақсатты түрде тарату басталды. Дін уағызшылары далалы өңірге Орталық Азиядан, Еділ өңірлері мен мұсылман әлемінің басқа да аудандарынан ағыла бастады. Миссионерлер арасында суфийлік бағыттың өкілдері де аз болмады. Сопылықтың нақышбандия мен ясауия тариқаттары билік пен қоғамдық санаға айтарлықтай ықпал еткен, сол себепті билік өкілдері сопылық тариқаттардың жетекшілерімен санасып отырған. Сонымен қатар, сопылар мешіттер мен медреселерді өз иелігінде ұстап, барлық діни рәсімдерге қатысып отырған.

Монғол шапқыншылығы кезеңінен соң қазіргі Қазақстан жерінде пайда болған мемлекеттерде (Алтын Орда, Ақ Орда, Моғолстан) исламдану үдерісі әртүрлі өтіп жатты. Қарапайым халық арасында ескі сенімдердің (тәңіршілдік, шаманизм) қалдықтары сақталып қалды [2, 74 б.]. Ислам XV ғасырда Жәнібек пен Керей негізін қалаған Қазақ хандығының ресми идеологиясы болыпжарияланды. Ислам діні жоғарғы хандық биліктің нығайуы мен түрлі қазақ тайпаларының бір этникалық қауымға біргіуне ықпал еткен идеологиялық факторлардың бірі болды. Қазақ хандығының халқы исламның сүнниттік бағытының ханафи мазхабын ұстанды, алайда қоғамдық және жеке өмірде исламның тәңіршілдік пен шаманизмнің элементтерімен өзіне тән синтезі пайда болды. Қазақ мемлекеті өзінің құрылғанынан бастап мұсылмандық құқықтық нормаларына жүгінді. Барлық қазақ хандары Керей мен Жәнібектен бастап ең соңғы қазақ ханы Кенесары (1847 ж. қайтыс болды) өздерінің шариғатқа жүгінетіндіктерін атап кеткен. Қасым хан мен Есім хан қабылдаған көшпелі мемлекеттің дала заңдарына шариғаттың үлкен әсері болды. Тәуке ханның (шамамен 1718ж. қайтыс болды) «Жеті Жарғы» заңдар кодексін қабылдауы исламды қоғамдық өмір мен заңдық тәжірибеде қолдануда айтарлықтай үлкен қадам болды. Осы құжатта көрсетілген әкімшілік, қылмыс және азаматтық құқық нормалары айтарлықтай дәрежеде шариғатқа жүгінген. Бұл заңда мемлекеттің ислам дініне қолдауын мойындайды. Мысалға, «Құдайға тіл тигізген адамның күнәсі жеті куәгер арқылы дәлелденсе, оны тас атып жазалу қажет»; «Егерде біреу христиан дінін қабылдаса, жақындары оның барлық мүліктерін иемденеді».

Қазақ хандығында қалыптасқан қоғамның құрылымы заңды түрде бекітілді, мұнда жүз бен руға бөлінбейтін ақсүйектерге басымдылық берілді.

Ақсүйектер қатарына Шыңғыс ұрпағынан таралған төрелер мен Мұхаммед пайғамбар мен оның төрт халифасының ұрпақтарынан таралған деп есептелетін қожалар жатты. «Жеті Жарғы» заңдар жүйесінде қожалардың әлеуметтік дәрежесін ерекшелеу ислам дінінің жоғары әлеуметтік деңгейін көрсетеді.

Сонымен қатар, құқықтық нормалардың басым бөлігі дала әдет-ғұрпымен байланысты болды, немесе шариғат пен әдет-ғұрыптың синтезі күйінде болды. Ислам діні дала әдет-ғұрпының басым бөлігін қабылдауына байланысты, әдет- ғұрып пен шариғаттың ара-жігін анық айыру қиын екені белгілі. Мұндай байланысты «Жеті Жарғыдан» байқауға болады. Қазақ қоғамында ислам мен көне халық дәстүрінің арадасып кеткен тұстары кездеседі. Мысалы, ислам сәбилерді атастыру («Бесік құда») салтын ислам жоққа шығармады. Бұл салт бойынша, мұндай құдаласу арқылы туысқан болу уақыт өте келе қайта жаңғыртылады. Ислам «қалың мал» төлеу секілді көне салттарға да икемділік танытты.

Аймақтардағы ислам дінінің ықпалының қалыптасуы ескі түсініктердің сақталуы және олармен синтезге түсуі арқылы да жүзеге асып отырды. Діни синкретизм қалыптасты, яғни, ислам дінін ұстануда ескі діни нанымдардағы кейбір түсініктер сақталды, әсіресе анимизм, шамандық, ата-баба рухына сыйыну элементтері сақталып қалды. Осылайша, исламға дейінгі нанымдардың элементтері сақталған дәстүрлі ислам кең жайылды. Діни басшылықтың имам, молда және өзге де ресми құрылымдары қалыптасқанымен, олар баяу дамыды.

XVI-XVII ғғ. Қазақстанда исламның жайылуына қазақ халқының орта азиялақ халықтары мен Еділ татарларымен тығыз экономикалық, мәдени байланыстары ықпал етті. Ислам дінінің уағыздарын Бұхар, Самарқанд, Ташкент, Хиуа, Түркістаннан келген уағызшылары тарата бастады [5,164-173 б.].

## ӘДЕБИЕТТЕР:


1. Бартольд В.В. Ислам // Собрание сочинений. Т.6.- М.: Наука, 1966.- С.81- 139; Он же. Культура мусульманства // Собрание сочинений. Т.6.–М.: Наука, 1966.– С.143-204; Он же. История культурной жизни Туркестана //Собрание сочинений. Т.2. Ч.1.– М.: Наука, 1963. – С.169-433
2. Орынбеков М.С. Қазақ сенімдерінің бастаулары. А., 2002. -120 б.
3. Валиханов Ч.Ч. О мусульманстве в степи //Собрание сочинений. Т.4.– Алма-Ата,1985.– С.71-76; Он же. Заметки по истории Южносибирскихплемен //Собрание сочинений. Т.1.-Алма-Ата,1984.-С.294-305; Он же. Следы шаманства у киргизов //Собрание сочинений. Т.4.- Алма-Ата, 1985.- С.48-70;
4. Өсеров Н., Естаев Ж. Ислам және қазақтардың әдет-ғұрыптары. А.,1992. - 135 б.
5. Артемьев А.И. Дінтану: жалпы дінтану негіздері, діндер тарихы, қазақстандағы діндер. – Алматы, «Бастау» баспасы, 2008. - 569 б.

**ӘОЖ 94 (574) "XYIII-XIX"**

# ОРЫНБОР ӨЛКЕСІ - XYIII-XIX ҒАСЫРЛАРДАҒЫ САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК ОТАРЛАУ САЯСАТЫНЫҢ ОРТАЛЫҒЫ РЕТІНДЕ

**Байбулсинова Альфия Сабырғалиқызы,** *Тарих ғылымдарының кандидаты, М.Өтемісов атындағы БҚУ Орал қаласы, Қазақстан Республикасы*

**Жалекенова Гулбарам Тлекқабылқызы,** *аға оқытушы М.Өтемісов атындағы БҚУ Орал қаласы, Қазақстан Республикасы*

XYIII ғасырдың 30 жылдары Анна Иоановна кезінде Орынбор өлкесін қоныстандыруға ерекше назар аударылды. I Петр заманында тәрбиелеушілері рухани мұрагерлері патша идеяларымен қаруланған И.К.Кириллов пен В.Н.Татишев бұл саясатты іске асыруда белсенді қызмет атқарды. В.В.Витевский, И.К.Кириловпен В.Н.Татищев туралы олар "...қарсыласқанды жек көретіндер қатарына жатады, негізгі мақсаты өз істерін еш кедергіге қарамастан, керсінше аса энергиямен, ерекше табандылықпен ақырына дейін аяқтайтын еді [1,133 б.]"-деп жазады. И.К.Кирилов I Петр патшаның негізгі ойын, жоспарын жалғастыра отырып, Орынбор бекініс-қаласының орталық әрі өндіріс орны болуға лайықтыда әрі қажетті екендігін дәлелдеп шықты. Бұл орын Бұқар жерлерін иемдену, алтын мен асыл тастарға бай Бадахшан аймағына жету және Бұхара, Бадахшан арқылы Балхаш пен Үндістанға дейін орыс товарлары болатын сауда жолын жасау. Бірақ бұл жоспардың тез арада іске аса қоюы мүмкін емес еді. Оған жергілікті башқұрт халқының көтерілістері бір жағынан, екінші жағынан - патшалық өкіметтің өз тарапынан жаңадан отар елдерді бағындырудың жүйесі болмағандықтан қаражат мәселесінде тұрақсыздық танытты, үшіншіден - оны жүзеге асыруда отарланушы өлкенің кедейлігі кедергі болды.

Сонымен қатар, жер көлемінің кеңдігі, халықтың сиректігі, көшпенді әрі басқа діндегілердің таяу орналасқандығы өз алдына үлкен бір мәселе. Алайда, патшалық өкіметтің бақытына орай-XYIII ғасырдың басында башқұрттар мен қазақ қатынастары шиеленісіп жер үшін қырқыс күшейеді. Қазақстанды, оның ішінде Кіші жүзді көршілері қақтығыстар барысында жан-жақты қыспаққа алады. Оңтүстік-батыстан қалмақтар шабуыл жасаса, солтүстіктен башқұрт пен сібір казактары, ал шығыстан басты жауы жонғарлар қонтайшысы Ғалден Церен бастаған күш шабуылын үдетеді.

1710 жылы анталаған жау шапқыншылығын тоқтату үшін жиналған қазақжүздерінің құрылтайында Әбілқайыр сұлтан бас қолбасшы болыптағайындалады. Артынан ол 1725 жылы башқұрттар жеріне жорық жасайды.

Күтпеген жерден 1723 жылы жоңғар қонтайшысы Ғалден ЦеренТүркістанды алады. Орта және Кіші жүз солтүстік пен батысқа қарай ығысады. Ал бұл осы жерлердегі башқұрттарды солтүстіктен, Жайыққа қарай қалмақтарды әрі батысқа қарай итереді. Бірақ қозғалыс нәтижесінде қазақтар Ресей империясымен шекаралас аймақтарға қоныстанды. Осындай ерекше ауыржағдайларда өздері жақынырақ келіп отарларға ыңғайлы орналаса бастаған, қазақ руларын Ресей империясы ерте - әлде кеш болсын бәрібір өзіне бағындыруды қажет етті. XYIII ғасырдағы Қазақстанның, оның ішінде Кіші жүздің Ресей империясына қосылуының басты "уағызшысы" елші А.Н.Тевкелевтің алдына қойылған үлкен міндет жүктеледі. Ол Кіші жүзді Ресей империясына қосылуға көндіру, алым-төлеуге көндіру, орыс тұтқындарын босатып Уфаға аттандыруы керек болды. Осындай мақсатта ол Әбілхайыр хан ордасында екі жыл тұрады. Келген елшінің негізгі саяси мақсаттарын ұққан Кіші жүздің өзге сұлтан топтары (Әбілқайыр хан туыстарынан басқа- А.Б.)арасында ел ішінде оған қарсы дүрбелең басталды.

А.Н. Тевкелев сапарының негізгі мақсатын нақтылай түсу тұжырымын алғанда елшіге берілген мемлекеттік "нұсқаудың" үшінші тармағы өте құнды мағлұмат береді, онда Ресей бодандығын қабылдау мәселесінде хан төңірегіндегі алаусыздықтар анықталған жағдайда елшінің еркін таңдау жоспарының болуы түсінігіне кілт беріледі; яғни "... хан мен ақсақалдардың және басқада қырғыз қайсақтардың бүкіл нанымы бойынша өз антына адалдығы Ал құранда көрсетіліп, оған қол қойып, оны А.Н. Тевкелевке беретін болсын. Ал егер хан және басқалар одан бас тарта бастаса оларды А.Н. Тевкелев көндірсін [2, 159 б.]" – делінді. Ал өзіне берілген уақыт өтіп жатты. Сонымен бірге, уақыт жылжыған сайын А.Н.Тевкелевтіңде үміті үзілгендей еді,орталықтан Уфада оны сатып алуға дайындық жүріп жатты. Дегенмен, А.Н.Тевкелевтің жоспарының іске асуына керемет жағдай туа қалды. Ол Әбілхайыр ханға қарақалпақ ханы Қайып-Қалидің қосылуы еді және бұл ішкі және сыртқы саясатты үлкен өзгеріс жасады [3, 137 б.].

Оның мұндай қадамына наразы болған Кіші жүз ақсүйектері ақыры А.Н. Тевкелевтің ырқына көнуге мәжбүр болды. "Аса қиын әрі қауіпті" [1, 137 б.]жағдайына қарамастан А.Н. Тевкелевтің айлакерлігіде жалындай түсті. Ең алдымен; елші қазақ сұлтандарына олардың жайылымдарына таяу орыс қалаларын тұрғызып, еркін сауда-саттық жасауға мүмкіндік туғызатынына үміттендірді. Ал шын мәнінде орыс шенеунігінің арғы ойы "қазақтардың империя алдында адалдығын мойындатып әрі алдағы уақытта көз ұстау еді [1, 138 б.]"-деп жазады В.Н. Витевский. Шынында, Кіші жүздің орыс бодандығын қабылдауының тағы бір себебі: осы Еділ мен Жайық бойынынан, Ор өзені бойынынан қолайлы жерде қала тұрғызу ниеті де болған еді.

Сонымен қоймай, А.Н. Тевкелев қазақ сұлтандарына қазақ ісіне судьялық топ жасақтап, оның құрамына әр рудан бір-бір адамнан сенімді өкілдер жинастыруға уәде береді. Әрине, бұл Кіші жүз қазақ сұлтандарын өзіне иландыру, сенімдеріне кірудің жаңа амалы еді. Бұл үшін елші бар айласын салды және ол өз мақсатына жетті де. Шындығында, А.Н. Тевкелев елшілігінің мақсаты Ресей империясы бодандығын қабылдау барысында қазақ елін барлау,

елдің рухани сапасын патшалық империяны құрметтеуге, оған құлаш ұруға, одан қорқуға иландыру екендігі оған берілген нұсқауда айдай анық көрінеді. А.Н. Тевкелевтің рухани шабуылының торына тек қазақ сұлтандары ғана емес, ел басы, аса айлакер саналған Әбілхайыр ханның өзі де түсіп қалды. Хан өзі бас болып жоғарыда аталған мақсат үшін баласы Ералыны аманат ретінде елшімен бірге аттандырады. Бұл елшілік топ 1734 жылдың басында Петербурке келіп, Васильев аралына орналасады. Бұл жерде далалық өкілдер алғаш рет европалық тұрмыс дәстүрді көрді, Кронштадта тб. жерлерде болды.

Жағдайдың былайша бет бұруы, әрине, Европалық Ресейдің әскери басқару мәселесінде жаңа мазмұн, жаңа бағыт ашып берді. Ал А.Н. Тевкелев қызметі үшін полковник атағын, Әбілхайыр мақтау грамотасын алса, Ұлы, орта жүз және Қарақалпақ ханы Қайып-Қалиларға бодандыққа кіру туралы грамоталар жіберіледі. Ал жаңа қала салу мәселесі 1734 жылы И.К. Кириллов бастаған Орынбор экспедициясының нұсқауына енгізілді. 1734 жылы И.К. Кирилловбастаған 200 адамнан тұратын Орынбор экспедициясы 1735 жылы тамыздың 15-і күні белгіленген жерге жетеді. Көп кешікпей қаланың негізін қалау рәсімі де болады. Оған Әбілхайыр ханның баласы Ералы, інісі Нияз сұлтан және басқада қазақ сұлтандары қатысады. 1735-1740 жылдар аралығында негізі қаланып, бой көтерген Орынбор қаласы Орта жүз және Кіші жүз қазақтарын отаршыл- әкімшілік басқару саясатының негізгі құралына, басты орталығына айналды.

Сөйтіп, отарлау саясатының басты құралы бекініс қала-Орынбор салынғаннан кейін 1736 жылдың 11 ақпанында шыққан патша жарлығы бойынша онда ерікті адамдар қызметке алына бастайды. Алғашқы келгендер Жайық қазақтарымен орыс шаруалары болды. Патшалық өкімет казактардан әскери отрядтар ұйымдастырып, қазақ даласына әлсін-әлсін шығып, барлау жасап отырды. Аталмыш жарлықта Орынбор қаласына Орта Азия саудагерлерінің келуіне рұқсат етіліп, керуен саудасын дамытуға мүмкіндік жасалды. Сонымен қатар, Орынбордан Бұқар, Хиуа, Ташкент қалаларына баратын орыс саудагерлерін ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді. Әрбір керуенге 2 мың сомның тауарларын бергізіледі [4, 309-317 бб.].

Керуен сауда жолдарының Бұхар, Хиуа хандықтарымен Ресей арасындасауда қатынасының негізінің салынуы үлкен маңызға ие болды. Бұған қатынасты 1737 жылы “Курантта” жазылған мынадай мәлімет кездеседі: “Мұнда бәрі тыныш және алдыңғы жазда Қазақ-Қырғыз ордасы мен Ташкенттен саудаға көп адамдар жиналды” [1, 151]. Тарихи құжаттардан осыкезде, XYIII ғасырдың 30 жылдары керуен жолдары ауылдарын басып өтетінқазақ байлары да саудаға қатыса бастағандығы байқалады. 1737 жылы 10тамызда Орынбор экспедициясы Орынбор комиссиясы болып қайта құрылып,комиссия бастығына орыс ғалымы В.Н.Татищев тағайындалады. Орынборкомиссиясы құрылған күннен бастап комиссия бастығы В.Н.Татищев дереукеруен саудасын дамытуды қолға алып, 1738 жылы Жайық өзені жағасынанайырбас сауда базарын салдырады. Алайда Ресей империясының қарқынды экономикалық бастамасы мен қатар 1738 жылы башқұрт халқының көтерілісібасталады. Бұл тығырықтан шығудың, Орынбор өлкесін сауда-экономикалықорталыққа айналдырудың әрі ең бастысы Орынбор өлкесі халқын бір

орталыққа басқаруды ұйымдастыру мен қиыншылықтар мен күрестің бар салмағы В.Н.Татищевке түскен болатын. Қолында қаражаты азайған, тіпті әскерді қарапайым тамақпен қамтамасыздандыра алмай отырған В.Н.Татищевке бұл ауыр тиді. Дәл осы кезде қазақ халқын патшалықтың рухани-мәдени отарлау саясатының алғышарттары қалыптасты деп тұжырымдауға толық негіз бар. Оның үстіне өзі әскердегі тәртіпсіздіктері үшінУфадағы әскер басы Шемякинді әскери сотқа бергені үшін, әлгінің В.Н.Татишев үстінен сенатқа арыз жазуы да, оның үстіне синод Орынбор комиссиясының протопопы ректор Антипа Мартияновтың арызы түскенін хабарлайды. Оның себебі мынада еді: 1738 жылы бұрқ еткен башқұрт көтерілісінен сескенген В.Н.Татищев дереу Орынбор қаласында сьезд шақырады, оның жұмысына қазақ сұлтандары мен Әбілхайыр хан қатысады. Өйткені, империялық орталық Кіші жүз ханы Әбілхайырдың башқұрт көтерілісін қолдамауы үшін оның алдын алуы керек еді. Бұл жөнінде В.Н.Татищевке патшайым Анна Иоановнаның өзі "башқұрт көтерілісін Әбілхайыр қолдаса істің насырға шабатынына күман келтіре алмайсыз, кейін олОрынбордың өзіне шабуыл жасауы мүмкін" -деп ескерткен болатын [4, 961 с.].

Сондықтан, В.Н. Татищевке Әбілхайыр ханды арнайы шақырып, Ресей патшасына адал қызмет ететініне екінші рет ант беруге көндіру міндеті жүктеледі. Бұдан біз Ресей патшасының Орынбордағы тыңшылары Кіші жүз жерінде болып жатқан оқиғалардан әр уақытта хабардар екенін көреміз. Оның үстіне Еділ қалмақтары тағы бар. Үсті-үстіне үдете отырған, қалмақ шабуылына қарсы Әбілхайырда 22 800 әскер дайындап отырған [5, 9 б.]. Кейін Дондук Омбо қонтайшы Дорджы Назаров ұлыстарын талқандап, көп тұрғындар алып кетеді. Соған қарамастан, Дорджы мен серігі Лобжа Әбілхайырды Ресей бодандығынан бас тартуға көндіруге ниеттенеді [6, 14 б]. Әрине, бұл хабар патша сарайынада жетеді. Орынбор басшылығы В.Н. Татищев пен А.Н. Тевкелев бірігуімен қазақ әскерін не болсада Еділден асырмауға тырысты, ал тұтқындарды қайтару және қақтығыстарды болдырмау мәселесімен өздері айналысатына сендірді. Сөйтіп, В.Н. Татищев патша өкіметінің бағынышты елдерімен санасатындығын көрсеткісі келді. Сонымен, 1738 жылы Орынбордағы шақырылған арнайы сьезде Әбілқайыр хан екінші рет Ресей империясы бодандығын қуаттайтын антқа қол қояды, сөйтіп Кіші жүз өлкесі түпкілікті Ресей империясының қарамағына көшеді. Ал сьездке шақырылған Орта жүз сұлтандары Абылай мен Әбілмәмбет келмей қалып, өздерінің көзқарасының басқаша екендігін көрсетті. Сонымен бірге деректерде Орынбордың өз ішіндегі бір жағдай; сьездке шақырылғандардың көзінше В.Н. Татищев протопоп Антипа Мартияновты жұрт алдында өзінің ырқына көндіретіндігін, өзінің "күшін" көрсету ойымен мойынына шынжыр байлап көшеде алып жүріп, артынан кеңсеге әкеліп таңертеңнен қара кешке дейін шынжырлатып ұстағандығы айтылады [1, с 156].

В.Н. Татищевтің бұл әрекетінен 2 түрлі мақсатты көруге болады, біріншісі; прототопты жазалау керек болды. Өйткені, В.Н. Татищевтің императрица Анна Иоановнаға жазған мәлімдемесінде: "протопоп А. Мартиянов үнемімас жүреді, сонымен қоймай мас күйінде ұрыс төбелес шығарады мысалы;

қожайынының моншасын қиратып, артынан өртеп жібергенін, оның әйелін сабағанын, казак солдатын ұрып соққанын т.б. [1, 157 б.]”- жазады. Сондықтан, протопопты өзгелердің алдында ұялтайын деп, әрі осындай әрекеттерді басқалары жасамау үшін әдейі сабақ болсын деп көпшіліктің алдына алып шықты, екіншіден; Орынборға сьезге келген қазақ сұлтандары мен Әбілхайыр ханға сес көрсетуі, империялық тәртіпке бағынбаудың неге әкеліп соқтыратынын көрсеткен шенеуніктің зілді ескертуі еді. Артынан Амиан Мартияновтың өзі В.Н. Татищевтен келіп кешірім сұрады, сенатқа хабарламауын өтініп, жалбарынады. Бұл оқиғадан кейін В.Н. Татищев протоповты кешіріп қана қоймай, оны өзінің духовнигі етіп алады, арасында үйіне қонаққа да шақырып тұрады.

Сонымен бірге, А.Мартияновтың мәлімдемесінен Орынбор комиссиясында қызмет ететін және оған ниет білдіргенде священиктердің болғандығын [1, с157] көреміз. Өйткені бұл жөнінде А. Мартияновтың В.Н. Татищевтен осындай священниктерге жалақы төлеуін сұраған хатында анық жазылады. В.Н. Татищев дереу олардан діни грамоталарын талап етіп, арнайы құжатпен куәландырады. Бұдан шығатын қорытынды: В.Н. Татищев Орынбор комиссиясы бастығы болған кезінде, дәлірек айтқанда, 1736-1737 жылдары Орынбор әскері құрамында арнайы священниктер ұстаған, ал Орынбор комиссиясы кеңсесінде, духовный советник жұмыс істеген. Оның қызмет істеуі біріншіден: әскердің сұранысымен жіберілсе, әскердің дені христиандықтар немесе казак-орыстар болғандықтан оларды қолдау, моралдық сүйенішқызметінде, екіншіден: әскер құрамындағы башқұрт полктері, татар қалмақтарына жақынырақ ұстап, біртіндеп орыстандыру құралы ретінде ұстаған болуы керек.

Бұлай деуіміздің негізгі дәйегі мұрағат құжаттарындағы 1714 жылғы наурызда Урусов Самарадағы татар-қалмақ мектебінің жұмысы туралы есебіниңмәтіні [7, 21б.]. Бұл мектепті В.Н.Татищев ашқан болатын. Урусов мәлімдемесінде татар-қалмақ лексиконы және шығыс тілдерінен орыс тіліне аударылған оқулықтар тізімін көрсетеді. Ол жөнінде: “Барлық жағынан күш Г.Рычковқа түсті, өйткені бұл іс соған тапсырылған болатын, оның бұл істі атқаруға ниеті де, жеке қасиеттері де үйлесімді екендігін сізге ескертуді міндетім деп санаймын”- деп [8, 11 б.] Г.Рычковтыда еске салады. Татар -қалмақ мектебі үшін атқарған Урусовтың қызметін В.Н.Витевскийде “...өз міндетін аса ынтазарлықпен атқарып, мектепті күшейту күш салып оған үшін аса жауапкершілікпен қарады”-деп бағалайды [1, 176 б.].

В.Н.Витевский еңбегінде “нагайбақтар” деген қауым туралы айтылады. Автор оларды “Қырғыз (қазақ -А.Б) қолында тұрған, Нагайбақ, бекінісі маңында қоныстанған әртүрлі аралас бейнесі пішінде, киіміде сондай тайпалар”-деп атайды. Айтылып отырған бекініс 1736 жылы Қазан жолындағы башқұрттар көтерілісін басу кезінде тұрғызылған [1, 439 б]. Н. Рычков еңбегінде бұл бекініс орнында бұрын ноғайлар қаласы болған, ал оның жанынан озатын Кола-Елга өзенінің ноғайша аталуы соны дәлелдейді деп көрсетеді. Е.Пугачев көтерілісі кезінде бұл Нагайбақ бекінісін көтерілісшілер тартып алып, халқын түгел қырған. Ал қалған ноғайлықтар Кубаньға қоныс

аударады. Кейін бұл жерде Нагайбақ атты бір башқұрт көшіп келген. Жер жағдайының ыңғайлығына қарай кейін бұл маңға басқада башқұрт, татар және т.б көшпелілер орналасады. Дегенмен, сонғы келгендердің барлығы алғашқысының есімімен Нагайбақтар деп аталып кетеді. “Ақыры соңында Нагайбақ бекінісі мен оның маңы қырғыз (қазақ-А.Б.) тұтқындығынан қашқан қашқындар мен шоқынғысы келгендердің мекеніне айналады”. Мұндай жағдайлар, яғни тұтқыннан қашу Кіші жүзде саяси тұрақсыздық кезінде кездесіп отырған. Кезінде тіпті И.И. Неплюевтің өзі 1747 жылы қазақ даласы арқылы Орынборға кеткен екі түрік қашқынын (парсыларда тұтқында болған-А.Б.) губернатордың нұсқауларымен Астраханға апарғызып, Қырым хандығына “бұларға мол азық-түлік пен ақша беріп” өз еліне қайтаруды тапсырады [1, 440]. Бірақ мұндай жағдайлар өте сирек кездесті. Көбіне тұтқыннан қашқан қашқындарды Уфада, болмаса Орынборда шоқындырып,оларды Нагайбак бекінісіне орналастыра берген. Бұған дәлел;

1752 жылы 18 ақпанындағы И.И.Неплюевтің Петербург қаласында отырып, А.Н.Тевкелевке жазған хатында; “...үстіміздегі жылдың 20 қаңтарында жазған мәлімдемеңіз бойынша қырғыз-қайсақ даласынан қашып шыққан араб Ходжа Реджеповты өз ықтиярымен Уфада шоқындырып, тұрғылыққа Нагайбақ бекінісіне жібердік [1, 441]”-деп мойындайды. Яғни, бұл патшалық өкіметтің Орынбор маңындағы көшпелі түрік халқын біртіндеп христиандандыру- шоқындыру саясатының жүзеге асырыла бастағандығының белгісі еді. Бұл жөнінде мұрағат құжаттарында да: “...олардың денін(алғашқы шоқынғандар- А.Б.) татар, қалмақтар құрады”-десе, Н.Рычков еңбегінде “Нагайбақтар, құрамына ауған, араб, армян, арабтар, бадахшандықтар, бұхарлықтар, қарақалпақ, кубан, парсылар, түріктер, өзбектер мен хиуалықтар, XYIII ғасырда барлығы 212 адам, оның 68-і шоқынған Нагайбақтарға жататынын [1, 441]”- айтады. Дәлірек айтқанда: 68-дің 45-і парсы, 12 араб, 3 бұхарлық және 2 қарақалпақ. Яғни өздерін нағыз мұсылман санайтын шығыс елдері өкілдері.

Нагайбақ бекінісінің Уфа мен Орынбордан және орыс қоныстарынан қашықтығы, сонымен бірге христиандық рухтың, яғни жергілікті христиан халқының саны аздығынан, оның әсері жетпегендіктен шоқынған Нагайбақтықтардың өзге діндегілерден еш айырмашылығы болмады. Оларды тек христианша есімінен ғана танитын еді. Бұл жағдайдың “христиандық намысына” тиген И.И.Неплюев әбден мазасызданады, бұндай жағдайға “өз елінің жанқияры” ретінде селқос қарай алмады. Ақыры өзге діндегілердің шоқынғандарға “әсер етуінен қорғау үшін Сенаттың алдында оларды бөлектеп ұстау керектігін” ұсынады [9, 382 б.]. Ұсыныс барысында өзге діндегілер өздерінің бұрынғы ауылдарына, қоныстарына қайтарылды. Ал шоқынғандартізімге алынды. Мұнымен қоймай И.И. Неплюев 1746 жылы “шоқынғандардың қамы үшін” Нагайбақ бекінісінде қасиетті Троица құрметіне үлкен шіркеу салдырады.

Рухани істер жөніндегі Уфа провинциясы 1764 жылға дейін христиандық Қазан Епархиясына қарады. Оның құрамын И.Я.Яковлев былай жазады “Бұл жабайы өлкеде орыс отаршылығы мен саудадан басқа миссионерлік қызметте - православ сеніміндегі иерархиялы Орыс шіркеуінің майталмандары,

жанашырлары Д.Сеченев, С. Гловацкий, Л. Конашевич и В. Григоревич еңбектерінің арқасында кеңінен уағыздалды және тарады. Әсіресе, бұлар қоныстас орналасқан Кіші жүзге күшті ықпал етті. Олар Қазанда Новокрещенская конторын басқаруға тізбектеліп бірінен кейін бірі тағайындалып отырылған [10, 10 б.]".

Ал орталықтың алдағы қызметі, нәтежелері жөнінде тақырыптың мазмұнына сәйкес алдағы тарауда баяндайтын боламыз.

XYIII ғасырдың I жартысындағы Кіші жүздегі саяси жағдайлардағы бетбұрыстар барысында патшалық Ресейдің өлкені рухани-мәдени отарлау саясатына басты алғышарт болған себептердің бірі-Кіші жүздің солтүстігі мен солтүстік-батысында орналасқан башқұрт, қалмақ, татар халықтарының тарихи тағдырластығы, олардың орыс елімен ертерек қоныстас, іргелес болуы себепті жаугершілік жағдайларда олардан пана іздеп немесе күшпен қорқытуы, мәжбүрлеуі нәтежесінде христиандықты қабылдап, шоқынуы патшалық Ресейдің қазақтардың да солар сияқты біртіндеп орыстандырып, шоқындыруға мәжбірлеуге итермеледі. Өзге көшпелі елдерді оңайда, олжалы отарлаудың бір буыны, немесе бір айласы осылайша рухани отарлау деп тапты. Кіші жүзді немесе Орынбор өлкесін түгелдей рухани-мәдени отарлау саясаты Ресей империясы үшін қазақ жерлерін әскери-саяси отарлаудан бөліп қарастырылмады. Дегенмен, өлкеге келген әр басшының, олар И.К. Кириллов болсын, одан кейін В.Н. Татищев, генерал-губернатор И.И. Неплюевтің тарапынан патшалық өкіметтің белгіленген нұсқаулары аясында"өз елінің отан сүйгіш, ұлт жанды империялық тәрбие санатында мемлекеттің саяси мақсат-мүдделерімен бірге өрбіп дамытылып отырылды. Рухани-мәдени отарлау саясатының алғышарттары XYIII ғасырдың I жартысында осылайша қалыптасып, Ресей империясының қазақ жеріне ішкерілей енуімен өсіп, өрбіп отырды. Ал қазақ халқын патшалықтың рухани-мәдени отарлауы саясатын жүзеге асыруда қазақпен қоныстас башқұрт қалмақ, татарларды рухани игерудегі тәжірибиесі жеткілікті еді. XYIII ғасырдың бірінші жартысында Орынбор өлкесінде христиандар 200 000 адамға жетті, дегенімен алда миссионерлер үшін орасан кең дала және христиандардан екі есе көп400 000 халық тұрды. Басты христиандандыру орталығы, шоқындыратын басты орын Нагайбақ бекінісіне И.И. Неплюев "үлкен үміт артты". Сонымен қатар, негізгі тұтқасы Новокрещенская конторaның 1740 жылы 11 қыркүйектегі "Бағдарламасының" 25-ші тармағында барлық священник, дьякон, шіркеу жанындағы қызметкерлердің қарамағында шоқынған өзге ұлттардың ана тілін меңгеруі міндеттелді. "Орынбор өлкесін рухани-мәдени отарлануын зерттеуде үлкен орын алған, әрі ең көп мәліметтер беретін-сөзсіз саяси қуғындалған, айдалған әртүрлі христиан текті топтар мен олардың тұрмыс, іс- әрекеттері"- дей отырып, В.И. Витевский мұның сыртында патшалықтың саясатында не мақсат жатқандығын аңғартады. Сонымен бірге автор 1736 жылы 11 ақпанындағы патша указын еске салады [1, 463 б.]. Онда "жаңа жерлердегі халық санын көбейту үшін, әр түрлі қылмыскерлер жіберіліп, олардың бірі тұрақты қызметке екіншілері жер өңдеу т.б қара жұмыстарға, үшіншілері ауыр қылмыс жасағандары шахтадағы жұмыстарға пайдалануы

керектіген” айтады. Алайда бұл саны көп сапасыз, еш пайдасыз жұмыскерлер болды. Княз Урусов басшылығы кезінде; “Орынборға айдалғандардың көбі қызметке де, еш шаруағада жарамсыз қартайған, әл-қуаты кеткен бейбақтар” екендігіне шағым жасайды [1, 463 б.]. Кейін 1744 жылы 29 наурыздағы сенат нұсқауы бойынша И.И. Неплюев өтінішімен Орынборға саудагерлер,шеберлерімен қолөнершілер жіберіле бастайды.

Санкт-Петербургтық патша сарайының кеңесшісі генерал-майор 2-ші Ставицкий 1820 жылы 18 сәуірде жазған мәлімдемесінде: “Мен Орынбордан Бұқараға, одан әрі жаңа Қытай бекінісінен Амурға дейін жүріп өттім. $34^0$ градуста ол өзен жағалаулары мен жолды қосқанда 400 верст жерді алып жатыр. Бұл кеңістікте қазір Россияға қарасты тәуелсіз, еркін, тынымсыз әрі жабайы (хищные) қырғыздар мекендейді” [11, 2 б.]-деп қазақ даласын сипаттай келе, одан әрі,- қырғыздар 3 негізгі аймаққа бөлінеді: үлкен, орта және кіші орда. Олардың бұл атауы Шыңғыс хан кезеңінен қалған. Кезінде ол бұл өлкеніүлкен, орта және кіші балаларына бөліп берген екен. Үшеуінің ішінде Кіші орданың халқы алдыңғыларына қарағанда ең тығыз орналасқан және де жыртқыш, жабайы варварлар. Кіші орда Ор бекінісінен Каспий теңізіне дейін жайлайды [2, 3 а]”-деген мәлімдеме қалдырады.

“Алғашқыда Орынбор линиясының жаңа құрылған кезінде қазақтар линияғажиі шабуыл жасап маза бермеді. Сондықтан онда жаңадан келген генерал Неплюев өте тиімді саясат жүргізді. Ол линияда әскер санын көбейтіп, өз қарамағындағы башқұрттарды линиядағы шекаралас қазақтардың малын барымталауға рұқсат етеді”. Сөйтіп қазақ пен башқұрт, қазақ пен қазақ руластары арасында әдейі іріткі салады да, одан құтылу үшін бұлар Орынбор линиясы басшыларынан көмек сұрап барып, олардың пана болғаны, көмегіүшін біртіндеп орыс әскери шенеуніктеріне қарыздар болып олардың ықпалынатүсе бастайды [11, 4 б.].

Ал империялық шенеунік генерал-майор 2-ші Ставицкий 1820 жылы 18 сәуірдегі мәлімдемесінде “Ескертетін жәйт, Азия халықтарының басты қасиеті, жекелеген көшпелілердің қосылуы белгілі бір жағдайлар және оқиғаларға тәуелді болғандықтан, көп жағдайларда олар көнбейтін қайсарлы, су тасқынынан шапшаң орны толмастай етіп қаңыратып, қиратып өтетіндей із қалдырады” [11, 7] - деп олардан алғашқыда сескене қарағанында жасырмайды. Күні бүгінгі Ресейлік империя тарихын зерттеуші ғалымдар “Еуразиялық аймақтағы басты орталық болып табылатын Орта Азияда Ресейдің азаматтық және әскери басқару жүйесінің қалыптасуы және дамуы жалпы аймақтық және локальды-территориялық ерекшеліктері: жергілікті шаруашылық-мәдени құндылықтарынан және дәстүрлі тұрмыс кейпінің спицификасынан келіп шығады. Қазақ жүздері Ресей құрамына қосыла отырып, өз еркіндігінің көптеген белгілерін қамтыды.

Қазақтар рекруттық және тұз салығынан босатылып, бұл XX ғасырдың басына дейін сақталды. Қазақстанның әкімшілік құрылысы дәстүрлі шығыс және европалық белгілерді бірдей қамтыған жергілікті және қоныс аударып келген халықтарды бірдей басқаруда қолданылды. Толықтай алғанда, бұл жүйе

аса күрделі еуразиялық тарихи дәстүрлермен қоғамдық процестердің туындысы”-деп есептейді [12, 323 п.].

Ал XIX ғасырдың I жартысына дейін Қазақстанда хандық басқару жүйесі сақталды. Алайда оны патша өкіметі тағайындап отырды. Оларды басқару (яғни Қазақстанда, оның ішінде біз сөз етіп отырған Кіші жүзде) орталығы Орынбор мен Омбы қалаларында орналасты. Орынборда 1799 жылдан Шекаралық комиссия құрылып, ол өз атауын өзгертіп 1831 жылдан бастап Шекаралық басқару орталығы деп аталады.

Ал оның ерекше қызметі туралы: “Олар қазақ жерлеріндегі патшалықтың жүргізілу саясатын тыңғылықты әрі жан-жақты қадағалап отырды. Басқару құрылымы Ресейлік жүйеге біріктірілді”-деп жазады [13, 14].

Орынбор шекаралық комиссиясының кеңсесі қазақтардан және орыс-казак бекіністерінен келіп түскен іс-қағаздар мен әртүрлі арыздар қаралып, арнаулы комиссия мәжілісі өткізіліп тұрған. Комиссия мәжілісіне қатысуы үшін Кіші жүздегі үш ірі рудан (Байұлы, Әлімұлы, Жетіру – АБ.) сұлтандар сайланып жіберіліп отырылған. Ол сұлтан ел ішінде беделі бар адал адам болуы шарт еді. Орынбор шекара комиссиясының тұңғыш төрағасы болып, генерал–мойор Баяхметов тағайындалды. Комиссияның бірінші мәжілісі 1800 жылы қаңтардың 12 күні Орынбор қаласында шақырылған. Оған Байұлы руынан сұлтандар Нүрке Қарабаев және Нұрмұхамбет сұлтан қатысқан [14, 116-118 пп.].

Негізінен комиссия қызметіне барымта, жер дауы, орыс-казак бекіністері комендanттарының арызы және қазақ жеріндегі болып жатқан түрлі оқиғалар қаралған. Сонымен қатар Кіші жүзі жері арқылы өтетін сауда керуендерімен бірге Хиуа, Қоқан, Бұқар хандықтарына арнаулы барлаушылар мен тыңшылар жіберіп, Орта Азияда болып жатқан жағдайлар туралы өте құпия мәліметтерді алып отырған.

Ал 1805 жылы 9 мамырда Орынбор генерал-губернатор Л. Волконский Кіші жүз сұлтандары мен старшындарына үндеу таратады. Онда: “Қазақ даласында тыныштық бұзылып барады, әкімшілік нұсқаулардың орындалмауы мені қатты ойландыруда... Сондықтан, патша ағзам маған Кіші жүз даласында тыныштық орнатуды тапсырды. Ал мен жаңадан әскери отрядтар жасақтап, ішке жіберуге шешім қабылдадым,” – десе одан әрі “Әр рудан бір-бірден рубасы сайлаңыздар да оларды маған, Орынборға жіберіңдер. Оларға Ордада тәртіп орнатудың жолдарын түсіндіруім керек,” – деп өзіне сендіре жариялайды[14, 9 п.].

XIX ғасырдың 20 жылдарында елде қазақ ру-тайпаларының жағдайларытым ауырлап кеткен еді. Хандық билікті жергілікті басқарушы сұлтандарда қанағаттандыра алмады. Елде әлеуметтік күйзеліс, қоғамдағы өзара қайшылық тереңдей түсті. Патша өкіметі даланы басқаруда шекара комиссиясының қызметі арқылы тәжирибе жинақтап, хандықты жойып, Кіші жүзді басқаруға Ресей әкімшілік жүйесін енгізуге болатынына көз жеткізе бастады.

Сөйтіп, 1822 жылы Кіші жүздің Орынбор қазақтарын басқару үшін генерал–губернаторы Эссен жаңа заң жобасын ұсынады. Бұл жоба сыртқы істер министрлігінің Азия департаментінде 1824 жылы Эссеннің жобасы бекітілді. Бұл жобаны жасауда 1822 жылы қабылданған Сперанскийдің ұсынған жүйесі

негізге алынады. Онда (Сібір қырғыздарын басқару туралы ереже) VI тараудың III бөлімі “Установление духовные и по части народного просвещения ” – деп аталады. Бұл бөлімнің 243 параграфына назар аударсақ “Поелику вера киргиз– кайсаков по сие время в сущности более языческая, нежели могаметанская, то представляется надежда к обрашению многих из них в християнство. Областное начальство может испросить особенную в степь миссию, с тем чтобы действовала она одними увещаниями и убеждениями без малейшегопринуждения ? [15, 105 п.]” – деп рухани отарлау саясатының бет – бейнесін ашық көрсетіп берді.

Ресей империясының орталық-аралық аймақ – Қазақстанның маңызды стратегиялық орны нақ осы XIX ғасырдың 20 жылдарынан бастап неғұрлым айқын көрінді. Батыстан – шығысқа, Ауғанстан мен Үндістанға баратын сауда –керуен жолдары Қазақстан арқылы өтетін, тек осында ғана мықтап орналасып алып, содан соң Орта Азиялық хандықтарға қарсы жорықты іске асыруға кірісуге және одан әрі Орта Азияға кеулеп ену мүмкіндігі туды.

Ресей империясы қазақ өлкесін тәуелсіздіктен айыруы мақсатында жүргізген алғашқы әрекеті - әскери тірек пункті – гарнизондар сала отырып, тізілте және жекелеген бекіністер салуды жеделдетуден және осы бекіністерге жапсарластыра казактардың тұрақты елді–мекендерін орнатудан көрінгенәскери тұрғыда бекініп алу еді [17, 123] .

XIX ғасырдың I жартысында Кіші жүздің Ресеймен шекарасында тізілте салынған және 40–50 жылдарда өлкеде ішкерілей орналасқан бекініс, қамалдар қазақ даласымен Орта Азияға жіберілген түрлі экспедициялар мен жазалаушы казак отрядтарының жасақталуына үлкен тірек болды.

XIX ғасырдың 30–40 жылдарында Патшалық Ресейдің Кіші жүзге билігі күшейген кезде Кіші жүзді түгелдей, әсіресе ең шалғай өңірлері оңтүстік - батысы – Маңғыстау қазақтары мен Сырдария бойындағы қазақтарды бағындыруды патша өкіметі мемлекеттік деңгейде ойластырады. Бұл кезеңде патшаның құпия нұсқаулары үсті–үстіне шығарылып, жергілікті қазақтарға білдірмей арнаулы барлаулар ұйымдастырылып отырды. Әдетте отарлық империялар жаңа елдерді бағындыруды зерттеу жүргізуден бастап, жергілікті халықтың тұрмыс–салтын, шаруашылығын, оның байлығын, халықтың мінез– құлқын өте жақсы біліп алады да, отарлаудың алғашқы шараларын жүргізеді.

1847 жылы Сырдарияның оң жағасындағы Ресей шекарасын қорғау мақсатында бұл жерді Орынбор корпусынан арнайы бөлек әскери топ (команда) аттандырылып олар Райым бекінісін тұрғызады. 1853 жылы жаңа үш бекініс: Қазан, Қармақшы және Қуаңдария бекіністерінің іргесі қаланып, бірінен кейін бірі кезектесе орналасуына байланысты бұл бекіністер № 1, 2, 3 форттар деп аталады. Ал 1854 жылы Сырдария линиясының әскери құрылысы туралы ереже (положение) бекітіледі. Ереже бойынша Сырдария линиясының басқару - әкімшілік және азаматтық басқару (қырғыздарды игеру үшін бас штабы) құрылымы көрсетіледі. Басқарушы линия – бас штабқа № 1, 2, 3 және Перовский (бұрынғы Қоқан қасында болған Ақмешіт бекінісі) форттары, Джулеп бекінісі мен Арал флотилиясы кірді.

1865 жылы 5 наурызда Түркістан облысының құрылуына байланысты Сырдария линиясының әкімшілік басқару құрылымы мен басқару құқығы (должность командуещего) өз күшін жояды [17, 1]. Одан әрі құжаттарда Линияның штаб–офицерлерінің әскери қызметтері мен жеке қасиеттері (личныекачества) туралы құпия мәліметтер жинақталған. Материалдар 1856 жылдың 27сәуірінен - 1859 жылдың қарашасына дейінгі кезеңді қамтиды [17, 29].

1815 жылдың 12 желтоқсанындағы указ бойынша Ресей қарулы күштері екі армия мен жекелеген корпустарға бөлінеді. Жекелеген корпустар деп – армияға тәуелсіз бөлек жеке іс-әрекеттер жасай алатын әскери орталықтарды атады. Солайша, жеке Орынбор корпусы құрылады. Корпустың міндетіне оғанбөлінген территориядағы тәртіпті қадағалау, әскери іс–шаралар жүргізі патша өкіметінің жергілікті халыққа қатысты саясатын іске асыру кірді.

Жеке Орынбор корпусының басында корпус командирі тұрып, ол жоғарғы қолбасшы мен бірдей құдіретке ие болды. Ол жергілікті әскери басқару органыболды және оған шаруашылық мәселелер, әскерді орналастыру, оны қамтамасыздандыру, оқу кестесін жасау міндеттері жүктелді [18, 1]. Райым бекінісінде әскери гонизон орналастырылып онда әскери әкімшілік учреждениялар мен орыс тұрғындарын көшіріп әкелуге байланысты өзара хат– хабарлар жинақталған (басталуы 12 қараша, 1846-1853жж) [19, 237]. Бұл тұрғыда тарихшы А.К. Абилевтың мынадай ойлары орынды болып табылады: “Олар (Патшалық империя) еркін тұрмысты сақтай отырып, саналы түрде шын мәніндегі Ресей империясы билігі астындағы жергілікті тұрғындардың “бақыты” мен “амандығын” нығырлап ескертіп отырды”

[20, 54]. Шындығында да, отарлаушы Ресей империясының жүргізген барлықәрекеттері жаңа әкімшілік басқару жүйесінің қажеттілігінен туды деп түсіндіріліп, оның аясында негізгі түп мақсаты құпия сақталынып барлық шаралар тек халық пайдасы үшін болуға тиісті табиғи заңдылық ретінде түсіндірілді. Ал халық наразылығы мен көшпенділердің Ресейлік шенеуніктерге ашық қарсылығы отарлау саясатына емес, шекаралық әкімшіліктің жекелеген озбырлық қысымшылығына қарсы бағытталған дептүсіндіруге тырысты немесе бұрмалады. Өйткені арнайы істер өкілдерінің қазақ халқына байланысты ешқандай әдейі бағдарламасы болмады. Тіпті ағарту идеясы да сол кезеңде сәнге айналған халықты жаңа өмірге ынталандыру құралы қызметін атқарды. Өйкені құжаттардан немесе саяси реформалар бағдарламасында мен шенеуніктердің қолжазбаларында да халықтың мәдениеті, дәстүрлерін, тұрмысын көркейту туралы бірде бір сөз айтылмайды. Керісінше аларды “тағы” халық ретінде сынға алып, “тұйыққа тірелген, арта қалған” елді алып империяға қосып алу мәселелері көтеріледі.

Ресей империясы тек қана Қазақстанның халықаралық аренадағы маңызына ғана мән берген. Ал халқы, олардың құқтары мен рухани–мәдени құндылықтары есепке алынған жоқ. Өлке тек орыс елінің шығысқа шығатын плацдармы ретінде қызықтырды. Ал бұл мәселеге қатысты барлық іс–шаралар Ресей императоры мен оның әкімшілігінің нұсқауымен құпия тапсырмасымен жүргізілді. Және “Соңында шіркеудің мүддесімен көзқарасын білдіретін

мемлекеттік арнайы қолдауымен шеткері аймақтарды игеру идеясы қалыптасты”[21, 55 б.].

Сондықтан, халықты біріктіру мәдени–рухани деңгейін көтеру былайтұрсын, тіпті елді әкімшілік жағынан басқару жөнінде де біріңғай тәртіп болмады. Өкіметтің жергілікті әкімшілік орындары ойына келгендерін істеп, қазақ халқының тағдырын тәлкекке сала бастады.

## ӘДЕБИЕТТЕР:


1. Витевский В.Н. И.И.Неплюев и Оренбургский край в прежнем его составе до 1758 года. Т-1, вып.-1,2,3. Казань, Типо-литография В.М.Ключникова,1889г Материалы для историй экспедиций АН в XYIII- XIX вв. Москва-Ленинград, 1940. (ТР//Архив АН СССР, Вып 4)
2. Қазақстан тарихы (көне заманнан күні бүгінге дейін) III том, Алматы, “Атамұра”,2002,-768 б.
3. Витевский В.Н. “Н.И.Ильминский”. Казань, 1892; Яковлев В.А. Из истории церковной жизни Туркестана. Москва, 1902.
4. Полное собрание законов Российской Империи Т IX, №6571
5. Мәшімбаев С.М. Патшалық Ресейдің отарлық саясаты. Алматы, “Санат”,1994,-136 б
6. Апполова Н.Г. Экономические и политические связи Казахстана сРоссией в XYIII-начале XIX в.Москва, изд АН СССР,1960,-456стр.
7. РФ ЕАМ 248 қор, 13 тізбе, 66 іс /1737-1741/
8. РФ ЕАМ 248 қор, 13 тізбе, 67 іс /1740-1741/
9. Рычков П.И. Топография Оренбургская, то есть обстоятельное описание Оренбургской губернии. Ч 1-2. Спб, 1762. 2-ое изд.Топография Оренбургской губернии. Оренбург, 1887.
10. История внешней политики Россий (конец XIX –начало XX века). (ред. колл. В.А.Емец, А.В.Игнатьев, С.В.Тюткин, Е.Г.Кострикова). Москва, Международные отношения, 1997.
11. РФ ӘТМ 483 қор, 1 тізім, 4 іс
12. Национальные окраины Российской империй: становление и развитие системы управления. Отв.ред. Агаджанов С.Г., Трепавлов В.В., Москва, Институт Российской историй РАН., “Славянский диалог”, 1997,-416 стр. 13.Вельяминов-Зернов В.В. Исторические известия о Киргиз-Кайсаках иотношениях России со Среднею Азию со времени кончины Абулхаир хана (1748-1765 г.г)//Оренбургские губернские ведомости, 1853, № 4, -201с.
14. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты (бұдан әріҚРОММ). 74 қор,1 тізім, 206-іс.
15. Материалы по истории политического строя Казахстана. Алма-Ата, Издательство АН Каз ССР, 1960,-441 стр.
16. Бекмаханов Е.Б. Присоединение Казахстана к России. Москва АНСССР,1957,-341 с
17. РФ ӘТМ 1433 қор, 1-тізім, 1-кітап, Алғысөз

18. РФ ӘТМ 1433 қор, 1-тізім, 3-іс 19.РФ
ӘТМ 1441 қор, 1-тізім, Алғысөз
20. Абилев А.К. Русская историография истории Казахстана XVIII нач XX веках (учебное пособие) Караганда, Издательство КарГУ, 1988, 85 стр.;сонымен: Некоторые вопросы историографии Казахстана. Караганда, Караг. ГУ, ,1980,-133 с
21. Абилев А.К. Русская историография истории Казахстана XVIII нач XX веках (учебное пособие) Караганда, Издательство КарГУ, 1988, 85 стр.

**ӘӨЖ 821.512**

## ТҮРКІЛЕРДІҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫ

**Абдрахманова Райса Лесовна**
*Тарих ғылымдарының кандидаты,*
*қауымдастырылған профессор*
*Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті*

***Аннотация:*** *Көне түркі мәдениеті шарықтап, IX-XII ғасырларда небір жазба ескерткіштер дүниеге келді. Бұл шығармалардан байырғы түркілердің мәдениетімен қоса ел басқарған, мемлекет құрған өркениетін де көреміз. Еуразия территориясында көне түркілік көшпелі тайпалар белгілі бір этномәдени негізде қалыптасты. Олардың материалдық және рухани жетістіктері кейінгі қазақ халқының мәдениетінің қалыптасуының қайнар көзі болды. Елбасы Н.Назарбаев «Тарих толқынында» кітабында «Біз өз мемлекетімізді ұзақ уақытта меңзеп құрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн» деп көрсетті.*

***Түйін сөздер:*** *Тарих толқынында, эпос, күлтегін, әлемдік әдебиет, сақтар,ғұндар.*

Көне жырлардағы поэтикалық тектестік, көркемдік жалғастық белгілерін сол кезеңнен кез – келген жәдігерінен табылады. Бұл, әсіресе, ежелгі дәуірдегі әдеби ескерткіштері қатарында айшықтана, шоқтықтана көрінетін ерекше туындылар: Тәңірлік дәуір әдебиетіндегі Сақтардың қаһармандық дастандары
– «Алып ер тоңға», «Шу» дастандарында, Ғұндардың батырлық жырлары – «Оғыз-қаған», «Аттила», «Көк бөрі», «Ергенекон» дастандарында, Түркі жазба жәдігерліктері «Тонынкөк» пен «Күлтегін» жырлары, «Қорқыт ата кітабы», Ислам дәуірі әдебиетіндегі – Әбу Насыр әл-Фараби туындылары, тағысондай-ақ Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігі», Махмұд Қашқаридың «Түркі тілдері жинағында», Ахмед Иүгінекидің «Ақиқат сыйы», Ахмет Яссауидің
«Даналық кітабы», Алтын орда дәуірі әдебиетіндегі Сайф Сараи «Гүлістан бит- түрки», Хорезми «Махаббат-наме», Құтб «Хұсрау-Шырын», Дүрбек «Жүсіп-

Зылиха» дастандарында, Тарихи шежіре және көркемдік дәстүр әдебиетіндегі Әбілғазы Баһадурхан «Шежіре–и түрік», Қадырғали Жалаири «Жами – ат тауарих», Захириддин Мұхаммед Бабыр «Бабыр-наме», Мұхамед Хайдар Дулати «Тарихи – и Рашиди» атты еңбектерінде айқын аңдалады. Алайда
«ежелгі түріктердің тарихнамасы» саналатын руналық жазудағы ерлік дастандары бір күнде ғайыптан пайда бола салған жоқ. Басқаа айсақ, Түрік қағанатының әскери қолбасшысы Күлтегін батыр мен Білге қағанның кеңесшісі Тонықөкке арнаған ғажайып жыр – дастандары жазуға үлгі -өнеге, модаль-форма болған қаһармандық дастандар болды ма деген орынды сауал туады. Әрине, болды [1].

Ежелгі түркілердің арғы ата – тегі саналатын сақтар мен ғұндар дәуірінің қаһармандық дастандарындағы мазмұн, форма, стиль бірлігі жайында ұқсастық сарындары. Түрк қағанаты құрылуынан сан ғасырлар бұрын, тіпті біздің жыл санауымызға дейінгі сақтар мен ғұндар дәуірінде өмірге келген еді. Олар: Алып Ер Тоңға, Шу батыр, Аттила, Оғыз қаған, Көк бөрі және Ергенекөн дастандары. Алайда бұлар соңғы кезге дейін қазақ әдебиетінің қалыптасу процесі тұрғысынан зерттелмей келген еді. Бұл дастандарды біз тұңғыш рет қазақ әдебиетіндегі көркемдік дәстүр жалғастығы аспектісінде қарастырып отырамыз. Сақтар мен ғұндар дәуірінің ауыз әдебиеті үлгілері саналатын осы дастандар бізге толық күйінде емес, жеке-жеке үзінділер түрінде ғана жеткен. Ал, кейбіреулерінің жалпы сюжеттік желісі ғана сақталған. Басқа да түркі тектес халықтар сияқты қазақ елі сонау қадым замандардан бізге жеткен осы асыл қазыналардың-байырғы батырлық эпостардың заңды мұрагері болып саналады. Бұл туралы академик Ә.Марғұлан: Қазақ халқына көп ғасырдан бері мұра болып келе жатқан ғажайып аңыздарды, мазмұны ертегіге айналған мифтерді,жан күйін көкке сермейтін асқақ ерлік жырларын,қария сөздерін тереңнен алып қарасақ,онда бүкіл дүние мәдениетіне қосылатын бір үлкен сәулетті сыр бар екні көрінеді. Бұл жойқын шығамалардың ту баста келіп шығуының өзі бір –жақын дүние. Оны ең алғаш келістіре шығарған елдер ерлік дәуірін басынан кешірген, қазақтың байтақ сахарасын қоныстанған сақтар,ғұндар, үйсіндер, қаңлылар,олардың соңынан ала қарыштаған ұрпақтары-оғыздар, қыпшақтар, қарлұқтар, наймандар, керейлер, пешенелер, хазаналар [2], - деп атап өтеді.

Ежелгі сақтар мен ғұндар дәуірінің аңызға айналған тарихынан елес беретін бұл қаһармандық дастандары мен қазақтың батырлық жырларыарасындағы байланыс белгілері көркемдік дәстүр жалғастығы тұрғысынан арнайы зерттеу объектісі болмай келген еді. Сол себепті біз Алып Ер Тоңға , Шу батыр, Аттила, Көк бөрі және Ергенекөн дастандарының қысқа-қысқа үзінділерін, жекелеген фрагменттерін, жеке – жеке күйінде жеткен сюжет элементтерін жинақтап, белгілі бір ғылыми жүйеге келтіруге өз мүмкіндігімізше әрекет жасадық. Сондай-ақ сақтар мен ғұндар дәуірінің жоғарыда аталған ауыз әдебиеті үлгілері мен қазақтың батырлық жырлар арасындағы мазмұн, форма, стиль бірлігінің ұқсастығын байқағандаймыз.

Біз Орхон жазба жәдігерліктері мен қазақтың батырлық жырлары арасындағы сабақтастық мәселесі алпысыншы жылдары белгілі бір дәрежеде

зерттеу объектісі болғанын ескердік. Соның өзінде бұл проблеманы түркологияғылымының қазіргі жетістіктер тұрғысынан қайта қарап шығуды жөн көрдік. Сондай-ақ Күлтегін және Тоныкөк жырларының қазақ жыраулары арасындағы шешендік-даналық ойлардың қалыптасуында атқарған ролі көркемдік дәстүр жалғастығы тұрғысынан кешенді түрде арнайы зерттелмегенін ескердік.

Сақтар дәуірінің аса құнды әдеби жәдігерліктерінің бірі –Алып Ер Тоңға дастаны.Бүгінгі күнге дейін Алып Ер Тоңға дастанының жалпы сюжеті мен жекелеген үзінділері ғана жеткен. Әйтсе де сол үзінді түрінде сақталып келген жыр жолдарының өзінен – ақ бұл дастанның сюжеттік желісін, басты идеясын, көркемдік дәрежесін аңғару қиын емес. Дастанның басты қаһарманы - Алып Ер Тоңға. Алып Ер Тоңға – аты аңызға айналған тарихи тұлға. Ол біздің заманымыздан бұрынғы ғасырда өмір сүген. Алып Ер Тоңға – Тұран елінің биилеушісі, сақтар әскерінің қолбасшысы, ержүрек батыры. Дастандаоны елдің көреген көсемі ретінде де бейнелейді.

Тұран әскері қолбасшының атына қосылып айтылатын алып сөзі ол заманда күшті, батыр, қаһарман, ержүрек деген мағынаны білдірген. Алып- сақтар мен ғұндар заманынан бері ел қорғаған батырлардың, қолбасшы ерлердің атына қосылып айтылып келе жатқан мәртебелі есім. Түрік қағанаты тұсында бұл сөз әскери титул мағынасында да қолданылған. Ежелгі түркі халықтары өз батырларының атына алып сөзін қосып айтып отырған. Мәселен: Алып Тегін, Алып Арслан, Алып Бамыс (Алпамыс), Көк Алып сияқты қол бастаған батырлар болғаны мәлім. Алып Ер Тоңғаны парсырлар Афрасиаб деп те атаған.

Бұл дастандағы батырдың есіміне қосып отырған ер сөзі ежелден-ақ батыр, қаһарман, жаужүрек деген ұғымдарды білдіретінін аңғару қиын емес.сақтар дәуірінің осы дәстүрі сан ғасырлар бойы сақталғаны, бертін келе қазақтар да өз батырларына ер сөзін қосып айтқаны жақсы мәлім.

Өзінің идеялық мазмұны мен көркемдік дәрежесі жағынан «Алып Ер Тоңға» дастанынан кейінгі аса маңызды туынды «Шу» дастаны екенін түрік ғалымы кейін түрік ғалымы С.Қараәлиоғлы еркше атап көрсетеді.

Көне тарихтың куәсіндей болып, бізге жеткен рухани мұралардың бірі, ежелгі түркі поэзиясын қазақ фольклорымен ғасырлар бойы үзілмей ұласып келе жатқан көркемдік дәстүр жалғастығы тұрғысынан зерттеу қажет.

Сан ғасырлық тарихы бар қазақ ауыз әдебиеті мен ежелгі жазба әдебиетінің түп-төркінін, қайнар бастауларын объективті түрде алып қарастыру, яғни көркемдік дәстүр жалғастығы заңдылықтары арқылы танып- білу болып табылады. Өйткені тарихи жалғастықтың өзі қоғамда бұрыннан қалыптасқан белгілі бір дәстүрге негізделеді. Дәстүр дегеніміз – бір ұрпақтан келесі ұрпаққа ұдайы ауысып отыратын тарихи тұрғыдан қалыптасқан әлеуметтік нормалар мен принциптер. Мұның өзі көркемдік дәстүр жалғастығына, идеясына, сюжетіне, бейнелеу құралдарына, композициясына, тіліне қатысты болып келеді. Міне, сол себепті біз ежелгі түркі поэзиясымен қазақтың өзіндік төл әдебиеті арасындағы сан ғасырлар бойы үзілмей ұласып келе жатқан көркемдік дәстүр жалғастығы проблемасын осы тұрғыдан қарастыруды жөн көрдік.

Сонымен, ендігі міндет ежелгі тарихтың түрлі кезендерінде өмірге келген шығармалардың бірінен бірі туындап жататын ішкі логикалық байларыстарын, өзара ықпал әсерін, даму жолдарын, жаңа көріктеу құралдарының пайда болуын, тағы басқа байланыстарын талдау болып табылады. Сол арқылы ғана біз көне түркі әдеби ескерткіштері мен қазақтың өзіндік төл әдебиеті арасындағы көркемдік дәстүр жалғастығы бір сәтке де үзілмей жалғасып, ұласып келе жатқандығын дәлелдей аламыз. Біз ежелгі түркі дәуірінің ерлік дастандары мен қазақтың батырлық жырлары арасындағы көркемдік дәстүр жалғастығын айқындай түсуге өз мүмкіндігіміз жеткенше әрекет жасадық.

Асылы, әлемдік әдебиет аренасынан өзіндік орын алған қазіргі қазақ әдебиеті өзінің бүгінгі асқар биігіне, кемелденген дәрежесіне жету үшін сан ғасырлық тар жол, тайғақ кешулерден, қиын-қыстау асулардан, зар- заманнан өтіп келді. Өйткені қазақ әдебиетінің тарихы – қазақ халқының қоғамдық, әлеуметтік-саяси өмірінің бейнелі көрінісі, соның сүрлеуі болып табылады. Сөйтіп, басқа да түркі тілдес халықтар секілді қазақ халқының да ежелгі дәуірдегі қалыптасып, өсіп дамып келе жатқан өзіндік материалдық және рухани мәдениеті бар екені мәлім. Қазақ халқының әлемдік мәдениетке қосқан үлесі туралы кезінде академик Әлкей Марғұлан мынадай пікір айтқан еді: «қазақ халқына көп ғасырдан бері мұра болып келе жатқан ғажайып аңыздарды, мазмұны ертегіге айналған терең мифтерді, жай-күйін көкке сермейтін асқақ ерлік жырларын, философиялық қария сөздерін тереңнен алып қарасақ, онда бүкіл дүние мәдениетіне қосылатын сәулетті сыр бар екені көрінеді.

Мұның өзі ежелгі түркі поэзиясы мен қазақтың төл әдебиеті арасындағысан ғасырлар бойы бір сәтке үзілмей келе жатқан көркемдік дәстүр жалғастығы.Ендеше, ең алдымен, көне түркі қаһармандық дастандарымен қазақтың батырлық жырлары арасындағы байланыс белгілерін айқындап алу қажеттігіайқын байқалады. Бұл сияқты өзара байланыс белгілерін, бір жағынан,стильдік-тілдік формаларының бірлігі негізінде зерттеу арқылы айқындап алумүмкін деп білеміз. Дипломдық жұмыс барысында алға қойған мақсатымыз –ежелгі түркілердің қаһармандық дастандары мен қазақтың батырлық жырларыарасындағы мазмұн, стиль, форма, дәстүр бірлігін айқындап алу болыптабылады. Адамзат тарихының түрлі кезеңдерінде өмірге келген көркемтуындыларды өзара байланысты түрінде алып қарау арқылы ғана әрбіршығарманың туындау жолдарын, мән-мағынасын, мақсат-мұратын, бейнелеу құралдарын, поэтикасын, т.б. айқындап алуға болады.

Сол арқылы ғана біз бүгінгі күнге ғасырлар қойнауынан жеткен көркем жәдігерлердің қалыптасу тарихын, әдеби өмірдің кемелдену кезеңдерін, сан алуан әдеби бағыттар мен идеялардың даму сатыларын, әдеби процеске ықпал еткен қоғамдық-әлеуметтік құбылыстардың шынайы табиғатын тереңнен танып білеміз.

Ежелгі түркі ескерткіштерінің тарихтық, жазба-әдебиеттік өрнегі туралы бір талай зерттеулерде пікір қорытылып келген болса, Орхон жазуларының ауыз әдебиетіне қатысы кең сөз болған емес. Бұл проблемаға қазақ ғалымдарынан алғаш назар аударып, күрделі ой тастаған М.Әуезов болатын. Ол

қырғыз эпосы «Манас» туралы монографиясында жырдың сөз айшықтары ертегідегі түрлі шығармаларымен үндес, орайлас келетінін ескерткен еді [3]. Әдебиет тарихшысы Н.Келімбетов түркі жазуларындағы эпикалық дәстүр мәселесін былайша түсіндіреді: «Күлтегін ескерткішін тарихи фактілер тізбегі емес, ежелден еркіндік аңсаған түркі халқының бақытты өмір жайындағы арман-қиялын, тәуелсіздік үшін ғасырлар бойы жүргізіп келген ерлік күресін, кескілескен шайқастарда қол бастаған қас батырларын жыр еткен батырлық эпосының алғашқы үлгілері деп танығанымыз жөн» [4, 52 б.].

Қаһармандық эпостың ең басты және шешуші белгілерінің бірі онда алып батыр тұлғасының болуы. Сырт жаулардан елдің азаттығын, бүтіндігін қорғау, осындай мақсат жолында қандай қаһарлы дұшпанға да қарсы шығу, өз жұртының тәуелсіздігі үшін ересен ерліктер көрсету батырлық эпос атаулының жетекші идеясы болып табылады. Аз күшпен көп жауды жеңетіндік, қаһарман ерлігі әсіреленіп берілетіндік те эпикалық дәстүрге хас көркемдік тәсіл болып саналады. Елді бостандыққа жеткізу қандай үлкен мұрат болса, ынтымақты бейбіт өмірді аңсау да күрделі міндет болып есептеледі. Міне осындай сипаттар көне түркі дастандарынан еркін табылатынын көреміз.

Ежелгі түркі дастандарының ту етіп көтерген негізгі идеясы – елдің тәуелсіздігі үшін жан аямай күреске шығу, өзінің ел-жұртын сыртқы жаудан қорғау, халық үшін қанды шайқасқа шыққан батырлардың ерлік істерін мадақтау. Дәл осы идеялар қазақтың «Алпамыс», «Қобыланды», «Ер Тарғын» сияқты батырлар жырынан өз өрнегін тапқанына көз жеткіземіз.

«Күлтегін» жырының ерлікті, елдікті мадақтау дәстүрі қазақтың батырлар жырында өз жалғасын тапты. Мәселен, қазақтың «Алпамыс», «Қобыланды»,
«Қамбар» сияқты жырларында батырдың жастық шағынан бастап, өмірінің соңына дейінгі ерлік істері жырланған. Түрік қағанатының есімі мәшһүр әскери қолбасшысы, даңықты батыры Күлтегіннің он алты жастан бастап, қырық жеті жасына дейін, яғни өлгенге дейінгі ерлік істері эпостық сарынмен жырланады. Күлтегін тарихи адам болса да жырда ол бейне бір аңыз қахарманындай ешқашан жеңілуді білмейтін батыр ретінде көрсетілген. «Күлтегін» жырында эпостық баяндау сазы басым. Академик Мұхтар Әуезов: «Мұнда батырдың жас шағынан бастап өмірінің ақырына дейінгі ерліктерін жырлайтын батырлық дастандардың сюжеттік құрлысына ұқсастық бар» деп көрсетеді [5, 13б.].

Күлтегін ескерткіші тарихи фактілер тізбегі емес, ежелден еркіндік аңсаған түркі халқының бақытты өмір жайындағы арман- қиялын, тәуелсіздік үшін ғасырлар бойы жүргізіп келген ерлік күресін, кескілескен шайқастарда қол бастаған хас батырларын жыр еткен батырлық эпосының алғашқы үлесі. Қазақ елінің ауыз әдебиеті бай, әсіресе, ежелгі дәуірден көненің көзіндей сақталып келе жатқан дәстүрлі дастандар- батырлық жырлары көбірек дамыған деуге болады. Эпикалық шығармалалар желісінде қара бастың қамы емес, халықтың мұрат-мақсаты үшін күрескен батырлар мадақталады. Қамбар батыр, Қобыланды батыр және Алпамыс батыр жырымен Күлтегін жырының идеялық ұқсастықтары, атқарған ерлік істері, олардың туған жері, елі үшін өз басын ажалға тігуі идеясы жағынан болсын, сюжеті, мазмұны жағынан болсын бір- бірімен сабақтасып жатыр.

«Күлтегін» жырының мына бір жолдарына назар аударсақ: Жалаңаш халықты тоңды

Кедей халықты бай қылдым Аз
халықты көп қылдым Тату елге
жақсылық қылдымТөрт
бұрыштағы халықты Бәрін бейіт
қылдым
Тату қылдым
Бәрі маған бағынды
Ісін-күшін беріп
Осыншама ел жинап
Інім Күлтегін өзі қайтыс болды [6, 59б.].

Эпостық батырдың бойынан табылатын асқақ қасиеттері: батырлық, адалдық, алыптық сияқты болып келетіні мәлім:

Күлтегін Азманағын мініп
Шабуылға ұмтылды
Алты ерін шанышты
Шабуылда жетінші ерін қылыштады [7, 23б.].немесе

Күлтегін туралы:

Тізеліні бүктірді, - дейді. Алпамыс батыр сияқты Күлтегін де суға салсабатпайды, отқа салса күймейді.

Жүзден артық оқ тидіБірі
де дарыған жоқ.

«Күлтегін» жырында батырлардың жекпе-жек шайқасқа шығуы, батырдыңшайқас алдындағы қаһарлы бейнесі ашу-ызасы зор шеберлікпен берілген.

Дәл осы дәстүрдің көрнісін қазақтың батырлар жырынан аңғару қиынемес. Мәселен, Қобыланды батыр қарсыласы Қазан батырға қарап былай дейді:

Қылышпенен өлтірсем
Қиқаладың дерсің сен
Найзаменен өлтірсем
Миқаладың дейсің сен
Садақпенен өлтірсем Қапы
қалдым дерсің сен
Мылтықпенен мен атсам,
Жазым қылдым дерсің сен
Мінген атың құла ғой
Сен үлкен де, мен – кіші
Кезегіңді ала ғой
Сендер көпте, мен жалғыз
Қолыңа пелді бір бала Білгеңінді
қыла ғой [8, 68б.].

Қорыта келгенде ежелгі дәуірдегі баға жетпес құнды еңбектер екедігі даусыз. Ежелгі түрк ескерткіштерін зерттеп саралау кезінде қазақ әдебиеті мен мәдениетінің құнарлы топырағының қымбат қасиеттеріне қанығa түсеміз. Ал, қазақ сахарасына етене жақын ондай қымбат қазыналар баршылық.

Ежелгі түркі дәуірлерінің өзінде қазіргі қазақ халқының парасат – пайымын қалыптастырып, рухани түп – тегін саралайтын талантты да өлмес мұралар жасалғанына көз жеткізгендейміз. XI ғасырда өмір сүрген Баласағұн сол дәуірдің аса маңызды әдеби ескерткіштерінің бірі әрі бірегейі – "Құтты білік (Құт дарытатын білім)" еңбегін жазып қалдырса, сондай – ақ ол Орталық Азиядағы түркі тілдес халықтар әдебиетінің бізге дейін жеткен тұңғыш туындысы болса, Махмұт Қашқаридың "Диуани – лұғат – ат – түрк (Түркі сөздерінің жинағы)" атты еңбегінің де құндылығы өте жоғары. Бұл еңбек тіл білімі тарихына орасан зор үлес қосып қана қойған жоқ, сонымен қатар түркі тілдес халықтардың тұрмысының, мінез – құлқының тарихынан мол мағлұмат беретін баға жетпес ескерткіш екеніне көз жеткізгендейміз[9].

Ол, сондай–ақ, орта ғасырдағы табиғи жаратылыс жөніндегі ғылыми көзқарастан да хабардар етеді. Осындай ұлы еңбектер сол ежелгі кездегі поэтика дәстүрін, ғылым тәжірибесін бойына кемел сіңірген ұлы ескерткіштер.

## ӘДЕБИЕТТЕР:


1. Худяков А.В. Основные элементы декоротивно-прикладного искусстваалтайцев // Түркология журналы. Түркістан. 2002. – 96-100-беттер
2. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан: Летопись трех тысячелетий. – Алма-Ата, 1992.
3. Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. – Алматы, 1987.
4. Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы,2005.
5. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Т.17. – Алматы:Жалын, 1985.
6. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы, 1991.
7. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр-аңыздар: ғылыми зерттеулер / Құраст.: Р. Бердібаев. – Алматы: жалын, 1985.
8. Ертедегі қазақ әдебиеті /Хрестоматия, Күлтегін. (Кіші жазу). – Аматы,1967.
9. Ғабитов М. Мәдениеттану. – Алматы, 2002.

**ӘӨЖ 008.323**

# ҚАЗАҚСТАН ЖЕРІН МЕКЕНДЕГЕН ЕЖЕЛГІ ХАЛЫҚТАРДЫҢ ӨРКЕНИЕТІНІҢ РУХАНИ-МӘДЕНИ НЕГІЗДЕРІ МЕН ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖҮЙЕСІ

**Сисекешова Альфия Сансызбаевна**
*тарих ғылымдарының магистрі,*
*аға оқытушы*
*Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті*

***Аннотация:*** *Халықтың діні, наным-сенімдері мен көзқарастары оның тарихына, рухани-мәдени, саяси өміріне үлкен әсер ететін фактор болып табылады. Дін – руханияттың өзекті саласы. Дін тарихын білмейінше белгілі бір аймақты мекендеген халықтардың тұрмысын, өмірін, мәдени болмысының қыр-сырын терең тану мүмкін емес, яғни кез келген ұлттық мәдениеттіңрухани бастауларын, оның менталитеті мен дүниетанымын ұғыну үшін мәдени тұтастықтағы діни жүйелерді терең зерттеп, зерделеудің маңызы ерекше. Ежелгі руханиятта дін оның негізгі құрамдас бөлігі екендігін ескерсек, айтылған тұжырымның маңыздылығы арта түседі. Себебі дін өткен тарихи дәуірлерде мәдениеттің барлық салаларын қамтып жатты.*

***Түйін сөздер:*** *өркениет, ислам діні, араб мәдениеті, Тәңір, "Күн адам", "Аспан адам".*

Көптеген мәдениеттанушылар дінді мәдениеттерді бір өркениетке біріктіретін фактор ретінде қарастырады. Н. Данилевскийдің, К. Ясперстің, А. Тойнбидің, О. Шпенглердің, П. Сорокиннің еңбектерінде тарихи-мәдени типтердегі діни ерекшеліктер бітім құрастырушы және мәдени айрықшалықты білдіретін нышан ретінде баяндалады. Үлкен өркениеттердің қалыптасуында ұлттық діндердің тар шеңберден шығып, рухани-мәдени тұтастықты құрауы, дүниетаным мен адами қасиеттердің жаңа мазмұндарын қалыптастыруы ерекшемаңызды.

Алайда, өркениет ағымына қосылған этностар мен этностық топтар өркениетке ортақ дінді, оның рәсім-рәміздерін қабылдағанмен, олардың наным-сенімдері мүлдем жоғалып кетпейді. Олар халықтың әдет-ғұрпында, дүниетанымдық рәміздерінде, дүниені түйсінуінде, сезінуінде сақталады. Сол себепті қазақтардың діни көзқарасында Алла мен Тәңірі ұғымдары синонимдерретінде қолданылады. Әрине, қазақ мәдениетінде қалыптасқан архетиптік наным-сенімдерден исламдық діни жүйеге ауысу бірнеше ғасырларға созылды және бұл қарым-қатынас тұтастану бағытында өтті.

Ислам діні мен араб мәдениетінің қазақ халқының руханиятына тигізгенигі әсерін, тарихтағы үйлестіруші қызметін теріске шығаруға болмас, алайда қазақтарды өзіндік халық, этнос ретінде қалыптастырған, руханиятының өзегін құрап, тұрақтандырған архетиптік наным-сенімдерін ұмытпаған жөн, оларсыз мәдениетімізді толыққанды түсіну мүмкін емес. Қазақтардың діни жүйелерін

қарастырғанда олардың бір-бірімен қатар дамығанын, оларды бөліп қарастыру тек ғылыми абстрактілеу арқылы, қолайлылық мақсатында қолданылғанын естен шығармаған жөн. Нақтылы тарихи даму барысында олар бір-бірімен қабаттасып, тұтасып кеткен. Қазақтардың мифологиялық және архетиптік тарихи даму кезендерінде генотиптік діни жүйелер басым болды. Профессор Т.Ғабитов генотиптік діни жүйеге төмендегідей анықтама береді: "Генотиптік діни жүйе деп рулық-тайпалық қауымға тән ілкі ата текті қастерлеп, оларды жаратушы және қоғамдық өмірдің барлық салаларында шешуші күш ретінде қабылдайтын сенімдер мен нанымдардың бірлігін айтады. Генотиптік сенімнің орталық бейнесі –аруақ" [1]. Ата-баба аруағын қастерлеу – сақтар заманынан осы күнге дейін жалғасқан дәстүр. Қазіргі күндері ел мен жерді жаудан жан аямай қорғап, ерлігімен, әділеттілігімен көзге түскен, сол арқылы халық жадында сақталған Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Райымбек сияқты батырларды, Төле, Қазыбек, Әйтекедей билерді қастерлеп, оларға атап ас беру – осы дәстүр көрінісі. Артында қалған ұрпағы о дүниелік болған адамныңаруағын риза етуді парыз санаған. "Өлі риза болмай, тірі байымайды" деген халық даналығында аруаққа деген көзқарас айқын көрініс тапқан.

Көне түркілердің генеалогиялық мифтері тотемистік нанымдардың да генотиптік сипатта болғандығын айқындайды. Түркілердің ұйытқысы болған ашин тайпасының өкілдері өздерін көк бөрінің ұрпақтарымыз деп санаған. Адам баласы өз табиғатында тек тәндік қана емес, сонымен қатар руханилықтың бар екендігін ерте ұғынса керек және ол осы ұғымын мифологиялық тұрғыда бейнелеген. Мысалы, Өгізхан, Шыңғысхан туралы аңыздарда олар күн сәулесінен жаралған делінеді. Бұл аңыздарда хан қызы күн сәулесі түскеннен кейін жүкті болып, ұл туады. Аталған аңыздарда ел билеуші хандардың құдайлық табиғатын, яғни билігін заңды деп тану мағынасында қолдану кейінгі кездерде қалыптасқан, ал олардың бастапқы мәні адамның руханилығын, трансценденттігін негіздеу болып табылады.

Көк аспанды, жұлдыздарды, күн нұрын — жан тұрағы деп қарастыру оларды құдіреттендіруге жол ашады. Дамудың белгілі бір сатысында адам болмыс пен сананың, тән мен рухтың аражігін ажыратады және соңғысын жоғарғы әлеммен байланыстырады.

Исламға дейінгі қазақ халқының рухани мәдениетінде тәңірлік сенім мен шаманизм айрықша орын алады. Тәңірді зерттеушілердің тұжырымында еуроазиялық көшпелі шаруашылық – мәдени типтің қажеттіліктеріне икемді сенім жүйесі ретінде бейнеленеді, яғни ол көшпелілердің шындықтағы болмыс тәсілінен, дүние түйсінуінен туындаған. Академик Ғарифолла Есім "ХакімАбай" кітабында: тәңірге сыйыну – сенім емес, дін емес, ол Адам мен табиғаттың арасындағы үйлесімділікті мойындағандық деп тұжырымдаған. "Тәңірді мойындау адам еркін шектемейді. Тәңірге көзқарас өзіне қарама-қарсытүсінікті қажет етпеген. Себебі, тәңір – деген табиғат, ол өмір сүру үшін қажетті жағдай. Тәңір табиғаттың өзінен туған түсінік. Оны табиғаттың синонимі деп те қарауға болады. Адамның табиғатқа табынуы, бір жағынан, натуралистік түсінік болса, екіншіден, өзінен тыс рухты іздеу, оны субъект ретінде қабылдау, дерексіз ойлаудың жемісі" [2], –дейді. Яғни, біздің арғы ата-

бабаларымызға догматталған діни жүйелерге қарағанда, ашық дүниетаным тұрпатындағы сенім көбірек тән, жан дүниесі мен рухани ізденістеріне әлдеқайда жақын. Барлық діни жүйелердегі тәрізді тәңірлік сенім де табиғат күштерін құдіреттендіруден, құпия тылсым тіршіліктің терең қатпарларынан тамыр алады. Алайда, Тәңірге табыну діни түсінік эволюциясындағы табиғат діндерінен кейінгі жоғары саты болды. Барлық халықтар рухани дамуында діни көзқарастар эволюциясын бастан өткізді. Әрине, оны бірінен соң бірі келетін діни жүйелер хронологиясы деп қарастыруға болмайды, шындық әрқашан теорияға қарағанда әлдеқайда күрделі, көпжақты болып келеді. “Ол – әр түрлі наным-сенімдердің, көбіне табиғатқа, оның стихиялық күштеріне табынудың және оларды бұрмалап бейнелеудің біртіндеп дамуынан туған құбылыс. Тәңірліктің дүниетанымдық негізі дүниедегі заттар мен құбылыстар жанданған деп қарастыратын натурфилософиялық гилозоизм болып табылады, ол түптеп келгенде табиғатты құдай деп қарастыратын пантеизмнің негізін құрайды” - депжазады С.Н. Ақатаев [3]. Қалыптасуының бастапқы сатысында Тәңір прото- қазақтардың құдайлар пантеонындағы жоғарғысы деп танылады. Ежелгі қазақтар тәрізді қазақтардың ілкі тектері де табиғат объектілері мен құбылыстарын құдайландырып, оларға табынған. Тәңірлік діннің өзіне тән ерекшелігі – ол өзіне дейінгі діни наным-сенімдерді теріске шығармайды, қайта оларды бір жүйеге келтіріп синтездеуші рөл атқарады. Плано Карпини түркілердің бір құдайға иланатындығын айта келіп, “... оның үстіне олар күнге, айға және отқа, сонымен бірге таңертеңгілік тамақ жеудің немесе су ішердің алдында сол ас-дәмдерінен ауыз тидіретін сыбаға арнап, су мен жерге де құдай деп табынады”, – дейді [4]. В.В. Бартольд: “Ежелгі түркілер дінінің негізі Көкке(Тәңір) және Жерге (жер-суға) сыйыну болды”, – деп жазады [5]. Тәңірді түркілер барлықты жаратушы “объективті идея” ретінде қарастырса, жер-су – тіршіліктің тірегі. Бұлардан басқа көне түркілердің наным-сенімдерінде әйел- құдай – Ұмай ерекше құрметтелген. Әйел тәңірі Ұмай – отбасы мен бала- шағаның жебеушісі болған. Аталған үш құдай түркілердің пантеонында маңызды болып саналады. Тонықөк құрметіне орнатылған ескерткіште: “Көк, Ұмай құдай, қасиетті жер-су, міне, бізге жеңіс сыйлаған осылар деп ойлаукерек!”, – делінеді. Жер-су құдайына келетін болсақ, ол да табиғатты пір тұтудан туындайды. Алтайлық аңызда: “Үлген жаратылысқа дейін шексіз- шетсіз, түпсіз-тұңғиық теңіз үстіндегі кеңістікте тіршілік етеді. Сонда Үлгенге судан Ақ ана шығып, оған жер мен аспанды жаратуды үйретеді” делінген. Бұл аңызда да матриархаттық, рулық, қауымдық қатынастар ықпалы байқалады. Матриархаттық-рулық қауымнан патриархалды қауымға біртіндеп өту барысында жер-су соңғы орынға ығыстырылады. Көк аспан ретіндегі Тәңір өзінің жоғарғы құдай ретіндегі маңызын жоғалтпайды, патриархалдық- қауымдық қатынастардың күшейіп, нығаюына байланысты ол зор, қаһарлы тұлға сипатына ие болады. Тәңір сөзінің этимологиясын С. Ақатаев “таң” және “ер” сөздерінің бірігуінен шығуы мүмкін деп қарастырады. Бірінші буын “таң”, автордың пікірінше, күннің шығуымен байланысты болса, “ер” – түріктілдерінде ер адамды білдіреді. Осы тұрғыда Тәңір “Күн адам”, “Аспан адам”, яғни құдай дегенді білдіреді. Тәңірлік дін адамды өз іс-қимылына, әрекетіне,

пиғыл-ниетіне есеп беріп отыруға үйретеді, ісі түсіп, жолы болса түркілер тәңірқолдады, дейді, қателік жасап, адасса, “Тәңірім, кешіре гөр”, – дейді.

Ежелгі түркі жерінде көне түркілердің дәстүрлі наным-сенімдерімен қатар басқа да діндер таралды. Солардың ішінде ең байырғысы зороастризм діні болды. Кеңес дәуірінің шығыстанушы ғалымдары В. Струве, В. Абеев және т.б. бұл діннің Орталық Азия мен Қазақстан жерінде б.з.д. VII ғасырда таралғандығын атап көрсетеді. “Қазақстан жеріне әлемдік діндердің ішінде алғашқысы болып буддизм келді. Бумынның ұлы Мұхан қаған осы дінді қабылдады, ал оның мұрагері Тобо қаған “Нирвана-сутрадан” бастап будда әдебиетін түркі тіліне аударуға жарлық берді. ...Буддизм Шығыс Түркістандағы соңғы ғұн мемлекеттеріндегі түркілер арасында тарала бастады, ал ашин тайпасы олармен тектік тарихи байланыста болған еді” [6, 446 б.]. Орталық Азиядан шыққан көшпенділер Үндістанға дейін барып, осы жерлерде Құшан, Ұлы Моғолдар мемлекетін құрғаны тарихтан белгілі. Буддизмнің бұл жерлерде таралуы империяны бір дін аясында біріктіру мүддесіне байланысты болса керек. Алайда түркілер бұл дінді жаппай қабылдады десек, тарихқа қайшы келер едік. Әрине, будда дінінің моральдық қағидалары олардың руханилығына жақын болғанмен, оның жарық дүниені тәркілеу, “әрекет етпеу” қағидаты көне түркілердің дүниетанымы мен өмірлік ұстанымдарына үйлесе бермеді. Түркілерге таныс болған мани дінінің де тағдыры буддизмге ұқсас болды. Мани ілімі баяндалған “Болжаулар кітабы” түркі тіліне аударылғанымен, бұл дін де түркілер арасында терең тамыр жаймады. Буддизмен қатар Ұлы Жібек жолы арқылы христиандық та таралды. Ол басында несториандық, кейіннен яковиттік түрінде V ғасырдан бастап қазіргі Қазақстан жеріне ене бастады және Шығыс Рим империясынан шыққан әулие Несторий сектасының өкілдерімен байланысты болды. Византиядағы діни алауыздық пен қақтығыстар христиан дінінің әр түрлі бағыттағы өкілдерінің Шығысқа қарай ойысуына ықпал етті. Орталық Азия мен Қазақстан жерін паналаған христиандар бұл жерлерде өздерінің ғибадат ететін орындарын салды. Олардың басым көпшілігі саудагерлер болатын және қағанат қазынасына алым-салықтар төлеп тұратын. Бұл жағдайда басқа дін өкілдеріне төзімділік танытып, олардың жат жерде өз діндерін ұстап, әдет-ғұрыптарына сай құдайларына табынуына мүмкіндік берілді. Сөз соңында айтайық дегеніміз,қадым замандарда көне түркілер жері, Ұлы Жібек жолы арқылы қаншама діндер өтсе де, түркілердің негізгі сенімі Тәңірлік дін, аруаққа табыну болды. Жоғарыда аталған діндердің ешқайсысы түркілердің руханилығында олардың көне сенімдерін ығыстырып шығара алмады. Вильгельм Рубрук түркі жұртын аралаған кезінде олар өздерінің Тәңірге табынатынын және оны таза рухани мән ретінде түсінетінін атап көрсеткен. Тек ислам діні ғана көне түркі сенімдерімен іштей синтезделіп, түркі жұртының рухани-мәдени ұстанымына айналды.

Қазақтың ата-тегі болып табылатын сақтар, ғұндар, үйсіндердің түп төркіндеріндегі қарама-қайшылықтарға қарамастан көшпенділк әмбебапшылығы басымдылыққа ие болды. Солай бола тұра, жер өңдеушілердің де дүниетанымдық көзқарастары үнемі елеулі ықпалын жүргізіп отырды.

Ұлттық сананың өсуі, мәдениеттің қайта өрлеуі 25 ғасырлық тарихы бар халықтың рухани бастауларға көңіл аударуын туындатуы заңды еді. Қазақтың ата-тегінің арғы философиясынан бастап дінге сенімінде, тәңірге табынушылығында және сақтар, ғұндар, үйсіндер мифологиясында алдыңғыорынға философиялық дүниетанымдық мәселе отырықшы тайпалардың тіршілік бағыттарының, жолдарының ара қатысы шығады. Бұл көне түрік жазу мәдениетінің дүниеге келуімен белгілі.

Ашина (көк бөрі) ұрпақтары VI ғасыр хандықтың басқару жүйесін құқықтық негізде құрды. Өкілетті билік пен заң шығару ісі ақсақалдар алқасының (кейінгі қазақ хандығында – билер алқасы мен хан кеңесі) құзырында болды. Ал хан жарлығы атқарушылық міндеті үлкенді-кішілі лауазымдар иесіне жүктелді. Бұл мансаптар мұрагерлік жолмен хандық билік, әскери демократия арқылы жүзеге асырылған. Халықтық құқықтық санасының әрі мемлекеттік басқару жүйесінің арқауы кең ауқымды жеті баптан тұратын, Тәуке ханның «Жеті жарғысы» деген атқа ие болған ел заңы.

VIII ғасыр басында жазылған атылмыш жәдігерліктер типі XIX-XV ғасыларға дейін жеткен. Мұндай жәдігерліктер қатарына «Қорқыт Ата» кітабы мен «Оғызнаманы» да жатқызуға болады. Олардың өзара желілері, баяндау үлгілері, дүниетанымдық арқаулары өте ұқсас.

Бұл аталмыш жәдігерліктердің барлығының да мазмұнын тәңіршілдік көктей өтеді, ол олардың дүниетанымдық өзегі ретінде көрінеді. Мысалы: көне түрлердің космогониялық түсінігін мына сөздерден бағамдауға болады:

«Жоғарыда Көк тәңірі, төменде Қара жер жаралған екі арасында кісі оғлы жаралған екен» [7, 154б.]. Олардың үстінен қарайтын «Тәңіріден болған», яғни қоғамдық үстемдікке ие болғандар Бумын, Істемі, Білге қағандар еді. Аспанның, жердің, тау-ойпатының кереғар ұғымдар, диалектикалық қарама- қарсылықтардың бірлігі екндігін көне түріктер үстірт болса да пайымдай алды ма? Әрине, оның үстіне тәңіршілдік, анимизм мен тотемдік көзқарастар үстем болды. Сонысына қарамай Аспан (Көк тәңірі) мен Қара жер (Жер-ана) аралығындағы ұғымыр кешкен адамзаттың екі топқа бөлінуі де адамдардың қарама-қарсы екі жаратушының қайсысына «жақын» екендігі туралы әпсаналармен тығыз байланысты болғандығын көруге болады. Тәңіршілдік көзқарастың танымдық тірегі - тәңірінің жасампаздық құдіретіне деген халықтық сенім [8]. Түркілердің танымдық қабілеті, жеңіске жетуі табғачқа (қарақытай) бағынғаны үшін жазалануы да тәңірінің мейіріміне немесе қаһарына ұшырағандықтың жемісі. Көрнекілік үшін мысал келтіретін болса, дана қарт Тонықөк өзінің біліктілігін тәңірдің сыйы ретінде қабылдайды, ол білімді табғач елінде алған. Әрине, өзінің табиғи қабілетінің арқасында. Өзінің даналығын дәріптеу мақсатында қайталанып отыратын «қағаны алып екен, ақылшысы дана екен» деген сөз тіркесін жауларының аузына салып отыратындығы Тонықөктің мақтаныш сезімінің айғағы болса керек.

Орхон-Енесей жазбалары «Қорқыт Ата» кітабы, Оғызнама жәдігерліктерінде тотемдік, аналистік көзқарастар сілемдері сақталғанымен, мифтік ойлаудың ықпалы азая бастағаны байқалады. Оны оқиғалар желісінің

реалистік, тарихи шындыққа біршама жанасымды тұрғыда баяндалатынынан-ақпайымдауға болады.

Қазақстан аймағында алғашқы адамдар тас дәуірінен бастап еңбек құралынсапасына қарай таңдады, осыдан сезімді, мәнді әрекет процессі басталды. Қола дәуірі жалпы тұрғыдан бақташылықтың пайда болуымен, яғни қоғамдағы алғашқы ең үлкен ебек бөлінісімен белгілі. Бұл материалдық мәдениеттің дамуына, өркендеуіне қуатты қозғаушы күш береді. Сапа санаты қасиет ұғымына алып келді. Ол пәннің басқа заттар мен шындыққа деген қатынасынан туындайды. Ғұндардың өзі заттар мен тіршілік иелеріне сапа тұрғысынан қарады. Тайпа көсемін оның сапалық қасиеттерін салмақтай отырып сайлады. Оның қасиеттері неғұрлым күштілігімен, айлалы көрегендігімен бағаланды. Жастар мен мықтылары сыйлы, ал кәрілері мен әлсіздері керісінше болды.Мұндай теңсіздік сапалардың сандық өлшеуішінің қажеттілігін туғызды.Мысалы: «Үйсіндерде жылқы көп, ең бай адам 4-5-мың жылқы иеленеді!?!! Демек малшылықтың дамуы сандық айқындылықты дүниеге әкелді. Санның онтопологиялық мінездемесі -кеңістік пен уақыт. Қазақтың ата тегінің еңбек әрекетімен, сан мың шақырымдық көш жолдарының белгілі бір күн мен айға байланысты басып өтілуін белгілеумен кеңістік ұғымы басталды. Кеңістік бет- бағдары ежелгі қазақтар есігінің шығысқа бағытталуымен ерекшелінеді. Ғұндаржайлы былай делінген: «Шаньюй ертемен қосынан күнге табыну үшін, кешке қарай айға табыну үшін шығады». Ғұндардан қалған бұл дәстүр түріктерге ауысты. Бұл ғұндардың алғашқы түріктер екендігі жайлы болжамды қуаттайды. Киіз үйлерінің есігі әрқашан оңтүстікке ашылған Монғолиядан айырмашылығы осында. Таным бағдарында шығысты құрмет тұтушылық көне тас балбалдардан көрінеді. Тіптен, көне түрік тілінде Шығыс алдыңғы жоқ, батыс (кейінгі) арқа бет, ал оңтүстік-оң, солт-сол жақ болып саналады. Күлтегін ескерткішінде былай делінеді: «Ілгері-күншығыс, оңға-түстік, кейін-батыс, солға терістік».Бұл кеңістік орналасуының қатаң тәртібін бекітті.

Жалпы, адамзат өркениеттегі әйгілі мәдени ошақтардың ұдайы көшпелілермекені мен жапсар өңірлерінде дүниеге келіп отырғаны кездейсоқтық емес. Әлемдік діндердің бастау тегіне Тәңірлік діннің өзекті қағидалары арқау болған. Тәңірлік дін уақыт пен кеңістікті игеруге талпынған, қоршаған ортамен тіл табысуға ұмтылған адам баласының алғашқы таным түсінігі еді. Тәңірліктін көшпелілердің өмір сүруінің кепілі болып, өмір салтына айналды. Қазақатр күні бүгінге дейін таңның атуы мен күннің батуына дейінгі уақытты 5-ке бөледі: таң, сәске, түс, екінді, ақшам. А.Тарақтының материалдарында көрсетілгендей, қазақтар әрбір маусымды өз ішінде 3-ке бөледі: қоңыр күз, сары ала күз, қара күз немесе қыстың басы. Осынау өмір салтының өзегінен бір жылды 12-айға бөлетін таным-түсінінікті бастау тегі аңғарылды. Көшпелілер мәдениеті өзінің 3-мың жылдық ғұмырында Жерорта теңізі мен Қиыр шығыс елдеріне қарағанда шығармышылық эволюцияны бастан өткерді.

Экономикалық, мәдени және рухани даму барысында ғұндар, үйсіндер және қоңлылардың дүниетанымдық түсініктерінің өзара байланысы нығая түсті. Олар алғашқыда әр алуан еді. Өйткені ғұндар «таза» егіншілік, ал үйсіндер – жартылай көшпелі мал шаруашылығын жүргізіп отырған. Бүкіл

Евразия даласын өткен Ұлы Жібек жолы көшпелілер мен егіншілер арасындағыэкономикалық байланыстардың қаншалықты жемісті болғанын көрсетеді. Әлемді сезіну айқындала түсті. Дүниетаным шарттылығы шынайы, айқын болды. Табиғат қалтқысыз өзіндік табиғи тәртіпке бағынған, ал адам табиғаттың бір бөлігі және төл баласы ғана болып қалды. Әйтпесе де, адамзаттың даму эволюциясына байланысты, еңбектің қолданбалық және жаңғыртушылық қызметін түсінушілік пайда болды. Осы процесс нәтижесінде табиғи ортаны адам қажетіне бейімдеу және оның артынша өңдеу іске асады. Егіншілік, аңдарды қолға үйретуге, жабайы жылқыны қолға үйрету - жалпы малшылық және көшпелі өмір басталды. Бұл өз заманындағы үлкен бір құбылыс болды.

Табиғи ортаны өңдеудің туындауы философиялық көзқараста адамның айқын мақсатты қызметінің, мақсат белгілеу факторының пайда болуын көрсетеді. Мұның өзі, адамның табиғаттан бөлініп, дербес тіршілік иесі болып қалыптасуының алғы шарты еді. Тұтас, бірақ қарама-қайшылықты процессте оның әр қилы табиғи заңдылық және адамдардың мақсаты қызметі ретінде көрінеді. Енді ол «табиғат бөлшегі» емес, оның әміршісі, өңдеушісі дәрежесіне ұмтылуымен қаббатаса дамиды.

*Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.д., профессор Сабыр М.Б.*

***Аннотация.*** *Мақалада қазіргі түркология түркі тілдес этностардыңтілін, тарихын, әдебиетін, фольклорды, халықтардың мәдениетін қамти зерттейтін кешенді гуманитарлық сала екендігі айтылған. Түркітану саласына, сол арқылы жалпы руханиятқа зор еңбек сіңірген Императорлық Санкт-Петербург университетінің түлегі, Императорлық Қазан университетінің және Қазан рухани академиясының профессоры, Сібір халықтары (хакас) арасынан шыққан алғашқы профессор, салыстырмалы тіл білімінің докторы, филолог-түркітанушы, фольклорист, этнограф, қоғам қайраткері Н.Ф.Катановтың еңбектері жан-жақты талданған.*

***Тірек сөздер:*** *түркі әлемі, түркітану, түркология, түркі руханияты*

Қазіргі түркология түркі тілдес этностардың тілін, тарихын, әдебиетін, фольклорды, халықтардың мәдениетін қамти зерттейтін кешенді гуманитарлық сала. Алайда кез-келген ғылым саласы сияқты түркология да күрделі ізденіс жолдарынан өтті, Жалпы алғанда кезінде Ресейде түркология айта қаларлықтай деңгейде дамығаны белгілі. Орыс ғалымдары сол аймақтың өз ұлтының өкілдерін қатыстыра отырып бұл салада орасан зор жетістіктерге жетті. Алайда Ресейдегі түркология XX ғасырдың ортасына қарай ғылыми ақиқатқа жетуден гөрі, коммунистік идеологияның қызметшісі болуға көбірек бой алдырғаны аңғарылады.

XX ғасырдың аяғына қарай түркі тілдес халықтардың саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани тұтастығы жөніндегі идея қайтадан күн тәртібінде қойылып отыр. Бұны тек түркілік мақсат-мүддемен ұштастырмай, әлемдік дамудың заңдылықтары аясында танып-түсінгеніміз жөн. Түркі халықтарының тұтастығымен байланысты проблема түптен келгенде түркі халықтарының тілі, әдебиеті, мәдениеті, экономикасы, саясаты, бірлігі мәселесі. Сондай-ақ, ол түркі тектес халықтардың этногенетикалық, саяси-әлеуметтік және мәдени-рухани біртұтастығын мойындау деген сөз, түптеп келгенде, Еуразия құрлығында мыңдаған жылдық тарихы бар ұлы мәдениетті мойындау болар еді.

Жұртшылыққа белгілі, түркологияның дербес ғылым саласы ретінде таныла бастағанына да екі-үш ғасырдың жүзі болып қалды. Осы мерзім ішінде оған адал қызмет етіп, барша саналы ғұмырын арнап, өлмес мұра қалдырған небір айтулы ғалымдар болды. Олардың табанды ізденістері мен тегеурінді еңбектерінің арқасында түркология дербес ғылым саласы ретінде біржолата орнықты. Қазір дүние жүзінің көрнекті ғылыми орталықтары мен оқу орындарында ол дербес ғылым саласы ретінде зерттеліп, оқытылуда.

Түркітану саласына, сол арқылы жалпы руханиятқа зор еңбек сіңірген Императорлық Санкт-Петербург университетінің түлегі, әлемге аты әйгілі

түркітанушы В.В.Радловтың шәкірті, Императорлық Қазақ университетінің және Қазан рухани академиясының профессоры, Сібір халықтары *(хакас)* арасынан шыққан алғашқы профессор, салыстырмалы тіл білімінің докторы, филолог-түркітанушы, фольклорист, этнограф, қоғам қайраткері - НИКОЛАЙ ФЕДОРОВИЧ КАТАНОВ (1862-1922) болды[1].

Бұларға қоса профессор Н.Ф.Катанов Императорлық Орыс география қоғамының, Москвадағы жаратылыстану, антропология мен этнография жанашырларының Императорлық қоғамының, осы тектес қоғамныңТашкенттегі Түркістан үйірмесінің мүшесі және Қазан мен Семей қалаларындағы Статистикалық комитеттердің толық мүшесі болды. Н.Ф.Катанов белгілі түркітанушы ғана емес, өз кезегінде бүкіл Орыс Империясына танымал тұлға болды. Бүгінгі күн көзімен қарағанда өмірден ерте кеткен ғалым туралы, оның жақын досы, профессор И.М.Покровский:

«Николай Федоровичтің қайтыс болғандығы туралы хабар Қазан қаласына тез арада тарап кетті, оны білгендерді таң қалдырды, оны бүкілҚазан халқы білетін еді, қатты қайғырды. Өйткені, көпшілік ол арқылы ғылымның орны толмас ауыр қазаға ұшырағанын, оның қайраткерлік ісінің орны толмасын, ең бастысы бүкіл Ресейде өзінің даралығымен, теңдессіз таза дарындылығымен, ерекшелігімен көзге түскен адамның өмірден өткенін түсінді, сол үшін де қайғырды» - деп жазды[2].

Шын мәнінде де профессор Н.Ф.Катанов тар шеңбердің адамы емес еді. Ол өз кезінде саламатты өмір салтын дәріптегендердің бірі. Басқа қоғамдық қызметтерін айтпағанда Қазандағы салауатты өмір қоғамының жұмысына басшылық жасап, саламатты өмір мен тарихи бағытты ұстанған «Деятель» журналына басшылық жасап, мақалалар жазып, шығарып тұрды. Ғасыралмасып, сасяи-әлеуметтік көзқарас, дүниетаным өзгеріске түсіп жатқан өтпелі дәуір жалпы руханиятқа да өз әсерін тигізбей қойған жоқ. Н.Ф.Катанов халықтың орныққан сенім-нанымы мен салт-дәстүрлеріне қарсы бағытталған социалистік теориялар мен дінге қатысты «жаңа» доктриналарға да қарсы болды. Өз көзқарастарын сол кездегі Қазан Рухани академиясы жанынан шығып тұратын «Инородческое образование» журналында жариялап тұрды.Онда негізінен Ресейлік Европа және Азия халықтарының бұрынғы және сол тұстастағы өмір салтынан, діни наным-сенімдерінен мол хабар берілетін[3].

Түркология мәселесі Н.Ф.Катановты жас шағынан қызықтырды. Ол студент кезден бастап белгілі түркітанушылар В.В.Радлов, Н.И.Веселовский, И.Н.Березиндердің басшылығымен сагай тілінің диалектикалық ерекшеліктері *(наречия)* туралы өз жазбаларын өңдеп, бастырды. Оқу бітіргеннен кейін Н.Ф.Катанов Орыс географияқоғамы мен Ғылым Академиясы атынан Шығыс және Батыс Сібір, Шығыс Монғолия, Жонғария және ҚытайлықТүркістанғасол жерлердегі түркі тектес этностардың өмір-салттарын, дәстүрлерін, фольклорын зерттеуге ұзақ уақыт іс-сапарларға жіберіледі.

Осы кезде Н.Ф.Катанов Сібірдің жергілікті халықтары қазіргі хакастар, тувалықтар, алтайлықтар, карагастар, Қытайдың Шығыс және Солтүстік жағын,Монголияны мекендеген түрік тілді халықтарды, оның ішінде қазақтар мен қырғыздардың да этнографиясынан, этномәдениеттерінен, тілдерінен жан-

жақты хабар беретін мол ғылыми-теориялық мұралар жинап қалдырды[4]. Кейін сол сапарларда жиналған материалдар негізінде университет профессорлары мен студенттері алдында «Түрік-татар халықтары туралы этнографиялық шолу» атты лекциясын оқиды. Ол ғылыми ортадан зор бағасын алады. Н.Ф.Катановтың «Урянхай тілін зерттеу тәжірибесі» атты докторлық диссертациясы әлемдік түркологияның алтын қорына қосылған аса құнды еңбек болды.

Білім деңгейі өте жоғары, көптеген тілдерді еркін игерген Н.Ф.Катанов этнографиялық экспедицияның алғашқы күндерінен бастап аз этностардың әлеуметтік өмірін зерттеудің өзіндік тиімді жүйесін жасады. Соның арқасында жергілікті Сібір халықтарының, Ресей Империясы ықпалында болған түрік тектес этностардың және сол аймаққа көршілес жатқан халықтардың рухани әлемін зерттеуге зор мүмкіншілік туды. Біздің бүгінгі әлеуметтанушыларымызбен фольклортанушыларымыз, жалпы гуманитарлық білім саласындағы маман ғалымдарымыз үшін де профессор Н.Ф.Катановтың үлгі тұтар тұстары жеткілікті. Олар: ауыз әдебиеті мен ескі сөздердің нұсқаларын айтушыларға деген ерекше ілтипат, құрмет, деректерге терең зер салу; өзінің әңгімелесіп отырған адамының әлеуметтік ортадағы орнына қарамастан онымен өзін тең ұстау, төзіммен тыңдау және кішіпейілділік көрсету; мәліметтер мен мағлұматтарды жазудағы дәлдік пен ұқыптылық; эмперикалық материалдарды жіктеудегі анықтылық.

Профессор Н.Ф.Катановтың Сібір және мұсылмандық Шығыс халықтарын зерттеу бойынша қалдырған мәдени мұралары мен зерттеу бағыттарын талдай келе ғалым-түрколог зерттеулерінің төмендегідей бағыттарын көрсетуге болады.

- тіл, оның түрік тілдес халықтардың әр этносындағы қолданыс ерекшеліктері;
- фольклор, оның жанрлары *(ертегілер, көне сарындағы әңгімелер, аңыздар, мысалдар, көнеден жеткен сөздер, дәстүрлі өлеңдер, жұмбақтар, мақал-мәтелдер, халықтық ырым-жорамалдар, жөн- жосықтар, халық атынан айтылған ұлағатты сөздер);*
- дін, түрік тектес тайпалардың жалпы дүниетанымы мен философиялық көзқарастары; православие дінімен қатынас;
- материалды мәдениет, тұрмыс, шаруашылық бұйымдары; дін, ғибадат, табыну бұйымдар мен заттар;
- түрік тектес тайпалардың мәдени-әлеуметтік, ақшалы-тауарлы қатынастары;
- тайпалардың әлеуметтік құрылымы, басқару жүйесі, туыстық, ру- тайпалық қатыстары;
- халықтардың психологиясы, жеке адамдардың ара қатыстары, этносаралық қатынастар, т.б.;
- жекелеген тайпалардың тәлім-тағылымдары, жалпы педагогикалық көзқарастары.

Профессор Н.Ф.Катанов осы жоғарыда көрсетілген барлық салалар бойынша елеулі еңбектер қалдырды. Оның кейбір ғылыми пікірлері күні

бүгінге дейін құндылығын жоймаған. Түрколог ғалымның *тіл* мен оның әр этностардағы қолданыс ерекшеліктері туралы пікірі өзінің мазмұн тереңдігімен таңдандырады. Профессор-түркологтың бұл туралы пікірлері төмендегідей. Тіл барлық мәдениет атаулының негізгі, тұғыры, сондықтан мәдениеттің дамуы мен қалыптасуы, өркениеттің болуы, өсуі тілге тікелей байланысты қарастырылуға тиісті. Ал тілдің даму жолы мәдени-тарихи мазмұнмен бірбүтін тұтастық құрайды. Кез-келген мәдениеттің негізі, тұғыры тіл болғандықтан, оның ерекшелігі жан-жақты талданып, саралануы тиіс. Тіл - материалдық және рухани әлемнің таңбалаушы құралы, рухани әлемді, ұлттық сананы қалыптастырушы, саяси-әлеуметтік, мәдени, рухани болмысты реттеуші. Тіл- әлеуметтік құбылыс. Ол қоғамның дамуымен бірге үнемі өзгеру, жетілу үстінде болады. Бүгінгі таңда екі ғылым ретінде танылып отырған бұл салалардың негізгі жақындығы халықтың жалпы мәдени және рухани болмысын анықтаумен байланысты. Тіл де, мәдениет те халықтың дүниетанымдық тереңдігін, мәдени тектілігін, әлеуметтік ойын толық көрсететін негізгі фактор. Осыған байланысты Н.Ф.Катанов өзінің «Түрік тайпалары ортасында» атты жазбаларында: «тілдің дамуы халықтың жалпы мәдени өрісімен, рухани байлығымен байланысты. Мәдени-рухани өрісі әр түрлі жолмен тарылған халықтың тіл аясы да тарылады»- деп жазды.

Ұлттық тіл-әр халықтың өзіндік ерекшеліктерін ғана көрсетіп қоймайды, олардың ой-санасы мен парасатын, бүкіл болмыс - тіршілігі мен сезім - түйсігін ұрпақтан - ұрпаққа жеткізетін күретамыр. Тіл кез-келген халықтың ұлттық белгісі, айырымы, символы. Сондықтан толыққанды тілсіз, толыққанды ұлт болуы мүмкін емес, ұлттық сана - ұлттық тілмен қалыптасады. Адамгершілікті қалыптастыратын игілікті адам алдымен ана тілі арқылы қабылдайды, бағалайды. Адамның өзін танудың, өзгемен теңесудің өтімді құралы да осы тіл.

## ӘДЕБИЕТТЕР:


1. Валеев Р.М., Тугужекова В.И. Профессор Н.Ф.Катанов и его вклад визучение этнографии и фольклора тюркских народов ЦентральнойАзии//Электронный информационный журнал. http://www.tuva.asia/journal/ isse-9/3062-valeev-tuguzhekova.
2. С.Е.Малов, Н.Ф.Катанов Профессор Казанского университета (1862-1922гг.)// Вестник АН Каз.ССР. 1958. №5.
3. Н.Ф.Катанов Опыт исследования урянхайского языка с указанием главнейших родственных отношений сто к другим языкам тюркского корня. Казань, 1903. С.Н.Иванов, Н.Ф.Катанов (очерк жизни и деятельности). Изд.2-е «Наука», М., 1973.
4. С.Н.Иванов, Н.Ф. Катанов. (Очерк жизни деятельности). Изд. 2-е, «Наука», М., 1973.

**ӘӨЖ 930.271**

# ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕГІ ЖАЗУДЫҢ ПАЙДА БОЛУЫНЫҢ МӘСЕЛЕСІЖӘНЕ КӨНЕ ТҮРКІЛЕРДІҢ ӘЛІПБИІ

***Мырзабекова Ақжарқын Мұратқызы***
*Педагогика ғылымдарының магистрі, педагог-зерттеуші*

***Аннотация:*** *Қазіргі Қазақстанның қоғам өмірінің барлық салаларында, оның ішінде рухани-мәдени, әлеуметтік-экономикалық, саяси құқықтық саладажүріп жатқан терең де ауқымды өзгерістер қазақ халқының әлемдік өркениеттен алатын орнын анықтауды өркениеттің негізгі өлшемдерінің бірі*
*– жазуды жете зерттеуден, қазақ жеріндегі жазулардың жалпы тарихынан, түрлерінің жүйеленуінен, әліпби алмастыру салдарының сарапталуынан және олардың қоғам өміріне әсер етуі мен оған берген қоғам жауабын анықтаудан бастауды қажет етеді.*

***Түйін сөздер:*** *Әліпби, тастағы жазу, “түркі”, “Күлтегін”, “тәңір”.*

Қазақ жеріндегі жазуларды зерттеудің өзектілігі халықтың әлемдік өркениет талаптарына жауап бере алатын заманауи жазу үлгісін таңдауда тарихтан белгілі қазақ өркениетінің жаһандану заманындағы сыртқы әлеуметтік-мәдени әсер мен ықпалдасу барысындағы ұлттың ішкі рухани бірлігін сақтай отырып, оны әлеуметтік-экономикалық, саяси өзгерістердің рухани негізі ретінде қарастыру барысынан туындайды. Мерзімді баспасөз беттерінде ауық-ауық көтеріліп, дамыл-дамыл пікірталас туғызып отырған келелі мәселердің бірі – қазақ әліпбиінің болашағы, яғни латын жазуын қабылдау-қабылдамау мәселесі. Осы мәселеге қатысты ой қозғап жүрген жұртшылықтың біреулері латын жазуын қабылдау арқылы озық дамыған елдерге бір табан жақындау, өркениет табалдырығын аттау, яғни ақпараттық кеңістікке еркін өту мүмкіншілігін алу туралы жарқын болашақты суреттесе, енді біреулері олай еткен жағдайда ұлттық мәдениет батыстық мүддеге негізделген өріске өз еркімен еніп, соның тұңғиығынан шыға алмай, өз рухани мұраларымыздың толығымен келесі ұрпаққа жетпей қалу қаупінің барлығы туралы үрей ұялатады. Әліпби мәселесінің, жалпы алғанда, жазу-сызу мәселесінің мәдениеттің өркендеп дамуында алатын орнының зор болатындығыәу бастан белгілі. Тағы бір ескере кететін жәйт – адамзат тарихының  өн бойында қандай да бір жағдай-себептер арқасында кездескен, қақтығысқан мәдениеттер ішіндегі басымшылық танытқысы келгені, өзінің өркениеттілік әлеуетінің мықтылығын мойындатқысы келгені қашанда өз әліпбиін, яғни өз жазу үлгісін баршаға ортақ қылуға тырысқан [1, 2 б.]. Адамзат баласының мәдени тарихында жазу-сызудың пайда болуымен жаңа кезеңнің – өркениеттіліктің басталғаны белгілі. Соның арқасында адамзат өз тарихын, жинақталған ойын, рухани мәдениет түрлерін әліпби арқылы бейнелей алған. Жазу дүние жүзінің әр аймағында бірнеше жерде қалыптасқандықтан ол аймақтарды өркениет ошағы деп атаған. Тарихқа, бағзы заман деректеріне жіті

көз тіксек, жазудың алуан түрі болғанын көреміз. Тым арғыдағы жазудың тегі суреттен басталғанын білеміз. Суретті жазу алғашқы қауымдық дәуірде пайда болып, сол заманның бейнелеу өнерімен бірге қалыптасты. Ол жазудыпиктографиялық жазу деп белгілі бір заттар туралы хабарды сол заттардың суреттері арқылы беретіндіктен атаған. Тасқа қашалған суреттер – петроглифтер (лат. “петро” – тас, гр. “глиф” – жазу: толық мағынасы – тастағы жазу) мәдени-тарихи ескерткіштердің көне тарих қойнауынан шыққандарының бірі. Өйткені жартас суреттері, бір жағынан, адамзат ұрпақтарының рухани ізденісін көрсететін өнер туындысы, ашық аспан астындағы галерея сындыболса, екінші жағынан, өткен дәуірлер мен қоғамдар тарихы үшін олардың күнделікті тұрмыс-тіршілігінен, кәсібінен, діни наным-сенімдері мен әдет- ғұрыптарынан, дүниетанымынан хабар беретін бірден-бір дерек көзі болып табылады.

Қазіргі уақытта Қазақстанда 150-ден астам жартас суреттерінің жиынтық орындары белгілі болып отыр. Солардың ішінде жан-жақты зерттелгендері:Таңбалы, Хантау, Байқоңыр, Күршім және т.б. Көне дәуір адамдары шығармашылықтарын көркем-эстетикалық қажеттілік тұрғысынан гөрі өз наным-сеніміне байланысты жүзеге асырып отырған. Жартас суреттеріндегі жануарлар көбіне арғытек, тотемге қатысты бейнеленетін не болмаса солар алдындағы қорқыныш сезімін жеңу үшін көз үйрету үшін тудыратын жауы ретінде екіжақтылық сипатқа ие. Өз жауларының бейнесін тасқа қашау арқылы арғы аталарымыз оларды нақты да бетпе-бет шайқаста жеңу, игеру, иемдену үшін өз рухын шыңдау үшін де салатын болған, демек, олар таңбалық қызмет атқарған. Бара-бара жаңа семантика иеленген белгі – символдың – рәміздің пайда болуымен бүкіл әлемнің болмысын, мәнін белгілерге, таңбаларға сыйғыза отырып әлемді игерудің рухани формасы жасалды [2, 2 б.]..

Жартас суреттерімен қатар, қазақ даласы түрлі көне жазба мұраларына бай. Ерте ортағасырлық VI ғ. кезеңін Орта Азия мен Қазақстан аумағында түркідәуірі деп атаса да болады. Түркі мәдениеті өз алдына ірі мәдени кеңістік құра білген мәдениет болды. Тарихтың түкпірінен бастап қоғамдық өмірде жоғары даму дәрежесіне жетіп, басқа көршілес мәдениеттерге өз ықпалын күштеу арқылы да, бейбіт жолмен де жүзеге асыра білген. Басқа мәдениеттермен сұхбат орнатып, ұзақ уақыт бойына кең кеңістікті бағындырған түркі халықтарының мәдениетіндегі хаттамалық үрдістерді зерттеу бүгінгі күні сол бай мұраның иегерлерінің бірі болып табылатын қазақ қоғамы үшін өте маңызды. Ол өткенін ой таразысынан өткізіп, ондағы терең тамырлы ізгі дүниелерді бүгінгі заман талабына жауап берерлік мүмкіндік ретінде алып отырған осы ұрпақтың ділін қалыптастыруда, тіліне деген қасиетті табыну сезімін тудыруда керек дүние. Түркі өркениетінің текті де терең тамыры – тарихы мен төлтума мәдениетін биік парасат үрдісінен терең таразылаудың бірден-бір көзі, жоғарыда атап өткеніміздей, жазба мұраларды жіті зерттеу арқылы жүзеге асады. Баршамызға белгілі, көне түркі жазба ескерткіштері жазуының кілтін алғаш тапқан дат ғалымы Вильгельм Томсен еді. Ол “түркі”, “Күлтегін”, “тәңір” сөздерін оқу арқылы 1893 жылы бүкіл әлемге екі ғасыр бойы құпия болған жазудың түркі әлеміне тиесілі екенін дәлелдеп береді.

Көне түркілер өз жазуларын “түрік бітік” деп атады [6, 2 б.]. Түрік бітік дегеніміз түркі тектес этностардың төлтума жазуы, олардың ғасырлар бойы қолданған әліпбиі. Түрік бітіктің тарихи-лингвистикалық негіздеріне келетін болсақ, түрік бітік алғашқыда пайда болғанда оның әліпбилік жазуы қандай болды деген мәселенің басын ашып алған жөн. Түркітануда даулы мәселелердіңбірі – «бітік» сөзінің шығу тегі. Қытай деректері түркі бітігінің сонау ғұндарданбастау алады дегенге дәлел бола алады. Түрік бітігі шамамен б.з. I – III ғғ. біршама тиянақталып, б.з. V-VIII ғғ. толық жетілген деңгейге шықты деп есептеледі.

Түрік бітіктің ешкімге ұқсамайтын табиғаты оның төл таңбалар графикасына негізделіп, әліпбилік дәстүрдің буындық-әріптік қос жүйесімен жасалғандығында, яғни фоно-морфемдік синкретті әліпби екендігінде деп білеміз. Түрік бітік мәтіндері «бітікші» арнайы өңделген тастарда, зат- бұйымдарда, тиын ақшаларда, жартастарға қашалып түсірілген. Орхон ескерткіштері сияқты түрік бітік тастарының көпшілігі далалық көшпелі этносаяси бірлестіктердің қаған, йабғу, чұр, тархан және т.б. сынды билік иелерінің, түрік бекзаттарының құрметіне арналып жасалған. Бұлар алғаш табылған жер-су атауымен аталып, ғылыми айналымға енген. Ғылыми зерттелу нәтижесінде аталмыш бітіктастар мен ескерткіштер белгілі бір тарихи тұлғаға арналғаны анықталып, қазір оны сол тұлғаның атымен атау үрдісі қалыптасып келеді. Көне түріктерде «мәңгі тас» деген ырым-жосындық ұғым бойынша түркі елінің тарихы, келер болашаққа арналған өсиет баяндамасы тасқа қашалып хатталады.

Қазақстан территориясындағы түркі жазу үлгілерінің бірі – Есік қорғанынан 1970 жылы табылған күміс тостағандағы жазу. Жалпы күміс аяқ Есік патшалығынан мағлұмат беріп тостағандағы жазуды анықтауға септігін тигізеді. Тостаған алтын киімді адамның жанынан табылған. Ол жалпы қолданыс үшін жасалғандықтан да елге қатысты деректерді көптеп Бере алады. Мысалы, ернеуі мен түбі аралығына салынған орта нүктесі тұтасып жатқан қос шеңбер сияқты ою-өрнек Күн символы болса керек деген этнографиялық- өнертанушылық болжамдар бар. Мұндай рәміздер Қазақстанның таулары мен жартастарында жиі кездеседі. Осы тектес символдардың болуы түркі халықтарының Күнді құдірет санауы ұғымында болған. Көне ата-бабаларымыз Көк аспанға жаратушы деп табынып, аспан денелерін қасиет тұтқан, астына мініп жүрген арғымағын аспан жылқысына балап, оған да сакралды қасиет берген. Мұндай әсірелеуді алтын киім киіндіріп жерленгендіктен Алтын Адам деп аталып кеткен мәйіт киімінен көруге болады. Есік жазуындағы «Із елінің ері Шың: ел есіт, еске сақта, ойлан. Бас тоғыстыру, біріктіру игі, сонда жер-су өзен-көлді сел етер, ішер суды төгер» – деген мағынадағы жазуы сақтардың ұрпақтарына қалдырған өсиеті іспеттес. Өзен-көлдердің бас тоғыстыруы астарында ел бірлігі тұспалданады. Мұндай астарлап шендестіре сөйлеу қазіргі қазақтарға да тән қасиет [5, 2 б.].

Кәдімгідей айналасына кең таралып, жан-жаққа танымал болып келе жатқан түркі руналық жазуы сайын дала төсін, соның ішінде, қазақ жерін арабтар жаулап алғанда тоқырауға ұшырады. Ол түсінікті де, өйткені тарихтан

көптеп белгілі жайт – жаулап алушылар өз саясатын емін-еркін жүргізу үшін қашанда өз қарпін енгізеді. Сол сияқты, ортағасырлардың жаһандық деңгейдегі алпауыттары – арабтар қылыштың жүзімен болсын, миссионерлерінің уағыз- насихатымен болсын жеткен жерлеріне араб жазуын енгізе бастады. Медреселер мен мектептерде дәрістер араб тілінде, араб қарпімен жүргізілді. Сол кездегі бүткіл рухани ізденістер мен шығармашылықтар осы әліпби негізінде жазылды. Араби оқымыстылық жолында атағын әлемге аян еткенқаншама түркілік тұлғалар болғандығы мәлім. Бір өзі мыңға татыған әл-Фараби бабамыздың өзін айтсаңызшы.

Одан бертінде, Қазақ хандықтары Ресей патшалығы қол астына қараған кезде қазақ хат мәдениетін кирилл әліпбиіне көшіруге империя бар күшін салғандығын айтпаса да белгілі. Сол кезде көксеген империяның мүддесін сәл кейініректе Кеңес Үкіметі сынды тағы бір жаһандық сипаты мол билік орнағаннан кейін оп-оңай жүзеге асырғаны да мәлім. Алғашында Кеңес Үкіметіараб жазуын латын жазуына алмастыру мәселесін ұсынды, сөйтіп, 1930 жылы латын әліпбиі қабылдатылды. Сол латын қарпіндегі жазу мәдениетін енді игеріп, сауатын енді жетілдірмек болып тұрған шақта Қызыл идеологияның жендеттері өзіндік ойлау қабілеті жоғары қазақ зиялы қауымын сүттің бетіндегіқаймақтай сыпырып, 1937-1938 жж. қуғын-сүргін тауқыметін көрсетті. Сондай құйтырқылықпен орағыта өтіп, қызыл империя 1940 жылы қазақ елі өз еркімен орыс жазуына көшті деп жариялады. Әліпбилердің ауыстырылуы салдарынан көнегөз тарих қойнауында қазақ елі небір тарихи-мәдени мәнге ие жазба ескерткіштерін ұмыт қалдырып, жоғалтып алды. Олар – сайын дала төсіндегі руналық жазу үлгісіндегі мәтіндерге бай небір балбал тастар, қашалған жазулары бар тас ескерткіштер, кейіннен араб әліпбиінде жазылған кітаби мәдениеттің туындылары, А.Байтұрсыновтың араб әліпбиі негізінде жасаған төте жазуымен жазылған қазақ қаламгерлерінің туындылары.

Осы жағдай Кеңес Үкіметі жылдарынан бері пайдаланылып келген кирилл әліпбиін латынға ауыстыру кезінде де тууы мүмкін деген қауіптің барлығы әрі оның болатындығы да орынды. Әрине, әліпби өзгерту – оңай шаруа емес. Бірақ кирилл әліпбиінде жазылған ұлан-ғайыр кітаби, мәтіндік әлемнің көбісінің сол бодандықтың бетбүркемесі болған идеология сарынында екендігін ескерер болсақ, оған қоса, қазіргі технологиялардың қатты жетілген шағында ақпараттысақтаудың алуан түрлі сенімді жолдары белгілі болып тұрғандығын ұмыт қалдырмасақ, онда айтулы қорқыныш пен қауіптің болмасы кәміл.

Латын қарпіне көшу мәселесі ұрпақтар сабақтастығына зиянын тигізбейді, керісінше, үзілген сабақтастықты жалғап, әлемдік деңгейде исі түркі бауырларымызбен түсіністігімізді жеңілдетуге себепкер болады деген үміт көп. Біреулер өркениет табалдырығында тұрған Қазақстанның латын жазуын қабылдауы оның жаһанануға қарсы тұра алмауы, бұқаралық мәдениеттің әлемді біріктіруге тырысқан шырмауында кетуі деп қара түнек орнатады. Біздіңше, жайынауыз жаһандану әліпби арқылы жетпесе де басқа саяси- экономикалық-қаржылық тіреуіштерді кеңінен пайдаланып отырған сынды. Әріаталған басқа да маңызды және тиімді жолдар арқылы жетіп жатқан жаһандану

үрдістеріне ілесу-ілеспеуде әліпбиге қарап тұрғаны шамалы. Шындығын айтқанда, латын ғарпіне көшу өзіміз бен өз ұрпағымыздың – өскелең жастардың жүгін жеңілдету үшін жасалуы тиіс. Ақыр алған бетіміз озық батыстық технологияларды меңгеру, ғасырлар тезінен өткен батыстық саяси- әлеуметтік институттардың тәжірибесіне сүйену, әлемнің дамыған 50 елінің ортасынан ойып орын алу болатын болса, онда, әрине, хаткерлік-әліпбилік тұрғыдан да бір қадам жақындай беру қажеттілігі анық.

**ӘДЕБИЕТТЕР:**


1. Труды Орхонской экпедиции. – Вып. 1-4. – Спб., 1899.
2. Мелиоранский П.М. памятник в честь Кюль-тегина // ЗВОРАО. Т.XII. –1900.
3. Малов С.Е. памятники древнетюркской письменности. Тексты и исследования. – М.,-Л., 1951.
4. Кляшторный С.Г. Древнетюркские рунические памятники как источникпо истории Средней Азий. – М.,-Л., 1964.
5. Батманов И.Б. таласские памятники древнетюркской письменности. –Фрунзе, 1971.
6. Айдаров Ғ. Орхон ескерткішінің тілі, Алматы – 1990.


## ҚЫПШАҚ ТІЛДЕРІН ЖҮЙЕЛЕП, ТОПТАСТЫРУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ


***Жолдасова Аққуміс Аманбаевна***
*Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық Университетінің 2 курс магистранты*
*Ғылыми жетекші: ф.ғд., профессор Сабыр М.Б.*



***Аннотация.*** *Мақалада түркітану ғылымындағы түркі тілдерініңжіктеліміне көп көңіл бөлінген. Белгілі түркітанушылардың, атап айтсақ А.Ремюза, Ф.Корш, А.Н.Самойловичтердің жіктемелеріне зерттеуші өзіндік пікірлерін білдірген. Түркі тілдерінің жіктемелеріндегі қыпшақ тілдерінің орнын лингвистикалық тұрғыдан зерделеп, өзіндік тың тұжырымдарын ұсынған.*



***Тірек сөздер.*** *Түркі тілдері, жіктелім, қыпшақ тілдері, түркітанушылар, қазақ, ноғай тілдері*


Қыпшақ тобына жататын тілдер тілдік ерекшеліктеріне, географиялық орнына, сол тілде сөйлеуші этностардың тарихи қалыптасу жолына байланысты

түрліше жіктеліп келді. Махмұд Қашқари беженек, қыфжақ, башғырт, татар, қырғыз тілдерін Рұмға жақын орналасқан тілдер қатарына қосады. Тек түрік тілінде ғана сойлейтіндерге қырғыз, қыфжақ тайпаларын жатқызады, башғырт тілі аталған тілдерге жақын екенін, бұлғар тілі сөздердің соңын қысқартып айтатын түрік тілі екенін көрсетеді.

А.Ремюза қыпшақ тілдерін ноғай тобы, қырғыз тобы деп екіге бөлсе, В.В.Радлов Батыс Сібір, Еділ бойы татарлырының, Қырғыз, қазақ, қарақалпақ, башқұрт тілдерін түркі тілдерінің батыс тобына (негізгі белгілері – сөз басында қатаң q, k, t, p дыбыстарының келуі; сөз басында ұяң b дыбысының қолданылуы; сөз басында ұяң d дыбысының қолданылуы; дауысты дыбыстың алдында тұрған қатаңдардың ұяңдануы; s=ş, ç=ş, ç=ts дыбыстарының сәйкес келуі; z, s, ş дыбыстарының барлық позицияда қолданылуы; l дыбысының жуан
– жіңішке варианттарның болуы), Қырым татарларының говорларын оңтүстік топқа (o, ö дыбыстарының бірінші буында ғана қолданылуы; сөз басында d, g дыбыстарының көп қолданылуы, сөз соңындағы ç=dz, t=d сәйкестіктері, i,ı дыбыстарының өзара ажырытылуы; соңғы буындағы дауыстылардың еркіндікке айналуы, буын үндестігінің толық сақталмауы т.б) жатқызады[1].

Ф.Корш қырғыз, қарашай, қазақ, ноғай, татар, башқұрт тілдерін түркі тілдерінің солтүстік тобына (негізгі белгісі – y, g дыбыстарының сөз ортасында және сөз соңында қолданылмауы; y дыбысының сөз соңында, ашық дауыстан кейін w дыбысына айналуы); қыпшақ (половец) тілін шығыс топқа (негізгі белгісі – сөз соңында және сөз ортасында y, g дыбыстарының сақталуы) бөледі.

А.Н.Самойлович қыпшақ тілін тағлы тобына ( негізгі белгісі – тау сөзінің тағ болып айтылуы), тау тобы немесе қыпшақ солтүстік-батыс тобына (негізгі белгісі – тағ лексемасының y немесе созылыңқы дауыстылармен айтылуы) қырғыз, құмық, қарашай, балқар, қарайым, татар, башқұрт тілдерін (монғол шапқаншылығына дейінгі тілдер), қазақ, ноғай) монғол шапқыншылығынан кейінгі тілдер) тілдерін жатқызады.

В.А.Богородицкий қыпшақ тілдерін географиялық орнына қарай жіктеп, қазақ, қарақалпақ, қырғыз тілдерін түркі тілдерінің Орта Азия тобына (ерекшелігі – ş=s дыбыстарының алмасуы); Еділ, Орал бойындағы татар, башқұрт тілдерін Еділ, Орал бойындағы түркілер тілі тобына (e=y, o=u дыбыстарының сәйкестігі); Чұлым, Барабин, Түмен, Тобыл татарларының тілін
– Батыс Сібір тобына, құмық тілін оңтүстік-батыс тобына жатқызады[2].

М.Р.Рясянен қазақ, қарақалпақ, ноғай, қырғыз, құмық, қарашай-балқар, қарайым, татар, башқұрт, көне куман тілдерін түркі тілдерінің солтүстік-батыс тобына жатқызса, И.Бенцинг Қара теңіз, Каспий жағалауындағы қыпшақ тілдеріне қарайым, қарашай-балқар, құмық тілдерін; Арал-Каспий тобына қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдерін жатқызады. К.Г.Менгес көне солтүстік-батыс түркі тілдері тобына көне куман тілін; Қара теңіз-Каспий тілдері тобына қарайым, қарашай-балқар, Қырым татарлары, құмық тілдерін; Еділ-Кама тілдер тобына татар, Батыс Сібір; барабин татарларының; башқұрт тілдерін; Арал- Каспий тобына қазақ, қарақалпақ, өзбек тілінің қыпшық диалектісі, ноғай тілдерін енгізген. Түркі тілдеріне жасалған жіктемелер ішінде түркі тілдерінің негізгі ерекшеліктері, сол тілде сөйлеуші халықтың этникалық құрылымы,

басқа этностармен қарым-қатынасы біршама толық анықталған, көпшілік мамандар тарапынан қолдау тапқан Н.А.Баскаковтың классификациясында татар, башқұрт тілдері – қыпшақ тобының қыпшақ-бұлғар тілдер топшасына; қарайым, қарашай-балқар, қырым татары, қырымшақ тілдері – қыпшақ-половецтілдер тобына; қыпшақ-ноғай тілдер тобына – ноғай, қазақ қарақалпақ тілдері енгізіледі.

Р.Г.Ахметьянов түркі тілдеріне жасалған Н.А.Баскаковтың генеалогиялық классификациясының маңыздылығын көрсете отырып, қыпшақ тобындағы тілдердің жаңа жіктемесін ұсынады. Ғалым өз ойын: ‘Тілдерге генеалогиялық классификация жасауда олардың синхрондық жағдайын қалыптастырған диахрондық даму жолын айкындап алу қажет. Бұл үшін туыс тілдерден көрініс беретін түрлі фонетикалық белгілердің жалпы кешенінен бір-бірінен туындайтын өзгерістерді, яғни біртұтас тарихи процессті құрайтын фонетикалық заңдылықтарды ажырату аса маңызды, - дейді және бір-бірінен туындамайтын дыбыс өзгерістерінің өзара сабақтастығы болмайтындықтан генеалогиялық жіктеуде маңызды емес деп санайды. Сонор дауыссыздардың ассимиляциялық, диссимиляциялық ықпалдарына ерекше мән берген зерттеуші тотальды фонетикалық белгілермен қатар аталған заңдылықтарға байланысты туындайтын позициялық өзгерістерді де негізге ала отырып, қыпшақ тілдерін екі топқа бөледі: 1.ассимиляция, диссимиляция құбылыстары күшті дамыған елдер – қырғыз, башқұрт, қазақ, қарақалпақ тілдері; 2.ассимиляция, диссимиляция құбылыстары өлсіз дамыған тілдер – қазан татарлары тілі, өзбек тілінің қыпшақ диалектісі, татар, құмық тілдері, сібіртатарларының тілі, қарайым, қарашай-балқар, ноғай тілдері[3].

С.Е.Маловтың түркі тілдерінің қалыптасу кезеңдеріне қатысты жасалған тарихи жіктемесінде куман, қыпшақ, половец тілдері жаңа түркі тілдеріне; башқұрт, қазақ, қарақалпақ, қырғыз, құмық, ноғай, татар тілдері ең жаңа тілдерге жатқызылады.Ғалым сүйенген принциптердің бірі – көне түркілік y, g дауыссыздарының инлаут, ауслаут жағдайларда өзгеріп w, j дыбыстарымен айтылуы немесе редукцияланып элизияға ұшырауы балаң тілдерге жатқызылып жүрген қыпшақ тілдеріне ғана тән емес, олардан бұрын қалыптасқан деп танылатын қарлұқ, оғыз тілдерінде (өзбек, ұйғыр, түркімен, әзірбайжан), моңғол тілінде де кездесуі ең көне тілдер қатарындағы чуваш тілінде, ұйғыр- оғыз тілдерінде де көнетүркілік y, g-нің кей жағдайда сақталмауы түркі тілдерінтарихи қалыптасу кезеңдеріне қарай жіктеуге жаңаша көзқарас қажеттігін көрсетіп отыр. Қыпшақ тобындағы тілдер де өзге түркі тілдері сияқты алтай, түркілік тектіл, баба түркі тілі, көне түркі тілі дәуірлерінен бастау алып, базистік лекциясында баба тілдің, көне түркі тілінің элементтерін молынансақтаған әрі жаңа сипатқа ие болған тілдер.

Түркі тілдеріне қатысты барлық жіктемелерді салыстыра қарағанда, қазіргі қыпшақ тобына жататын тілдердің фонетикалық жүйесі мен морфологиялық құрылымының ұқсастығы, сол тілде сөйлеуші этностардың генетикалық немесетарихи жақындығы ғалымдар тарапынан принципті түрде ажыратылатын қайшылық тудырмайтынын байқауға болады. Батыс қыпшақ тілдеріне тән ортақ лекцияны жалпы түркілік деңгейде салыстыра қарастырған белгілі ғалым

К.М.Мұсаевтың зерттеулерінде де қазіргі қыпшақ тілдерінің тарихи- генеалогиялық жақындығы лексика-семантикалық тұрғыдан дәйектеледі.

Жалпы бір негізден тараған тілдердің өзі де түрлі ішкі, сыртқы факторларга байланысты негіз тілдің белгілерін бірдей дәрежеде сақтай алмауылингвоэволюцияның заңдылығы. Ал қазіргі қыпшақ тобына енетін тілдердің бірбөлігінің негізінде оғыздық сипаты бар көне бұлғар тілінің жатуы, қыпшақтану үдерісінен кейін де басқа туыстас тілдермен, мәселен, қазіргі оғыз тілдерімен (қарайым, құмық, қарашай-балқар, қырым татары тілдерінің әзірбайжан тілдерімен қарым-қатынасы), бұлғар тілдерімен ( татар, башқұрт тілдерінің чуваш тілімен қарым-қатынасы) тілдік қарым-қатынасқа қолайлы географиялық аумақта таралуы; негізін көне қыпшақ тілінен алатын (көне қапшақ тілінде де оғызды элементтердің сақталғаны белгілі) қарақалпақ, қазақ, өзбек тілінің қыпшақ диалектісі тілдерінің қарлұқ тілдерімен (ұйғыр, өзбек), ноғай тілінің оғыз тілдерімен (чуваш) қатынаста болуы олардың лексикалық қорындағы қыпшақтық қабаттың өзгерістерге түсуіне алып келді. Мұндай өзгерістер негізінен сөз тұлғаларындағы дыбыс сәйкестіктері арқылы айқындалады.

**ӘДЕБИЕТТЕР:**


1. Сабыр М.Б. Көне қыпшақ тілі мен қазақ тілінің фоно-морфо-семантикалық сабақтастығы.-Алматы, 2021
2. Қайдаров А., Оразов М. Түркітануға кіріспе.-Алматы, 1985
3. Сабыр М.Б., Садуақас Н.А. Көне түркі тілі, -Орал,2007.



УДК:398.91


## ИЗУЧЕНИЕ ПОСЛОВИЦ И ПОГОВОРОК В КАЗАХСКОМ, БАШКИРСКОМ, ТУРЕЦКОМ ЯЗЫКАХ


*Бөкенбай Н.М.*
*Магистрант БГПУ им.М.Акмуллы, г.Уфа*



***Аннотация**. В статье представлен полный обзор изучения пословиц и поговорок в казахском, башкирском, турецком языкознаниях. В статье анализируются мнения ученых, рассматривающих поговорки и фразеологизмы в одном ряду. Доказано, что пословицы на казахском, башкирском, турецком языках имеют общие исторические корни. В статьях утверждается, что пословицы-это заключительные, мудрые мысли жизненного опыта на пути нации на протяжении веков.*



***Ключевые слова:** Лингвистика, пословицы, национальное мировоззрение, лингвокультурология*



***Annotation.** The article presents a complete overview of the study of proverbs and sayings in Kazakh, Bashkir, Turkish linguistics. The article analyzes the opinions of scientists who consider sayings and phraseological units in the same row. It is proved that proverbs in Kazakh, Bashkir, Turkish languages have common historical roots. The articles argue that proverbs are the final, wise thoughts of life experience on the path of a nation through the ages.*



***Keywords:** Linguistics, proverbs, national worldview, linguoculturology*

Теоретической основой лингвокультурологии является изучение достижений духовной и материальной культуры народов, накопленных на протяжении веков и устойчивых языковых единиц, обозначающих признаки истины в отношении цивилизации нации.

Языкознание на основе антропоцентрического принципа вышло на новый уровень исследования, связанный с человеком, являющегося носителем этого языка и социальной средой, в которой язык находит функциональное применение, культурой, мировоззренческими тенденциями. Языковая единица, отражающая преемственность языка и мировоззрения – это пословицы и поговорки.

Пословицы – богатая смыслом часть словарного состава, отражающая различные этапы жизни народа, взаимоотношения и общественные явления, умело передающие мысль, понятие и являются краткой и вариантной формулировкой. Следовательно, народ посредством пословиц и поговорок оставил в наследие в качестве примера для своего поколения реалии жизни. Благодаря этим языковым единицам, молодое поколение воспитывает в себе такие качества как любовь к родине, трудолюбие, честность, скромность, избегая такие качества, как лень, сплетни, ложь и хвастовство.

В целом, вопрос о том, включать ли пословицы в число фразеологизмов в лингвистике, является спорным. Ученые, изучающие устойчивые словосочетания в узком понятии, говорят, что пословицы и поговорки, крылатые слова не относятся к регулярным выражениям (Ш. Рахматуллаев, Г. Байрамов, З. Ураксин, И. Кенесбаев, А. Юлдашев). А такие ученые, как С. Н.Муратов, И. Х. Ахунзянов, Н.М.Шанский, рассматривающие эту проблему в широком понимании, относят сложные слова, суффиксы, притчи, пословицы к регулярным выражениям.

Рассмотрение пословиц и поговорок с познавательных позиций, сопоставление с другими данными и выводы дают возможность распознать эпоху, период, дыхание общества, хозяйство и культуру народа. В речи пословицы и поговорки напоминают фразеологизмы с точки зрения их, постоянного применения в готовом и неизменном виде. И.А.Оссовяцкий писал: «По условием своего бытования в языке пословицы и поговорки не похожи на фольклор, они никогда не «исполняются», а существуют в языке и

| М.Қашқари | Қазақ тілі | Башқұрт тілі | Түрік тілі |
|---|---|---|---|
| Куш канатин, эр атин | Құс қанатымен, ер атымен | Кошка наты менэн, ир аты менан (мораырына иреше р) | Kuş kanadı, er atıyla |
| Киши аласы ичтин, йылкы аласы тыштин | Кісі аласы ішінде, жылқы аласы сыртында | Кеше алаһы эстэн, йылқы алаһы тыштан | Adamın alacası içinde hayvanın alacası dışında |
| Қуруқ қашуқ | Құрғақ қасық | ҡоро ҡалаҡ ауыҙҙ | kuru kaşık ağzı yırtar |

| | | | |
|---|---|---|---|
| ағызқа йарамас | ауыз жыртар | ы hөртә | |
| От тутунсуз болмас, Иігіт йазуқсуз болмас. | От- түтінсіз болмас, жігіт мінсіз – болмас | Ут төтөн hөҙ булма ясаҡ, егет идеаль булма ясаҡ | Ateş dumansız olmayacak , adam mükemmel olmayacak |
| Бір қарға бірлә қыс келмәс | Бір қарғамен қыс келмес | бер ҡарға менән ҡыш килмә йәсәк | bir karga ile kış gelmeyecek |
| Тағ тағқа қавушма с ,Кіші кішігә қавушур | Тау тауға кездеспейді, адам адамға кездеседі | Тау тауҙы осрат май, кеше кешене осрата | Dağ dağa kavuşmaz, insan insana kavuşur |
| Ікі қочқар башы бір әшәчта бышмас | Екі қошқардың басы бір қазанға сыймас | Бер казанга ике тәкә башы һыймай | İki koç kafası bir kazanda kaynamaz |

функционируют в нем так же, как и другие фразеологические обороты. Думается, что изучение пословиц и поговорок должно входить составной частью в изучении лексики и фразеологии язык в целом» [1,98].

Истоки пословиц тюркских народов, в том числе казахских, башкирских и турецких уходят корнями в далекие тюркские времена VI-IX века. Первые образцы тюркских пословиц нашли отражение в орхоно-енисейских надписях. Первым ученным, который собрал и записал на бумаге пословицы тюркских народов был Махмуд Кашгари, первый лексикограф тюркского мира. Его знаменитая работа «Диван лугат ит-турок» содержит около 300 пословиц и поговорок. Похожие эквиваленты этих пословиц и поговорок мы легко встречаем в современном казахском, башкирском, татарском, турецком языках.

Такие пословицы символизируют общность мировоззрения тюркского мира, которая длилась веками. Казахские пословицы собирались и печатались со второй половины XIX века. Первыми, кто собрал казахские ораторско-остроумные пословицы и поговорки, стали просветитель Ибрай Алтынсарин и ученый и путешественник Шокан Уалиханов. Понимая воспитательную ценность народной мудрости, просветитель И. Алтынсарин сумел использовать пословицы и поговорки в учебном деяьельности в воспитании детей. В архивах

И. Н.Березина и Ш. Ш. Уалиханова хранятся более двухсот пословиц и поговорок, записанных из уст людей в пятидесятые годы XIX века. А. Диваев, М. Ж. Копеев и русские ученые А. А. Васильев, Ф. Плотников, П. А. Мелиоранский, В. В. Катаринский, В. В. Радлов и другие собрали казахские пословицы и поговорки и представили в печать. В. В. Катаринский 1899 году в Оренбурге опубликовал книгу под названием «Памятная книжка Тургайской области...». В сборнике напечатано около тысячи пятисот казахских пословиц и поговорок.

«Пословицы и поговорки – старейшая форма народного творчества. В то же время они не были застывшими в древности, а становились все больше и больше по мере изменения эпохи. Каждый значимый период в жизни народа, будь то воинственность, вторжение, свадьба, хозяйственные ситуации, времена радости-обиды, печали, освобождения и удовольствия, прошли обработку разных сказителей, стали пословицами», – говорит А. Диваев.

Сбором и изучением башкирских пословиц и поговорок занимались многие дореволюционные исследователи башкирского края — С. Г. Рыбаков, В. М. Флоринский, М. В. Малахов и др.; советские ученые — Г. Ф. Вильданов, Х. А. Габитов, Г. С. Амантай, А. И. Харисов, А. Н. Киреев, М. М. Сагитов, Н. Т. Зарипов, С. А. Галин, Н. Д. Шункаров и др., а также современные башкирские фольклористы — А. М. Сулейманов, Г. Б. Хусаинов, Г. Р. Хусаинова, Р. А. Султангареева, Э. М. Созинова и др. Процесс накопления и изучения башкирского фольклора продолжается и сегодня. «Представляя определенный пласт духовной культуры любого народа, пословицы и поговорки обладают важным лингвокультурологическим потенциалом. Эти сгустки народной мудрости информативно насыщены, совершенны в художественом отношении. Сегодня, когда в условиях надвигающейся глобализации, мы осознаем непреходящую ценность произведений народного творчества, сбор и изучение паремий, бережное хранение собранного приобретает особую актуальность» [2]

Изучение турецкой фразеологии в советской лингвистике началось в середине XX века и связано с именами таких ученых, как Э. В. Мамулин, Р. А. Аганин, С. С. Майсель. Исследователи изучили особенности турецкого языка и фразеологии, в частности аспект перевода.

Первые сравнительные исследования по фразеологии турецкого языка с языками тюркской группы, а также с языками, не имеющими генетического родства, начали выходить в конце 80-х годов XX века. В.Павлов рассматривал родство турецкого и чувашского паремиологического фонда и сумел показать структурные и смысловые связи между ними. Л. В. Базарова всесторонне рассмотрела структурные различия и сходства в пословицах на турецком и русском языках. В исследовании М. В. Порхомского «Язык турецких пословиц и поговорок» изучались грамматические, семантические и лексические грани этих единиц турецкого языка. Бинер Исмет исследовал языковую специфику и стиль пословиц на башкирском и турецком языках.

По определению турецкого ученого Салиха Сарыджи, "Пословицы - своеобразные слова, отражающие мысли и думы предков, обобщающие их жизненный опыт, разумные советы и наставления неизвестных авторов[3].

Изучение общности и специфики в пословицах казахского, башкирского, турецкого языков является сегодня важнейшим делом лингвокультурологии.

**Литература:**

1.Оссовяцкий И.А. Об изучении языка русского фольклора// Вопросы языкознания. —1952. — N 3. –С. 48-50.

2.Надршина Ф. А. история собирания и изучениябашкирских пословиц и поговорок //Пословичная концептуализация отдельных фрагментов картины мира в башкирском языке: Сборник статей / Отв. ред. Ф. Г. Хисамитдинова, сост. Г. Н. Ягафарова. - Уфа: ИИЯЛ УНЦРАН, 2013.-100 с.

3. Салих Сарыджа, Ata sözleri. Istanbul, 1975

# РАЗВИТИЕ СОЦИАЛЬНОЙ АКТИВНОСТИ СТУДЕНТОВ В ПРОЦЕССЕ ВОЛОНТЕРСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

***Шналиева Майя Урынгалиевна***
*Магистрант Института образования и менеджмента*
*Кафедра «Педагогика и психология»*
*Западно - Казахстанского инновационно-технологический университет, г.Уральск*

***Аннотация:*** *В статье рассмотрены понятие социальной активности студентов, волонтерской деятельности как основной формы социальной активности молодежи. Социальная активность молодежи традиционно реализуется в общественных объединениях. Студенческое общественное объединение представляет собой группу учащихся в учебных заведениях, добровольно объединившихся на основе общности интересов для достижения общих целей путем ведения совместной деятельности, направленной на реализацию своих прав, удовлетворение социально-значимых потребностей, самореализацию, развитие способностей, реализует собой одну из форм организации учебно-воспитательной деятельности студентов, участие в которой «влияет на внутренний мир человека. Одним из таких форм организации является, например, волонтерская деятельность*

***Ключевые слова:*** *волонтерская деятельность, добровольческая деятельность, социальная активность, студенчество.*

Социальная активность является началом активной жизненной позиции человека и определяет ее высший этап, в результате которого жизнедеятельность человека приобретает социально значимый смысл. По мнению Г.А. Караваева, истинная социальная активность есть всегда внутренне, то есть личностно, мотивированная деятельность человека [4]. В работах А.В. Мудрик развитие социальной активности рассматривается, как «многогранный процесс подразумевающий непосредственное вхождение в социальную среду, которое сопровождается процессом социального общения, познания и, как итог, преобразование окружающего мира [5]. Таким образом, понятие «социальная активность» включает в себя два взаимосвязанных компонента:

-личностный – отражается в потребностях, мотивах, интересах, личных качествах, инициативности, отношении к социальной действительности (активность личности);

-социальный – представлен в накоплении социальных знаний и опыта социально значимой деятельности; социальность личности определяется объемом связей с социумом, с помощью которых личность интенсивнее развивается, воплощает свой творческий потенциал, усваивает социальные ценности в результате социального познания, общения, взаимодействия.

Социальная активность реализуется как своеобразный комплекс социальных проявлений личности, направленных на благо общества, степень выраженности которых зависит от индивидуальных качеств личности, достигнутого социального опыта, наличия ценностных ориентаций и общего уровня культурного развития личности.

Для общества социальная активность студентов – важнейший ресурс прогресса, обеспечивающий социально значимые изменения. Для самого студента – внутреннее условие его самореализации, самоактуализации как субъекта, преобразующего окружающий мир.

Студенческая молодежь представляет одну из наиболее значимых составляющих категорий общества, так как она обладает огромным инновационным потенциалом развития. В студенческий период у молодого человека, как правило, раскрываются потенциальные способности и задатки, проявляются таланты, расширяется кругозор, в связи с чем это время

наиболее благоприятно для формирования социальной активности. Любому человеку, как части социума, приходится проявлять себя, то есть выражать своего рода активность, с целью занять определенное место в данной системе и удовлетворить свои потребности. Социальная активность включает в себя способность оказывать воздействие на среду, изменять ее и изменяться в процессе взаимодействия со средой, целеполагание, избирательность поведения, целенаправленность изменения окружающей среды, т. е. в социальной активности проявляется способность личности сознательно производить общественно значимые преобразования материальной и духовной среды на основе исторического опыта человечества, проявляться в творческой деятельности, волевых актах, общении.

Одним из эффективных способов развития социально-активной личности, предоставляющим широкий круг возможностей для самореализации студентов в различных сферах и областях жизни, является волонтёрство. Волонтёрская деятельность создает условия для формирования личности, отличающейся активной жизненной позицией, конструктивным мышлением, умением самостоятельно принимать решения, проявлять инициативу, преодолевать трудности профессионального, социального и личностного характера.

Волонтёрство является популярным видом общественной деятельности студентов. Это обусловлено тем, что студенчество представляет собой группу молодежи, на которую накладывается множество социальных обязательств. С другой стороны, у молодых людей, обучающихся в колледжах, имеется значительно больше времени и возможностей для самореализации и проявления социальной активности, чем у представителей других групп молодежи.

По мнению исследователей-философов, социологов, психологов и педагогов именно волонтёрство как один из эффективных способов оптимизации социальной ситуации в обществе позволяет создать благоприятные условия для самоутверждения молодых людей как социально значимых членов общества с учетом их ценностных ориентаций и возрастных особенностей. Особую роль волонтерская деятельность играет в жизни студенчества. Она позволяет будущему специалисту не только развивать в себе определенные социальные качества, необходимые для эффективной жизнедеятельности в обществе, но и способствует его профессиональному развитию.

Согласно закону Республики Казахстан «О волонтёрской деятельности», волонтёр - физическое лицо, осуществляющее волонтёрскую деятельность; волонтёрская деятельность - добровольная социально направленная, выполняемая по свободному волеизъявлению общественно полезная деятельность, осуществляемая на безвозмездной основе в интересах физических и (или) юридических лиц [1]. Действующими каналами и доступными формами политического и гражданского участия молодежи служат представительство в органах власти и участие в деятельности волонтерских и иных общественных организаций. Волонтёрство является активным направлением деятельности среди молодежи [2].

Волонтёрская деятельность направлена в первую очередь на помощь остро нуждающимся слоям населения, не имеющим возможности помогать себе самим. Поэтому в научной литературе и в практике социально-педагогической работы часто используются эти два понятия: волонтёрская и добровольческая деятельность. Более того, понятием добровольческая (волонтёрская) деятельность часто подменяют понятие «общественная деятельность», которой обозначают любую полезную деятельность во благо общества. Согласно Акимовой Е.В. «волонтерство - это особый взгляд на жизнь, мировоззрение, впитавшее в себя все самое достойное из созданного в мировом педагогическом пространстве за много столетий. Добровольная помощь, оказываемая человеком или группой людей обществу в целом или отдельным людям, основана на идеях бескорыстного служения гуманным идеалам человечества и не преследует целей извлечения прибыли, получения оплаты или карьерного роста» [3].

С точки зрения педагогической науки, участие в такой деятельности само по себе

способно вызвать позитивные изменения в личности. Волонтёрство способствует формированию и развитию у молодежи таких качеств, как доброта, стремление прийти на помощь, способность к сопереживанию, а также коммуникативных навыков, организаторских способностей и лидерских качеств.

Студенчество как наиболее «социально активная демографическая группа» считается «основой крупномасштабного волонтерского движения» [7]. Постоянное увеличение числа студентов-волонтеров становится позитивной тенденцией в современном волонтерском движении. В связи с этим внедрение в учебно-воспитательную деятельность колледжа такой инновационной формы работы, как волонтёрство, представляется чрезвычайно важным и необходимым.

Студенческая молодежь, реализуя программы добровольческой деятельности, получает возможность принести пользу обществу, приобрести социальный опыт, получить опыт для дальнейшего карьерного роста. Многие волонтеры в будущем начинают реализовывать свои авторские проекты. В учебно-воспитательном процессе колледжа волонтерская деятельность обладает большими педагогическими возможностями:

Когнивистикада адами когницияға басты мән беріледі, ол тек бақылауға алынған іс – әрекет деңгейінде зерттеліп қоймай, оның менталды репрезентациясы (ішкі қабылдау, модель), символы, даму стратегиясы (білім негізінде жүзеге асатын іс – әрекет) , адамның когнитивтік әлемі, тілдің белсенділік әрекетімен ілгерілеп отыратын мінез – құлқы мен іс – әрекеті бойынша зерттеліп, мотивтері мен қалыптасу нәтижесі қатар қаралады.

1960 жылы американдық профессорлар Дж. Миллер мен Дж. Бруннер Гарвард университетінде когнитивтік зерттеудің алғашқы орталығын құрды.

20 ғасырдың аяғында тілді зерттеу адамның танымдық қызметі тұрғысынан қарала басталды. Сөйтіп, когнитивтік лингвистика антропоцентристік парадигма аясында когнитивизм аясында пайда болды. Когниция – когнитивтік лингвистиканың негізгі ұғымы. Ол білім мен ойлаудың тіл арқылы танылуын қарастырады. Сондықтан да когнитивизм тіл білімімен тығыз байланысты. Тіл – мәдениет пен қоғамнан да жоғары дәрежеде адам танымы мен мінез – құлқына жол ашады.

Адам санасы мен ойлау процесіндегі құбылыстар тіл арқылы ғана белгілі болады. Когнитивтік лингвистика сияқты психолингвистика, этнолингвистика, соцлингвистика ғылымдарының пайда болуы тіл білімінде үлкен өзгеріс тудырды. Лингвистика тілдің жалпы құрылымын зерттейтін ғылымнан тілді адам ойлауы мен танымына байланысты қарастыратын гуманизацияланған ғылымға айналды. Когнитивтік лингвистиканың негізгі құралдары: есте сақтау бірліктері – фреймдер, концептілер, гештельт жіне т.б когнитивтік лингвистика дүние бейнесін модельдеуге ( тұрпаттауға), тілдік сананы модельдеуге бағытталады. Дүние туралы белгілі бір дүниетанымның қалыптасуы психикалық сәулеленудің үш деңгейінің өзара қатысымдылығына байланысты: сезімдік қабылдау деңгейі, қабылдауды қалыптастыру деңгейі (жалпыландыру, дереқсідену), сөйлеу – ойлау (речемыслительный)процесс деңгейі.

Когнитивтік лингвистика мен дәстүрлі құрылымдық сементикалық лингвистика бір – бірімен альтернативті ойлаудың ағымы емес, олар лингвистикалық ақиқатты танудың әртүрлі қырлары. Когнитивтік лингвистикада тілдің таным құралы жіне танымның алғы шарты екендігі басты назарда ұсталынады. В. Гумбольдт кезінде тілдің адам болмысы мен танымының барлық аясын қамтитын адами рухтың басты қызмет екендігін баса көрсеткен болатын.

Когнитивтік лингвистиканың негізгі ұғымдары: ойлау, білім концептуализациялау, концептуалды жүйе, когниция, дүниені тілдік көру, , когнитивтік база,ментальды репрезентация, когнитивтік модель, категоризация, вербализация, менталдылық, мәдени константтылық, концепт, дүние бейнесі, концептосфера,ұлттық мәдени кеңістік т.б.

Когнитивтік лингвистика – 20 ғасырдың 700 жылдары Европада кең таралған лингвистикалық бағыт болып табылады. Бұл лингвистикалық бағыт өзінің пайда болған отаны Америка Құрама Штаттарында «когнитивті грамматика» деп аталса, Ресейде «когнитивті сементика» - когнитивті зерттеулердің алғашқы бастауы болды. Когнитивтік лингвистиканың ерекшелігі жаңа піннің тіл туралы ғылым аясында жорамалдануында да, тіпті зерттеуге жаңа құралдар мен әдістемелер енгізуінде де емес, танымды жаңашатәдіспен бекітуінде болып отыр. Когнитивтік лингвистиканың пайда болуы лингвистиканылық зерттеудегі әдіснамалық ілгерілеу болды. Іргелі ілгерілеудің құрамдас бөлігі Н. Хомскидің генеретивті грамматикасының пайда болуымен, лингвистикалық прагматиканың дүниеге келуімен,

лингвистикалық сементиканың қарқынды дамуымен, мәтін теориясымен, осы теорияның шынайы дискурстағы тілдік бірліктердің сипатына ерекше ден қоюымен тығыз байланысты [4,126]. Барлық осы зерттеу бастамаларында тілдік фактілерді түсіндіру идеясы алдыңғы қатарға шықты. Мәселен, тілдік прагматикада мүндай фактілер адам қызметінің әлеуметтік контекстегі ұстанымдары түрінде болса, когнитивтік лингвистикада құрылым, адам санасындағы үдерістер, атап айтқанда: фрейм, когнитивті модель, менталды кеңістік тілді зерттеудің модельді құрылымдары ретінде алынады.

Когнитивті лингвистика бірнеше ғылым түрлерінің өзара қатысымдылығы негізінде пайда болды:

Оның зерттеу объектісі – адами білімнің құрылымы мен қызметі, оның өзі жасанды интелект ретінде танылатын инженерлік пәндердің негізінде қалыптасқан. 1960 – 1970 жылдардың шегінде жасанды интеллектіде мынадай түсінік қалыптасты: адамдағы интеллектуалды үдерістер «адам ойлауының әмбебап заңымен» пара – пар бола алмайды. Интеллектуалды тапсырмалардың басым көпшілігін адам баласы вакуумда немесе таза жады арқылы емес,жадыда бұрыннан сақталған білім қоры негізінде орындай алады. Тіпті белгілі бір ережелер мен формулаларға құрылған шахмат ойынының өзін шебер ойнау үшін адамның жинақталған білім қоры болуы қажет. Когнитивті ғылымдар аясында білімге негізделген тілдер жасалынды. Жасанды интеллектіде «ақпаратты симфолдап беретін» семиотикалық парадигма қалыптасты (А. Ньюэлл мен Г. Саймонның теориясы). Жасанды интеллект зертханасының директоры П. Уинстон «есептеу машинасын табиғи тілді түсінуге күштеу, ол да интеллект жасағанмен бірдей» деп көрсетті. Осындай фонда, когнитивтік ғылымдар жасаған адамның ойлау қабілетінің моделіне қарайлау негізінде когнитивтік лингвистика қалыптасты. Когнитивті ғылым ақпарат теориясынан ақпарат ұғымы, білім құрылымы, ақпаратты өңдеу, оны жадыда сақтау, одан қажетті мәліметтерді алу, тілдік формалар мен адам санасындағы ақпараттарды таратып түсіндіру (репрезентация) туралы мәселелерді иемденеді және адам санасына қалай ұйымдастырылған, адам дүниені қалай таниды, дүние туралы қандай мәліметтер білімге жатады, менталды кеңістік қалай жасалады деген сұрақтарға жауап табуға ұмтылады. Когнитивті психологияның көрсетуінше, айналадағы заттар мен құбылыстарды категоризациялау мен классификациялау адам миының маңызды қабілетінен саналады. Категоризациялаудың нәтижелері адамның когнитивті аппаратының негізін құрайды, ұзақ уқытқа арналған жадыда сақталатын менталды концептілер болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1.Маслова. В.А. Когнитивная лингвистика: учебное пособие. – Минск:
Театра Системе, 2004г.
2.А. Ислам. Тілменойлаудыңекіжақтыбірлігітанымдықғылымында
//Тілтаным 2003. № 2.
3.Г.Харман «Современный факторный анализ», 1972, 43.
4.Хомский, «Мышление Ноама Хомского» 1999, 56.
5.Чейф У.Л. «Значение и структура языка», 1998, 94.
6.Маслова Когнитивная лингвистика, Москва. Наука, 2011, - 108-111, 472.

## СЕМАНТИЧЕСКОЕ СХОДСТВО И СПЕЦИФИКА КАЗАХСКИХ И ТУРЕЦКИХ ПОСЛОВИЦ И ПОГОВОРОК

*Бокенбай Ерасыл*
*магистрант 2-курса*
*Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет*.

***Annotation.*** *Proverbs and sayings of the Kazakh and Turkish peoples were compared in the article. Proverbs and sayings are evidence of the historical consciousness and worldview inherent in the Kazakh, Turkish ethnic group. The source of folk wisdom and philosophical reflections, aesthetic knowledge and teaching, culture is widely disclosed. It was formulated that proverbs and sayings are an indicator of the common sources of two languages, the source of ancient eras.*

***Key words:*** *Kazakh language, Turkish language, proverbs and sayings, vocabulary.*

Одно из богатейших наследий тюркских народов это пословицы и поговорки. С начала нового века в лингвистике, тюркологии стали рассматриваться не только лексические, семантические и синтаксические стороны пословиц, но и художественные, этнокультурные особенности, их межъязыковые сходства, уровни различия. Сейчас предпринимаются попытки сделать пословицы конкретными объектами изучения новой, отдельно взятой области казахского языкознания-паремиологии, рассматривать их в преемственности с духовной культурой, бытом, мировоззрением, менталитетом нации.

Пословицы и поговорки - лексикологическая категория, отражающая художественность, богатство и образность литературного языка. Они являются зеркалом не только языка нации, но и культуры нации. Пословицы и поговорки на казахском и турецком языках имеют как сходство. так и различия, они являются символом национального менталитета, показателем эстетического мировоззрения и культуры. [1, 68]. В настоящее время в тюркологии идет процесс комплексного, сопоставительного исследования пословиц и поговорок, являющихся богатейшим наследием и отражающий национальную идентичность каждого народа. Вместе стем, в современный период тюркологи Казахстана изучают лексические, семантические и синтаксические аспекты пословиц и поговорок,их художественные особенности, уровни межъязыкового сходства и различия. Как в советский период, так и на постсоветском пространстве языковые, исторические связи народов Средней Азии и Казахстана традиционно рассматривались в связи с тюркскими народами населявшими побережье Центральной Азии, Восточно-Южной Сибири, Средней, Нижней Волги, Каспия. Так как современные казахи, узбеки, туркмены, уйгуры, каракалпаки, киргизы, живущие в Средней Азии и Казахстане, пережили общий исторический период до формирования своего национального литературного языка. После распада Советского Союза и провозглашения независимости тюркоязычных народов, они вступили в новый период политические связей.

В этой связи особое место занимает Турецкая Республика, первая признавшая независимость Казахстана. Исторические связи казахов с так называемыми в науке анатолийскими турками очень глубоки. Хотя они были в огузской группе, а мы в кипчакской, однако общее происхождение уходит своими корнями к истории западных гуннов. Не зря существует казахская пословица: «на небесах солнце одиноко, а на земле гунн одинок».

Переселившихся в Восточную Европы часть тюркских народов составляют огузские племена. Исторически известно, что огузские племена пересекали Восточную Европу тремя разными путями. Часть из них, прибывшая в Среднюю Азию в восемнадцатом веке, пересекла реки Волга и Урал и двинулась в Восточную Европу. Вторая группа прибывшая в окрестности Аральского моря,стала заселять побережье Хазарского моря[2,2]. Третья группа проходит в XI веке в Европу через Персию, Иран и Малую Азию. Согласно данному расселению расселению, языки принадлежащие к огузской группе, делятся на три подгруппы: 1)огузско-булгарская подгруппа. В состав этой подгруппы входят древний печенегский, древне-уиз, современный гагаузский язык и язык Балканских турок. 2) огузско-туркменская подгруппа. К этой подгруппе относится язык племени турхмен, населяющего Северный Кавказа, древний огузский, упомянутый в труде М. Кашгари и современный туркменский. 3) огузско-сельджукская подгруппа. Эту подгруппу составляют мертвый сельджукский, древний азербайджанский, древний османский языки, южный диалект крымско-татарского языка и современный азербайджанский и турецкие языки.

А казахский язык, как известно, принадлежит к кыпчакской группе. Языки кыпчакской группы сформировались в среде кыпчакских племен. Кипчакские племена прибывшие в

Восточную Европу и Азию с печенегами в IX-XI веках, с половцами в XI-XII веках и объединившись с куманами составили в XIII-XY веках основное население государство Золотая Орда. В последствии кыпчакские племена вошли в состав Астраханского, Казанского, Крымского ханств и Ногайской Орды. Н. А. Баскаков подразделяет кыпчакскую группу на три подгруппы: 1) кыпчакско-булгарская подгруппа; 2) кыпчакско-половецкая подгруппа; 3) кыпчакско-ногайская подгруппа.

Поэтому не случайно, в пословицах и поговорках казахских и турецких народов хотя принадлежащих к разным языковым группам,находят отражание сходство и общие корни социально-культурной жизни. Если разделить пословицы и поговорки на тематические группы, то становится очевидным общность мировоззренческих взглядов. Общие казахские и турецкие пословицы и поговорки, выражают духовную, культурную и историческую взаимосвязь двух народов.

При исследовании сходных пословиц и поговорок выявленно два разных уровня сходства. Они:

Первый уровень - смысл и состав пословиц имел абсолютное (полное) сходство, полностью совпадающее по структуре.

Второй уровень - это пословицы, компоненты которых более или менее изменены, но имеют схожее содержание.

Если рассматривать пословицы, относящиеся к первому уровню, например, казахи говорят: *Көрінген таудың алыстығы жоқ* (видимая гора не имеет удаленности), турки говорят:*Görünen dagın uzagı olmaz* . Понятно, что смысл общий: говорится об очевидной возможности того, что происходит.

Казахи говорят*: не ексең соны орасың* (что посеешь, то и пожнешь), а турки говорят: *ne ekersen onu biçersin*. Отсюда вывод: результат труда напрямую зависит от усилий. Будешь упорно трудиться, будет хлеб в закромах водиться.

Когда казахи смотрят и оценивают поведение ребенка, говорят: *адам болар бала боғынан белгілі* (хороший человек виден с детства), а турки также говорят: *Adam olacak çocuk bokundan belli olur.*

Казахи при определении, хорошего или плохого человека или скрытности его характера говорят, что *Адам аласы ішінде, мал аласы сыртында*(человеческое нутро внутри, а у животного снаружи), турецкая пословица также повторяет эту мысль: *Adamın alacası içinde hayvanın alacası dışında*[3].

Анализ пословиц и поговорок, относящихся ко второму уровню, показывает, что мысли едины, но выражаются уже разными словами двух языков. Например, турецкий *Gönülsüz davara giden köpekten hayır çıkmaz* ( не ждите улова от собаки, которая охотится без желания). А на казахском языке эта пословица уточняется и вместо собаки используется слово *тазы* (борзая), а вместо звери - *лиса*: *Сүйреп қосқан тазы түлкі алмас* (насильно направленная на охоту борзая, лису не поймает)

На турецком языке есть пословица *Insan söyleşe söyleşe, hayvan koklaşa koklaşa* (не узнаешь человека пока не переговоришь с ним, такое же созвучие и у животных). На казахском языке эта мысль повторяется: *адам сөйлескенше, жылқы кісінескенше* (человек узнается при разговоре, а лошадь при издании звука). Если мы рассмотреть пословицу на турецком языке, слово *инсан* (человек) - это элемент арабского языка, а также используется обобщенное слово *хайуан* (животное). А в казахском языке слово *хайуан* уточняется и используеться слово: *жылқы* (лошадь)

Когда казахи говорили: *жаңылмайтын жақ жоқ, сүрінбейтін тұяқ жоқ(*что нет непогрешимого рта, и нет не спотыкающихся копыт), турки уточняли эту мысль: *ніç yanılmamış alim yoktur* ( нет непогрешимого знатока).

По-турецки *Aş tavık tüsinde özin arpa kambasında körer* (голодная курица во сне видит себя в ячменной ангаре). Казахи повторяют этот мысль таким образом: *Қораздың түсіне тары кірер* ( петуху во сне видится просо).

Турки *Akıl jaska karamaz, baska karar* (ум не в возрасте, а в голове), казахи принимают

другую версию: *Көп жасаған емес, көп көрген білер* (знает не тот, кто много прожил, а тот кто много видел).

Все пары пословиц, отнесенных ко второму уровню, схожи и выражают единый смысл. Но их различия по структурному составу заключаются в том, что для раскрытия одного понятия используются два разных слова. Например, в турецкой пословице используется слово *хайуан* (животное), а в казахском - *жылқы* (лошадь). В турецком варианте пословицы *көпек* (собака), а в казахском – *тазы* (борзая). Но эти изменения не влияют на их общий смысл.

Основная идентичность и различия в пословицах и поговорках народов тюркского происхождения неразрывно связаны со специфическими особенностями их национального языка[4]. Таким образом, исследуя на стыке пространства и времени пословицы и поговорки казахского и турецкого народов, мы можем сделать вывод,что они играют важную роль в становлении и формировании всего тюркского мировоззрения и общей языковой картины тюркского мира.

Вместе с тем, если исходить из логики, что национальное сознание формируется через национальный язык, то из содержания пословиц и поговорок мы можем видеть национальные особенности и специфику познания и оценки окружающей среды. А для утверждения принципа «единство языка и нации» является важным изучение пословиц и поговорок с этнокультурной точки зрения.

ЛИТЕРАТУРЫ:

1.Сабыр М.Б., Исина Ж.А. Орта ғасыр жазба ескерткіштері фразеологиялық және паремиологиялық қорының этномәдени сипаты. -Орал: Ағартушы, 2014.188б.
2.Қайдаров Ә, Оразов М.Түркітануға кіріспе. -Алматы: Арыс, 2004. -360б.
3.Сидорина Н.П. Турецко-русский словарь пословиц и поговорок. -Москва:Толмач, 2006 -352 с.
4.Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. –Алматы: Жібек жолы, 2008.-356 б.

## ДИАЛЕКТІЛІК ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДІ ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-НЕГІЗІ

*Нуфтоллина Гүлден-2 курс магистранты*
*Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті*

***Аннотация****.Тіліміздегі диалектілік тұрақты сөз тіркестері белгілі бір жергілікті, аймақ тұрғындары үшін, сол жердің мәдени-тарихи, рухани-тілдік, халықтық ерекшелігі мен жалпы тілдік сипаттарын білдіретін нақты тілдік элементтер, тілдік фактілер болып табылады. Диалектілік тұрақты сөз тіркестері халық өмірінің айнасы, халықтың тілдік мұрасының қайнар көзі екендігі толық дәлелденген.*

***Тірек сөздер.*** *Диалект, тұрақты тіркестер, тіл, сөз байлығы.*

Ата-баба дәстүріне сан ғасырдан-ғасырға жалғасып келе жатқан тұрақты тіркестердің яғни фразеологизмдердің тілімізде алатын орны ерекше құнды. Әдетте әр адам күнделікті өмірде жергілікті тіл ерекшеліктеріндегі түрлі диалектілік фразеологизмдерді де қолданады. Ана тілінің байлығы мен әуезділігін анықтауда, тіліміздің сөз байлығын арттыруда тіліміздегі сөз маржандарын яғни аймақтық диалектілік фразеологизмдердің алатын орны ерекше. Сөз байлығы сөздің санымен де, мән-мағынасымен де өлшенеді.

Халықтың тұрмыс-тіршілігі, мәдени мұрасы және рухани байлығы, экономикасы мен қоғамдық саясаты көрініс тапқан тіліміздегі диалектілік фразеологизмдерде қандай да бір нақты құбылыстың, жағдайдың ерекшелігі көрініп тұрады.

Тіліміздегі диалектілік тұрақты сөз тіркестері белгілі бір жергілікті, аймақ тұрғындары

үшін, сол жердің мәдени-тарихи, рухани-тілдік, халықтық ерекшелігі мен жалпы тілдік сипаттарын білдіретін нақты тілдік элементтер, тілдік фактілер болып табылады. Диалектілік тұрақты сөз тіркестері халық өмірінің айнасы, халықтың тілдік мұрасының қайнар көзі, өмір тіршілігі, кәсібі, халық өмірінің сан алуан қырларынан туындайтын негізгі белгісі, көрінісі іспетті.

Диалектілік тұрақты сөз тіркестері дегеніміз – жалпыхалықтық қолданыста, әдеби тілде қолданылмайтын тек белгілі бір говорларда, жергілікті жерлерде сөйлейтін жергілікті халықтық мекен жайлар мен аймақтардағы халықтардың өмір тіршілігіне, тілі мен діліне, олардың түрлі кәсібіне, рухани танымына байланысты ұзақ уақыттар бойында туған, құрамы жағынан тұрақталып, дайын бірлік ретінде бейнелі мағынада сол жерлерде ғана қолданылып жүрген сөз тіркестері, тілдік материалдары, диалектілік фразеологизмдер болады.

Қазақ тіліндегі диалектикалық ерекшеліктердің ішінде өзіндік сипаты мен көрінетін түрлерінің бірі болғандықтан, диалектикалық тұрақты сөз тіркестеріне диалектолог ғалымдардың қай-қайсысы болса да көңіл бөліп отырған. Мәселен, С.Аманжолов қазақ диалектологиясында тұрақты сөз тіркестеріне алғаш көңіл аударып, олардың жеке диалектілерге тән сипатын ашып көрсетті. Ол қазақ тілінің оңтүстік және батыс диалектілерінде кездесетін 200-ден астам идиомалық және фразалық тіркестерді ерекше бөліп көрсеткен. Олардың ішінде аяқ үстінде жүру «кепілді жүру», беті ақ айран тарту «өңі қуқыл тарту» сияқты идиомалы тіркестер, жан созу «жан таласу», белі ауыру «жаны ашу» секілді фразалық тіркестер кездеседі.

Диалектолог ғалым, Ж.Досқараев Арыс говорындағы тұрақты сөз тіркестерін мағыналық, құрылымдық сипатына қарай идиомалық, фразалық түйдектер деп бөле отырып, фразалық түйдектердің өзін орнықты түйдектер (құда жортақ «құдалық ырымы»), сусымалы түйдектер (гүлге кіру «гүлге шашу») деп екіге бөліп көрсетеді [1].

Жалпы алғанда тіліміздегі сөз тіркестері тілдік, диалектілік тұрақты сөз тіркестерінен құралады. Оның құрамында жалпы лексиканың элементтері де, диалектілік лексиканың элементтері де болады. Өйткені, диалектілік лексика жалпы лексиканың ерекшеленген бөлігі, бір құрамы болып табылады.

Сол себепті жергілікті халықтың тіліндегі бірқатар тұрақты сөз тіркестері жалпы лексиканың элементтерінен (*қабырға ағайын* – жамағайын, *тірілікке бару* – жұмысқа бару, *мұздай қаракөкпіз*-аман-есен болу, амандық білісу, *бүйрек беру* - егін алғаш піскендегі сыбаға беру, *ақпердесі шығу* – шаршау, титықтау, *шақаты келмеу* – шамасы, жағдайы келмеу, *көріс айт* – амандасу, көріму құттықтау, *шара көру* – шара қолдану, *ақ иық болу* – жария, таныс болу, *шұрқан салу* – шулату, шатақ шығару, *аяғынан тозу* – тарап, ыдырап кету, *баз кешу* – күдер үзу т.б.) құралып, говорда басқа мағынада қолданылады. Мұндай айырмашылықтар говордың лексика-семантикалық ерекшеліктеріне жатады. Ол лексика-семантикалық ерекшелік жеке сөздерде де, сөз тіркестерінде де байқалады.

Қазақ тіліндегі жергілікті диалектілік ерекшеліктердің ішінде өзіндік сипатымен көрінетін түрлерінің бірі болғандықтан, диалектілік тұрақты сөз тіркестеріне диалектолог ғалымдардың қай-қайсысы болса да көңіл бөліп отырған. Мәселен, С.Аманжолов қазақ диалектологиясында тұрақты сөз тіркестеріне алғаш рет көңіл бөліп, олардың және жергілікті диалектілерге тән сипатын ашып көрсетті. Ол қазақ тілінің Оңтүстік және Батыс диалектілерінде кездесетін екі жүзден астам идиомалық және фразалық тіркестерді ерекше бөліп бөліп көрсеткен. Олардың ішінде *аяқ үстінде жүру*, «кепілде жүру», *беті ақ айран тарту* «өңі қуқыл тарту», *жүрегі қалды* «көңілі қалды» сияқты идиомалы тіркестер, *жан созу* «жан таласу», «белі ауру», «жаны ашу» т.б. сияқты фразалық тіркестер кездеседі.

Көрнекті диалектолог ғалым, Ж.Досқараев Арыс говорындағы тұрақты сөз тіркестерінің мағыналық құрылымдық сипатын фразалық түйдекке бөледі.

Ғалым, диалектолог С.Омарбеков Маңғыстау говорындағы тұрақты сөз тіркестерінің жеке жұмсалатынына оларды лексикологияда зерттеу қажеттігін ескерте отырып, Маңғыстау говорындағы тұрақты тіркестерді екі салаға бөліп қарайды:

1. Мағынасы құрамындағы сөздерден бөлінбейтін алшақ сөз тіркестері (*мақы жібермеу*

«жаңылмау», *пияда жүру* «жаяу жүру»).

2. Мағынасына құрамындағы сөздердің лексикалық мәні белгілі дәрежеде қатысты сөз тіркестері (*басын шырғай қылу* /шырғадай қылу/ «басын қатыру», *ауыздап жіберу* «ән салып жіберу») т.б.

Ә.Нұрмағамбетов қазақ тілі говорларының батыс тобындағы сөз тіркестерін лексикалық ерекшелік ретінде береді. Мысалы, *аяғынан кету* «жоғалып кету», *құп соғу* «жеп қою». Ал «Қазақ говорларының грамматикасы» еңбегінде диалектілік сөз тіркестерін грамматикалық ерекшелік ретінде көрсетіп, олардың синтаксистік байланысына көңіл аударады. Автор оларды меңгеріле байланысқан сөз тіркестері *колхоздан істейді* «колхозда істейді», матаса байланысқан сөз тіркестері (*үй мүлкісі* «үй мүлкі), қабыса байланысқан сөз тіркестері (ағаш үй, «киіз үй») деп деп үш топқа талдаған. Ә.Нұрмағамбетов «Қазақ тілі говорларының батыс тобы» [2, 15].

Қазақ диалектологиясы оқулығында синтаксистік жай сөйлем тіркестерінің лексикалануынан туған тіркестер синтаксистік ерекшелік ретінде берілген. Мысалы, есім сөздер мен көмекші етістіктерден (*жұмыс жасау* «жұмыс істеу») немесе күрделі етістіктерден (*қарекеттеніп алу* «қоректеніп алу»), не тек есімдердің жанасуынан (*қазан пышақ* «қырғыш») туған сөз тіркестері. Т.Айдаров «Қазақ тілінің лексикалық ерекшеліктер» [1, 153].

Ш.Сарыбаев, О.Нақысбековтың «Қазақ тілінің аймақтық лексикасы» еңбегінде диалектілік тұрақты тіркестер төмендегідей ерекшеліктеріне қарай топтастырылған:

а) құрамында әдеби тілде кездеспейтін сөздер бар тіркестер;

ә) құрамындағы сөздер әдеби тілде бар, бірақ олар әдеби тілде басқаша тіркесетіндер;

б) әдеби тілде еркін тіркес говорда тұрақты тіркес;

в) кейбір тіркестердің құрамы ықшамдалып отыруы.

Ғалым, диалектолог Ғ.Қалиевтің «Компоненттері сабақтаса байланысқан диалектілік күрделі сөздер» атты мақаласында алғаш рет диалектілік тұрақты тіркестер мен күрделі сөздердің ара қатынасы, лексика-семантикалық ерекшеліктері талданып, кейде жекелеген фразеологизмдердің күрделі сөзге айналып кететіні сөз болады. Мысалы, *аяқ қораздану* «аяқтың ісіп ауруы» тіркесі өзінің бояуын жойып, нақты бір заттық атауға айналғандықтан, бүгінде күрделі сөз болып танылады. Өзбекстанда тұратын қазақтардың тіл ерекшелігін зерттеген Т.Айдаров ондағы диалекті фразеологизмдерді В.В.Виноградов, М.Н.Шанский топтастырылуына сай талдап, олардың фразеологиялық тұтастық (*құйрық суын үзбеген* «арықтамаған») фразеологиялық бірлік (*жидек қағып шығу* «тоңып шығу»), фразеологиялық сөйлемше (пәлегі ащы, түйнегі тұщы) секілді түрлерін көрсетеді [3, 211].

Диалектілік тұрақты сөз тіркестері белгілі бір говорларға тән ерекшеліктер ретінде Ж.Болатов, Ш.Бектұров, Б.Базылхан, О.Нақысбеков, Ә.Байжолов, Н.Жүнісов, Ә.Бөрібаев, А.Тасымов, Қ.Қалыбаева, Ж.Мұхамбетов, А.Құрманалиевтердің еңбектерінде қамтылып отырған.

Жалпы айта кетер болсақ, қазақ диалектологиясында диалектілік тұрақты сөз тіркестерінің зерттелуінде байқалатын жәйттер, біріншіден, диалектілік тұрақты сөз тіркестерінің әр түрлі деңгейде қарастырылып келгендігі; Ш.Сарыбаев, С.Омарбеков, Т.Айдаров, О.Нақысбеков тұрақты сөз тіркестерінің атауыштық қызметін ескеріп, оларды тілдің лексика саласында қарастырады. Ал, С.Аманжолов, Ғ.Қалиев, Ә.Нұрмағамбетов сынды диалектолог ғалымдар тіркес сыңарларының грамматикалық сипатына көбірек көңіл аударған. Екіншіден, диалектологиялық зерттеулерде диалектілік сөз тіркесінің түрлері, яғни синтаксистік еркін тіркестер, лексикаланған тіркестер, күрделі сөздер ара жігі жіктелмей аралас берілген.

Жалпы алғанда, тіл білімінде, түркологияда диалектілік фразеологизмдердің, тұрақты сөз тіркестерінің зерттелуі туралы төмендегідей қорытындыларға келуге болады:

1. Диалектілік тұрақты тіркестер түркология ғылымында зерттеу обьектісінен тыс қалмаған. Әсіресе, өзбек, қырғыз, қарақалпақ, башқұрт диалектологтары оларға көңіл бөліп отырған.

2. Басқа түркі тілдеріндегі диалектілік тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдердің бірқатары қазақ

тілінде жалпыхалықтық қолданыстағы тіркестер мен мақал-мәтелдер екенін байқаймыз.
3. Қазақ тіліндегі сияқты аталған тілдерде де диалектілік тұрақты тіркестер жеке зерттеу нысанына айналмаған. Сондықтан мұнда кейбір топтастыруларда нақтылық жоқ. Дегенмен, бұл материалдар жалпы түркология үшін құнды болып табылады. Бірлі-жарым еңбектерде сөз болуының өзі диалектілік тұрақты тіркестердің түркі тектес тілдер үшін проблемалы мәселе екенін көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Досқараев Ж. Арыс говорының сөз тіркестері. Қазақ диалектологиясы. -Алматы, 1995. (5-21 бб.)
2. Нұрмағамбетов Ә. Қазақ тілі говорларының батыс тобы. -Алматы, 1978.
3. Қалиев Ғ., Сарыбаев Ш. Қазақ диалектологиясы. -Алматы, 1991.

## ТЕСТТІК ТАПСЫРМАЛАР СИПАТТАМАСЫ

*Амертаева Индира – 2 курс магистранты*
*Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., қауым.проф. Раманова А.А.*
*Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті*

***Аннотация.*** *Мақалада тесттік тапсырмалар туралы айтылады. Тест тапсырмаларының бірнеше түріне сипаттама беріледі, белгілері, тесттік тапсырмаларға қойылатын талаптар көрсетіледі. Тесттік тапсырмалар мазмұнын іріктеуде негізге алынатын қағидалар ұсынылады.*

***Тірек сөздер.*** *Тестік тапсырма,ашық тапсырма, тестілеу, тест мазмұны, тестілеу жүйесі.*

Тестің қалыптасуына қолданылып жүрген тапсырманың төрт формасын мысалға келтірейік:

Бір немесе бірнеше дұрыс жауаптары бар таңдамалы тапсырмалар. Бұл дұрыс жауабы бар тапсырманың жай түрі деп аталады және тест тапсырушының мақсаты дұрыс жауапты табу болып табылады. Дұрыс жауапты таңдау тапсырмасының негізгі элементтерін қарастырып көрейік. Оларға яғни, тест тапсырушыларға арналған нұсқаулар жатады.Тапсырманың мазмұны,тапсырманың обьектісі, жауаптардың жалпы мазмұны мен саны, санымен қатар тапсырманы дұрыс орындауы да бағаланады.

Жауапты таңдау тапсырмаларында нұсқаулардың екі түрінің бірін, тапсырманың екі түрінде де сәйкес келетін түрін қолданады. Нұсқаулары міндетті түрде тапсырманың алдында жазылады, ал, ол тапсырма жазылған қаріптен өзгеше қаріппен жазылғаны дұрыс.

Тапсырманың негізгі мазмұны: Тапсырма сұраулы болмау керек, бекітілген сөйлем бөлігін құрау керек. Ұсынылған жауаптар түрлері толық бекітілген сөйлемге дейін толықтырылады. Тест тапсырушының міндеті - пәнді оқу барысында алған білім негізін бекітуде дұрыс жауабын таңдаса, нәтижесі жақсы болары сөзсіз. Тапсырманың негізгі мазмұны мынадай болғаы дұрыс, дұрыс жауапты таңдау үшін бұрынғы алған білімдерін еске түсіріп, керектісі мен есте қалғанын алу. Тапсырманың негізгі бөлігінің соңында тыныс белгілері қойылмайды.

Ашық тапсырмалар: Ашық тапсырма бекітілім мақсатында құрылғаны дұрыс, олардың

жанында дайын, таңдалған жауаптар жазылмайды. Сынақ тапсырушы өзі белгіленген орынға өзі дұрыс деп шешкен жауапты жаза алады. Тапсырманың бұл түрі болжам мүмкіндігін минимумға алып келеді. Ашық түрдегі тапсырмалар көмегімен атауларды, формулаларды, аттарды, деректерді, қасиеттерді, уақыттарды және себеп тергеу қатынастары тексеріледі.

Ашық түрдегі тапсырмаларға нұсқаудың мынадай түрлері бар: егер ашық түрдегі тапсырмалар бірінен соң бірі кезекпен берілетін болса, онда тапсырмалар тобының алдында нұсқаулар бір-ақ рет жазылады. Жауапқа арналған орын фразаның аяқталуына жақын орналасқан сайын, тапсырманың мазмұны жақсы түсінікті болады. Ашық түрдегі тапсырманың соңына міндетті түрде нүкте қойылады.

Ашық формадағы тапсырмаларды құрғанда, тапсырма мазмұнының логикалық белгілігі композиция принципі бойынша параллель, қайтымдылық, қысқалық, импликация түрінде болады. Мазмұны логикалық анықтау принципіне сәйкес құрылған тапсырманы орындағанда, сынаққа түсуші пәннің мазмұнын жақсы білетін білім алушы, жауапты тез табады. Егер, тапсырманың мазмұны мен түрі дұрыс құрастырылса, ойдың өзі дұрыс жауапқа алып келеді. Осындай әдіс арқылы тестің әртүрлі варианттары үшін параллельді тапсырмалар құрылады.

Сәйкестікті орнату тапсырмалары. Бір жиынтық элементтерін басқа элемент жиынтығына сәйкес ету сәйкестікті орнату тапсырмалары деп атайды. Сәйкестікті орнату тапсырмаларында өзін-өзі бақылау мен білім ағымындағы бақылау тиімді. Олардың көмегімен ассоциативті білім тексеріледі, яғни форма байланыс білімі мен мазмұны, құбылыстар мен әртүрлі пәндер арасындағы ара қатынас, қасиеттер. Сыналушы жауапты сол жақтағы тізімнен және оң жақтағы бағанадан сәйкес элементтерді жинау керек. Осы формадағы нұсқау мынадай тұрде беріледі.

Тапсырманы нөмірі бірінші бағандағы атаудың жанына қойылады. Әр баған атауы барлық элементтерге сәйкес жиынға қатысты. Сол жақ бағандағы жиынтық класының атауы мен оң жақ бағанадағы класс элементтері ұзақ болмауы керек. Элементтер бағаналар атауына сәйкес және қысқа болғаны шарт. Сол бағанадағы элементтер санмен белгіленеді, оң бағанадағы элементтер керісінше, жазумен белгіленеді. Нөмір мен әріп бағана элементтерінен дөңгелек жақшалар мен пробел арқылы бөлінеді де, жауап жолдары ортасына орналасады. Сыналушы жауаптың оң бағанадағы сәйкес нөмірдің жолына жазады.

Ғылыми негізделіп, дұрыс құрастырылған тестік тапсырмаларды жүйелі түрде пайдаланып оқыту білім сапасын жақсартуға, оқушылардың бойында уақытты үнемдей білу, тез ойлау, жинақты болу және ұтымды шешім қабылдау, ойын дұрыс тиянақтау, өз бетінше жұмыс істей білу қабілеттерін қалыптастыруға және дамытуға мүмкіндік берері сөзсіз.

Қазіргі кезде компьютерді пайдаланып, оқушыларды тоқсан ішінде бірнеше рет тестілеуден өткізіп, олардың ағымдық білімін бағалаудың негізгі әдістерінің бірі болып отыр. Өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру және тест тапсырмаларын орындау оқушылардың білім деңгейін көтеретіні сөзсіз.

Тестілік тапсырмалардың мазмұнын іріктеудің негізгі принциптері мынандай:

- оқытуға арналған материалдың мәнділігі мен ғылыми нақтылығы;
- тест мазмұнының оқытылатын пәннің қазіргі кездегі даму деңгейіне сәйкес болуы;
- тест мазмұны элементтерінің репрезентативтілігі;
- оқытылатын материалдың қиындық дәрежесінің біртіндеп өсуі;
- тест мазмұнының әр түрлі варианттылығы, жүйелілігі, кешенділігі мен теңдестірілгендігі;
- тест мазмұны мен формасының өзара байланыстылығы.

Оқу жетістіктерін бақылау мен бағалау әрқашанда негізгі пәндер үшін өзекті болып табылады. Сондықтан да тестілеуді өткізу бағытында оқушылардың негізгі пәндері бойынша білімді сапалы бағалау және бақылауға арналған автоматтандырылған тестілеу жүйесі (тестілер генераторы, тестілік қабықша) жасалды.

Автоматтандырылған тестілеу жүйесі төмендегідей мүмкіндік береді:

- сабақ уақытын үнемді пайдалануға;
- оқушылардың білімін сапалы түрде бағалауға;

- оқытушыларды жазбаша түрдегі тексеруден босатуға;

- оқушылардың алған жаңа сапалы білімдері арқылы біліктілік пен дағдыны қалыптастырудағы қызығушылығын арттыруға;

- ағымды бақылау жүргізуде негізгі тексеруші құрал ретінде қолдануға;

- оқытудың мотивациялық бағытын арттыруға;

- бағалаудың объективтілігіне.

Мұндай жүйелендірілген тестілеулер келесі жаңа тақырыптарды бастау үшін оқушылардың өтілген материалды қайталауларына өте жақсы мүмкіндік береді, яғни оқушы бойында, тез ойлау, жинақты болу және ұтымды шешім қабылдау, ойын дұрыс тиянақтау, өз бетінше жұмыс істей білу қасиеттерін қалыптастырады. Тестілік бақылауды қолдану оқушылардың оқу процесінде бір деңгейден келесі деңгейдің материалдарын игеруге жағдай жасайды жасап отырады. Осылайша, тесттер дәстүрлі бағалау құралдарына қарағанда оқушылардың қандай да бір саладағы жетістіктерін неғұрлым нақты және ауқымды түрде анықтауға жол ашады және білімге деген талабының жоғарылауына мүмкіндік береді деп толық сеніммен айтуға болады. Осындай жұмыстың нәтижесінде мынандай қорытынды шығаруға болады, сонымен қатар, тестік жүйенің беретін нәтижелері қандай болмақ деген сұрақтарға да жауап беруге болады:

- оқушылардың тақырыпты қалай меңгергенін анықтауға;

- оқушыларға өтілетін тақырыптардың қандай бөліктерінің ауыр тиетінін білуге;

- оқушылардың оқуға жауапкершілігін арттырып, олардың өздігінен жұмыс істеуге талпындыруға;

- оқушылардың іскерлігін арттырып, дүниені тануға ұқыптылығын дамытуға;

- ең бастысы, тесті құрастыру қиын да көп уақыт алатын жұмыс болғанымен, ол оқушы білімін тексерудің тездігі арқасында, мұғалім еңбегін жеңілдетуге мүмкіндік береді;

- жүйелі жүргізілген тест жұмысы, тестіленушінің білімін, біліктілігін дұрыс бағалайды;

Нәтижесінде тестіленушінің білімі мен біліктілігі:

- ақиқат бағаланады;

- қайталау жүзеге асады;

- білімі мен біліктілігі артады;

- оқушының ынтасы оянады;

- ойын жүйелеуге ықпал етеміз;

- оқушы өз білімі мониторингісін өзі қарап басқара алады;

Әр берілген тесттің психологиялық тұрғыдан немесе педагогикалық маңызды белгілері болады және оған мыналар жатады:

Тестік тапсырмалар мынадай болуы қажет:

- нақты бір ережелерге негізделген;

- тестілеу мақсаттарына және оны әзірлеушілердің ресурстық жағдайына сәйкес келетін;

- практикада тексеруден өткізілген;

- есептеулі сапа нәтижелері.

## ТІЛДІК ТҰЛҒА МӘСЕЛЕСІ

*Даужанова Зульфия – 2 курс магистранты*
*Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., қауым.проф. Раманова А.А.*
*Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті*

***Аннотация.*** *Мақалада тілдік тұлға мәселесі туралы айтылады, түсініктеме беріледі. Бүгінгі жастар тілінде қолданылатын фразеологизмдерге тілдік мысалдар келтіру арқылы талдау жасалады. Сол арқылы қазіргі жастар тіліндегі бұрмаланған тұрақты тіркестер қатары анықталып, оның себептері көрсетілді.*

***Тірек сөздер.*** *Жастар тілі, тілдік тұлға, тіл, қоғам, жаргондар, сөйлеу мәнері.*

**Тілдік тұлға** мәселесі - лингвоэкологиялық бағыттағы іргелі ұғымдардың бірі. Сөз саптауы айналасына үлгі болатын, сөз мәдениетін жоғары қоятын тілдік тұлға қазіргі қазақ қоғамында жазушылар мен өнер қайраткерлері, ғалымдар, журналистер, оқытушылардың ғана үлесіне тиіп отыр.

Тіл – ұлттың жаны. Бұл аксиомаға айналған қағида. Өз ана тілінің мәнерлі де бейнелі сөздерінен хабарсыз, махрұм болып өскен ұрпақтар тілі қазақ сөйлеу мәдениетінің ежелден келе жатқан би-шешендер дәстүрін қорғауға, жетілдіруге, насихаттауға, бір сөзбен айтқанда ұлтының образды сөйлеу ерекшелігін сақтауға тиіс еді. Алайда дәл бүгінгі қазақ жастарының сөйлеу мәдениеті мүлдем бөлек арнаға түсті, мұның барлығы билингвизмнің әсері деуге болады.

Әр ұлттың өзіндік ұлттық танымын танытатын стеоретиптері оның ғасырлар бойы қалыптасқан мақал-мәтелдері мен фразеологизмдерінде жатыр. Сондай-ақ, тілдегі көркем де бейнелі сөз орамдары – фразеологизмдер әдеби тілдің байлығы және тіл мен сөйлеу мәдениетінің көрсеткіші. Бұл ретте В.В.Виноградов «Әдеби тіл - қоғамдық өмірдің дамуы, халықтың материалдық және рухани ілгерілеуі, әлеуметтік күрес қаруы, сондай-ақ, халықты тәрбиелеу мен ғылым мен техниканың, ұлттық мәдениеттің жетістіктерін бағалаудың құралы. Әдеби тіл – ұжымдық шығармашылық әрекетінің нәтижесі» деп атап жазады.

Қазақ тіліндегі паремиологиялық, фразеологиялық қордан ұлт өмірінің ментальдық таным ерекшелігі және тұрмыс-тіршілігінің мәдениеті байқалады. Әсіресе, фразеологизмдердің ойды бейнелі, суретті етіп жеткізудегі орасан тілдік қуатын пайдалану, жетілдіре түсу қазіргі жастар тілінде орын алмаған.

Жылдар бойы қалыптасып, ғасырлар бойы қолданыстан түспейтін тұрақты тіркестер қазіргі жазба әдебиетте және қалың көпшіліктің сөйлеу мәдениетінде қандай ерекшеліктермен көрінеді деген сұрақ қашан да өзекті болмақ. Әсіресе, сөйлеу мәнері көмескі тартып бара жатқан жастар тілінің қазіргі хал-ахуалы туралы мәселе, тіпті ана тілінде сөйлейтіндердің тіл байлығы мен тіл тазалығы қазіргі қазақ ұлтының соқталы проблемаларына айналды. Бұл XX ғасырда дендеген ауру, XXI ғасырда тамыр жайып кетті.

Социумның сөйлеу практикасында болып жатқан өзгерістер тілші ғалымдарды еріксіз қадағалауға мәжбүрлейді. Кітап оқуды мүлде қойған қазіргі жастар тілінің жұтаңдығы, қысқа қайырыммен сөйлеуі, ойларын жеткізудегі мәнерлілігінің жоқтығы күн санап, уақыт озған сайын тереңдеп барады. Кезінде ата-анасының әке-шешесі, оның ата-бабасы, оның арғы бабалары сөйлеген ұлттың нәрлі тілі бүгінгі күнде қан сөлінен айырылып, бейнелілігі азайып кетті. Лингвоэкологиялық мониторинг көпшіліктің сөйлеу мәнеріндегі лексикон мен фразеологиялық қордың тым жұтаңдығын айғақтайды. Бұл ересектерге де, жастарға да тән көрініс болғаны ақиқат. Тіпті алдымыздағы оқушы шәкірт, мәселен, мына фразеологиялық тіркестерді:

*Түйе үстінен ит қапты(сипақ үйтті)* – икемсіз, бос, болбыр кісі туралы;

*Көзіне көк шыбын үймелету* – басыну, жазалау, қорлау;

*Түтіні бір жерде шығу* – тату болу;

*Қамшысын алып беруге жарамау* – қолынан ешнәрсе келмейтін, бос, болбыр адам;

*Мұрнына су жетпеу* – қолы тимеу;

*Бір тарының қауызына сыйғызу* – әбден қинау, қиындық көрсету т.б сияқты қолданыста жиі ұшырасатын тұрақты тіркестердің мағынасын бірен-сараны ғана тұспалдаса, көбі білмейді. Мұндай бейнелі тіркестер отбасынан жұқпай, мектеп қабырғасынан естілмей, кітаптағысы оқылмай, әйтеуір тілдің ұшына ілінбей қағыс қала береді.

Бүгінгі оқыған қазақтың рухани мәдениеті терең, жоғары. Алайда біздің сөйлеу мәдениетімізде бабалар тілінен қалған асыл сөз маржандары, образды тіркестер уақыт өткен сайын күннен күнге азайып, сөйлейтін сөзіміз ойлы болса да жеткізу өресінде сөзіміз нәрсіз, қысқа қайырылатын, үнемделеген үнсіздікке ойысып барады.

Бейнелі сөйлеуді тек үлкен ақсақал, қарт адамдардың еншісіне қалдырған, қазақ тілін біле тұра тілге жанашырлығы жоқ басқа жастар мәдени аренаға шықты. Оқушылардың жазба

жұмыстарында қисыны жоқ сөйлемдер кездеседі: ***«Тай шаптырым жерден бір күшік шыға келді»***. Өзі тай шаптырым жердей қашық болса, сол жерден күшік шыға келсе бұл қалай болғаны? Адамның көзі жетпейтін қашықтық емес пе? Немесе ***«Құрбым екеуміздің дәм-тұзымыз жарасып, басқаларға үлгі бола білдік»***. Әдетте қазақ ұғымында «дәм-тұзымыз жарасу» ерлі-зайыптыларға қатысты қолданылатын тіркес. Қазақ жастарының тілі әдеби кітап оқымаудың салдарынан тоқырауға ұшырады.

Ал жастар тілінің сөйлеу мәнері күн өткен сайын шұбарланып, түсініксіз сөйлемдер нормаға айналып барады. Бұл сөйлемдер ішінде бейнелілігі ешбір ақылға сыймайтын «фразеологизмдер» жетерлік. Мысалы, жастар тілінің шұбарланғанын тек орыс тіліндегі сөздерді қосып, жаргондармен сөйлеуі ғана емес, қазақтың сөйлеуіне тән тұрақты тіркестер де сөйлеу тілінде әбден бұзылды.

Кейбір тұрақты тіркестер, мәселен, ***поставить на место – орнына қою;*** Бұл тіркес таза калька болса, ал ***пожирать глазами – көзімен адам жеу*** бұл да калька, бірақ бейнелілік жақсы сақталған. Осылардың қатарына ***лақтырып кету, лапша ілу, құлақтан тебу*** - алдап кету***, сындырып кету, бөшке домалату – жала жабу, фарын сындыру*** - дать в глаз т.б. жатқызуға болады. Бұл орыс тілінің әсерінен сөйлеу тіліне әбден дендеп кеткен. Жастардың сөйлеу мәдениетінде екінің бірінде осы тіркестер кездеседі.

Кейбір тіркестердің пайда болу, жасалу мотивациясы бірден түсінікті. Жастар тілінде «алдап кету» мағынасындағы жиі қолданылатын ***Қоянның суретін салып кету*** – бүгінгі ұрпақтың бала кезінде көріп өскен «Қап, бәлем, қоян!» мультфильміндегі қоянның қасқырды үнемі алдап кетуі, күліп тұруы осы фразеологизмдердің жасалуына, қалыптасуына уәж болған деуге болады.

Ал енді бір тіркестердегі образдылықты мүлде қабылдай алмайсыз. Әдемі киім киген адам туралы ***«жынды болып киініп алу»***, әдемі қызбен немесе жігітпен танысу – ***«жынды қызбен танысу»***.

Бұл мәліметтер қазақ тілінің келешекте мәнерлілігінің азаятындығын көрсетеді. Тұтынуда болмаған асыл сөздер тот басқан сайын қажетсіз бола беретіні түсінікті.

Ана тілін жақсы білетін бар қазақтың міндеті – жаһандану заманында қазақ болып қалу үшін ата бабамыз қалдырған ұлт тіліндегі сөз жауһарларын ұмытпау, жастардың тіліне дарыту, олардың сүреңсіз сөз қолданыстарына бақылау жасау, кейінгі ұрпаққа бұзбай табыстау.

Қазақ тілі – қазақ ұлтының мәдени мұрасын, бастан кешкен тарихын ұмыттырмай еске алады, ұрпақтан-ұрпаққа табыстайды, сондай-ақ, дәстүр сабақтастығын жалғастырады, санада қайта жаңғыртады, қазақтардың рухани экологиялық ортасын сақтайды.

Лингвоэкология тұрғысынан қарағанда тілді тұтынушы адам – тілдік тұлға ретінде ұлттық әдеби тілде сөйлеуге міндетті. Алайда тілдік тұлғалардың әдеби тілді әр түрлі деңгейде меңгеруіне қарай, тілдік-мәдени сипаты әр түрлі. Гуманитарлық білімді бағаламау, технократтардың гуманитарлық білімді жоққа шығарушылық көзқарасымен күресу, қазіргі қоғамның барша салаларын гуманизациялауға негіз болатын, ағарту істеріне ұйытқы болатын филологиялық білім беру аса қажет.

Тіл – қоғамдық құбылыс. Ол қоғамның қажеттіліктерінен пайда болған және қоғамда пайдаланылатын құрал. Бұдан тілдің келесі басты қызметі шығады. Яғни тіл – адамдар арасындағы қарым-қатынас құралы. Бұл кең түсінік: тіл арқылы хабарды жеткізуге (информативтік және констациялаушы функциясы) немесе хабарды алуға (сұрау функциясы) болады. Сонымен бірге қозғау салуға, бұйыруға, өтінуге (аппелятивтік функциялары) т.б. болады. Бұлардың хабарлы, сұраулы, бұйрықты және лепті сөйлемдерге сәйкес келетінін байқауға болады. Келесі мәселе тілдің қоғамдағы жіктелістері. Ол тілдің қоғамдық дифференциялары деп аталады. Оның негізгісі: Әлеуметтік дифференция әдеттегі кәсіби сөздерді, терминдерді, жаргондарды береді. Яғни тілде адамдардың әлеуметтік топтарына, мамандығына, шаруашылық кәсібіне байланысты жіктелулер бар. Терминдер, арнайы сөздер белгілі бір сала бойынша қолданылады. Оларды әдетте ғылыми терминдер, өнер терминдері және спорттық терминдер деп бөледі. Кәсіби сөздер, профессионализмдер әлеуметтік диалект

деген татаумен де белгілі. Олар адамдардың, өлкенің шаруашылық кәсібіне байланысты, соған тән сөздер. Мысалы балық, егін, бақша өнімдері, мал шаруашылығы, құсбегілік, аңшылық немесе өндірістік аймақтардың сол шаруашылыққа байланысты ғана қолданылатын сөздері жатады. Ал жаргондар адамдардың әлеуметтік топтарына байланысты қолданылатын сөздер, бұл мағынасында әскерилердің жаргоны, студенттік жаргон, қылмыскерлердің жаргоны, компьютерлік жаргон деген ыңғаймен қолданыла береді, бұл ауызекі тілде молынан ұшырасады, әдеби тілге енбейді. Жасөспірімдердің тіліндегі сөйлеу ерекшеліктері сленг деп аталады. Бұлар тілдік «модаға, сәнге» байланысты өзгеріп отырады. Лингвистикада бұлардың бәрін жинақтап, әлеуметтік дифференция бойынша сөздердің түрлерін социолект деп атайды.

## ОНОМАСТИКАЛЫҚ КЕҢІСТІК ХАҚЫНДА

*Ержанова Гульмира – 2 курс магистранты*
*Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., қауым.проф. Раманова А.А.*
*Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті*

***Аннотация.*** *Мақалада ғалымдардың «ономастикалық кеңістік» турасында айтқан пікірлеріне талдау жасалады. Ономастикалық кеңістік соңғы жылдары ғалымдар тарапынан қызығушылық тудырып жүрген өзекті мәселелердің бірі. Белгілі бір аймаққа тән жалқы есімдердің жиынтығын ономастикалық кеңістікке жатқызамыз.*

***Тірек сөздер.*** *Ономастика, ономастикалық кеңістік, концепт, жалқы есімдер.*

Кеңістік концептісі жайлы соңғы кездері тіл білімінде өте көп айтылып жүр. Ол жайлы ғалымдардың пікірі әр түрлі екендігін де жасыра алмаймыз. А.В.Суперанская өз еңбегінде: «Ономастикалық кеңістік өз ішінде түрлі өрістерге бөліне алады (антропонимия, топонимия, зоонимия, фитонимия, космонимия, астрономия)» деп көрсеткен. Ал О.Т.Молчанова Таулы Алтайдың топонимикасына талдау жасай отырып: «Белгілі бір территорияның топонимиконы ономастикалық кеңістікті құрайды» – дейді.

В.Д.Бондалетов: «Ономастикалық кеңістік термині екі түрлі мағынада қолданылады: 1) жалпы лингвистикалық категорияны құрайтын ономастикалық бірліктер жүйесі; 2) белгілі бір тілдік категория».

Е.А.Керімбаев ономастикалық кеңістік және ономастикон терминдерін бір-бірімен тең дәрежеде қарастырады.

Алтайдың топонимикалық жүйесін зерттеген Л.М.Дмитриева кеңістікке мынадай сипаттама береді: «Дүниенің топонимикалық бейнесінде «кеңістік» категориясы неғұрлым маңызды орынды иеленеді, өйткені бұл категория адам мен шындық өмір арасындағы қатынастарда негізгі, іргелі категория болып саналады. «Кеңістік» концептісі топнимикалық тұлға санасының бөлшегі, оның ментальдік ішкі таным көрінісі мен тілдік ұласуы ретінде дүниенің топонимикалық бейнесінде басты әрі негізгі роль атқарады». «Кеңістік» концептісіне сипаттама беруде Л.М.Дмитриева оның ментальдік құрылымына мән береді, кеңістік модельдерінің құрылымына көңіл бөледі.

Ал Б.М. Тілеубердиев: «Кеңістіктің ментальдік болмысы оның концептілігін анықтайды, яғни адамның концептілік және тілдік санасында ментальдік болмыс, ең алдымен, концепт немесе концептілер түрінде қызмет атқарады. Біздер тілдік санада кеңістік тектік концептіні білдіреді деп санаймыз. Оның құрылымына «аспан», «жер», «су», «тау» сияқты түрлік концептілер кіреді. Олардың өзі іштей тағы бірқатар концептілерге бөліне алады» -

дейді.

Т.Жанұзақов пен Қ.Рысберген ономастикалық кеңістікті зерттей келе, ол жөнінде былай дейді: «Әдетте ономастикалық кеңістікті кез келген халықтың, қауымдастықтың тілдік құралдарымен белгіленетін ақиқат және қияли нысаналардың атаулары мен есімдері, яғни онимдік бірліктері құрайды. Ол атаулар тілді тұтынушы халықтың қалыптасқан «әлемнің тілдік моделіне» сай, қоршаған ортаны сан ғасырлар бойы қалыптасқан дүниетаным, ұлттың ой-өресі негізінде бөлектеу ерекшелігіне сәйкес жасалады».

Ономастикалық кеңістік өзіндік құрылымы бар өріс жиынтығынан құралады. Ол ғаламның ономастикалық бейнесі болып табылады. Қазақтың жер-су атаулары тарихи уақыт шеңберінде үнемі өзгеріп отырады. Олардың барлығы этномәдени, әлеуметтік-саяси, экономикалық, материалдық әлеммен байланысты болып келеді.

«Кеңістік» концептісінің ішкі мазмұнын «ата мекен», «ата қоныс», «ата жұрт», «кіндік қаны тамған жер» секілді модельдердің қатысымен анықтауға болады.

*Ономастикалың кеңістік* теориялық ономастиканың негізгі ұғымы болып табылады. Оның құрамына басқа разрядтың енгізілуі мен жалқы есім дәрежесін беру тұрғысынан бұл ұғымды зерттеушілер әр түрлі талдайды. Мүмкін сол себептен бұл ұғым Н.В. Подольскаяның ономастикалық терминология сөздігіне енбеген болар.

Бізді қоршаған болмысты зерттеу, атау беру принциптері және ақиқат, қияли деп бөлуі, әр түрлі мәдениеттерді салыстыру, барлық реалийлерді (көне дәуірден бастап) таптастыру зерттеушілерге «ономастикалық кеңістік» ұғымын бөліп қарастыруға мүмкіндік берді.

Е.Ә. Керімбаев ономастикалық кеңістік пен ономастикон терминдерінің арасына тендік белгісін қою керек деп санайды, соңғысы өз кезегінде жалқы есімнің жиынтығы деп анықталады, яғни белгі бір кезендегі этностың, социумның жалқы есімдер жасауы, олар онимге тең келеді.

А.В. Суперанскаяның қатысуымен жасалған ономастика бойынша ұжымды теориялық еңбекте терминологиялық сөздікке енгізуге болатын ономастикалық кеңістік ұғымына нақты анықтама беріледі: ономастикалық кеңістік - белгілі бір халықтың аймақтық, гипотетикалық және қияли объектілерді атау үшін тілде қолданылатын жалқы есімдер жиынтығы. Ол нақты кезенде сол халықтың көзқарасындағы әлем моделімен анықталады, дегенмен онда алдыңғы дәуірлердің элементтері де сақталады. Әр мәдениетке, дәуірге, аймаққа жататын адамдардың ономастикалық кеңістігі әр түрлі болады. Сонымен қатар әр түрлі зат жалқы есімге ие бола алады. Шынайы болмыс заттар әлемі қияли және гипотетикалық заттар әлемімен толықтырылып, шынайы болмыс ретінде қабылданады.

